

44043

АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ



Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
Тіл комитеті

АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ

АСТАНА
«РУХАНИЯТ»
2010 жыл



УДК 94(574)
ББК 63.3 (5Қаз)
А 39

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
Тіл комитеті

Тіл комитеті жанындағы сараптау комиссиясы мақұлдаған. ҚР Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетінің №1544 куәлігі берілген.

Пікір жазғандар: Д.Қамзабекұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор
С.Жұмағұлов, филология ғылымдарының докторы

А 39

АЛАШТЫҢ АРДАҒЫ (елтанымдық және тілтанымдық жинақ).
Құраст. Е.Е.Тілешов, Г.П.Әріпбек. Астана: «Руханият», 2010ж - 264
бет.
ISBN 978-601-80133-1-7

44043

Бұл жинақұлтының, елі мен жерінің тарихын, мәдениеті мен өнерін, дәстүрі мен салтын, халқының қоғамдық-әлеуметтік және рухани дамуына іргелі үлес қосқан тұлғалардың өмірін білгісі келетін жастарға арналған. Жинақта Алаш жұртының қасиеті мен қадірін танытатын танымдық ақпараттар ұсынылған. Жинақтың мазмұны мен құрылымы отанының кешегісі мен бүгінгісінен мағлұмат аламын деушілерге лайықталып дайындалған. Сондай-ақ жинақ мұғалімдерге, тәрбиешілерге және жалпы қызығушылық танытатын көпшілікке арналған. Танымдық мәліметтерді санаға сіңіру арқылы тіл үйрету мақсаты көзделген.

УДК 94(574)
ББК 63.3 (5Қаз)

© Тіл комитеті
© Е.Е.Тілешов, Г.П.Әріпбек.
© «Руханият» орталығы

ISBN 978-601-80133-1-7

областная библиотека

им. С. МУКАНОВА

г. Астана, 2010 г.



ҰЛТТЫ ТАҢУ – ҰРПАҚ БОРЫШЫ

Алла тағала әрбір пендесін жаратқанда оның ұлтын, соған орай дінін, тілін айқындап берген. Дүниеге келген әрбір адам – ұлттың бөлшегі. Адам өмірін мәнді, саналы өткізу үшін, дүниеде өз жолын табуы үшін, әрбірден соң қарапайым тіршілік ету үшін сол ұлт жасаған рухани құндылықтарды білуі, игеруі, қолынан келсе, айналасына, өзінен кейінгілерге үйретуі қажет. Ұлттық дәстүр, ата-бабадан келе жатқан салт-сана, ана уызымен жүрегің мен жадына тоқылған өнеге – сенің өмір жолыңды айқындайды. Ұлттың тарихы мен дәстүрінде, мәдениеті мен өнерінде, діні мен тілінде адамды адам ететін адамгершілік қасиеттерінің ең озық үлгілері жинақталған. Ұлт перзенті ретіндегі сенің міндетің – сан ғасырлық тарихы бар осы асыл қазынаны бойыңа сіңіру. Ұлттық адамгершілік, ізгілік сабақтарын игермей, сенің шын мәніндегі адам болуың қиын. Адам бойындағы адамгершіліктің үлкені – ең алдымен сол адамгершіліктің өзіне ұмтылу. Осы орайдан келгенде, қолыңдағы осы жинақ сенің халқыңды, еліңді, жеріңді тануға жәрдемін тигізеді. Өйткені бұл жинаққа бұрыннан белгілі сарапталған дүниелер енді. Өскелең ұрпақ ұлтының тағылымына қатысты дүниелерді бір кітаптың ішінен тапса деген оймен негізгі дегендерді осы жинаққа енгіздік.

Құрметті оқырман, қадірменді отандас! Бұл жинақ ұлтымызға қатысты барлығын қамти алмайды, өйткені қазақтың тарихын, дәстүрін, ең көрнекті тұлғаларын т.б. жарқырата көрсету үшін ондаған, жүздеген жинақтар қажет болады. Біз негізгілерін ғана іріктеп алдық. Мақсатымыз – оқырманға бағыт сілтеу, ой салу, арғы жағын зерделі адамның өзі таба бермек. Сондықтан осы кітаппен мұқият таныса отырып, бұдан да үлкен ізденістерге баратынына сенім білдіреміз. Өйткені шынайы, игі ізденістер ғана өз жемісін бермек. Бәлкім сен мұғалім боларсың, қаржыгер боларсың, спортшы боларсың, өнерпаз боларсың, инженер боларсың, мәселе сенің қандай мамандық иесі болғандығыңда емес, бастысы – қазақтан туып, Алаштың азаматы болғандығыңда. «Алаш» деген үлкен сөз, аталы ұғым. Оған лайық болу үшін еліңнің ертеңін ойлар азамат болуға тиіссің. Елің енді егемендік алып, өзін-өзі тану жолына түскенде, одан сен де тыс қала алмайсың. Ахмет Байтұрсынұлы аталарың: «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы!» деген болатын. Сондықтан


кешегінің дәстүрлерін бойыңа сіңіре отырып, ертеңгі күні ұлтыңның дамуына үлесінді қос. Оқығаныңды досыңа, құрбыңа әңгімелеп бер. Бұдан көп білсем екен, елімнің өткенін біліп, бүгініммен байланыстырсам екен деген ойды көкейіңде ұста. Қазақ халқының ұлы халық екендігін ұғын. Ұлы халықтың абыройлы ұрпағы болуға тырыс. Осы жолда ақ жол тілейміз!

Бұл жинақтағы мәтіндерді дайындауға Сабыржан Шүкірұлы, Сейіт Кенжеахметұлы сияқты Алаштың бүгінгі ақсақалдары, алаштанушы таны-мал ғалым Дихан Қамзабекұлы, қазақ әдебиеттануының белгілі өкілдері профессорлар Құныпия Алпысбаев, Дүкен Мәсімханұлы, көне тарихымыздың зерделі зерттеушісі, археолог ғалым Дөкей Талеев, ұлттық тәрбие жөнінде қалам тартып жүрген ғалым Алдан Мұсабекова, бүгінгі қазақ поэзиясының дарынды өкілі, ғылым докторы Жанат Әскербекқызы, дарынды жас ғалым, доцент Лилия Серғазы секілді қаламгерлер, ғалымдар қатысты. Аталған абзал азаматтарға шын жүректен айрықша алғысымызды білдіреміз, оқырмандардың елтану, ұлттану сапарына тілектестік білдіреміз.

Е.Е.Тілешов



БОЙТУМАР



БОЙҒҰМАР

Бойғұмар - қасиетті кітаптардан алынған құға, аят сөздер жазылған, мойынға тағылатын қастерлі зат. Бойғұмар ретінде түрлі бұйымдар немесе арнайы жасалған ішінара қымбат заттар да қолданылады. Оларға жазу жазылып, бедерлі суреттер салынады, арнайы әшекейленуі де мүмкін. Бойғұмарды былғары не шүберектен жасалған қалташаға салып, алқа ретінде тағады. Бойғұмар адамды түрлі пәле-жаладан қорғайды деп есептеледі. Бойғұмар тағу барлық халықтарға тән көне дәуірлерден келе жатқан дәстүр. Біз бұл бөлімді «Бойғұмар» деп атап оған ұлтымызға ең қымбат ұғымдарды енгіздік. Әр ұлттың баласы бойғұмарындай сақтайтын бұл қасиетті ұғымдарды әрқайсысымыздың да біліп жүргеніміз абзал. Біз оларды қаншалықты құрметтесек, соншалықты еліміздің лайықты азаматы болмақпыз. Дінімізді сақтау, ұлтымызды, мемлекетімізді мақтан тұту, өз тілімізде сөйлеу, мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу, тәуелсіздігімізді бағалау — біздің қасиетті бойғұмарларымызды ұлықтау болмақ.





АЛАШ

«Алаш» - қазақ халқының байырғы сөзі. Мағынасы – елдік, тұтастық, бірлік, айбарлық деген бірнеше ұғымдарды жинақтайды. Қазақ ішінде «алаш, алаш болып, Алаша хан болғанда», «алты алаш», «алты сан алаш», «алаш мыңы» секілді тұрақты тіркестер ежелден айтылады. Сондай-ақ «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» деген нақыл-ұстаным да бар. Бұдан шығатын қорытынды, алаш – қазақ ұлтының өте бір аяулы сөзі. Мұны қазақ этнонимінің синонимі десек те болады.

Жалпы тілдік негізі тұрғысынан келсек, алаштың түбіріндегі «ал» - от, қызыл, арай дегенді білдіретін ежелгі түркі сөзі. Мысалы, Алтай, алау, алқызыл, қызыл, албырт, аластау, албар, аламан, алөкпе, алаң, алқап т.б. сөздердің арғы түбі «от» ұғымына барып тіреледі. Отандық зерттеушілер ішінде Шоқан Уәлиханнан бастап Алаш ұғымын зерделегенін байқаймыз. Ол қазақ пен алаш ұғымдарын қатар қоя отырып, былай деп жазады: «У киргиз разные роды имеют свою тамгу и уран. Уран у всех есть алач». Бұдан Алаштың – елдік-мемлекеттік рәмізге айналған ұғым екені көрінеді. XX ғасырдың басында Ә.Бөкейхан бастаған ұлт қайраткерлері Алаш атын партияға да, үкіметке де бергенде осы ұстанымды басшылыққа алғаны анық. Азаматтық тарихымыз үшін аса маңызды Алаш қозғалысы кезеңінде Алаш идеясы – қазақтың ұлттық идеясының темірқазығы болды. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш». Кереге – мемлекет құрылысы, Алаш – идеология. Тоқтам осындай болатын. Алаш – жаңа түрдегі елдігіміздің, байырғы айбарымыздың рәмізі еді.



ҚАЗАҚ



«Қазақ» сөзінің шығуы жөнінде көптеген пікірлер бар. Ғалымдар бұл атауды көбінесе «еркін» сөзімен байланыстырады. «Қазақ» сөзі тарихи жазбаларда алғаш рет XIII ғасырдан бұрынырақ қолданылған. Дешті Қыпшақ жерінде «қазақ» атауымен белгілі этникалық-әлеуметтік топтар XI-XII ғасырлардан бастап белгілі болған. Осы кезеңнен бастап қазақ халқының этникалық ұйытқысы қалыптаса бастады. Бұл этникалық топтар алдымен Алтын Орда мемлекетінің құрамында, содан кейін әртүрлі тарихи-саяси жағдайларға байланысты Ақорда, Көкорта, Моғолстан, Ноғайлы мемлекеттерінің құрамында болады.

Қазақ атауымен мемлекет ретінде белгілі болуы XV ғасырға келеді. 1456 жылы Керей хан мен Жәнібек хан қазіргі Шу өңіріндегі Қозыбасы деген жерде Қазақ хандығын құрды. Осы кезеңнен бастап дүниеге келген Қазақ хандығы бірте-бірте күшейіп, өзінің аумағын кеңейте бастады. Әсіресе, Қасым, Ақназар, Есім, Салқам Жәңгір, Тәуке хандар тұсында Қазақ хандығы нығайды. Бұл хандар қазақ халқының мемлекеттілігін нығайтуға және сыртқы жаулардан ел мен жерді қорғауға өлшеусіз үлес қосса, Абылай хан тұсында қазақ халқының тұтасу үрдісі, ортақ ел болып тәуелсіздігін сақтауға жұмылуы байқалды.

Қазақ халқы өзінің тарихи дамуында ел мен жерді сақтап қалу үшін үш географиялық, әлеуметтік топқа бөлінген. «Жүз» деп аталатын бұл құрылымға Ұлы жүз – Ақарыс, Орта жүз – Бекарыс, Кіші жүз – Жанарыс енеді. Жүздер іштей руларға, ал рулар аталарға бөлінеді. Мұндай құрылым көшпенділік жағдайындағы халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, шаруашылығын жүргізуге, туыстық жүйені нығайтуға оң ықпал етіп, әрқилы тарихи асулардан аман-сау өтуіне жағдай жасады.

Қазақ халқының хандық жүйеде мемлекет ретінде өмір сүруі XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін жалғасты. Осы кезеңнен бастап тәуелсіздік алған 1991 жылға дейін Қазақстан Ресей мен Кеңес одағының құрамында болып келді.

Қазіргі кезде қазақ халқы Қазақстан Республикасының 60 пайыздан астамын құрайды. Қазақтар, сонымен қатар, Қытайда, Өзбекстанда, Ресейде үлкен диаспора болса, Азия, Еуропа елдерінде де бар.



ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан – Еуразия деп аталатын құрлықтар кеңістігінің дәл ортаңғы бөлігінде орналасқан ел. Қазақстан Республикасының аумағы – 2 миллион 724 мың шаршы километрді құрайды. Жерінің аумағы жөнінен ол бүкіл дүниежүзінде тоғызыншы орында тұр. Мұндай жерге Франция сияқты 5 мемлекетті сыйғызып жіберуге болады. Қазіргі кезде ресми санақ бойынша Қазақстанда 16 миллионнан астам халық тұрады. Жыл өткен сайын бұл цифр ұлғая түсуде. Елімізде қазақтар жалпы халықтың 63 пайызын құрайтын байырғы халық қазақтардан басқа ұлттардың да өкілдері тұрады. Шамамен алғанда, орыстар – 24, украиндар – 3,7, өзбектер – 2,5 пайызды құрайды. Сондай-ақ елімізде немістер, ұйғырлар, кәрістер, дұңғандар, түріктер және басқа халықтардың өкілдері бар. Қазақстан Республикасының астанасы 1998 жылы Алматы қаласынан Астана қаласына көшірілген. Елбасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.



Байырғы Қазақстан жерінде тарихтың әртүрлі кезеңінде көптеген мемлекеттер болған. Айталық, көне дәуірлерде сақтар, ғұндар өмір сүрсе, одан беріде шамамен III-IV ғасырларда қалыптасқан түркі этносы құрған мемлекеттердің мекені болды. VI ғасырда негізі қаланған Түрік қағандығы, VIII ғасырдағы Түргеш қағандығы, осы шамадағы Оғыз мемлекеті VIII-XI

ғасырлардағы Қарлұқ мемлекеті, IX-XIII ғасырлардағы Қарахан мемлекеті Қазақстан жерінде болған саяси-тарихи мемлекеттік бірлестіктер. XIII-XIV ғасырлардағы Шыңғыс хан империясының Қазақстан жеріне келуі бірқатар мемлекеттік-құрылымдық өзгерістер әкелді. Осы кезде қазіргі Қазақстан жерінің басым бөлігі енген Алтын Орда мемлекеті құрылды. Алтын Орда құрамындағы Ақорда мемлекеті болашақта Қазақ хандығының, яғни қазақ мемлекетінің құрамына енетін жергілікті тайпаларды тұтастырды. Сондай-ақ, Қазақстанның қазіргі территорияны иемденуіне, қазақ халқының дербес этникалық құрылым ретінде қалыптасуына XIV-XV ғасырлардағы Ноғай Ордасының да үлкен ықпалы болды.

Бүгінгі Қазақстанның, яғни Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің негізінде XV ғасырда құрылған Қазақ хандығы тұр. Қазақтың алғашқы хандары Керей мен Жәнібек құрған бұл хандық бұдан соңғы хандар тұсында нығайып, қазіргі Қазақстанның аумағын қалыптастырды. Сөйтіп, Шығысы – Алтай тауларына дейін, Батысы – Еділге дейін, Оңтүстігі – Ташкентке дейін, Солтүстігі – Сібір ормандарына дейін созылып жатқан алып далада Қазақ елі қоныс тепті.

Азаттық үшін болған екі жарым ғасырдан астам уақыт күрестен кейін қазақ халқы тәуелсіздікке 1991 жылдың 16 желтоқсанында қол жеткізді. Сондықтан да жыл сайын осы күн Қазақстан Республикасының тәуелсіздік мерекесі ретінде ресми аталып өтеді. Қазақстан – Біріккен Ұлттар Ұйымының тең құқықты мүшесі.

Қазақстанның табиғаты мейлінше алуан түрлі. Оның байтақ жерінде тау да, төбелер мен жазықтар да бар. Қазақстан жерінің ең биік нүктесі – Хан Тәңірі шыңы теңіз деңгейінен 6995 м жоғары, ал ең төменгі нүктесі – Қарақия ойпаты теңіз деңгейінен 132 м төмен жатыр.

Қазақстандағы өсімдіктердің жалпы түрлері алты мыңнан астам. Олардың ішінде емдік қасиеті барлары, сирек кездесетін түрлері де аз емес. Ал құстардың түрі бес жүзден астам. Өзен-көлдерде балықтың жүз жеті түрі өсіп-өніп жатса, далалар мен ормандардағы жабайы аңдардың түрі жүз жетпіс сегізге жетеді екен. Каспий теңізінің ең терең жері алты жүз метрге жетеді. Ел аумағының оннан бір бөлігін таулар алып жатыр.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан дамудың даңғыл жолына түскен жасампаз ел. Еліміздің тарихы бай, табиғи ресурстары мол, еңсесі биік. Сондықтан да Алаш жұртының ертеңі кемел болмақ.



ҚАЗАҚ ТІЛІ


Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі XV ғасырдағы қазақ хандығы тұсынан қалыптасу кезеңіне бағыт алды. Ол 1989 жылдан бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәртебесіне ие болды. Қазақ тілі осы мемлекеттің түпкілікті тұрғындары қазақтардан басқа Қытай Халық Республикасы, Моңғолия, Иран, Ауғанстан, Түркия мемлекеттері мен ТМД-ның Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан сияқты республикаларында тұратын қазақтардың да ана тілі. Қазақ тілі батыс түркі тілінің қыпшақ тармағына жатады. Бұл тармаққа кіретін тілдер – қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қырғыз, Қырым татары, қарашай, балқар, құмық және т.б. тілдері.

Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Қазақ тілінің байлығы, көркемдігі фольклордан, жазба әдебиетімізден молынан байқалды. Тіліміздің көпқырлылығы мен икемділігі баспасөз тілінен, ғылыми, іскери стильдерден анық байқалады. Қазіргі кезде қазақ тілінде көптеген салалық сөздіктер, синонимдер, фразеологиялық, түсіндірме сөздіктер көптеп жарық көруде. Осылардың барлығында тіліміздің тереңдігі мен мазмұндылығы, жалпы байлығы көрініп жатыр. Тіл – әрбір ұлттың тарихы, мінезі, болмысы, кәсібі, дүниетанымы, ойлау қабілеті сақталатын асыл қазына. Ол ата-анадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Сондықтан әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауы, оның орынсыз шұбарлануына қандай жағдайда да жол бермеуі керек. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді.



ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

Қазақ жазуы – қазақ тілінің әріп таңбаларынан тұратын жазу жүйесі. Көне заманнан бері қазақтар әртүрлі жазу жүйесін пайдаланып келген. Олардың алғашқысы қазақпен бірге басқа да түркі халықтарына ортақ болған руна жазуы. Осы жазу үлгісінде Күлтегін, Білге қаған ескерткіштері сияқты көне түркі мұралары сақталған. V-XII ғасырларды қамтитын руна жазуы Орхон, Енисей, Талас өзендері бойынан табылып отыр. Мұның өзі біздің ата-бабаларымыздың өмір сүрген географиялық орындарын көрсетеді.



VIII-IX ғасырларда қазақ даласына мұсылман дінінің келуі – араб жазуын ала келді. Араб графикасына негізделген жазу үлгісі 1929 жылға дейін сақталып келді. Яғни осы тұсқа дейін жазылған еңбектер араб жазуы негізінде хатқа түсті. Оны Махамбет, Шоқан, Абай, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім сияқты ұлы тұлғалар қолданды. XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы араб жазуын қазақ тілінің заңдылықтарына орай бейімдеп, қазақ әліпбиін жасады. Осы



әліпби негізінде кітаптар жарық көрді, шәкірттер білім алды. Мағжан, Мұхтар сияқты алыптардың еңбектері осы әліпби негізінде жазылды. 1929-1940 жылдар аралығында халқымыз латын графикасы негізіндегі әліпбиді пайдаланды. 1940 жылдан бастап қазіргі қолданыстағы кириллицаға негізделген әліпби қолданылуда. Қазіргі кезде қоғамда латын әліпбиіне көшу мәселесі көтерілу үстінде. Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан сияқты мемлекеттілігі бар туысқан халықтар осы латын әліпбиін қолданады. Дүниежүзілік ақпаратта латын әліпбиінің орны үлкен. Сондықтан латын

әліпбиіне көшу мәселесі өз кезегінде шешімін табуы мүмкін. Әлемдегі қазақтар өздерінің тұратын мемлекеттеріне қарай араб, латын, кириллица таңбаларына негізделген әліпбиді қолдануда. Осы тұрғыдан келгенде ортақ әліпбидің болуы халқымыздың бір-бірін түсінісуіне оң ықпал етпек.

ЕЛТАҢБА

Қазақ халқы көптен күткен тәуелсіздікке қол жеткізді. Егемен мемлекет болды. Әрбір азат елдің өзінің тәуелсіздігін білдіретін басты белгілері болады. Олар сол елдің Ата заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық валютасы.

1992 жылы 4 маусымда егемен еліміз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қабылданды. Олар – ҚР Мемлекеттік Әнұраны, ҚР Мемлекеттік Елтаңбасы, ҚР Мемлекеттік Туы.

Мемлекеттік елтаңбамыздың авторлары – Ж.Мәлібеков пен Ш.Уәлиханов. Елтаңбамыздың негізі – шаңырақ. Ол елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ мемлекеттің түп-негізі – отбасының бейнесі. Шаңырақ – Күн шеңбері. Айналған күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті, Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың отбасының бейнесі. Тұлпар дала дүлдүлі, ер-азаматтың сәйгүлігі, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Шаңырақтың айналасындағы уықтарды тұлпардың қанаты қоршап тұр. Қанатты тұлпар – қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани-байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Елтаңбаның жоғарғы жағындағы бесбұрышты жұлдыз оның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар.





Әрбір егемен елдің мемлекеттік рәміздері болатыны белгілі. Олардың әрқайсысының орны ерекше. Дегенмен, мемлекеттік әнұранның адамға берер әсерінің орны алабөтен. Әнұран мәтініндегі елшіл, отаншыл мазмұн – әрбір азаматтың өз еліне деген сүйіспеншілігі мен құрметін еселесе, әуелеген әуен кеудемізді шаттыққа толтырады. Әсіресе, мемлекет басшысының шетелдік әріптестерімен ресми кездесулерінде, халықаралық шараларда, әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстарда жеңіске жеткен елдің құрметіне орындалған әнұранның әсері керемет. Мұнда еліңе деген мақтаныш сезімі жүрегінді тербейді.

2006 жылы 7 қаңтарда Қазақстан Республикасының жаңа Мемлекеттік Әнұраны қабылданды. Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні Қазақстан Республикасының әнұраны деп жарияланды. Кезінде Жүмекен Нәжімеденов жазған ән мәтініне Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен кейбір түзетулер енгізілді. Елбасының ұсынысы бойынша біріншіден, әнұранның мәтінінде ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен бабалар ерлігі көрініс тапты. Екіншіден, мәтінде асыл мұрамыз – еліміздің кең байтақтығы, үшіншіден, жер мен ел байлығы біздің ұрпақтарымыздың болашағына айқын жол ашатыны көрініс тапқан. Ең бастысы – тәуелсіздігіміздің алтын дінгегі – ел бірлігі баса айтылған.



АСТАНА



Бүгінде жас қазақ мемлекетінің астанасы ретінде әлемді тамсандырып отырған Астана қаласы жайлы деректер көп. Ол Есіл өзенінің оң жағасындағы жазық жерге орналасқан және Есіл өзенінің көшкен ел аттылы-жаяу өте беретін бұл тайыздау жерін Сарыарқа қазақтары Қараөткел деп атаған.

Ақмола қаласының негізі 1830 жылы қаланды. Оның атауы 13-14 ғасырларда тұрғызылған ақ күмбезді бейітке байланысты туған. Әуелде Ақмола әскери бекініс болған.

44043 Кеңес дәуірінде де Ақмола Орталық Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірінде үлкен орын алды. 1929 жылы қалаға алғашқы поезд келді. 1950 жылы қалада 58 өнеркәсіп орны жұмыс істеді. 1954 жылы 5 наурызда Ақмолаға тың игерушілер тиелген алғашқы эшалондар келіп тоқтады. 1956 жылы 26 желтоқсанда Тың өлкесі құрылып, Ақмола оның орталығы болды. Қаланың аты 1961 жылы 20 наурызда Целиноград болып өзгертілсе, 1994 жылы қалаға ежелгі Ақмола аты қайтарылды.



Ақмоланың геосаяси тұрғыдан тиімді орналасуы ескеріліп, 1997 жылы 20 қазанда Н.Ә.Назарбаев «Ақмола қаласын ҚР-ның астанасы деп жариялау туралы» жарлыққа қол қойды. 1998 жылы 6 мамырда Елбасының жарлығымен ҚР астанасы – Астана қаласы болып аталды, ал 20 мамырда «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы жылғы 10 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа Астанасының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Бүгінде Астана тәуелсіз Қазақстанның мәдени-рухани, экономикалық дамуының бедерлі бейнесіне айналған.



БАБА ДӘСТҮР



БАБА ДӘСТҮР

Дәстүр — белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы. Қазақ халқы дәстүрге бай халық. Ұлтымыздың тамаша дәстүрлеріне үлкенді сыйлау, қонақжайлылық, қайырымдылық, бауырмалдық, балажандылық, төзімділік, арлылық, т.б. жатады. Осы дәстүрлер біздің қербес халықтығымыздың сақталуына, тұтас ұлт ретіндегі ерекшеліктеріміздің айқын болуына оң ықпал етіп келеді. Дәстүр халқымыздың ғасырлар бойы өмір сүру тәсілдерінен, күнделікті әрекеттерінен сұрыпталған мәдениетіміздің үлкен бір бөлігі. Бабалардан бізге жеткен дәстүрлерде біздің халықтық болмысымыз, ұлттық мінезіміз, салт-санамыз айқын көрінеді. Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жетіп келе жатқан ұлттық дәстүрлерімізді білу және оны сақтау баршамыздың перзенттік борышымыз.





ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

1. Діни әдет-ғұрыптар

а) Ырымдар мен нанымдар (оң және теріс бата, күн жайлату, отқа май құю, алғыс-қарғыс, ауруды емдеу т.б.)

ә) Діни рәсімдер мен мейрамдар (намаз оқу, ораза ұстау, зекет-садақа беру, қажыға бару т.б.)



2. Отбасылық той-томалақтар мен жиындар

а) Үйлену тойы

ә) Бала тәрбиелеу дәстүрлері

б) Құда түсу

3. Маусымдық халықтық мерекелер

а) Жалпыхалықтық тойлар (Наурыз мейрамы. Қымызмұрындық, Сабантой. Соғым басы.)

ә) Кәсіптік мейрамдар (биебайлау, жүн қырқар, тулақшашар, күйек байлау, шашыратқы, уызқағанақ т.б.)



ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ МЕЙРАМДАРЫ

1. НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ күн мен түн тепе-теңдікке келген сәттен бастап тойланады. Наурыз мерекесінде көпшілік бұлақтардың көзін ашып, тал егіп, игілікті жұмыстар атқарады. Бұл кезде мал төлдеп, жер көктеп, дүние жаңара бастайды. Сондықтан да наурыз тойын «тепе-теңдік», «игілік», «жаңару» мейрамы деп атайды.

2. ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ – жаз тойы болып, мамыр айынан бастап маусым айына созылатын үлкен той. Осы кезде мал отығып, биелер желіге байланып, қымыз жиналып, ағайын-жекжаттар бірін-бірі қымызға шақырады. Құран оқып, мал сойылып, түрлі ойын-сауықтар, жарыстар ұйымдастырылады. Осы кезде түрлі той-томалақтар да өткізіледі.

3. МИЗАМ (Сабан той) – күз айында диқандар мен бағбандардың құрметіне арналған той. Бұл тойда түрлі жарыстар мен ойын-сауықтар өткізіледі.

4. СОҒЫМ БАСЫ қыс тойы болып алғаш рет қар жауып аяз түскен сәттен басталады. Осы кезде ауыл адамдары соғымға сақтаған малдарын сойып, бірін-бірі қонаққа шақырады. Қыстың ұзақ түнінде ақындар мен жыршылар терме, қисса, ертегі айтып, жұртты қызыққа батырады.





САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН ЫРЫМДАР

САЛТ – кәсіпке, сенімге, тіршілікке байланысты әдет-ғұрып, дәстүр. Ол ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Уақыт өткен сайын салтқа өзгеріс еніп, өзгеріп, қоғамға байланысты бейімделіп келеді.

Жаңа қоғамдық қатынасқа сай келмейтін дәстүрлер ығысып, өмірге қажетті жаңалары дамып отырады.

ДӘСТҮР – ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын, тарихи қалыптасқан нормалар мен үрдістер. Ол – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әділеттілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады.



ДАҒДЫ, ӘДЕТ-ҒҰРЫП деген ұғымдар адамның мінезі мен тіршілігіне байланысты қанға сіңген қылықтарды білдіреді.

АЛАСТАУ – ырым. Шамандық наным-сенімнен қалған. Аластау арқылы көз, тіл тигенді қайтару, ауру-сырқауды, үй-жайды бәле-жаладан аластау арқылы тазаланады. Үй-ішін аластауға қазақтар ертеден бастап адыраспанды, аршаны пайдаланған, аршаны үйдің кез келген бұрышына іліп қойған. Егер үйге көз тиген болса, адыраспанды немесе аршаны табаға салып тұтатып, түтінімен бүкіл үйді аластап, есіктерді жауып қойған. Қазіргі кезде жаңа үйге кірген кезде үйді аластау әдетке айналған.

АУЗЫНА ТҮКІРУ – ырым. Ертеден келе жатқан ырым бойынша, қазақтар белгілі батырлар мен билерге, ақындарға, тағы басқа елге белгілі адамдарға жас сәбидің аузына түкіртіп алатын болған. Оның мақсаты – сәби сол адамдардай өнегелі кісі болсын деген ұғымнан туған.

БИЕ БАЙЛАР – сауылатын биелерді көктемде алғаш рет байлар алдында жасалатын ырым. Желіні тартып, құлындарды байлау кезінде мал сойылып, ауылдағы адамдар түгел қонаққа шақырылады. Бие байлар көктем шығып, ақтың молайған кезінде жасалған.

ШӨМІШ ҚАҒУ – ырым. Көктемде сәуір айының бас кезінде көкжиекті бұлт торлап, күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Осы кезде ата-бабаларымыз «күн күркіреді, көк дүрілдеді» деп, үлкен қуанышпен қарсы алған. Осы алғашқы күн күркіреген кезде киіз үйдің босағасына, табалдырығына ағаш шөмішті тигізіп:

Айран, сүт көп болсын,
Жақсылық көп болсын,
Жабырқау жоқ болсын.

Ел-жұрт тоқ болсын, – деп тілеу тілеп, көктемнің алғашқы найзағайлы күркірек жаңбырын қарсы алады. Осыны шөміш қағу деп атайды.



ШАШУ – әдет-ғұрыптың бір түрі. Жаңа түскен келіннің, жаңа туған нәрестенің тойына барғанда, қуаныштың белгісі ретінде құрт, ірімшік, кәмпит, өрік-мейіз шашады. Шашуды әдетте жасы үлкен әйелдер, әжелер шашады да оны жас балалар теріп алады. Халқымыздың ежелгі дәстүрі бойынша, той жасаған үйге оның жақындары «тойға шашу» деп, тәтті тағамдар әкеледі.

ТҰСАУ КЕСУ – бала тәрбиесіндегі әдет-ғұрып, ырым. Баланың аяғын жіппен немесе қойдың піскен майлы ішегімен тұсап, бала-шағалы, аяғы жеңіл, ақкөңіл адамға кескізеді. Тұсау кесу құрметіне тағам дайындап, көршілерді жинап, жеңіл-желпі құрмет көрсетіледі. Тұсау кескен адамға сыйлық беріледі. Тұсауды ала жіппен кесу көне шаман дінінен қалған.

АЯҒЫНА ЖЫҒЫЛУ – ғұрып. Кешірім сұраудың ең үлкен және кішіреюдің ең ауыр түрі – аяғына жығылу деп аталады. Мұнда айыпты адам жанына беделді адамдарды ертіп, тиісті адамның үйіне барып, кешірім сұрайды. Егер іс қиындап асқынып кетсе, айыпкер өзі кінәлі болған адамның аяғын құшып кешірім сұрауы керек. «Аяғына жығылу» жазамен бірдей болып есептеледі.

АНТ, СЕРТ, УӘДЕ – халқымыздың сенім кепілінің көрінісі. Ант жаудан өш алу, еларалық келісім, адалдықтан айнымау сияқты маңызы жоғары жағдайларда ғана айтылады. Ел ішінде адамды «ант атқан» деп жек көрген. Ант – адалдық сөзі.

АЙДАР – ғұрып. Балалардың төбе шашын ұзарта өсіріп, моншақ араластыра өріп қояды. Мұны «айдар» деп атайды. Бұл ғұрып негізінен ер балаға жасалады. Мысалы, Кенесарының інісі атақты Наурызбай батырдың ұзын айдары болған.

СӘЛЕМДЕМЕ – біреу арқылы жіберілетін аманат зат; туыстық жағынан жақын адамдардың бір-біріне жіберетін сыйы. Өзінің бару мүмкіндігі болмай, сол жаққа жол түскен таныс адамдар арқылы сәлемін жолдайды. Сәлемдемеге ақша, көйлек-көншек, орамал немесе соғымнан сақталған сыбаға жібереді.

ЕНШІ – қазақ дәстүрінде үйленген баласын отауға шығарғанда ата-анасының бөліп беретін мал-мүлкі, балаға тиісті үлесті енші дейді.

Еншіні үлкен ата, әке, олар жоқ болса, ұлдың үлкені бөледі. Қара шаңырақ пен ата-ана кенже баланың қолында қалады. Дәстүр бойынша ұлдың үлкені әке дәулетінің үштен біріне, кенже екіден біріне, ортаншылар төрттен бір үлесіне ие болады.



АЙТТЫРУ – қызға құда түсер алдындағы салт. Жігіттің әкесі кісі жіберіп, қыздың басының бос екенін, әке-шешесінің айттыруға қарсы емес екендігін біледі. Содан кейін қызды ресми түрде айттырады. Ескі салт бойынша қызға жігіттің, жігітке қыздың есімін ататады. Той қамы, басқа да әртүрлі жол-жоралғы осы жолы кесіледі.

АУЫЗ ТИЮ – ғұрып. Алыс сапарға, емделуге шыққан адам ауылдың үлкен үйінен дәм татып аттанатын ырым бар. Бұл «қара шаңырақтың иесі» қолдасын деген сенімінен шыққан. Сондай-ақ дастархан үстінде келген адам дәмнен ауыз тиюге тиісті деген ырым бар. Қазақтың дәстүрі бойынша, үйіне келген адамға дәм ауыз тигізбей шығармау керек.

ЖОЛ БЕРУ – қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрыптарындағы этикалық жоралғы. Жасы кіші адам үлкенге бөгет жасамай, жол босатады, үй ішінде төрге отырғызады, астан дәм татар кезде де осы әдеп сақталады.

СҮЙІНШІ – қуанышты хабар әкелушіге берілетін сыйлық. Дүниеге жас нәресте келгенде, келін түскенде, алыстан сағынған адам келгенде, жоғары атақ берілгенде, үлкен сыйлық алғанда қуанышты хабарлаушы адам сүйінші сұрайды, осы кезде бағалы зат немесе ақша берілуі керек.

СЫЙЛЫҚ – тұрмыс салт-дәстүрі, құрмет көрсету, ол барлық халықтар арасында ертеден келе жатқан дәстүр. Сыйлық бұрын қазақ қауымдарында мәртебелі адамдарға, дарынды ақын-әншілерге, құда-жекжаттарға берілген. Сыйлыққа түйе бастаған тоғыз берген, ат мінгізіп, шапан жапқан немесе басқа да бағалы заттар берген. Ал қазіргі кезде үздік өнерге, озат адамдарға, үздік спортшыға ақшалай сыйлық беру әдетке айналған.

СЫРАЛҒЫ – дәстүр. Олжалы, қанжығасы қандалып келе жатқан аңшыдан кездескенде сұралатын жол сыралғы деп аталады. Аңшылар сыралғының сөзін жерге тастамайды.

ТОЙ – әдет-ғұрып дәстүрі. Дүниежүзінің барлық халықтары той жасайды. Қазақ халқының мәдени өмірінде той ежелгі заманнан бастап үлкен орын алған. Мысалы, қыз ұзату, үйлену, шілдехана, сүндет, наурыз тойлары. Қыз ұзату, үйлену, сүндет тойларына ат шаптыру (бәйге), балуан күрес, көкпар, қыз қуу сияқты ұлттық ойындар өткізіледі. Тойдың жақсы дәстүрлері бүгінде сақталған, үйлену тойында жар-жар айтылады, түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылады.

ТОҚЫМ ҚАҒАР – қазақтың ескі дәстүрі бойынша, жас жігіт алғаш рет жолаушы жүргенде берілетін жолаяқ, кәде. Алыс жолға кеткен жігіт аман-есен келсін, тоқымы жерде қалмасын деген жақсы тілек білдіруге байланысты берген. Тоқым қағуға арнайы қой немесе қозы сойылады, болмаса қазы-қарта асылады.

СЫБАҒА – қазақтың ежелден келе жатқан кәделерінің бірі. Соғым кезінде ауыл адамдары бір-біріне сыбаға берген. Сыбаға келген үй әкелген сыбағаға көрші-қоландарын, жақын туыстарын шақырады. Сыбаға әкелген табаққа тиісті сыйлығын салып қайтарады. Көбінесе отау үйдің адамдары қара шаңыраққа немесе жасы үлкен адамдарға сыбаға береді.



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ

ТАКИЯ—Шығыс халықтарына тән бас киімнің түрі. Жеңіл, дөңгелектеп тігілетін бас киім. Ұлттық өрнегіне, тігілуіне қарай әртүрлі болады. Такияны тіккенде бір түсті матадан (сәтен, шұға, барқыт т.б.) тандаса, төбесі төрт сай немесе дөңгелек, үшкіл төбелі етіп тігіледі. Ерлерге арналған такияның кестелісі де, кестесізі де кездеседі. Жиегі қолмен немесе машинамен сырылады. Қыздарға арналған такиялар әртүрлі жіптермен кестеленіп, моншақ, асыл тастармен безендіріледі.

СӘУКЕЛЕ – қызды ұзатқанда киетін бас киім. Сәукелені қыз ұзатылғанда күйеу еліне киіп бару үшін тіктіреді. Сәукеле арнайы басылған ақ киізден немесе арасына қыл салынып сырған матадан жасалып, сырты қымбат матамен (барқыт, атлас, шұға) қапталып, шеті құндыз, кәмшат терісімен айналдыра тігіледі.

Сәукеленің төбесіне, өн бойына алтын, күміс, маржаннан әшекей тағылып, алтын жібек жіппен кестеленеді. Сәукеленің төбесіне жібектен желек тағылып, оған үкі қадайды.

ТЫМАҚ – аңның немесе малдың терісінен тігілетін қыстық бас киім. Тымақ ішік сияқты тігілген терісіне байланысты: түлкі тымақ, елтірі тымақ деп аталады. Тымақ төрт сайлы, биік төбелі, суықтан қорғайтындай етіп тігіледі. Тымақтың екі құлағы және мойынды жауып тұратын артқы етегі болады.





КИМЕШЕК – әйелдердің бас киімі. Кимешек ақ матадан немесе ақ жібектен тігіледі. Ол басты, кеудені, иық пен арқаны жауып тұрады. Кимешектің кеуде жағын, бет жаулықтарын көмкеріп кестелейді.

БӨРІК – қазақтың ертеден келе жатқан бас киімі. Бөрік қыстық бөрік (жүн немесе мақта салып тігіледі), жаздық бөрік болып екіге бөлінеді. Бөрікті қыздар да, ер адамдар да киеді. Аңның терісімен немесе қымбат матамен тысталады. Аңның терісіне қарап оларды құндыз бөрік, кәмшат бөрік, түлкі бөрік деп атайды. Қыздар киетін бөріктің төбесі төрт сайлы болып келеді және үкі тағылады, асыл тастармен көмкеріліп, күміс теңгелерден салпыншақ тағылады. Қазақта әшекейлі, үкілі бөрікті салсерілер де киген.



ЕТІК – ертеде илеген теріден, бертінде былғарыдан киген. Былғарыдан тігілген етіктің қонышы ұзын болып келеді.

Былғары етік қара, сары, қызыл түсті бояулармен боялады. Қыз-келіншектер қызыл түсті былғарыдан ою-өрнектеп тіктірген етік киген. Оны «сапиян етік» деп атайды. Ал мырза салсері жігіттер қара түсті былғарыдан, оюлатып етік киюді әдет еткен, оны «саптама етік» деп атаған.

МӘСІ – аяқ киімнің бір түрі. Оның етіктен айырмасы – өкшесі болмайды, сыртынан кебіс киеді. Мәсіні ерлер де, әйелдер де киеді. Мәсіні жұмсақ былғарыдан немесе құрымнан тігеді.

КЕБІС – мәсінің сыртынан кию-ге арналып, былғарыдан тігілетін аяқ киім. Оның басын жұмсақ былғарыдан, табанын қатты ұлтаннан биік етіп тігеді. Кебісті оюлап әшекейлеп тігеді.

САПТАМА ЕТІК – қазақтың ұлттық қысқы аяқ киімдерінің бірі. Оны ерлер киеді, кең қонышы тізені жауып тұрады. Саптама етікті қыста киетін болғандықтан, оны сапалы былғарыдан тігеді, ішінен киіз байпақ киеді.

БАЙПАҚ – жылы аяқ киім. Киізден жасалады, саптама етіктің ішінен киіледі. Байпақтың қонышы етіктің қонышынан ұзын болады, тізені жауып тұруы керек. Тізе басары былғарыдан, барқытпен, басқа да матамен көмкеріледі.

ШАПАН – қазақ үшін өте сыйлы киім. Оны қалың матадан қазақтың ою-өрнегін салып, астарлап сырып тігеді. Шапандар әртүрлі тігіледі: сырмалы шапан, қаптал шапан, қыз-келіншектерге арналған қималы шапан. Шапанды ерлер де, әйелдер де, балалар да киеді. Қазақ халқында сыйлы қонаққа шапан жабу дәстүрі әлі жалғасып келеді.



ІШІК – аң терісінен немесе мал терісінен матамен қапталып тігілетін қыстық сырт киім. Ішік тон сияқты ұзын тігіліп, сәнді мол жаға салынады. Тігілген терісіне байланысты ішіктің әртүрлі атауы болады: бұлғын ішік, құндыз ішік, қасқыр ішік, түлкі ішік.

ТОН – қойдың терісінен жүн жағы ішіне қаратылып тігіледі, әрі жылы, әрі жұмысқа өте ыңғайлы киімнің түрі. Тон тігіп кию ежелгі қазақ салты болған. Тонға мол жаға салынып, екі өңірі, жеңінің ұшы, етегі түсті матамен немесе елтірімен көмкерілген.

ШЕКПЕН – қазақтың ұлттық сырт киімінің бір түрі. Ол қойдың немесе түйенің жүнінен тоқылып, көбінесе, шапанға ұқсас үлгімен тігіледі. Шекпеннің арасына жүн немесе мақта салып тігілген түрі жеңіл пальто немесе қаптал шапан орнына киіледі.

ҚАМЗОЛ – жеңсіз жеңіл киім. Жас ерекшелігіне қарай: бір түсті едәуір қалың матадан, жібектен, мақпалдан, атластан тігіледі. Қыздарға арналған қамзолдың өңіріне кесте тігіліп, ою-өрнек салынады. Қамзолдың етегі кең болып келеді. Қазақ халқына кең тараған ұлттық киім.


КӨЙЛЕК – әйелдердің киімі. Қос етек көйлекке екі, үш етекті қоса тігеді. Кең етекті көйлекке ештеңе қоспай тігеді. Тік етек пен кең етек көйлекті әжелер, бүрмелі көйлекті жас қыздар мен жас келіншектер киеді. Етегінің қатпарына сай, жеңіне де қатпар түсіріледі.



БЕЛБЕУ – киім сыртынан бел бууға арналған, бір ұшы айылбасты былғары (1,5-2 м), қайыс немесе (2-3 м) шүберек. Шүберекте айылбас болмайды. «Бел» және «бау» сөздерінен қосылып, фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Былғары сыртына кейде алтын, күміс әшекей орнатылады.

БИЯЛАЙ – қолға киетін киім. Иленген қой терісінен, былғарыдан тігіледі немесе жүннен тоқылады. Бармақтан басқа төрт саусағы біріктіріліп, кейде қажетіне қарай сұқ саусағын даралап та жасайды. Биялайды кей жерлерде қолғап деп те атайды. Ол бес саусақты болады.





АТА ТАРИХ

АТА ТАРИХ

Әрбір халықтың өткен өмірі, жүрген жолы тарихқа айналады. Кешегі оқиғалар бүгін тарих болып тіл қатады. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның өзіндік бай тарихы бар. Халық тарихының ұзақ, бай болуы сол халықтың қаншалықты мықты ұлт екендігін аңғартады. Ежелгі қазақ жерін көптеген ру-тайпалар мекендегені белгілі. Ал қазақ халқының дербес мемлекет ретінде тарих сахнасына шығуы ХҮ ғасырдың ортасы. Содан беріде қазақ халқы өз басынан сан оқиғаларды кешірді. Қаншама алмағайып кезеңді басымыздан өткіздік. Бірақ тұтас халық ретінде өзіміздің бет-бейнемізді жоғалтқан жоқпыз. Сондықтан да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық» деп жазған болатын. Халқымыздың тәуелсіздік алуы өз тарихымызды өзіміз әділ жазуға, тарихымызды танып, көшімізді түзеуге үлкен мүмкіндіктер ашты.





ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Қазақ хандығы – Қазақстан аумағында бұрын болған мемлекеттік құрылымдардың мұрагері, этникалық процестермен байланысты әлеуметтік қатынастардың өзгерістер мен экономикалық даму нәтижесі. 1457 жылдың күзінде Әбілхайыр хан Сығанақ түбінде қалмақтардан жеңілгеннен кейін, Керей мен Жәнібек сұлтандар қол астындағы ру-тайпалармен Шу өңіріне келіп қоныстанып, Қазақ хандығының негізін салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» кітабында Қазақ хандығының құрылған жері – Шу бойы мен Қозыбасы деп айтылады. 1458 жылдың көктемінде Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлайды. Әбілхайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары Керей мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыттың ішінде халықтың саны 200 мыңнан асып түседі.



Қазақ хандығының құрылуы осыған дейін бүкіл Қазақстан аумағында болған әлеуметтік-экономикалық және этносаяси процестердің заңды қорытындысы еді.

XV ғасырдың алпысыншы жылдары Қазақ хандары қарсыластарын тықсыра отырып, Батыс Жетісуға табан тіреді. XVI-XVII ғасырларда Қазақ хандығы нығайып, этникалық аумағының негізгі бөлігін қамтитын шекаралары кеңейе түсті. Орта Азия, Астрахан, Қазан, Сібір хандықтарымен, Ресеймен тығыз байланыс болды. Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел, Тәуке хандардың есімдері Қазақ мемлекеттілігі деген атаумен қоса жүреді. Өйткені олардың қазақ жерін нығайтудағы, қазақтардың үстемдігін орнатудағы әрекеттері орасан зор болатын.

Хандықтағы жоғары билік хан қолына шоғырландырылды. Салт бойынша, хан тағына отыруға рудағы үлкен ұлдың құқығы басым болды. Хан әскерлердің бас қолбасшысы және жоғарғы сот қызметін атқарды, шет мемлекеттермен келіссөздер жүргізу, соғыс жариялау мен бейбіт бітім жасау, заңдар шығару және хандықтың бүкіл аумағын билеудің бас құқығына ие болды.

АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА



Жоңғарлардың қазақ жеріне шабуылы XV ғасырда басталып, XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың бірінші ширегінде асқынып кетті. Ел ішіндегі бытыраңқылықты жойып, халықтың бірлігін нығайтуды көздеген Әз Тәуке 1710 жылы Қарақұм сиезінде қазақтарды жинап, қанжығалы Бөгенбайды қолбасшы сайлап, бүкілхалықтық жасақ құруға шешім қабылдаған еді. Әйтсе де бұл кезеңде күштердің ара салмағы қалмақтардың пайдасына шешіліп отырды. Қалмақтар XVIII ғасырдың басында өздерінің ішкі қайшылықтарын реттеп, әскерін жарақтады. Орыс елімен қарым-қатынасын жақсартып, қару, оқ-дәріні көптеп сатып алды. Ал бұл кездегі қазақтардың жағдайы мәз емес еді. 1718 жылы Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін үш жүздің дербестеніп, бір-бірінен алшақтануы Қазақ хандығының әскери қуатын әлсіретті.

1723 жылдың көктемінде жайлауға көшуге қамданған бейқам қазақ еліне жоңғарлардың қалың қолы тұтқиылдан шабуыл жасады. Екпіні қатты жаудың қалың қолы Қазақстанның оңтүстігінен елге ішкерілей ене берді. Жолында кездескен бейбіт елді аяусыз қырғынға ұшыратып, Түркістан, Сайрам, Ташкент қалаларын басып алды. Жоңғарлардың жойқын шабуылынан қазақтар шайқас даласында 100 мыңға жуық жауынгерлерінен айырылды. Қорғануға мұршасы келмеген ел қырылды, тірі қалғандары атамекенін тастап, үдере қашты. Тоз-тоз болған Ұлы жүз, Орта жүздің шағын бөлігі Сырға Шыршық құятын тұстан сәл жоғары өткелден өтіп, Ходжент, Самарқан иеліктеріне көшті. Кіші жүз Сауран қаласын айналып, Бұхараға ауды. Шұбырған халықтың басым көпшілігі Сырдан өтіп, Алқакөлге жетіп құлады. Осы тұста халықтың жүрегінде мәңгі сақталған ащы зар мен ауыр мұңға толы «Елім-ай» әні дүниеге келді. Қазақ халқының тарихындағы қасірет, Отан басына күн туған бұл кезең қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атаумен қалды.



БҰЛАНТЫ ШАЙҚАСЫ

1723-1725 жылдары қазақ жерінің біраз өңірін басып алған жоңғарлар Ұлытауға қарай бет бұрды. Азаттықты аңсаған, елдің басын қосып, бірлік болмай, тірлік болмайтынын ұғынған қазақ халқы бардың басын қосып, жиын өткізді. Ордабасы жиынында біріккен қазақ қолының бас қолбасшылығына Әбілхайырды хан сайлады. Бөгенбай, Қабанбай, Саурық, Жәнібек, Малайсары, Абылай, Әбілхайыр бастаған қалың қол 1726 жылдың соңы мен 1727 жылы жоңғарларға қарсы соғыс ашты. 1726 жылы Шұбартеңіз шайқасында қазақ жасақтарынан ойсырай жеңілген жоңғарлар кейін шегіне бастады. Мұның артынша Бұланты мен Білеуті өзендері аралығындағы шешуші ұрыста қазақ қолы жоңғарларды Ұлытауға жеткізбей тоқтатты. Бұл ұрыс тарихқа Бұланты-Білеуті шайқасы деген атпен енді. Осы жеңістен кейін майдан кіндігі болған төбе Қалмаққырылған аталып кетті.



АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ



Бұл – тарихымызда ерекше орны бар оқиға болып саналатын, жоңғар басқыншыларына қазақ қолының алғашқы тойтарыс берген тегеурінді соққысы. Түпкілікті жеңіске дем берген алғашқы ірі жеңіс. Үш жүздің хандары мен билері, батырлары мен сұлтандары, барша игі жақсылары жиналып, 1726 жылы Ордабасыда (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Ордабасы ауданында) ортақ әскер құрып, дара қолбасы сайлап, бір орталықтан басқаруға жетіп, үлкен даярлықпен кіріскен шайқас нәтижесі. Соғыс қазіргі Аңырақай деп аталатын Балқаш көлінен оңтүстікке қарай 120 шақырымдай жердегі Итішпестің Алакөлі (қазіргі Сорқұдық) маңында болған. Бас қолбасшылыққа Әбілқайыр хан сайланып, 30-35 мыңдай қол жиналып, жоңғардың 35-40 мыңдай әскерімен соғысқан.

Шайқас болған алаңның ұзындығы 35 шақырым, ені 20 шақырым екен. Соғыс көктемде басталып, ай жарымға созылған. Аңырақай шайқасына Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек (Шақшақ), Өтеген, Сәмен, Қойгелді, Саңрық, Хангелді, Жауғашар, Есет, Тайлақ, Саурық, Әбілмансұр (Сабалақ-Абылай), Наурызбай, Қарабатыр, Елшібек, Төлек, Бөлек, Ақша сынды қазақ батырлары қатынасып, үлкенді-кішілі қосындарды басқарған.

Аңырақай – ата-бабаларымыздың тәуелсіздік жолында қаны төгілген қасиетті де тарихи орны. Осы шайқаста жеңіске жетпегенде, қазақ халқының тағдырының қалай боларын, қазақ жерінің кімнің иелігіне өтерін кім білсін.



Бұл жеңіс ел рухын жанып, еңсе көтертті. Жаудың беті қайтты. Қазақтың тегеурінді халық екендігін сырт жұрттар сезінді. Осы 1729-1730 жылдан бастап, елді жоңғар және қалмақ басқыншылығынан түбегейлі азат ету шайқастары жеңісті бола түсті.



— ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА

XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығының сыртқы саясаты күрделене түсті. Солтүстік пен батыстан – Ресей мемлекеті, шығыстан – жоңғарлар, оңтүстіктен – ортаазиялық хандықтардың саяси қысымы күшейді.

1731 жылдың 19 ақпанында Анна Иоанновна патшайым Әбілқайыр ханның өтініші бойынша Кіші жүзді Ресей бодандығына алу туралы грамотаға қол қойды. 1740 жылы Орынборда Кіші жүз бен Орта жүздің старшындары мен сұлтандарының сиезі өтіп, Ресей бодандығының алғашқы нәтижелері қорытындыланды. Сиезге қатысқан Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Қазақстанды жоңғарлардың шабуылдарынан қорғап қалу үшін Ресеймен келісімге келу керек деген пікірлер айтты. Осы жылы Кіші және Орта жүздің бір бөлігінің сұлтандары мен старшындар тобы Ресей бодандығына ант берді.

XVIII ғасырдың ортасында Орта жүз бен Ұлы жүздің сыртқы саяси жағдайы күрделене түсті. 1771 жылы Түркістан қаласында Қожа Ахмет Иасауи мазарында ақ киізге көтеріп хан сайланғаннан кейін Абылай хан Ресей, Қытай және ортаазиялық әміршелер арасында тиімді саясат жүргізді. Абылай хан Қазақстанның тәуелсіздігі мен мемлекеттік егемендігі үшін күресті. XIX ғасырда Ресей империясы қазақ жерлерін түбегейлі отарлауға кірісті. Ресей империясының Қазақстанды отарлау саясаты мынадай бағыттарда жүргізілді:

– Қазақ жеріндегі әскери отаршылдық және казактардың патшаның отаршылдық және әскери тірегі рөлінің өсуі;

– Қазақстанның Каспий теңізінен Ертіске дейінгі, Есіл мен Тобылдан Арал теңізі, Сырдария мен Жетісуға дейінгі аумағын айналдыра салған жаңа қалалар, қамалдар, бекіністердің бой көтеруі;

– XIX ғасырдың 60 жылдары Түркістан, Шымкент, Алматы және Ұлы жүз аумағындағы басқа да қалалар мен мекендерді ашық түрде басып алу Қазақстанды Ресейге бағындыру үдерісін аяқтады. Қазақ жерлері Ресей меншігіне айналды.



XVIII-XX ғасырларда қазақ даласында Ресей отаршылдарына қарсы бірнеше ірі-ірі ұлт-азаттық қозғалыстары болды. Қазақ халқының тәуелсіздік пен дербес даму жолындағы күресінің негізгі кезеңдері:

– Сырым Датұлының басқаруымен отаршылдыққа қарсы қозғалыс (1783-1797);

– Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының ұлт-азаттық қозғалысы (1836-1838);

– Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық көтерілісі (1837-1847);

– Жанқожа Нұрмұхамедұлының көтерілісі (1856-1857);

– Есет Көтібарұлының қозғалысы (1868-1869);

Маңғыстаудағы шаруалар қозғалысы (1870).



А т а л ғ а н қозғалыстардың барлығы отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталды. Мұның ішінде, Ресейдің және көрші мемлекеттердің саясатына, Қазақстанның ішкі өміріне тигізген әсерімен, ұзаққа созылуы және ауқымдылығымен ерекшеленетін өз халқының тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін күрескен Кенесары

Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс қазақ елінің тарихында маңызы зор, ең көрнекті оқиға болып табылады. Ұлт-азаттық қозғалыс көсемдері қазақ халқының жадында ұлт батырлары ретінде қалды.

Кейінірек, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің түкпірінде саяси және ұлттық ой-санасының өсуіне ықпал ететін автономия алу ниеті тұрды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақтың интеллектуалды және саяси зиялы қауымының әлемдік аренаға шығуы қоғамдық өмірде қозғалыс тудырып, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» қазақ автономиясын дүниеге әкелді.



АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Алаш қозғалысы – XX ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған қазақтың саяси-демократиялық қозғалысы. Қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі етіп жариялануы, қазақтардың егіншілікке



жарамды жерлерінің Ресейден келген қоныс аударушыларға берілуі, Ресейлік әскери-монархиялық басқару жүйесі осы кезеңнің нақты көрінісі еді. Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатының осылай асқынуы

қозғалыстың тарихи негізі болып табылады. Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру, қазақ жерлеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету, егіншілік пен өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, рыноктық қатынастарға жол ашу, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу болды. Алаш ұлт-азаттық қозғалысы 1917 жылдың ақпан және желтоқсан аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті.

Қазақтың мемлекеттілігін қалпына келтіруді мақсат еткен Екінші жалпықазақ сиезі сонау қиын-қыстау заманда Алаш баласының мәңгілік жадында тұтар, тағылым алар тарихи шешімін паш етті. Сиезде қабылданған «... бүкіл қазақ-қырғызды билейтін хүкімет керектігін ескеріп, сиез бірауыздан қаулы қылады: 1) Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд облыстарындағы һәм Алтай губерниясындағы іргелес облыстардың жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық, жерді автономия құруға; 2) Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын; 3) Алаш автономиясының жер үстіндегі түгі, суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын...» деген тарихи шешімдер қазақ баласының өз еліне, өз жеріне өзі ие бола алатындығын, дербес өмір сүруге күші мен жігері, ақылы мен ама-лы, санасы мен саясаты жететіндігін толық аңғартты.

1917 жылы Алаш партиясының құрылуы мен Алашорда үкіметінің құрылуы бұл қозғалыстың нәтижесі болды.

АЛАШ АВТОНОМИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда екінші жалпықазақ сиезі өтті. Сиезде Алашорда үкіметі құрылды. Оның төрағасы болып Ә.Бөкейхан сайланды. Осы сиезде Алаш автономиясы жарияланды. Ә.Бөкейхан бастаған топ Қазақстанды мекендейтін орыстардың еркін



білмейінше автономия жариялауды кейінге қалдыра тұруды қажет деп тапты. Ал Ж.Досмұхамедұлы бастаған топ автономияны дереу жариялау керек деп санады. Соңында екі жақ ортақ келісімге келді. Нәтижесінде Түркістан қазағын қосып алып, автономия жариялауға 1 ай мерзім берілді. Бір ай ішінде қосылу ісі жүрмесе де автономия жарияланатын болып шешілді. Осы үшін 1918 жылы 5 қаңтарда шақырылған Сырдария сиезіне «бірігу мәселесін қозғау үшін» Б.Құлманов, М.Дулатов, Т.Құнанбайұлы арнайы жіберілді. Бұл жиында табиғи талас-тартыстан кейін Түркістанның оқығандары қосылуға ықылас танытса керек. Әйтсе де көзделген бір айда қосылу жайы сол күйінде өзгеріссіз қалды. Түркістан автономиясы да амалсыз жұмысын тоқтатты. Қазақ қайраткерлері автономия жариялау үшін қайта жиналған жоқ. II сиездің қаулысы күшінде қалып, енді ресми қағаздарда «Алаш автономиясы» деп жазылатын болды. Тіпті осындай мөр табаны да мұрағаттардағы құжаттарда сақталып қалған.



КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ОРНАУЫ

Азамат соғысы жылдарында большевиктер басқарған Кеңес үкіметі Ресей империясы құрамында бодандықта болған ұлттардың құрған ұлттық мемлекеттік бірлестіктеріне дұшпандықпен қарады. 1917 жылдың ақпан мен қазан айларының аралығында қазақ қоғамында түрлі саяси партиялар



мен ағымдар пайда болды. 1917 жылдың шілде айында Орынбор қаласында өткен бүкілқазақ сиезінде Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовтар жетекшілік еткен «Алаш» партиясы ұйымдастырылды. «Алаш» партиясы ең басты мақсат ретінде Ресей Федерациясы құрамында Қазақ автономиясын құру идеясын ұсынды. Большевиктер 1917 жылы 12 (25) желтоқсанда Қазақстанда құрылған Алаш автономиясы мен оның үкіметі – «Алашорданы» тарих сахнасынан күштеп

кетірді. Түркістан автономиясының Қоқандағы Кеңесі мен Үкіметін қарулы күшпен талқандады. Большевиктер халық ішінде, жұмысшылар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. 1918 жылы кеңестік билік бұрынғы Ресей империясының құрамында болған көптеген аймақтарға орнады. 1920 жылы 12 қазанда Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасы құрылды. 1918 жылғы 30 сәуірде құрылған Түркістан автономиялық кеңестік социалистік республикасы 1924 жылы 27 қазанда таратылып, қазақ облыстары Қазақ АКСР-іне қосылды. 1936 жылы осы автономия негізінде Қазақ кеңестік социалистік республикасы құрылды.



АШАРШЫЛЫҚ



Азаматсоғысынан кейінгі шаруашылықтағы қиыншылықтар Қазақстан аумағының үлкен бөлігін қамтыған ашаршылыққа алып келді. Қазақстанда жүргізілген сталиндік-голощекиндік реформаға байланысты шаруалардың жекеменшігін тәркілеу, салықтардың ауылшаруашылық өнімдеріне өсуі, көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын жаппай және күшпен отырықшыландыру ашаршылықтың басты себептері болды. Еңбек өнімділігін шектен тыс арттырып, процент куушылық орын алды. Ұжымдастыру процесі Қазақстанда 1932 жылдың көктемінде аяқталады деп жоспарланды. Ретсіз жылдамдатылған үдеріс Голощекинның арандатушылық экспериментіне ұшырады.



Қазақ халқы 1931-1933 жылдардағы ашаршылықты жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «Ақтабан шұбырындымен» салыстырады. Бұл оқиға «Кіші қазан» деп аталатын Голощекин экспериментінің салдары еді. Ұжымдастыруда күштеу тәсілдері мен құралдарын қолдану – орасан зор адам шығынына алып келді. Ашаршылық пен оның ауыр зардабы құрбандарының саны 1 млн. 750 мың адамға немесе бүкіл қазақтың 42%-ына жетті. Тарихи отанын 1 010 мың қазақ тастап кетуге мәжбүр болды, оның 616 мыңы біржола шет елдерде қалды.





САЯСИ ҚУҒЫН - СҮРГІН

Кеңестік билік жергілікті тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген жала жабылып, халықтың да оларға деген теріс көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасады. Халықтың қамын жеген ұлт қайраткерлерінен сескенген тоталитарлық билік өкілдері тығырықтан шығар жолды іздеді. 1925 жылы қыркүйекте Қазақстанға басшылық қызметке Ф.И. Голощекинның келуі елде орын алып отырған жағдайды одан бетер ушықтырды. Ол Қазақстанды кеңестік өзгерістерден тыс қалған деп санап, онда «Кіші Қазан» төңкерісін жүргізу саясатын ұстанды. Оның жүргізген саясаты ұлт зиялыларын жаппай



қуғындауға ұласты. Голощекин өзіне қарсы шыққандарды қызметтерінен алып, республикадан қуды, олардың көзін жоюды қолға алды.

Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдың ортасынан Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан басталды. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Ұлт қайраткерлеріне негізінен КСРО-ны құлату үшін жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз жала жабылды. Сонымен қатар молдалар мен діндарларды «басқаша, бөтен ойлайтындар» деп айыптады.

ҚАЗАҚСТАН ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ Қазақстан соғыс арсеналына айналды. Жауға атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылды. Балқаш, Қарсақпай кен орындары соғыс жылдары өндірілген қара мыстың жартысынан астамын берді.

Қазақтар бірінші рет тең құқықта қазіргі заман соғысына қатысты. Алайда соның өзінде орыс үстемшілдігі білінбей қалған жоқ. Қазақстаннан майданға 1 млн. 200 мың жауынгер аттанды. Брест қорғанын



К.Әбдірахманов, В.Лобанов, К.Иманқұлов, Ұ.Жұматов т.б. қорғады. Мәскеу үшін шайқаста қазақстандықтар даңққа бөленді. Алматыда жасақталған 316 атқыштар дивизиясы 8-панфиловшы гвардияшылар болып қайта құрылды. Мұнда аға лейтенант Б.Момышұлы басқарған батальон ерекше көзге түсті. Сондай-ақ осында Кеңес Одағының Батырлары Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллин т.б. соғысты. Ленинград үшін шайқаста С.Баймағамбетов кеудесімен дзотты жауып, соғыс тарихында теңдесі жоқ ерлік жасады. Сталинград үшін шайқаста Н.Әбдіров, Қ.Спатаев т.б. қазақ жауынгерлері батыр атағын алды. Бұл соғыста жеңіс туын тұңғыш рет желбіреткен қазақ батыры Р.Қошқарбаев еді. Шығыстың қос шынары атанған Ә.Молдағұлова мен М.Мәметова өздері сұранып, соғысқа аттанады. Соғыста жасаған ерліктері мен қызғатан өжеттіктері арқасында Кеңес Одағының Батыры атанады. Екінші Дүниежүзілік соғыста армия қатарына 1200 мың қазақстандық шақырылды. Олардың 497-сі Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.



ТЫҢ КӨТЕРУ

XX ғасыр Кеңес елдерінің тарихында оның ішінде Қазақстанда бетбұрыс кезеңі болды. Соғыс аяқталғаннан кейін Қазақстанның алдында халық шаруашылығын дамыту мәселесі тұрды. Бұл кезеңде республикада көмір өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы қарқынды дамыды. Азық-түлікке деген сұраныс жыл өткен сайын арта берді. Астық өндіру мәселесін шешу үшін елдің шығыс жағындағы ұлан-байтақ жерді жыртуға бағытталған ерекше жол таңдалынып, «Бәрі тың жерлерді игеру үшін!» деген ұран пайда болды. 1955 жылы жоспарланған 7,5 млн. гектардың орнына 9,4 млн. гектар жер жыртылды. Тың жерлерді осынша кең көлемде игеру өзін-өзі ақтамауы, табиғатқа үлкен зиян келтіруі мүмкін деген ғалымдардың ескертулерін ешкім елемеді.



Тың жерлерді осынша кең көлемде игеру өзін-өзі ақтамауы, табиғатқа үлкен зиян келтіруі мүмкін деген ғалымдардың ескертулерін ешкім елемеді.

Тың көтеруге байланысты әлеуметтік тұрғыдан бірқатар жағымсыз жағдайлар орын алды. Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін одақтың басқа аймақтарынан еңбекқорлары тартылды. Іс жүзінде бақылаусыз көші-қон қозғалысы туды. Жергілікті тұрғындар ондағы мектептердің орталық ұжымшарлар мен кеңшарлардың жабылып қалуына байланысты туған жерлерін тастап кетуге мәжбүр болды. Нәтижесінде, республиканың жергілікті тұрғындарының саны 30%-ға азайды. Қазақтың ұлт ретінде дамуына, тілі мен дініне қатер төнді. Жергілікті жерлердегі ұлт мектептері жабылып, қазақ балалары мектеп-интернаттарда оқытыла бастады. Олардың басым көпшілігінде оқу орыс тілінде жүргізілді. Жергілікті халықты орыстандыру саясаты ашық жүргізіле бастады. Сонымен қатар миллиондаған гектар жерді жырту мал жайылымы, шабындық жерлердің азаюына әкелді.

ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ

Республикамыздың егемендігін құрметтеу, ұлттық тіл мен мәдениеттің қарқынды дамуын қамтамасыз ету, саяси қайраткерлердің жергілікті тұрғындар арасынан жоғарылауына кедергі жасамау талаптарымен 1986 жылы желтоқсан айында Алматыдағы Республика алаңына халық жиналды. Олардың дені студенттер мен жұмысшы жастар еді. Олар орталық өкілдерін маңызды мәселелерді шешуде жергілікті билік органдарымен есептесуге шақырды.

Қазақстан астанасына ІІМ-нің арнаулы әскері жіберілді. 18 желтоқсан күні алаңға әскери училищенің бөлімдері енгізілді. Орталық комитеттің үйі қоршалды. КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті шекара училищесінің курсанттары да әкелінді.

Митингіге шыққан халықты ұстап, жазалай бастады. Олардың біразы арнаулы орындарға, тергеу изоляторларына қамалды. Көтерілісшілерге қарсы сапер күректері қолданылып, үйретілген иттер жіберілді.

Көтеріліске «қазақ ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, оған қатысқандар қуғын-сүргінге ұшырады. 8500-ге жуық адам ұсталып, жазаланды. Желтоқсан оқиғасына қатысқандардың бірнешеуі қаза тапты. Олардың қатарында Е.Сыпатаев, С.Мұхаметжанова, Қ.Рысқұлбеков, М.Әбдіқұлов, Л.Асанова сынды ержүрек қазақ жастары бар еді.

Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғаннан кейін Желтоқсан оқиғасының барлық шындығы ашылып, ол жөнінде жинақтар, кітаптар жарық көріп, кинофильм түсірілді.



ТӘУЕЛСІЗДІК

Қазақ халқы — болмысынан еркіндікті сүйетін, кең дала төсінде табиғатпен туыстасып, еркін өмір сүрген халық. Ата-бабаларымыз сонау көне түркі заманынан XVIII ғасырдың бел ортасына дейін өз билігі өзінде болып, дербес мемлекет ретінде тіршілік етіп келді. 1731 жылы алдымен




Ресейге тақау тұрған Қазақстанның батыс өңірлері, кейінірек басқа аймақтары Ресейдің бодандығына кірді. Содан бері қазақ даласын орыс отаршылдығының билеп-төстеуі басталды. Бірақ намысты ата-бабаларымыз осы отаршылдыққа қарсы сан көтеріліске шықты. Олардың ішіндегі ірісі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс еді.

XX ғасыр басында қазақ зиялылары бастаған ұлт-азаттық көтерілісі өрістеді. Ол тарихқа «Алаш қозғалысы» деген атпен енді. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, М.Дулатов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаев, М.Шоқай т.б. ұлы қайраткерлер 1917 жылы шілде, желтоқсан айларында өткен жалпықазақ сиездерінде «Алаш» партиясын және Алаш автономиясын құрды.

Кеңес үкіметінің орнауы бұл шын мәніндегі мемлекеттік құрылымның қалыптасуына мүмкіндік бермеді. Сөйтіп халқымыз кеңес үкіметінің құрамында алдымен автономия (1920), кейінірек одақтас республика (1936) болып енді.

Өткен ғасырдың соңына таман кеңес үкіметі ыдырап, соның нәтижесінде 1991 жылы қазақ елі ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Осы жылдың 25 қазанында тәуелсіздік жөніндегі декларация қабылданды, ал 16 желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздігін жариялады. Тәуелсіздікті нығайту оны әлемдік қауымдастыққа мойындату үшін Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Назарбаев үлкен еңбек сіңірді.

АТАМУРА



АТАМҰРА

Әрбір халықтың әрқилы тарихи кезеңдерден біздің заманымызға жеткен мәдени-рухани мұралары болатыны белгілі. Мұндай мұралар халықтың қымбат тұтатын заттары, қастерлейтін қасиетті орындары, ерекше құрмет ететін мәдениет үлгілері болуы мүмкін. Қазақ халқында мұндай мұралар көптеп саналады. Бұл мұралар халқымыздың ертедегі тарихын, өркеніетін, мәдениетін айғақтайды. Атадан жеткен мұра кейінгі ұрпаққа аманат. Сондықтан өскелең ұрпақ осындай ұлттық мұраларды білуге, оларды құрметтеуге міндетті.





«ҚҰРАН»

Ислам дінінің қасиетті кітабы «Құран» Жебірейіл періште арқылы беріліп отырған деген аңыз бар. Сонымен қатар «Құранның» 53-сүресінде пайғамбарымыз Алла Тағаланы көргенін айтады «ол көрінді де аян бере бастады», - дейді.



Сонымен «Құран» – адамдарға арналған пайғамбарымыз арқылы жеткен Алла сөзі. Ол 114 сүреден тұрады. Сүрелер мөлшерінің азаю реті бойынша берілген. «Фатиха» сүресі кіріспе рөлін атқарады. Әрбір сүре аяттардан тұрады, бір сүреде аяттардың саны әртүрлі болып келеді. 114 сүреде 77,934 сөзден тұратын 6,616 аят бар.

Діни тұрғыдан алғанда «Құранның» мақсаты ерте заманда арабтар арасында тараған пұтқа табынушылықты жою, олардың имандылық қасиеттерін оятып, жақсы жақтарын, заңдары мен діни ғұрыптарын, жол-жораларын қалыптастыру, сол секілді яһудейлердің дініне қарсы тұру, Алла тағаланың өзі сүйген құлдарын адастырмай түзу жолға салу болатын.

Саяси тұрғыдан алғанда, «Құран» арқылы жаңа ақиқат дінді тарапып, жалғыз Аллаға ғана құлшылық қылуды, рухани және азаматтық құқықтарды біріктіре отырып, тағдыр мен ерікті тек Аллаға байланысты ету арқылы мұсылмандарды мойынсұндыру еді. Осы негізде жаңа дінге Ислам деген ат берілді. Оның мәні жаратушы хақ тағала әміріне еркімен бас июшілер дегенді білдіреді.

Құран аят-аят болып, 23 жыл бойы әр кезде, нақтылы жағдайларға байланысты, не болмаса бір қарар-шешім қабылдағанда Мұхамед (ғ.с.) пайғамбарға көпшілік алдында немесе өзіне жеке келіп түскен. «Құран» Мұхаммедтің (ғ.с.) тірі кезінде топталып жиналмаған. Сүрелер оның жолын ұстанушылар арасына тұтас-тұтас күйінде таралған еді. 634 жылы, яғни һижраның 13 жылы Әбу Бәкір халифа Зәйд ибн Сәбитті алдырып, көпшілік қолында барлық сүрелерді жинақтауды, сөйтіп бір кітап етіп дайындауды тапсырған болатын. Содан бастап «Құран» жер жүзіне кітап түрінде тарап келеді.

АЛТЫН АДАМ



Алтын адам (біздің заманымызға дейін 5 ғ.) Алматы облысы, Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауында темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі.

Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін «андар стилінде» жасалған. Бас сүйектің сол жағынан жаһұт тастармен әшекейленген алтын сырға табылған. Бас киімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас, биік, шошақ төбелі, ұзындығы 70 см шамасында. Мойнында дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, іш көйлегі, көкірегінің тұсы, жеңі алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, камзолы құрастырмалы белбеумен буылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер, 16 тоға жапсырылған, оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын пластиналар жапсырылған қынға салынған темір қанжар – ақинақ, шалбар балағы да алтын тоғалармен әшекейленген. Есік обасынан алынған археологиялық мәліметтерге қарап, бұл адамның біздің заманымыздан бұрын 5-4 ғасырларда өмір сүргені анықталды.

Алтын адам – Қазақстанның азаттық символына айналды. Оның тұлғасы Алматының бас алаңына орнатылды, төбе бөркіндегі қанатты тұлпар бейнесі Елтаңбамызға енді.





КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Қазақ мәдениеті бастауларының бірі - көне түркі жазба ескерткіштері. Бұл руникалық жазба ескерткіштері – VII-IX ғасырлардағы көне түркі ойма жазулары мен қолжазбалары, көне түркі әліпбиіндегі әр алуан мәтіндер. Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы қазіргі түркі халықтарының, соның ішінде, қазақ халқының көне тілін, тарихын, этногенезін, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымын білуге болады. Көне түркі жазба ескерткіштері табылған аймақтарға Сібірдегі Енисей, Лена өзендерінің аңғарлары, Моңғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің алқабы, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр бойы, Ертіс пен Іле қойнауы жатады.

XX ғасырдың екінші жартысында ғалымдар Қазақстан жерінде де көне түркі жазба ескерткіштерінің бар екендігі анықталды. Талас бойынан төртбұрышты тас мөр мен дөңгелек тастың жарты сынығына бедерленген руникалық ойма жазулар, Іле бойынан жартастарға қашалған руникалық жазу да анықталды. Сыр бойында ескі кенттердің орнынан табылған саз балшықтан күйдірілген дөңгелек алқа, құмыра сияқты ойылған руникалық жазулар белгілі болды. Сондай-ақ мұндай жазба ескерткіш мәтіндері Жайық өңірінен де табылды. Яғни, көне түркі өркениетінің мұрагері болып табылатын қазақ жерінің барлық өңірінде дерлік бұл ескерткіштер кездеседі деген сөз.

Бұл көне жазба ескерткіштер біздің ата-бабаларымыздың мәдениеті жоғары болғандығын, сол ерте дәуірлердің өзінде өзіндік әліпбиі жасалғандығын аңғартады.

КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІ



Күлтегін ескерткіші – түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы Күлтегіннің (684-731) құрметіне қойылған ескерткіш. Күлтегін - түркі мемлекетінің белгілі билеушілерінің бірі - Құтлұғ қағанның кенже баласы. Күлтегін түркі мемлекетін нығайту мақсатымен бірнеше рет жорыққа шығып, өзін қабілетті қолбасшы ретінде танытты. 718 жылы қас жауы табғаштар шабуылын тоқтатты. Қағандық шамамен 721-722 жылдары Қытайға, 722-723 жылдары татабыға жорықтар жасаған. Өздерін толығымен іргелес мемлекеттерге мойындатқаннан кейін көрші елдермен саяси қатынастарын жақсартты. Ішкі-сыртқы саясатқа Күлтегін тікелей араласып отырған. 723-733 жылдар аралығында мемлекет ешбір елмен соғыспай, халық бейбіт өмір сүрді.



Күлтегін ескерткіші Моңғолиядағы Қарабаласаған қаласының орнынан солтүстікке қарай 40 шақырым жерге, Орхон өзені бойына орнатылған. Бұл ескерткіштің биіктігі – 3,15 м, ені – 1,34 м, қалыңдығы – 0,41 м. Тас бағана бес бұрышты қалқан тәрізді, қырларында айдаһардың суреттері мен қаған таңбалары бейнеленген. Күлтегін ескерткіші туралы алғашқы мәліметтер ХІХ ғасырдағы батыс зерттеушілерінің еңбектерінде жариялана бастады. Күлтегін қабіріне қойылған екі ескерткіштің бірі ғылымда «кіші жазу», ал екіншісі «үлкен жазу» деп аталып кеткен. Бұлардың әрқайсысын түркі елінің даңқты әскери қолбасшысы Күлтегіннің жауынгерлік жорықтарын мадақтап жырлауға арналған қаһармандық дастандар деуге болады. Күлтегін батыр жайындағы бұл екі дастанның да авторы өз дәуірінің аса дарынды ақыны, көрнекті қоғам қайраткері VIII ғасырда өмір сүрген Иоллығтегін. Күлтегіннің құрметіне жазылған бұл жазу тек түркі халықтарының ғана емес, бүкіл адамзаттың баға жетпес мұрасы болып табылады. Ескерткіштің ғылыми көшірмесі Астанадағы Еуразия ұлттық университетінің бас ғимаратына қойылған.



АРЫСТАН БАБ КЕСЕНЕСІ

Көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Түркістан жерін мекендеуші халықтардың арасында мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Иассауидің ұстазы болған, есімі Отырар, Сайрам, Иасы өңіріндегі сопылардың рухани ұстазы ретінде кеңінен жайылған Арыстан баб ата қабірінің басына салынған.

Ел арасында «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген ұлағатты сөз бар. Сондай-ақ «Сайрамда бар сансыз баб, Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, ең үлкені – Арыстан баб» делінеді.

Арыстан баб кесенесі дәлізхана, мешіт, құжыраhana, азан шақыратын мұнарасияқты жеке бөлмелерден құралған. Кешеннің ең көне бөлігі қабірхана болуы тиіс. Қазір де оның едені басқа бөлмелермен салыстырғанда едәуір биік. Қабір үстіне алғашқы белгі XII ғасыр шамасында салынған. Арыстан баб пен Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің арасы алпыс шақырым екен. Бұл – Арыстан бабтың аттаған алты адымы екен дейді аңыз.

Арыстан баб кесенесі XX ғасырдың басында жергілікті халықтың қаражатымен күйдірілген кірпіштен (ауданы – 35 x 12 м, биіктігі – 12 м,) бұрынғы Меккеге қараған есігі Түркістанға, Әзірет Сұлтанға бағытталып, солтүстік жағы кесене, оңтүстік жағы мешіт есебінде қайта жөнделеді. Дәліз-қақпа маңдайшасына мәрмәр тақта қаланып, бетіне хижра бойынша 1327 жыл, яғни соңғы құрылыс жүрген уақыт деп көрсетілген. Кесене мемлекеттің қорғауына алынған.



ҚОЖА АХМЕТ ИАССАУИ КЕСЕНЕСІ



Бұл кесене ХІҮ ғасырдың аяғында Ақсақ Темірдің бұйрығымен Түркістан қаласында Қожа Ахмет Иассауи қабірінің басына тұрғызылған. Қожа Ахмет Иассауи – мұсылман әлеміндегі ірі тұлға, әулие, ақын. Оның өмірі мен шығармашылығы барша ұрпаққа өнеге. Сондықтан әулие тұлғаға қазақ халқы



және барша түркі халықтары зиярат етеді. Еліміздегі сәулет өнерінің ғажайып ескерткіштерінің бірі болып саналатын кесененің ені – 46,5 м, ұзындығы – 65 м. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі мешіт, медресе қызметін де атқарған. Кесененің үш қабырғасының үстіңгі жағында Құран Кәрім сүрелері мен аяттары жазылған. Жазулар көгілдір қышпен өрнектелген. Жазулардан «Алла», «Мұхаммед», «О, жарылқаушы», «Билік Аллада», «Алла менің әміршім», «Һижраның 800 жылы» деген сөздерді оқуға болады. Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі – қабірхана ортасында Қожа Ахмет Иассауиге құлпытас қойылған. Кесене мешітінің 16 терезесі, қос қабат күмбезі бар. Мешіттің батыс жақ қабырғасына Меккедегі Қағба іспетті 3,5-2,5 метрлік мозаикалық михраб орнатылған. Кесененің оңтүстік-батыс жағындағы Аллаға құлшылық етуге арналған жерасты ғибадатханалары Иассауидің тірі кезінде жасалып, кейін қайта жаңғыртылған. Кесенедің және төңірегінде қазақтың атақты адамдары (Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр, т.б.) жерленген.

Қожа Ахмет Иассауи кесенесі қазақ халқының және барша түркі халықтарының зиярат ететін қасиетті де, қымбатты орны.

ЮНЕСКО-ның шешімімен Қожа Ахмет Иассауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді.



АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІ



Айша бибі кесенесі – XII ғасырда салынған сәулет өнері ескерткіші. Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Айша бибі ауылында орналасқан.

Айша бибі – тарихтан белгілі Қараханның әйелі. Күмбезді сол Қарахан салдырған. Бірақ кесенені салдырған сәулетші туралы нақты дерек жоқ. Пішіні шаршыланып біткен,

ауданы – 7,6 x 7,6 м, бұрыштар бағана-тіреулер арқылы көтерілген. Кесене ортасында 3 x 1,4 м құлпытас орнатылған. Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Қабырғаның ортасында сүйір аркалы текше жасалған. Текше бетінің қабырғаға ұласар тұсы шағын бағаналармен сәнделген. Бұл бағаналардың жоғарғы жағы көгеріс өрнекпен әшекейленген мығым блок болып келеді. Бұрыштағы бағаналар көгеріс өрнекті жұқа кірпішпен өрілген белдеу арқылы әсемделген. Айша бибі кесенесінің іргетасынан бастап есептегенде 3,4 м биіктікте бағаналарға араб әрпінде жазуы бар белдеу жүргізілген. Солардың бірінде «күз, бұлттар, дөңгеленген дүние...» деген сөздер араб әрпімен жазылған. Кесене қабырғаларының қалыңдығы – 80 см. Ол үш бөліктен: күйдірілген кірпіштен қаланған ішкі жағынан, оймыш әшекейлі плиталармен қапталған сыртқы жағынан, сонымен бірге саз балшықпен және жарамсыз плиткалардың сынықтарымен толтырылған қабырға ортасындағы кеңістіктен тұрады. Қабырғалар мен бағаналар беріктігін арттыру үшін қабырғаның ішкі жағына арша ағашынан арқалық қойылған. Кесене қабырғаларының сыртқы беті артқы жағындағы сыналармен бекітілген оймыш ұсақ плиталар арқылы безендірілген. Қазақ жобалау-қалпына келтіру институты Айша бибі кесенесін жөндеу жұмысының жобасын жасап, Тараздағы шеберхана ескерткішті қалпына келтірді. Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған.

БЕГАЗЫ – ДӘНДІБАЙ МӘДЕНИЕТІ

Бегазы мәдениетіне жататын тарихи жәдігерлер ерте заманнан, дәлірек айтқанда, қола дәуірінен жеткен мұралар болып табылады. Мұндағы «Бегазы» деген атау сол жердегі Бегазы тауына, Бегазы өзеніне байланысты қойылған. Дәндібай да жер атауы. Осы екі атау біріктіріліп, сол жердегі ежелгі



өркениет қонысын «Бегазы – Дәндібай мәдениеті» деп атайды. Ерте дәуірдегі Қазақстанның тарихынан сыр қозғайтын «Бегазы – Дәндібай мәдениеті» Қарағанды облысындағы аудан орталығы Ақтоғай кентінен 40 шақырымдай жерде. Бұл тарихи мекенді зерттеп, оның ежелгі тарихымыз үшін маңызын айқындаған ғалым - әйгілі академик оқымысты, тарихшы, этнограф Әлкей Марғұлан болды. Осы ғалым бастаған арнаулы археологиялық топ Бегазы – Дәндібай мекенін 1947-1949 және 1952 жылдары жан-жақты зерттеді. Осы зерттеулер негізінде Қазақстан тарихы ғана үшін емес, көне дәуірлердегі жалпы адамзат тарихы үшін маңызды ғылыми қорытындылар жасалды.

Бегазы – Дәндібай қонысынан табылған заттар айғақтағандай, бұл обалар біздің заманымыздан бұрынғы IX-VIII ғасырларға, яғни қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын мәдениетті сипаттайды. Академик Әлкей Марғұланның анықтауынша, Бегазы - Дәндібай мәдениетінің ерекшелігі – ескі қола мәдениетінің түрлері өзгеріп, соның негізінде оған ұқсамайтын жаңа мәдениет түрлері қалыптасқан. Атап айтқанда, билігі, діни сенімі, саяси әкімшілік орталығы, өндірісі мен өндіргіш күштері дамыған, алғашқы мемлекеттік бірлестіктер құру деңгейіне көтерілген тайпалардың болғандығы анықталды. Бегазы – Дәндібай мәдениетін қалыптастырған бұл тайпалар, ғалымдардың айтуынша, шығысында Абыралы, Шыңғыс тауларына, батысында Ұлытауға дейінгі аралықты мекендеген.

Бегазы – Дәндібай мәдениеті ғылымда – Бегазы кешені, Бегазы қорымы, Дәндібай, Бұғылы II-III, Саңғыру I, III, Қойшоқы сынды бірқатар археологиялық орындар деректері мен жәдігерліктерін қамтиды. Бұл біздің ерте заман тарихымыздың бір тарауы болып саналады.



БЕКЕТ АТА МЕШІТТЕРІ



Бекет ата ескерткіш ғимараттары – Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы Бекет Ата есімімен байланысты жер асты ғимараттарының ортақ атауы. Олар туралы халық жадында сан алуан аңыздар сақталған. Бекет Ата Мырзағұлұлы (1750-1813) – әулие, халық батыры, абыз көреген, ағартушы, сәулетші. Туып, өскен жері Жем өзені бойындағы Ақмешіт

Құлжан, Маңғыстау өңірі. Бекет Атаның білімдарлық, батырлық, әділдік, еңбексүйгіштік, абыз көріпкелдік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған. Халық оны айрықша қадірлеп, әулие тұтқан. Адайлар өзінің ұранына айналдырған. Хал-ық Бекет Атаның өмірін, қысылғанға жар болған ерекше қасиетін, әулиелігін ықыласпен әңгімелеп, ұрпақтан ұрпаққа ұластырған.

Бекет Ата төрт мешіті бар. Оның бірі Маңғыстаудан қашық емес, Оғыландыда, екіншісі Бейнеуде, үшіншісі Жем бойында, төртіншісі Арал жағасындағы Баялыда» дейді. Бекет Ата бұл мешіт-медреселерде құдайға құлшылық еткен, бала оқытқан. Бекет Ата ескерткішінің бірі - Жем өзені бойындағы Ақмешітте, Құлсары қаласына жақын жерде. Әктасты жартасқа қоржын там етіп ойып жасалған шағын ғимарат. Оның басына кейін қос кесене тұрғызылған. Екіншісі – Ескі Бейнеуде, ұлутасты шатқалға қашалған. Бөлмелері құлап, үгітіліп, байырғы қалпын жоғалта бастаған. Баялыдағы ескерткіш-ғимараттың жай-күйі мәлім емес. Бекет Атаның Оғыландыдағы жер асты ғимараты жақсы сақталған. Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген бір тұмсығының үзіліп қалған шоқысына қашалған. Үш-төрт қанат киіз үй көлеміндей үш бөлме. Бекет ата мүрдесі осы бөлмелердің бірінің іргесіне қашап орналастырылған. Немересі Мұрынның мүрдесі де осы бөлмеге қойылған. Кіреберіс бөлмеден жоғары шығатын есік арқылы жоғары бөлмеге баруға болады. Онда Бекет Атаның қызы жерленген.

ТАЙҚАЗАН

Түркістан қаласындағы мұрағаттық көне ескерткіш. 1399 жылы тебриздік шебер Абд ул-Әзиз ибн Шараф әд-Дин Қарнақ қаласында 7 металл қоспасынан құйып жасаған. Ішіне алпыс шелек су сыяды, салмағы 2 тонна. Қазан қасиетті деп танылған. Оның бүйіріне өсімдік бейнесіндегі өрнектер салынған,



араб әріптерімен оюлап құйылған жазулар бар. Түркістан тайқазаны 1935 жылы Санк-Петербургтегі Эрмитаж басшыларының өтініші бойынша 3-халықаралық конгреске көрсету үшін әкетілген. Эрмитаждың төменгі қабатындағы 48-ші залда 54 жыл тұрды. 1989 жылдың 18 қыркүйегінде тайқазан Қожа Ахмет Иассауи кесенесіндегі өз орнына қойылды.



ЖАРКЕНТ МЕШІТІ



Жаркент атты екі қала бар. Бірі Қытай халық республикасының Шыңжаң өлкесінде. Бұл көне қалалардың бірі болып саналады. Мұнда 1858 жылы белгілі құлжа сапарында Шоқан Уәлиханов болған. Бұрын да, қазір де Қытайдағы қазақ бауырларымыз тұрады.

Жаркент атты енді бір қала өз аумағымызда. Бұл 1891 жылы патша үкіметінің Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ережесі бойынша құрылған уез орталығы. 1910 жылғы дерек бойынша уезде 17 болысқа қараған 157 210 адам болған. 1918 жылы кеңес өкіметі орнағаннан кейін Жаркент уезі таратылып, Жетісу облысына қосылған.

Жаркент кеңес тұсында аудан орталығы болды. 1942 жылы ол Панфилов қаласы, Панфилов ауданының орталығы болып аталды. Қазір тарихи есімі қайтарылды. Алматы облысының құрамында.

Қаладағы мәдени-тарихи орындардың ерекше сәулеттісі де, көпке белгілі болғаны да Жаркент мешіті болып саналады. Орта Азия сәулет өнері үлгісіндегі бұл мешітті 1892-1895 жылдары ұйғырдың ірі байы Уәли Юлдашев деген кісі Хон-Пик деген қытай сәулетшісіне салдырған.

Мешіт тұтастай ағаштан, Тянь-Шань шыршасынан шегесіз қиюластырылған. Беті шығысқа қарата салынған мешіттің ауданы – 28х54 м, биіктігі – 14,5 м, ал мұнарасы – 19 м. Ол 52 бағанамен тізбектеле айналдырыла қоршалған. Мешіттің іші-сырты ағашқа түсірілген әсем өрнектермен көмкерілген. Әрбір бағана кендірмен оралып, сыланып, қызыл жосамен сырланып, сырты лакталған. Арабша жазылған жазулардың өзі өрнекше өріліп, өте жарасымды келістірілген.

Мешіт ауласында қосымша шағын үй және медресе бар. Кешен биіктігі 2,5 метрлік тас қабырғамен қоршалған. Оңтүстігі мен солтүстігінде екі үлкен қақпасы бар.

«ТАРИХ-И РАШИДИ»



Көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы, ақын, ғұлама ғалым М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты әлемге әйгілі еңбегі – XIV ғасырдан XVI ғасырдың орта кезеңіне дейін, яғни бірнеше ғасырды қамтитын энциклопедиялық сипаттағы еңбек. Бұл кітаптың жазылу мәдениеті, ғылыми маңызы, тың әрі бізге беймәлім деректерінің молдығы, этнографиялық, этникалық, географиялық, археологиялық мәліметтерінің сонылығы, тарихи оқиғаларды нақты әрі айқын баяндауы оқырманды да, зерттеушілерді де тәнті етеді. Дулати өзіне дейін Тұраннан шыққан тарихи тұлғаларды толық дерлік қамтыған. «Тарих-и Рашиди» ақындық қуат, жазушылық шеберлікпен, көркем де айшықты тілмен жазылған мемуарлық туынды. Оқырман Орталық Азия мәдениеті, әдет-ғұрпы туралы танымдық мәліметтермен таныса алады. Еуропа жұртшылығы Мырза Хайдар шығармасымен бұдан 100 жылдан бұрын-ақ танысқан. Оның парсы тіліндегі аталмыш еңбегін ағылшын отаршылары Үндістаннан тауып, аударып, 1895 және 1898 жылдары Лондонда екі рет бастырған. Осы аударма Мырза Хайдар шығармасының әлемге таралуына кең жол ашты.

Ғалым мұрасын зерделеуге деген талпыныс бұрынғы Совет Одағы республикалары ішінде біздің елімізде де болмай қалған жоқ. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан 1941 жылы «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында даңқты тарланбоз жайлы «Қазақтың тұңғыш тарихшысы» атты арнайы мақала жазып, халқымыздың тарихының тым тереңде екеніне көңіл аударған.





«ЖАМИҒ АТ-ТАУАРИХ»

Қадырғали Қосымұлы Жалайыри (1555-1607 ж.ж.) – ғұлама ғалым, белгілі би. Жалайыр тайпасынан шыққан. Қадырғали Жалайыри хан ордасында жас бекзадалардың ақылгөйі, тәрбиешісі, ханның қарашасы (ақылшы, кеңесші) болған. Қадырғали Жалайыри ана тілімен қатар араб, парсы тілдерін жете игеріп, Шығыстың классик әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын терең меңгерген. Қадырғали Жалайыри 1598 жылға дейін Мәскеуде, патша сарайында тұрған. 1600 жылы орыс патшасы Б.Годунов Оразмұхамедті Қасымов хандығының ханы етіп тағайындағанда Қадырғали Жалайыри оның 4 уәзірінің бірі болады. Осы кезде Қадырғали Жалайыри тікелей ғылыммен шұғылданған. Ол 1600 жылы өзінің «Жамиғ ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы» деп те аталады) атты шежіре кітабын жазуға кірісіп, оны 1602 жылы аяқтаған. Шежіренің көлемі – 157 бет, қытай қағазына аса ұқыптылықпен жазылған. Қадырғали Жалайыри осы шығармасын Шығыс ғұламаларының дәстүрі бойынша орыс патшасы Годуновқа арнаған. Ол жырақта жүрсе де қазақ хандарының саяси-әлеуметтік жағдайларын, Қазақстанда рулық, патриархалдық-феодалдық қатынастардың қалыптасуы, хан төңірегіндегі сұлтандар мен қарашалар, бектер мен хафиздер т.б. жайлы деректі мәліметтер жазып қалдырған. «Жылнамалар жинағында» Шығыс елдеріне, оның шаһарларына шолу жасап, қазақ сахарасын мекендеген жалайыр, арғын, қыпшақ, қаңлы, найман, қоңырат, керей, алшын т.б. түркі тайпаларына тарихи анықтама берді. Ол Шыңғыс хан әулеті және оның өзі жайында аса мол деректер келтіреді, қазақ хандарының өмірбаяндарына тоқталады. Онда қазақ жері, оның қалалары, XIII-XVI ғасыр аралығындағы қазақ жеріндегі оқиғалар, қазақ хандарының ішкі-сыртқы жағдайлары, әлеуметтік топтар мен қазақ жерін мекендеген ежелгі рулар бірлестігі жайында да деректер бар.

«Жамиғ ат-тауарихтың» екі нұсқасы белгілі. «Жамиғ ат-тауарихтың» екінші толығырақ нұсқасының соңында қазақ тарихының XVI ғасырдағы оқиғалары, қазақ хандары мен сұлтандарының генеалогиясы берілген.

«АЛПАМЫС БАТЫР»



Бұл — қазақ халқының қаһармандық эпосы. «Алпамыс батыр-да» халықтың басынан өткен қаһармандық оқиғалар эпикалық әсірелеу заңдылығымен берілген. Жырда түрік қағандығы дәуіріндегі (V-VII ғ.ғ.) азаттық үшін күрестің сарындарынан бастап, қазақ халқының XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығына қарсы қаһармандық ұрыстарының нақтылы елестері де сезіліп отырады. Жыр дәл қазіргідей классикалық бүтіндікке ғасырлар бойы жетілу, толығу арқасында жеткен. Әсіресе жыр-дан батырлық ертегілердің жігі айқын байқалуы эпосты көне туындылардың бірі деп есептеуге мүмкіндік береді. Мысалы, жырда қарт ата-аналардың жаратқаннан перзент тілеп әулиелерге түнеп мінәжат етуі, болашақ батырды зарығып көруі, жас қаһарманның жедел ер жетіп, айрықша қайрат танытып жүйрік ат мінуі; жау шапқыншылығына ұшыраған елінің кегін қайтарып, туған елін бақытқа кенелтуі, өзіне өмірсерік болатын сұлу жар таңдап бақытты өмір кешуі секілді ежелгі батырлық ертегілерге тән тұрақты сарындар мейлінше анық және толық көрсетіледі. Қаһармандардың туып-өскен, өмір кешкен елі — Жиделібайсын, нақтылы тайпасының аты — қоңырат болып көрсетілгені көптеген ғалымдардың дастанды қоңыраттардың тайпалық эпосы деп айтуына мүмкіндік берген. Дегенмен, эпоста сипатталатын оқиғалар, адамдардың іс-әрекетінің молдығы, сан дәуірдің наным-сенім ерекшелігін танытатын тұстары эпостың шеңберін бүкілтүркілік және бүкілқазақтық деңгейге көтереді. «Алпамыс батыр» жырының халықтың есінен мәңгілік ұмытылмай орын алу себебі тарихи әлеуметтік шындықтың биік көркемдікпен жырлануында.

Тәуелсіздік туын көтерген түркі халықтары егемендік алған заманда бұл елдердің ерте кездегі өнер байланысын, тағдырластығын, мүдделерінің ортақтығын, көркемдік ойлау мәдениетінің жақындығын көрсететін этникалық туыстықты дәлелдейтін нағыз қымбат куәліктің бірі «Алпамыс батыр» жыры болуы — оның халықаралық деңгейдегі мәнін арттыра түседі.



«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР»

Қазақ халқының қаһармандық жыры. Негізгі мазмұны – шетел басқыншыларынан елді қорғау, осы жолда асқан ерлік көрсеткен ер азаматтардың батырлық істерін көрсету. Көркемдік биік қасиеттері жағынан дүниежүзі халықтарының белгілі батырлық эпостарының қатарында тұрған классикалық шығарма. Жырдың ең көне түрі бізге жетпеген. «Қобыланды батыр» жырын жырлаған ақын, жырау-жыршылар өзі өмір сүрген дәуір тұрғысынан толықтырып, өңдеп, әрлеп отырған. Сондықтан да «Қобыланды батыр» жыры көп вариантты жыр. Бізге талай ғасыр талқысына түсіп, талай ақын-жыраулардың өңдеуінен өткен кейінгі нұсқасы ғана белгілі. «Қобыланды батыр» жырын жинау, хатқа түсіру жайы тек XIX ғасырда ғана қолға алынды. «Қобыланды батыр» жырының бізге 29 нұсқасы жеткен. Оның 26 нұсқасы – Қобыланды батырдың ерлігі жайында, ал 3 нұсқасы Қобыландының балалары Бөкенбай мен Киікбай батырларға арналған. «Қобыланды батыр» жырының заңды жалғасы болып есептелінетін Қарлыға қыздың достығы, махаббаты, ерлік істері жайында тағы бір жыр бар. Бұл нұсқалардың көбісі кейінгі кезде жинақталған. Қай нұсқа болмасын алғаш хатқа түсіріп, оны жырлаған ақын-жыраулардың аттарымен (Мысалы: Марабай, Мергенбай, Біржан, Нұрпейіс, Қабыл, Сүйінішәлі, Дәулетше т.б.) аталған. Бұл нұсқалардың көпшілігі бұрыннан белгілі, халық арасына кең тараған, ғалымдар азды-көпті зерттеген жырлар.

Ел арасына Қара қыпшақ Қобыланды деген атаумен мәлім жырдың қыпшақ этносының ортасында қалыптасқаны анық. М.Тынышбаевтың көрсетуінше, Қобыланды – Әбілқайыр заманында өмір сүрген тарихи тұлға. Ел аузындағы деректерге қарағанда оның бейіті Қобда өзені бойында. «Қобыланды батыр» жырының тарихилығы – онда кездесетін жер-су атауларынан байқалады.

«ҚАМБАР БАТЫР»



Қазақ халқы мәдениетінің үлкен бір арнасы – ауыз әдебиеті. Халқымыздың ауыз әдебиеті өте бай. Ауыз әдебиетіміздің байлығы мен сан салалы болып келуі ертедегі қазақ мәдениетінің, оның ішінде, сөз өнерінің ерекше дамығандығын байқатады. «Қамбар батыр» - қазақ халқының қаһармандық жыры. «Қамбар батыр» жырының басты тақырыбы – жер мен ел намысын қорғау. Оқиға Әзімбайдың байлығы мен сұлу қызы – Назымды суреттеуден басталады. Назымның ағалары – Қораз, Дораз, Қарымсақ, Қабыршақ – дара мінез иелері. Жыр оқиғасы он сегіз жасқа толған Назымның жар іздеген назынан басталады. Бұл кезде Қамбар да ер жетіп, елін асырап отырған батыр тұлғасында көрінеді. Осыған қарағанда жырдың бастапқы саласының басқа болуы да мүмкін. Эпостағы этникалық мәліметтер де оның кейіндеу туғанын аңғартады. Қазақ халқының эпикалық жауы – қалмақ, кейінгі этникалық бірлестік – ноғайлы атауларынан бөлек қазақ этнонимі де жиі кездеседі. Мұны «Қобыланды», «Алпамыс» жырларынан табу қиын. Қамбардың тегі тұсында уақ, «Ноғайлының Қамбары», әкесі Әзімбайға келгенде – «он екі баулы өзбек» тіркестері қолданылған. Мұның бәрі эпикалық дәстүрге тән белгілер. Жыр сюжетінің алғашқы аңыз түрінде туып, бері келе эпостық жыр үлгісіне ауысқаны аңғарылады.

«Қамбар батыр» жыры «Алпамыс», «Қобыланды» сияқты көпнұсқалы болып келеді. Ғалымдардың айтуынша, «Қамбар батыр» жырының жиырмаға жуық нұсқасы бар. Жырдың кейбір нұсқалары 1865-1888, 1903 жылдары Орынбор, Қазан қалаларында жарық көрген.





«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ»

Қазақ халқының лиро-эпостық жыры. XIII-XIV ғасырлардан бастап жырланып, қазақ арасына кең тараған. Жыр Сарыбай мен Қарабайдың түзде жүріп құда болып, Қозы мен Баянды күні бұрын атастыруымен басталады. Ары қарай қос ғашық Қозы мен Баян зорлықшыл Қодар, қаражүрек Қарабай арасындағы шиеленіскен оқиғалар негізінде зұлымдық пен махаббат күресі баяндалып, Қозы мен Баянның қайғылы қазасымен аяқталады.

Жырдың негізгі идеясы – мөлдір махаббатты дәріптеу. Тілі көркем, сюжеті шебер құрылған. Жырда айтыс, тұрмыс-салт жырлары: естірту, жоқтау, қоштасу, т.б. кеңінен қолданылады. Бұл жырда Аягөз, Үржар, Лепсі, Қалба тауы т.б. нақты жер-су атауларының кездесуі айқын көрінеді. Дастанның басқа да түркі халықтарынан тараған нұсқалары бар. Мысалы, башқұртта «Қозы Курпәс мәнән Маян сылу», Бараба татарларында «Қозы көрпеш», алтайлықтарда «Қозы Эркеш» деп аталады. Сыбанбай, Бекбау, Жанақ, Шөже т.б. ақындар әр кезде дастан оқиғасын өздерінше жырлаған. Жалпы жиырмаға жуық нұсқасы бар. Ең көп тарағаны – Жанақ нұсқасы. Алғаш ел арасынан жинап, хатқа түсіргендері Г.Саблуков (1830), Ғ.Дербісәлин (1834), А.Фролов (1841), Ш.Уәлиханов (1856). Ал М.Путинцев жырдың мазмұнын орыс тіліне аударып бастырған (1856). В.Радлов бір нұсқасын жинағының 3-томына енгізген (1870). Белгілі ғалым Г.Н. Потанин бұл жырдың «дүние жүзіндегі ең қымбат әдебиет мұраларына жататын шығарма» екенін айтқан.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының негізінде «Махаббат дастаны» кинофильмі (сценарийін жазған Ғ.Мүсірепов, 1954) түсіріліп, сахналық шығарма (авторы Ғ.Мүсірепов, 1940) жазылған. Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Тансық станциясының маңында Қозы Көрпеш – Баян сұлудың мазары бар.

«ҚЫЗ ЖІБЕК»



Лиро-эпостық жыр. Шамамен XVII ғасырда жазылған. Жырды тұңғыш рет 1880 жылы Е.А. Александров Мұсабай ақыннан жазып алып, мазмұнын орысшаға қара сөзбен аударған. XIX ғасырдың екінші жартысында татар мұғалімі Фалиолла Тухватуллин Зайсанда ел арасынан «Қыз Жібек» жырын жинап, 1894 жылы Қазан қаласында бастырған. Ал Жүсіпбек Шайхысыламұлы Қазан қаласында 1900, 1903, 1905, 1909, 1911 жылдары қазақ тілдерінде жариялаған. «Қыз Жібектің» Тухватуллин жинаған нұсқасы 1925, 1933, 1939, 1957, 1967 жылдары басылып шыққан. 1958 жылы «Қазақ эпосы», «Казахский эпос» жинақтарында, 1963 жылы «Қыз Жібек» деген атпен қазақ, орыс тілдерінде жарияланған. Сондай-ақ орыс тілінде 1988 жылы жеке кітап болып жарық көрген. Қазіргі орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорында жырдың бірнеше нұсқалары сақтаулы. Оның ішінде Қ.Мырзағалиев, Ә.Дәнікеров, Ж.Қалмағанбетов, Е.Рахметов, Р.Мәзқожаевтардың нұсқалары бар. Жырдың нұсқалары арасында айырмашылық аз.

Жырдың мазмұнында Базарбай деген байдың Төлеген атты ұлы 14 жасқа толғанда өзіне жар іздеп, 210 қыздың арасынан Сырлыбай ханның Жібек атты қызын ұнатады. Үш ай бірге болған соң, Төлеген еліне барып келмек болып сапарға шығады. Бірақ Жібекті қызғанып, жол тосқан Бекежан қапыда Төлегенді өлтіреді де, оның қазасын Жібекке өзі келіп естіртеді. Сол үшін Бекежан өлім жазасына кесіледі. Жырдың екінші бөлімінде хабарсыз кеткен Төлегенді іздеп шыққан оның інісі Сансызбай қалмақ ханы Қоренді өлтіріп, Жағалбайлы елін жаудан азат еткендігі айтылады.



«ЕР ТӨСТІК»

«Ер Төстік» – қазақ батырлық ертегілерінің ішіндегі ежелгі үлгісі. Мазмұны мен сюжеттік құрылысының, кейіпкерлері мен іс-әрекетінің сипатынан «Ер Төстік» ертегісі архаикалық мифтің, хикаяның, қиял-ғажайып ертегілердің қасиеттерін бойына молынан сіңірген.

Ерте заманда туып, көне дәуірдің көріністерін сақтап келсе де, қиял-ғажайып ертегілер халқымыздың тұрмысын, салтын бейнелейді, күнделікті өмірін көрсетеді. Әрине өмір шындығын қиял-ғажайып ертегілер тікелей, сол қалпында емес, эстетикалық тұрғыда бейнелейді. Өмірдегі тартыстар, болмыс-көріністер, ғұрып-әдет... бәрі де халықтың эстетикалық рухына сай түзіледі. Мәселен, «Ер Төстікте» алғашқы қауым адамдарының ырымдары мен әдет-ғұрыптары да жиі кездеседі. Атап айтқанда, Төстіктің жер астына түсіп, үстіне шығуы, оның Шойынқұлақпен айқасуы шамандық көзқарасқа тән түсінікті бейнелейді.

Сөз болып отырған ертегінің бас қаһарманы, эстетикалық мұраты – халық идеалы. Ертегі тек халық мұратын мадақтайды. Қазақ ертегілерінің бас қаһармандары – аңшы-мерген, жауынгер-батыр, кенже бала, тазша бала және басқа әлеуметтік теңсіздіктегі бұқара өкілі. Бұлардың бәрі халық арманынан әр кезде туған идеал кейіпкерлер. «Ер Төстік» те сондай кейіпкерлердің бірі. Онда классикалық батырлық ертегіге тән белгілердің бәрі бар. Сайыста кейіпкердің өз күшімен емес, керемет достарының арқасында жеңуі – батырлықтан гөрі қиял-ғажайып ертегінің заңдылығы.

Көркемдік жағынан «Ер Төстік» қиял-ғажайып ертегі мен батырлық жырдың элементтерін кең пайдаланған. Төстіктің көмекшілері де ескі діни сенімдер шеңберінде туып, кейін көркем бейнеге айналған. Сондай-ақ сөз болып отырған ертегідегі басты тақырып – сиқырлы заттардың көмегімен бас қаһарманның небір ғажайыптар мен қиындықтарды жеңіп, мұратына жетуі. Мысалы, Шалқұйрық – тек жүйрік ат қана емес, алдағыны болжай алатын қабілеті бар, неше түрлі сиқырды білетін, адамша сөйлеп, адамша іс-әрекет қылатын қасиетті жануар, Төстіктің көмекшісі, ақылшысы. Ал жер астында Төстікке дос болатын Желаяқ, Таусоғар, Көлтауысар сияқты кейіпкерлер – мифтік танымның сипаты. Ертедегі адамдардың мифтік түсінігі бойынша желдің, таудың, судың «иелері» болған. Кейінгі замандарда олар көркемдік сипат алып, «достар осындай болса екен» деген адам арманын жүзеге асырушы бейнелер ретінде қабылданған.

«АЛТЫН САҚА»



«Алтын сақаның» бас қаһарманы, идеялық нысанасы – халықтың арман-мұраты. Мұнда да халықтың аңсары ертегінің басты арқауы. Қазақ ертегілерінің бас қаһармандары аңшы-мерген, жауынгер-батыр, кенже бала, тазша бала, жалғыз бала және басқа әлеуметтік теңсіздіктегі бұқара өкілі. Бұлардың бәрі – халық арманынан әр кезде туған идеал кейіпкерлер. «Алтын сақадағы» бала сондай кейіпкер. Онда классикалық батырлық ертегіге тән белгілердің бәрі бар. Бала жұртта қалып қойған алтын сақасын алып келуге барып, жалмауыз кемпірге кез болған бала кемпірдің алдағанына сенбей, сақасын ат үстінен іліп алып, қаша жөнеледі. Мыстан кемпір тұра қуады. Осымен оқиға шиеленісе түседі. Бұл ертегіде де сайыста кейіпкер өз күшімен емес, керемет достарының арқасында жеңуі – батырлықтан гөрі қиял-ғажайып ертегінің заңдылықтарына жақындау.

Қазақ балалар ертегілерінің басты ерекшелігі есте жоқ ерте заманда туып, ежелгі дәуір құбылыстарын сақтап келсе де, олардың бәрі біріншіден, халқымыздың тұрмысын, салтын бейнелейді, күнделікті өмірін көрсетеді. Әрине, өмір шындығын қиял-ғажайып ертегілер тікелей, сол қалпында емес, эстетикалық тұрғыда бейнелейді. Өмірдегі тартыстар, болмыс-көріністер, әдет-ғұрып бәрі де халықтың эстетикалық рухына сай түзіледі. Екіншіден, ертегілердің бәрі дерлік бас кейіпкерлерін қиын да күрделі, азапты да аянышты кешулерге сала отырып, балаларды ерлікке, отансүйгіштікке баулиды. Мәселен, «Алтын сақада» сол сақасын алуға барған баланың ерлігінің арқасында оның ата-анасы ғана емес, тұтас туған елі жалмауыз кемпірдің қорлық-зорлығынан азат болады.





«АЯЗ БИ»

Қай елде болмасын, жалпы ертегі жанры – аңыздық прозаның дамыған, көркемделген түрі. Оның мақсаты – тыңдаушыға өмірдегі жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен сұрқиялық, ізгілік пен жауыздық, олардың өзара күресі, бастабында ылғи да жамандық, сұрқиялық, жауыздық жеңгенімен, түптің түбінде жақсылық жарқырап көрініп, әділеттілік салтанат құрып, ізгілік жеңіс тұғырына көтерілетіндігі туралы ғибрат беру. Яғни ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық рөл атқарады. Басқаша айтқанда ертегі жанрының функциясы өте кең. Сондықтан қандай ертегі болмасын, оның ең басты мақсаты – сюжетті барынша қызықты да таңғажайып етіп ала отырып, оны көркемдеп, әрлеп баяндау. Қазақ халық ертегілерінің ішінде мұндай үлгідегі ертегілер өте мол. Солардың бірі – «Аяз би» ертегісі.

Ертегідегі Жаман – қазақ ауыз әдебиетіндегі ел басшысының үлгілі бейнесі. Ол – қарапайым, парасатты, адал, шыншыл, көреген, тапқыр, кішіпейіл, іззетті, көпшіл, қайырымды, қанағатшыл. Бұл қарапайым халық бұқарасының «елді осындай адам басқарса» деген арманынан туған бейне.

Аяз би туралы айтылатын ертегі-аңыздардың бәрінде дерлік Жаман қойшының Мадан хан сынынан өтуі, үйленуі, ханның күншіл, ақылсыз қырық уәзірін өлімнен құтқаруы, оның даналығын, достыққа адал, сертке беріктігін, әділдігін мойындаған хан өз тағын беруі сөз болады. Жаман хан болғаннан кейін де жыртық тоны мен жаман тымағын хан сарайы босағасына ілдіріп қояды. «Кей-кейде хандық тақтың буымен көңілім тасып, асып бара жатқандай болсам, соған көзім түседі де, тез тәубама келемін» дейді екен. Сөйтіп ол жыртық тоны мен жаман тымағын көрген сайын тәубасынаң жаңылмай, өзіне-өзі: «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» деп отыратын болған. Бұл нақыл әркімнің өз орнын, өз жолын жақсы білуі керек деген өмірлік терең мағынаны, қағиданы білдіреді.

ТУЛҖА

ТҰЛҒА

Халықтың ел болып жасалағы, ұлт болып өсіп-өркендемегі сол халықтың өз ішінен шыққан тұлғаларға байланысты. Ғасырлар бойғы тарихымызға ел ұйыстырар, көш бастар тұлғалар көп болған. Ел билігіндегі хандар, билер, мемлекет қалыптастыру жолындағы қайраткерлер, ұлттың тағдырын жырлаған ақын-жыраулар, жерін жаудан қорғаған батырлар, жараттылыс пен табиғаттың құпиясын ашқан ақылман ғалымдар – бәрі-баршасы халқының игілігі үшін ерен іс атқарған тұлғалар. «Сүйер ұлың болса, сен сүй - сүйенерге жарар ол» деп данышпан Абай айтпақты, халқымызға айрықша еңбек сіңірген тұлғалардың өмірі мен ісін білгеніміз абзал.





АСАНҚАЙҒЫ

(XV ғасыр)

Асанқайғы – көріпкел философ, ақын, жырау. Шын есімі – Хасан. Еділ бойында дүниеге келген. 1445 жылы Алтын Орда ыдыраған кезде қазақ даласына қайта оралып, Қазақ хандығын құрған Жәнібек ханның ақылшысы болған.

Асанқайғының жыр-толғаулары мен нақыл сөздеріне қарағанда, Дешті Қыпшақтың Еділ, Жайық бойынан қазақ руларының ірге көтерулерін қолдамай, Керей мен Жәнібекке қарсылық білдіргені көрінеді. Асанқайғының «Жерұйық» іздеуі туралы айтылған аңыздарынан да халықтың бас құрып, ірге орнықтырып, ел болу қамын ойлауда оған шешуші міндеттің жүктелгені байқалады.

Ел ертеңін ойлап, еңсесін көтеруді көздеген Асанқайғы Ордадан бөлінген қазақ руларын Шу, Сарысу бойына, Ұлытау төріне қоныстандырып, халықтың жол бастаушы темірқазығындай болып өтеді.

Көнекөз қариялардың шежірелерінде Асанқайғы Сарыарқада дүние салып, Ұлытау топырағына жерленеді. Ал Шоқан Уәлиханов: «Асан ата өмірінің соңғы жылдарын Жетісуда өткізіп, Ыстықкөлдің жағасында дүние салған» – деп жазады.

Асанқайғы халықтың қамын ойлаған ақылгөй, көреген ғана емес, сонымен бірге керемет күйші де болған. Көптеген күйлерінің тарихы әлі күнге дейін айтылып жүр. Алайда бүгінгі ұрпаққа «Ел айырылған», «Асанқайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар» тәрізді санаулы күйлері ғана жеткен.



ДОМАЛАҚ АНА

(1378-1456)

Қазақ халқында елді аузына қаратқан даналығымен, кие қонған әулиелік қасиетімен, ақыл-парасаты, адамгершілік қасиетімен аттары аңызға айналған аналар аз емес. Халық олардың есімдерін еске сақтап қана қоймай, олардың әруақтарына бас ие, пір тұтып, өздерін кие, өмірлерін өнеге етіп, тағылымын ұрпақ санасына сіңіріп отырған. Бұл тұлғалардың зираттары, елі әспеттеп тұрғызған кесенелері ешкімнің зорлығынсыз-ақ халық тәу етіп баратын орындарға айналған. Сондай қасиетті тұлғаның бірі – Домалақ ана. Азан шақырып қойған есімі Нұрила болғанымен, қалың көпшілікке Домалақ ана атымен белгілі.



Домалақ ана – ең алдымен, алланың нұры төгіліп, ұрпағы бірнеше тайпаға айналған елдің анасы. Домалақ ана кезінде батыр әрі би болған тарихи тұлға Бәйдібектің үш әйелінің бірі болғаны белгілі. Бүгінгі Албан, Суан, Дулат тайпалары Бәйдібектің Домалақ анадан туған Жарықшақ деген ұлының кіндігінен тараған.

Ел ішіндегі деректерге қарағанда, Домалақ анаға «Диннат мама» деген атауды түп тегі түрікпен Қара Хайдар деген кісі оның даналығына тәнті болып қойған екен. «Диннат мама» - парсы сөзі. Қазақ тілінде «Әулиа ана» деген мағына береді. «Диннат мама» сөзі уақыт өте келе тілдің даму заңдылығына орай дыбыстық өзгерістерге ұшырап, «Домалақ анаға» айналған.

Домалақ ана бүгіндері үлкен адамгершіліктің, ізгіліктің, мейірбандықтың, халық анасының деңгейіне көтерілген тұлға.



КЕРЕЙ ХАН

(XV ғасыр)

Керей хан — қазақ хандығының негізін қалағандардың бірі, Орыс ханның немересі Болат ханның ұлы.

XV ғасырдың 50 жылдарына дейінгі тарихи мәліметтерде Керей хан туралы деректер жоқ. XV ғасырдың 50 жылдарының аяғында Керей хан Жәнібек ханмен бірге Өзбек хандығы тайпаларының бір бөлігін басқарып, Моғолстанға қоныс аударған. Моғолдардың ханы Есенбұға (1432-1464 жж.) Шу өзенінің бойынан жер бөліп берген. Есенбұға Әбілқайыр хан билеп отырған «Көшпелі өзбектер мемлекеті» халықтарының біраз бөлігінің Керей мен Жәнібектің қоластына өтуіне қарсы болмады.

Өзіне қарсы сұлтандардан саяси топтың көрші болғаны үшін Әбілқайыр Моғолстанға қарсы жорыққа шығады. 1468 жылы Әбілқайыр хан кенеттен қайтыс болып жорық тоқтатылады.

Әбілқайыр өлімінен кейін «Көшпелі өзбектер мемлекетінде» хан тағы үшін күрес басталды. Керей мен Жәнібектің қоластындағы тайпалар Өзбек ұлысына қайта оралған соң тақ тартысы күшейе түсті. Соғыс басталып, Әбілқайыр ханның ұлы, хан тағының мұрагері Шейх Хайдар қолбасшыларын бағынбағандықтан жеңіліске ұшырады. Шейх Хайдарды жақтайтындардың көпшілігінің көзі жойылып, тірі қалғандары жан-жаққа босып, бытырап кетті. «Көшпелі өзбектер мемлекетіндегі» билік Әбілқайыр хан әулетінен Керей мен Жәнібек қолына өтті.

Керей хан есімі тарихи деректерде соңғы рет 1472-1473 жылдары Моғол ханы Жүністің ордасына Бұрыш Оғлан сұлтан шабуыл жасаған кезде айтылады.

Тарихи материалдарда Керей ханның хандық билікті ұлы Бұрындыққа бергені туралы, Керей ханның өзбек ұлысын басқарған кезеңі, оның тағдыры, қай уақытта қандай жағдайда қаза болғаны туралы нақты мәліметтер көрсетілмеген.

Керей хан 1472-1473 жылдардағы оқиғалардан кейін қайтыс болған деп есептеледі.

ӘЗ ЖӘНІБЕК

(XV ғасыр)

Жәнібек Барақұлы – Қазақ хандығы мен қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы Барақ ханның ұлы, Орыс ханның шөбересі. Оның азан шақырып қойған есімі Әбусайд (кейбір деректерде Бусаит).

XV ғасырдың 50 жылдарына дейінгі өмірі мен қызметі туралы нақты деректер жоқ. Оның есімі үнемі Керей ханмен бірге аталып отырады.

1456 жылы Дешті Қыпшақта шайбани Әбілқайыр билікті қолына алған соң, көшпенді халықтың Жәнібек пен Керей бастаған бір бөлігі Моғолстанға қоныс аударып, Шу мен Қозыбасы өзендерінің аңғарында орын тепті. Моғолстан ханы өз қарсыластарымен болатын күресте көмектесер деген оймен қазақ басшыларымен одақтас болды. Шайқастар мен соғыстардан шаршаған екі жүз мыңға жуық көшпенділер Жәнібек хан мен Керей ханның маңына топтасты.

Әбілқайыр хан өлгеннен кейін хан тағы үшін болған өзара шайқастар Дешті Қыпшақта өрши түсті. Оған туған жерге оралмақшы болып жүрген Жәнібек хан мен Керей хан да араласты. Олар Әбілқайыр мұрагері Шейх Хайдар ханмен кескілескен шайқасқа түсті. Өз әміршілері жағынан ешқандай көмек ала алмаған Шейх Хайдар билік үшін күресте жеңілді. Бұдан кейін Дешті Қыпшақтағы билік Орыс ханның тұқымдары – Жәнібек хан мен Керей ханның қолдарына өтті. Олар отыз жыл бойы шайбанилықтармен шайқасты. Осы күрестер барысында Жәнібек қазақтардың бірігуі мен Қазақ хандығының құрылуына үлес қосты.

XV ғасырдың ортасында Жетісу өңіріндегі түркі тайпалары бір этникалық топқа біріге келе, қазақ халқын құрады. Жәнібек хан мен Керей хан Жетісу өңірі, Шу мен Талас өзендерінің бойындағы қазақтарды біріктірді, Қазақ хандығының құрылуына өлшеусіз ұлы еңбек сіңірді.

Жалпы Жәнібектің аты өзінің тарихи істерімен бірге, батырлығы ел аузына тараған тоғыз көкжал ұлының және оның ұрпақтарының ерліктерімен де әйгілі. Қазақ мемлекетін билеген хандардың басым көпшілігі Жәнібек хан ұрпақтары. Сондықтан да тарихта, халық аңыздары мен өлең жырларында Жәнібек ханды аса құрметпен «Әз Жәнібек» деп атаған.

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

(XV ғасыр)

Қазақ өлеңіндегі ерліктің, өрліктің, шамырқанған рухтың, шамданған кектің, буырқанып-бұрсанған ашудың, намыс қуған айбынның келісті сөзі Қазтуған жыраудан басталады. Қазтуған өз бейнесін өлеңімен өзі шебер кескіндейді:

*Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шәйі жібек оққа кірісті,
Айдаса қойдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайыланған қасты орданың сырығы,
Билер отты би соңы
Би ұлының кенжесі,
Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл шайқаған жалғызы,
Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің арасын өтіп бұзып дінді ашқан
Сүйінішұлы Қазтуған!
(«Бес ғасыр жырлайды» 1т. «Жазушы» - 1984).*

Мұнда жыраудың өз сипатымен қатар, XV ғасырдағы қазақ қалпынан да дерек аламыз. Жалпы жырау өлеңдерінен уақыт табы, сөз қолданысы, салт-тұрмыс ерекшелігі айқын аңғарылады. Батырдың ашуы қуатты ақын сөзімен өршілдікпен бейнеленген. Жыраудың бізге жеткен мұрасы тым аз. Өлеңдері 1912 жылдан бастап баспа жүзіне шыға бастаған. Сөздері ноғай арасына да таралған.

Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» деген өлеңін тәуелсіздік туғалы әнші Бекболат Тілеуханов жұрт мейірін қандыра жырлап келеді. Бес ғасырлық қазақ өлеңінің бастауында Қазтуған жыраудың алдында Асанқайғы ғана тұр. Қазтуған өлеңдері ғылыми зерттеуде де қамтылған.

ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ

(1465 – 1560)

Хандық дәуірдегі қазақ поэзиясының ірі өкілі Шалкиіз XV-XVI ғасырлар аралығына сарай маңында жасаған тұлға әрі батыр, әрі би, әрі жырау ретінде ноғайлы дәуірінде өмір сүрген. Сондықтан да құмық ноғайлары оның бірқатар шығармаларын өздеріне теліп, төл жырлары санап жүр. Шалкиіздің әкесі қазақтың ірі феодалдарының бірі болса, шешесі – орыс деректерінде Сыртқы Орда аталатын ұлыстың әмірі Мұса бидің қызы. Ел аузындағы әңгімелерде Шалкиіздің батыр, әскербасы болғандығы айтылады. Шалкиіздің өз шығармаларынан да оның жауынгер, жорықшы жырау болғандығы көрінеді. Осы тұрғыдан келгенде жыраудың өлең, толғаулары – белгілі дәрежеде, жаугершілік поэзиясы. Шалкиіз жырау – әдебиетіміздің тарихында өшпес із қалдырған, қазақ әдебиетінің дербес әдебиеті ретінде қалыптасу дәуірінің көш басында тұрған тұлғалардың бірі. Ол көп уақыт Би Темірдің ордасында болған. Билікке араласумен бірге жорықтарға қатысқан. Соған орай Би Темірдің қадірлі, сыйлы ақылшыларының бірінен саналған. Алайда әділетсіз уәзірлерді өткір мінеп-сынаған жырауды көре алмаған Орда төңірегіндегілер Би Темірмен арақатынасының бұзылуына итермеленген. Шалкиіздің бізге жеткен шығармалары жырлар, толғаулар. Бұл жөнінде Қазақстан тарихында дерек те бар. Ақын хандар мен билер, сол дәуірдегі ел өміріне жырлар ғана емес, адамгершілік тәлім-тәрбие үлгісіндегі толғаулар да шығарып отырған. Шалкиіз мұралары А.Харузин, П.Распопов, С.Сейфуллин кітаптарында кездеседі. Е.Ысмайылов жырауды сол замандағы ірі әдеби тұлға деп бағаласа, М.Мағауин «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды» жинақтарында бір топ шығармаларымен бірге, әдеби өмір жолы жайлы танымдық зерттеу мақала жазды. Сондай-ақ «Қобыз сарыны» монографиясында Шалкиіз шығармашылығы жөнінде жан-жақты талдаған. Оның толғауларының дыбыстық жүйесі, шумақ, тармақтарының үйлесімділігі, ырғақтарының өзгешелігі, салыстыру, теңеулерінің нақтылығы жыраулық талантының биіктігін дәлелдейді. Ол – адам келбетін, бейнесін жасаудың да шебері. Хан маңындағы батырлардың ерлігі мен асыл қасиеттерін жырлап, елге өнеге етеді. Әрқайсысына лайықты бейнелеулер, айшықты сөз үлгісін таба білген. Жырау мұралары орыс тіліне де аударылып басылған.



ҚАСЫМ ХАН

(шамамен 1445 – 1518)

Қасым хан – Керей ханның немере інісі Жәнібектің ортаншы ұлы. Қазақ хандығы Қасым ханның билігі кезінде шарықтай түсті. Алғашында Керей ханның баласы, тақ иесі Бұрындық ханның атты әскеріне қолбасшылық етті. Қан майданда асқан ерлігімен көзге түсті. Бұрындық хан көз жұмғаннан кейін таққа Қасым хан отырды. Қасымның хан сайлануымен билік Жәнібек ұрпағына ауысады. Қасым көптеген шайқастарда ерлігімен көзге түскен батыр, тапқыр қолбасшы болды. Ол хандық құрған 1511-1523 жылдары қазақ қоғамы жоғары сатыға көтеріліп, ең қуатты мемлекетке айналды. Ханның басты мақсаты бейбіт өмір кешу, Қазақ хандығын күшейту болатын.

Көршілес рулар менталитеті палар Қасым ханның атақ-даңқын, кеменгерлігін естіп, өз еріктерімен келіп қосылып жатты. Оның қол астындағы аумағы ұлғая берді. 1514 жылы Сұлтан Сайд Шығыс Түркістанға кеткен соң қазақ ханының Жетісудағы билігі нығая түсті. Осылайша хандықтың шекарасы оңтүстігінде Сырдарияға дейін, оңтүстік-шығысында Жетісудың едеуір бөлігін, солтүстік-батысында Жайық өзені аңғары мен солтүстік шығысында Ұлытау және Балқаш көлінен өтіп, Қарқаралы тауларының сілемдеріне дейін кеңейді.

Қасым хан әдет-ғұрыптық заңдарға арқа сүйеп, тарихқа «Қасым ханның қасқа жолы» деп енген өзі дайындаған конституциялық құжаттың көмегімен ел басқарды. Бұл қазақ ұлтында тұңғыш жасалған заң еді. Заң бес тараудан тұрды. Заңда Құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи әдет-ғұрып ерекшеліктер сақталып, сол кездегі қазақ жұртының табиғатына сай етіп жасалған болатын. Қазіргі күні кейбір мәтелдер сол заңның тармақтарынан алынған.

АҚНАЗАР ХАН

(XVI ғасыр)

Қасым хан дүниеден өткен соң Жошы ұрпағының хандық билік үшін өзараталас-тартысы Қазақ хандығын біраз әлсіретті. Өзбектер мен моңғолдар қазақтарға қарсы одақ құрды. Сырдария бойындағы қалалар қолдан шығып кетті. Хандықтың тағына бірнеше хан отырды (Мамыш – Қасым ханның баласы, Тайыр – Әз-Жәнібек ханның немересі Әдік сұлтанның ұлы, Бұйдаш – Тайыр ханның інісі, Ақымет, Тоғым – Әз-Жәнібек ханның немересі Жәдіктің ұлы). Осы кезеңде қазақ хандығы әлсіреп, біраз тоқырауды басынан өткізді. XVI ғасыр аяғында Сығанақ, Отырар, Түркістан және т.б. сырдариялық қалалар Мәуереннахрдағы шайбандықтардың иелігінде болды. Алайда көп кешікпей билік басына Қасым ханның асып туған ұлы Ақназар (Хақназар) келді. Ол Қазақ хандығын 42 жыл басқарды. Ол хандықты нығайту үшін елдің күшін біріктіру қажет екендігін түсінді және елді осы ұстаным бойынша басқарды. Әкесінің ісін ілгері жалғастырып, Ноғай ордасын Қазақ хандығына қосты. Башқұрт халқының бір бөлігі келіп қосылды. Талай жылдар қырқысып жүрген Шайбани әулетімен туыстық қарым-қатынас орнатты. Шашырап жүрген ру-тайпалар хандықтың қол астына келіп қосылып жатты. Сібір хандығымен күрестің нәтижесінде орта жүздің шетте жүрген ру-тайпаларын оңтүстікке топтастырды. Ойраттарға күйрете соққы берді. Моғол ханы Әбд әр-Рашидті жеңіп, ұлы жүз руларының көпшілігін қосып алды. Моғолдар Тәңіртаудан әрі ысырылды. Сығанақ, Сауран, Сайрам, Тараз қалаларын қайтарып алды. Хандықтың шекарасы Еділ, Жайық өзендеріне дейін жетті. Қазақ халқы кемелді мемлекетке айналды. 1573 жылы орыстың бірінші патшасы Иван Грозный Ақназар ханды құдіретті әмірші ретінде танып, Т.Чебуков бастаған елшілік жіберді.

Ақназар хан өзінің қазақ елін ықпалды мемлекетке жеткіземін деген мақсатына жете алмады. Шайбаниді немересі Бұхар ханы Абдолла мен Ақназар ханның арасындағы достық қарым-қатынастан қауіптенген Ташкент билеушісі Баба сұлтан Ақназар хан мен оның бірқатар батырларына у беріп, опасыздықпен өлтіреді.



ЖАЛАҢТӨС БАҒАДҮР



Жалаңтөс Бағадүр Сейітқұлұлы – мемлекет қайраткері, батыр, қолбасшы, би. Ол 1576 жылдың 15 қыркүйегінде Сырдария өзенінің бойы, Нұрата аймағында туған. Әйтеке бидің үлкен атасы. Жалаңтөс бағадүр салдырған кешенді құрылыстар Самарқандағы Регистан алаңын қалыптастырды да, кейін қаланың салтанатты орталығына айналды. Жалаңтөс бағадүр шын мәнінде өзбек, қазақ, каракалпақ, қырғыздардың біріккен қолының қолбасшысы болып, Самарқан, Бұхара, Ташкент, Түркістан төңірегін ғана қорғаған жоқ, оған қоса қазақ сахарасының қорғаны бола алды. Жалаңтөс бағадүрдің сол замандағы Салқам Жәңгірмен қосылып, қазақ елінің тұтастығын сақтауға сіңірген еңбегі оның даналығын танытады. Жалаңтөс бағадүр Бұхар хандығын тапжылтпай ұстап, екі хандықтың Талас өзен алқабындағы қазақ-жоңғар соғысы кезінде одақтас болуына ықпал жасады. Жоңғарлардың қазақ сахарасына қарсы жасаған соғыстары кезінде қазақ хандығының қалың қолына қосылып, оның қолын еселеді. Жалаңтөс бағадүрдің мұндай әрекеті оның қайраткерлігін танытты.



ЕСІМ ХАН

(XVI – XVII ғасыр)

Есім хан – Тәуекел ханның інісі. Есім сұлтан хандық басына кездейсоқ келген адам емес. Ол бір жағынан мұрагерлік жолмен келсе, екінші жағынан халқы үшін еткен еңбегі орасан зор болатын. Атақты қолбасы, батыр, үлкен ақыл иесі болды. Сондықтан да ол хан болуға әбден лайықты адам еді. Есім хан қазақ тарихында «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Есім ханның ескі жолы» деген аттармен қалды. Ол 1598-1645 жылдар аралығында хандық құрды.

Есім хан таққа отырысымен ағасы Тәуекелдің жолын жалғастырды. 1599 жылы Бұхар хандығымен шарт жасасып, Ташкент қаласы мен оның айналасын Қазақ хандығына қосып алды. Осыдан бастап Ташкент екі ғасыр бойы Қазақ хандығының билігінде болды. XVII ғасырдың басында Есім хан мен Ташкент билеушісі Тұрсынның арасында билік үшін күрес басталады. Тұрсыннан жеңілген Есім хан Түркістан билеушісі Абд әр-Рахымды паналайды. Абд әр-Рахыммен біріге отырып, Шығыс Түркістандағы көптеген қалаларды қайтарып алады. 1628 жылы Тұрсынды өлтіріп, Қазақ хандығының билігін өз қолына алды.

XVII ғасырдың 20-30 жылдары батыс Моңғолияны мекендеген ойрат тайпалары едәуір күшейген еді. Шарыс тайпасының басшысы Харақұлайдың баласы Батұрдың тұсында (1635-1653) ойрат тайпаларының одағы қалыптасты. Бұл тарихқа «Жоңғарлар» деген атпен әйгілі болды. Қаншама ғасыр бойы шашылып жатқан моңғолдар бастарын біріктірмей ешнәрсеге қол жеткізе алмайтындарын түсінді. XVI-XVII ғасырларда Моңғолияның батыс аймағынан Жоңғар мемлекетінің іргесі қаланды. Жоңғар хандығы қаһарлы күшке айналды.

Жоңғар хандығының қазақтар үшін қаһарлы күш болатын себебі, олар да салт атты көшпелілер болатын. Көршілес жатқан Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығынан Ресей мен Қытай қатты қауіптенді. Сол кездің өзінде Қазақ хандығының 300 мыңнан астам әскері болғаны тарихтан белгілі.

Есім сыртқы саясатта ғана емес, ішкі ел басқару ісінде де қайраткерлігін көрсетті. «Есім ханның ескі жолы» деп аталатын ережелер жинағы XIX-XX ғасырлардың ортасына дейін сақталып келді.

Есім хан Түркістан қаласында жерленген.



САЛҚАМ ЖӘҢГІР ХАН

(1608 – 1680)

Жәңгір хан – батыр, қолбасы, Есім ханның баласы. 1645-1652 жылдары хандық құрды. Бұл кезең қазақ тарихында қазақ-жоңғар соғысының аумалы-төкпелі кезі еді. Бұл соғыс, әсіресе қазақтарға өте ауыр тиді. 1635 жылы Жәңгір ханның еліне қалмақтар шабуыл жасап, Жәңгір айналасындағы адамдармен қолға түсіп қалады. Жеті жылдай тұтқында болады. Қалмақтардың әскери тактикасын молынан игереді. Кейін біраз серіктерімен еліне оралып, Қазақ хандығының билігін өз қолына алады. 1643 жылы Жәңгір хан әскери шеберлігінің арқасында 600 қолымен Батыр қонтайшының 50 мың әскерін талқандайды. Бұл соғыста бір жағынан жиырма мың қолымен Самарқанд билеушісі Жалаңтөс бәһадүр көмекке келеді. Шайқас тарихта «Орбұлақ шайқасы» деген атпен белгілі. Осы шайқаста Жәңгір хан Цецен ханның ұлы Ғалдамамен жекпе-жекке шығады. Жәңгір жарақат алады. Бұл соғыста күйрей жеңілген жоңғарлар көпке дейін қайта бас көтере алмады. Осыдан кейін Жәңгір хан жиырма жылдай сал болып жатып қалады. Елі үшін істеген осындай ерлігіне сүйсінген халық оны «Салқам Жәңгір» деп атап кеткен.

1652 жылы болған қазақ-жоңғар арасындағы соғыста жоңғарлар қазақтарды ойсырата жеңеді. Өйткені жоңғарлар отты қарумен жарақтанған еді. Жоңғарларға қару-жарақты Ресей патшалығы Сібір арқылы сатып отырған. Ресейдің мақсаты екі ел арасындағы өшпенділікті қайта тұтату болатын. Жәңгір хан осы соғыста қаза табады. Жәңгір ханның елін, жерін қорғаудағы асқан ерліктері, ел басқарудағы саяси қайраткерлігі халық есінен шықпай келеді.



АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ



Ақтамбердінің ақындық даңқымен балуандық, батырлық даңқы қатар шығады. Алайда ол күні кеше ғана өзіне теперіш көрсеткен ағайындарына қарсы күш жұмсауды нәмарттық деп біліп, бүкіл ел мүддесін ойлай бастайды, ру, ата намыс емес, исі қазақтың намысын қуады.

*Дұшпан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке,
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке,
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп, құдай, тілектес!*

Бұл – Орта Азия хандықтарымен, қалмақтармен үздіксіз соғыстар дәуірі еді. Ақтамберді қанды ұрыстардың талайына қатысады, өзінің ерлігімен, ұйымдастырғыштық, қолбасшылық қабілетімен көзге түседі.

Ақындық даңқы жас кезінде-ақ шыққанына қарамастан, Ақтамберді тіршілігінде бел шешіп өнер жолын кумаған тәрізді. Әйткенмен де оның өз артына елеулі мұра қалдырғандығы, жырау поэзиясы тақырып жағынан да, мазмұн жағынан да бай болғандығы аңғарылады.

Ақтамберді жырлары көшпенді қазақтардың ой, арманынан, мақсат, мүддесінен елес береді, сахара тұрғындарының өмір, тұрмыс жайлы түсінігін бейнелейді. Жыраудың кейбір толғауларына халқымыздың мінез-құлық ерекшеліктері, болмысқа өзіндік көзқарасы айқын аңғарылады. Мәселен, жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын ұзақ толғауын алайық. Қазақтар өзінің қонақжайлығымен, меймандостығымен ежелден-ақ мәшһүр. Халқымыздың бұл қасиетіне өткен ғасырларда қазақ топырағын басқан еуропалықтар қай-қайсысы болмасын ерекше назар аударып, өздерінің шын көңілден шыққан ризашылықтарын білдіргені мәлім. Қазақтардың осы ұлттық қасиетті – қонақжайлылық, меймандостық толғаудың лирикалық кейіпкер жас жігіттің арманында ең өзекті орындардың бірін алады.

Ақтамберді қазақ тарихындағы ең қиын кезеңдердің бірінде өмір сүрді. Ол ауыр жеңілістерді, дұшпанға бет қарай алмай дүркірей қашқан босқыншылықты өз көзімен көрді. Бірақ атақты батыр, ел тірегі, Орта жүздің көсемдерінің бірі қажырлы жыраудың еңсесін қайғы баспайды. Ол ойраттарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың алдыңғы сапында жүреді, елге ұйытқы болады.



ТӘУКЕ ХАН

(т.ж.б. – 1718)

Ел аузында Әз Тәуке деп те аталған Тәуке – Қазақ хандығына 1680-1718 жылдары билік құрған хан. Тәуке хан билік жүргізіп тұрған кезеңде мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты көптеген өзгерістер енгізіліп, жаңа заңдар жасалды. Алғаш рет мемлекеттік мәселелерді шешетін хан кеңесін құрды. Хан кеңесіне барлық қазақ руларының билері мен әскербасыларын тартты. Бұрынғы заңдарды жетілдіре отырып, «Жеті жарғы» деп аталған тарихи мәні зор жаңа заң жүйесін жасады. Бұл шараларды жүзеге асыруда Тәуке хан дала ақсүйектерінің өкілі – билерге арқа сүйеді. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би тәрізді үш жүздің үш биіне басқару тұтқасын берді. Түрлі дау-дамайды шешуде билер сотының беделін көтерді. Түркістан қаласы осы Тәуке ханның тұсында қазақ хандығының астанасы болып бекітілді. Көрші елдермен дипломатиялық қатынас орнатуда да Тәуке хан айтарлықтай табыстарға қол жеткізе алды. Орыс-қазақ қарым-қатынасын күшейту, бейбіт түрде түйінді мәселелерді шешу мақсатында 1686-1693 жылдары Сібірге бес елшілік жіберген. Ол Ташкент қаласын қазақ иелігіне қалдыруда да зор еңбек сіңірді және Сырдария бойындағы тағы 32 қаланы өзіне қаратып алды.

Қазақ заңнама тарихында Тәуке хан заңдары аса маңызды құжат болып табылады. Тәуке хан заңдарының басты ерекшелігі шарифат қағидасымен боялмай, халықтық сипаты басым көрініс табады. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталған бұрынғы заңдар толықтырылып, Тәуке хан тұсында «жер дауы, құн дауы» деген тараулар қосылып жасалған. «Жеті жарғы» заңы халық мойындаған билердің жүргізуіне тапсырылады. Ал қазақ халқы бағынуға тиісті «заң» болғандықтан, «Жеті жарғының» аясы кеңейіп, міндеті тарамданып, күнделікті тұрмыста, адамдар арасындағы қарым-қатынасты сақтауға тиісті ереже болып қалған.

ӘЙТЕКЕ БИ

(1644 – 1700)



Қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері – Әйтеке Байбекұлы. Ол – жаратылысында әйгілі адам Әмір Темірдің бас кеңесшісі болған Ораз қажының бесінші ұрпағы, бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ халқы «жаны пәк жан» деп атаған Сейітқұл әулиенің үшінші ұрпағы. Әйтеке Байбекұлы – Қоқан ханы Ақшаның немересі, Жалаңтөс баһадүрдің немере туысы.

1644 жылы 23 наурызда Өзбекстанның Қазбибі тауында, Қызылша ауылында дүниеге келген Әйтеке бес жасында ауыл молдасынан сауат ашқан. Шешендік қасиеті әкесі Байбек пен Қосуақ бидің ықпалынан болған. Жеті жасынан бастап Әйтекені аталары Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр өз тәрбиелеріне алады. Ол Самарқандтағы Ұлықбек медресесінде оқып, оны бітірген соң, ел басқару ісіне араласады. Тілге шешен, істе шебер Әйтеке 21 жасында бүкіл Бұхара мен Самарқанд төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ құрама жұртының бас биі болады. 25 жасында барша Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлайды. Әйтекенің атсалысуымен 1680 жылы Салқам Жәңгірдің кіші баласы Тәуке хан болып сайланады да, ол шешенді ресми түрде айрықша құқылы «Хан кеңесінің» мүшесі жасайды. Осы кезде жаңа заң үлгісіндегі «Жеті жарғы» қабылданады.

Әйтеке шешен «қара қылды қақ жарған әділ» ғана емес, жоңғарлармен ұрыстарда қол бастаған батыр да болған. 1685 жылы Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан Бошақтының он мың жасағына бес мың қол әскерімен қарсы аттанған. Қырғын соғыс бір күнге созылады. Әйтекеге Самарқандтан, Бұхарадан қалың әскер көмекке келе жатыр деген қауесетті есітіп, Қалдан Бошақты Сайрам төңірегіне шегініп кетеді. Сайрам талқандалып, ендігі жиын Күлтөбеде емес, Түркістанда өтетін болады.

Ел аузында Әйтеке би айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар мен баталар, ол туралы аңыз-әңгімелер, жырлар көп сақталған. Соның бірі – «Әйтеке би» атты ұзақ дастан.

Әйтеке би 1700 жылы Өзбекстанның Нұрата ауданында қайтыс болды.



ТӨЛЕ БИ

(1663 – 1756)

Төле би – қазақ тарихында аса маңызды іс-әрекеттерімен бағаланатын атақты шешен, ірі қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ халқының бірлігін қалыптастырып, нығайтуға зор үлес қосқан әйгілі үш бидің бірі. Он бес жасынан ел билігіне араласқан, ақыл-парасаттылығы, әділ шешімі, шешендік өнерімен ерекше көзге түскен. Атақты Қаз дауысты Қазыбек, әйгілі Әйтеке билермен бірге Тәукені хан етіп сайлауға қатысады. Үш жүздің ұлықтарын бір орталыққа бағындыруға, бірегей қазақ хандығын нығайтуға атсалысады. Жоңғар шапқыншылығына қарсы туыстас қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға белсене араласады. Әсіресе Қазыбек би, Әйтеке бимен бірлесе отырып, қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы болып табылатын «Жеті жарғының» қабылдануына атсалысуы ұлттық заңнама тарихымыздағы аса маңызды шаралардың бірі болып қалды. Қазақ тарихында ең бір ауыр кезеңде ел басшысы болған, екі жағындағы алып империялар Ресей, Қытай секілді алпауыт мемлекеттермен өз халқы үшін оңтайлы саясат жүргізген Абылай ханды тәрбиелеп, азамат қатарына қосуда Төле би зор еңбек сіңірген.

Ішкі және сыртқы саясатта сара бағыт ұстанған Төле бидің әділ, шыншыл, даналығы мол, ойлы тұлға екендігі жөнінде көп әңгімелер ел ішіне кең тарап, сақталған.

Шешендігі мен даналығы, әділдігі мен парасаттылығы ұштасқан Төле бидің «Көпті қорлаған көмусіз қалады», «Хан азса халқын сатады, халық азса хандыққа таласады» т.б. осы тәріздес өсиет сөздерінде бүгінгі күнде де басшылыққа алатын, көңілге түйетін мәні зор ойлар жатқаны айқын көрініп тұр.

Төле би халық арасында «Қарлығаш әулие», «Қарлығаш би» деген атпен де танымал. Бұлай аталуы туралы да аңыз сақталған. Құрманғазы секілді Төле бидің сүйегі де өзге мемлекетте Өзбекстан астанасында жатыр. ХІХ ғасырдың 20-жылдарына дейін Ташкент қазақтың жері болғаны белгілі. Ұлы би өмірінің соңғы жылдарында Ташкентте тұрып, ел басқарған.

ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ

(1665 – 1765)

Қазаққа ғана емес, жоңғар мен қалмаққа да, қытай мен орысқа да аты мәлім, ел мүддесі жолындағы күресте айтулы еңбегі сіңген қайраткер – Қазыбек Келдібекұлы. Жастайынан шешендігімен орынды төрелік жасай білгендігінен Бала би аталып, кейін қаздың қаңқылына үндес қоңыр дауысына қарай Қаз дауысты Қазыбек би атанған.

Тәуке хан тұсында Орта жүздің биі болып, иісі қазаққа ортақ заңға айналған «Жеті жарғыны» жасасқан. Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандар тұсында да тура жолдан таймай, әділдікті ту еткен жоңғар-қазақ соғысында тұтастай Отан соғысын ұйымдастыруда іскерлікпен басшылық ісіне араласқан, аса қабілетті, айбынды кісі болған. Руаралық, жүзаралық хан-сұлтандар тартысы һәм халықаралық маңызды шиеленістер мен келісімдер Қазыбек бидің кесіміне тіреліп отырған.

1763 жылдың 11 наурызында жазылған Қазыбек би туралы Фрауендорфтың Ресей Сыртқы істер алқасына мәлімхатында: «Өйткені Арғынның ішіндегі ең күштісі – Қаракесек ұлысы. Оның барлық билігі Қазыбек бидің қолында. Қазыбек би бүкіл Орта жүзде ең басты би болып табылады. Оған Әбілмәмбет ханның өзі, сондай-ақ Абылай сұлтан, басқа да ұлыстардың сұлтандары мен ел ағалары жыл сайын келіп, әртүрлі кеңестер алады, тіпті Қазыбек бидің келісімінсіз Орта жүзде бірде-бір маңызды мәселе шешілмейді екен», - деп жазылған («Абылай хан» Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар. Астана баспасы – 2005. 350 бет).

Ел аузында, халық әдебиетінде Қаз дауысы Қазыбек бидің шешендік сөздері мен билік кесімдері кең таралған. Жазба әдебиетке түскен сөздері де мол. Тарихи мұрағаттық құжаттарда, Қытай, Ресей жазбаларында көп деректер сақталған.



ЕСЕТ БАТЫР

(1667 – 1749)

Есет Көкіұлы – қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресте есімі елге танылған әйгілі батырларының бірі. Шыққан тегі – Кіші жүз жетірудың ішіндегі тама руынан. Әбілқайыр хан Ресейге қосылу мәселесін көтергенде соның қасында болып, кіші жүз бен орта жүздің орыс патшасының қол астына өтуіне белсенді атсалысқан атақты Кіші жүз Бөкенбай батырдың күйеу баласы.

Есеттің әкесі Базарқұлұлы Көкі де заманында аты шыққан батыр болған. Жауға үнемі тайсалмай тура шабатындықтан «Таймас батыр» атанған. Тарихшылар Салқам Жәңгір хан Жоңғардың батыр қонтайшысының елу мыңдық әскеріне алты жүз жауынгермен қарсы тұрып шайқасып жатқанда жиырма мың әскермен көмекке келетін Жалаңтөс баһадүрдің әскерінің ішінде Көкі батырдың да болғандығын, сол шайқаста оның шеп бұзып, ерекше ерлік көрсеткендігін жазады.

Жауынгерлік заманда туып, күреспен есейіп, ер жеткен тұрғыластары сияқты Есет те ел қорғау жорығына ерте араласады. Жеке ерлігімен көзге түсіп, батыр атанады.

Тәукеханның тұсындағы жеңісті шайқастардың бірінде найзагерлігімен көзге түсіп, ерен ерлік көрсеткен Есетке риза болған Тәуке хан кейін шақырып алып: «Айбатың аса түссін, найзаң мұқалмасын, ел намысы тұздығың болсын» деп бата беріпті деген әңгіме де бар.

Есет батыр әйгілі «Ақтабан шұбырындыдан» кейін де ел болып бірігіп, жоңғарларға қарсы алғашқы алапат соққы берген – Бұланты шайқасына қатысып, езілген елдің еңсесін көтерген Ұлы жеңіске өз үлесін қосады. Ал Аңырақай шайқасында ол Кіші жүз құрамында соғысады.

Есет батырдың кейінгі өмірі Әбілқайыр ханның саясатымен тығыз байланысты болады.

Орыс патшасының қол астына өту кезінде Бөгенбай, Жәнібек сияқты ірі тарихи тұлғалармен бірге ханның басына төнген қауіп бұлтын сейілтуде көмектеседі. Ресеймен қатынасты жақсартудағы сіңірген еңбегі үшін патша үкіметі оған 1743 жылы «тархан» атағын береді.

Есет батыр сексен екі жасында өз атамекенінде дүниеден өтеді.

БҰҚАР ЖЫРАУ

(1668 – 1781)

Бұқар жырау Қалқаманұлы – қазақтың ұлы жырауы, XIV-XVIII ғасырлардағы классикалық жыраулар дәуірінің ірі өкілі. Қазақ тарихының күрделі кезеңінде өмір сүрген ұлы жыраудың толғаулары сол заманның шындығын бейнелеген. Әрі жырау, әрі әскер бастаған қолбасы, жауға шапқан батыр болған Бұқар ұлттық әдебиетіміздің ғана емес, сондай-ақ тарихымыздың да көрнекті тұлғаларының бірегейі. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», қазақ жерінің Ресейге қосылуы, төңіректегі көршілермен дипломатиялық қарым-қатынастары жиілей бастаған дәуірдің куәгері болған Бұқар жырау толғауларында ел бірлігі, жер тұтастығы, халық қамы сияқты мәселелер жырланады. Өзінің атақты замандасы Абылай ханға кеңесшілік еткен ұлы жырау айбынды ханға өз ойын тайсалмай айта алған. Жыраудың айтқандары ханға бұқараның ойын біліп, ел ішінің ахуалын тануға, күнделікті һәм күрделі қаракет қимылдарының оң-терісін бағамдап отыруға әрі алдағы ісін бағдарлауға ой салып отырған. «Әй, Абылай, Абылай» деп айтылатын толғауында Бұқар жырау ханға әрі сын, әрі ақыл айтып қазақтың бірлігі мен берекесіне қатысты аса маңызды ойларын жеткізеді. Бұқар сөзі ел сөзі болғандықтан да хан оларға құлақ асып, бұл сөздер халық жадында сақталып, бізге жеткен. Абыз жыраудың дана қартқа лайықты ғибратты сөздері бүгінгі ұрпаққа да ой салардай мағыналы.

Бұқар жыраудың «Қазақтың ханы Абылай», «Әлемде түгел көрсе де», «Мен айтамын, айтамын», «Ай, заман-ай, заман-ай», «Мұсылманның баласы», «Тілек», «Өмірге тоймас адамзат» және т.б. толғауларында билік, заман, адам жөнінде терең философиялық ойлар мен тұжырымдар жасағанын айқын аңғарамыз. Бұқар жыраудың өмірі мен шығармалары елге, халыққа айрықша қызмет етудің, ұлтының бірлігін сақтаудың жарқын да, өнегелі үлгісі.



БӨГЕНБАЙ БАТЫР

(1678 – 1775)

Бөгенбай батыр Ақшаұлы – қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі жолындағы ұлы күрескер, XVIII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы соғыста қол бастаған даңқты батыр, көрнекті мемлекет қайраткері, әйгілі қолбасшы. Шыққан тегі – Орта жүздің арғын тайпасының Қанжығалы руы, есімдері елге танымал батырлар әулеті. Атасы Әлдеуік Еңсегей бойлы Ер Есімнің әкесі Ақша Әз Тәуке ханның даңқты қолбасшылары болған.

Бала кезінен қазақ даласының шешендік өнерін бойына сіңіріп өскен ол жігіт шағында ауылдарға барып, ру арасындағы дауларды шешіп, билердің құрылтайларына қатысқан. Жақын адамдардан әскер құрып, кейін елде «Қанжығалының қырық батыры» атанған. Қазақ жауынгерлері арасында зор беделге ие болып, «Қанжығалы Бөгенбай» атанып, халықтың құрметіне бөленген.

Бөгенбай батырды халықтың ерекше ардақтап, ғасырлар бойы есімін аялап, есте сақтап келуі – оның ерлік, әскербасылық істеріне байланысты. Оның алғашқы ерлік жолы Еділден өтіп, қазақ ауылдарына шабуылдап мазасын алған казак-орыстармен шайқастан басталады. Жиырма сегіз жасында отыз мың қолды бастап барып, казак-орыстарды дүркіретіп қуып, Еділден әрі асырып салады.

Батырлығы мен қолбасшылық дарыны арқасында Бөгенбай үлкен құрметке бөленіп, ерлігі ел аузында аңызға айналды. 1730 жылы көктемде Балқаш көлінің маңында қазақ пен қалмақтардың арасында болған «Аңырақай шайқасында» Бөгенбай, Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Жәнібек, Малайсары сияқты атақты батырлар бастаған қазақ қолдары мен жасақтары қалмақ әскерлеріне екінші рет күйрете соққы береді. Ұлы жеңістен кейін Ордабасы жерінде үш жүздің әскер жасақтарының үлкен жиыны өтіп, қазақ әскерлерінің қолбасшысы болып Әбілқайыр мен Бөгенбай батыр сайланады. Олардың басшылығымен қалмақ әскерлеріне бірнеше рет соққы берілген.

Бөгенбай батыр «Қанжығалы қарт Бөгенбай» атанып, 1775 жылы дүниесалып, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне жерленеді.

ҚАБАНБАЙ БАТЫР

(1692 – 1770)



Қабанбай батыр Қожақұлұлы – қазақтың ұлы батыры, даңқты қолбасшы. Азан шақырып қойған шын есімі – Ізбасар.

Тұлғаны заман шығарады. Әрі сол уақытына сай қалыптастырады. Адам қабілеті қоғам қажетсінген күрделі жағдайды шешуге бейімделеді. Бұл өз кезеңінің тұлғаға жүктер міндеті. Жоңғар-қалмақ басқыншылығына қарсы Отан соғысы халқымыздан батырларды көп шығарды. Тіпті сол шақтағы қазақ жұртын бүтіндей батырлардан тұрады деуге де болғандай. Әлбетте, сол көп батырдың ішінде де дарасы, батырларға да батырлықтың өнегесін көрсететіндері болады. Сондай дарабоз батыр – Қабанбай. Халықта Қаракерей Қабанбай атанған – Ізбасар Ерасыл Қожақұлұлы жеке батырлықтан қолбасшылыққа дейін жеткен, ел сыйлап, жұрт сенген, қайратына халық сүйінген кісі болған.

Батыр, батыр болғанда да ештеңеден ықпайтын нағыз батыр болыпты. Замандасы Шақшақ Жәнібектен Қарақыпшақ Ерназар батыр:

- Өзіңіз білетінде кімнің ерлігін ерен деп санайсыз? – деп сұрапты. Сонда Жәнібек:

- Өткендегі, бергідегі қазақта Қабанбайдан артық батыр болған емес. Қабанбай – әруақты батыр. Бір өзі келе жатқанда екпінінен 400-500 адамның дүмпуі білінетін. Қабанбай қаранөпір жауға тиіскенде, кірген жағы – есік, шыққан жағы – жол болып қалушы еді, - депті.

Қабанбай батыр 1717 жылы Аягөз шайқасында алғаш көзге түсіп батыр атанса, 1723 жылы Түркістан қорғанысында үлкен ерлік көрсетеді. Батырдың айрықша даңққа бөленген кездері: 1726 жылғы Бұланты шайқасы мен 1730 жылғы Аңырақай шайқасы. Бұдан кейін ол Жетісу, Тарбағатай, Алтай аймақтарын жоңғар басқыншыларынан азат ету жорықтарына қатысып барлығында асқан ерлік көрсетеді.



ЖӘНІБЕК ТАРХАН

(1693 – 1752)

Заманның зауалды шақтарында елге ес болатын, тізгінді берік ұстап, не қиындықтан болса да тайсалмай, алға шығатын тұлғалар болады. Көп пенде ақылдылығынан емес, менмендік, іштарлық, байлық, өзімшілдің кернеуімен билікке ұмтылады. Алайда билікке жеткенімен, ел билеп жетістіре алмайды. Бас пайдадан басқаны ойламайтын ондайлардың халықты сорлатқаннан басқа бітірері жоқ, елді-жұртты ұшпаққа жеткізу орнына, сорға батыратынына тарихта дәлел аз емес. Ал ел деп туған ерлер болса, билік пен байлыққа өкпектемей, ерлікке, ел намысын қорғауға ұмтылып, халық келешегін ойлауды мұрат тұтқан.

Қазақтың сондай бір кісісі – Жәнібек, Шақшақ Қошқарұлы Жәнібек Тархан. 1693-1752 жылдары өмір сүрген тұлғаның тұсы қазақ халқының аса бір ауыр шағы, «Ақтабан - шұбырынды, Алқакөл - сұлама» аталған жоңғар-қалмақ басқыншылығына қарсы Отан соғысы жүріп жатқан заман-ды. Елді азат ету, халықты сақтау, жерді ұстау – жан пидалыққа дейін баруға теңелген кез-ді. Ерлік те керек еді, соған қоса ақыл-айла мен табандылық та қажетті. Осының бәрі бойынан да, ойынан да табылған кісінің бірі – Шақшақ Жәнібек болды.

16 жасында қатардағы сарбаз болып соғысқа кіріп, 17 жасында жекпе-жекке шығып, содан былай шешуші сәтте жоңғардың айтулы батырларымен ылғи жекпе-жекке шығып, жеңісті болып Алғадай атанған батыр Жәнібек қол бастауға дейін жеткен. Тәуке ханның қолынан бастап батыр-хандар Әбілқайыр, Абылайларға серік те, ақылшы да бола білген тұлға.

Көне жазбаларда Шақшақ Жәнібекке қатысты деректер жеткілікті Дастандар да бар. Бүгінгі сөз емес, өз уақыты және сол заманның табы басылмаған шақта хатқа түскен сөздер құр мақтан емес, тарихи шындық, ер еңбегіне берілген әділ баға. Бергі заман қабырғалы шығармасы Әбіл Кекілбаевтың «Елең-алаң» және «Үркер» романында да Шақшақ Жәнібектің қайраткерлігі келісті бейнеленген. Тәуелсіздіктен бері де шыққан еңбектер бар. Шақшақ Жәнібек батыр – ұлт тарихында өз орны бар тұлға.

РАЙЫМБЕК БАТЫР

(1705 – 1785)



Райымбек батыр Түкеұлы – елін, жерін жоңғар шапқыншыларынан азат етуде көрсеткен батырлығы мен ерлік істері аңызға айналған тұлғалардың бірі. Оның жасаған ерліктері халық жадында жатталып, ауыздан ауызға көшіп, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, қазақтың қас батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Шапырашты Наурызбай секілді ғасырлар бойы есімі ерекше аталып келеді.

Айтушылардың бүгінге жеткізген әңгімелеріне қарағанда, Райымбектің нағашысы Жалайыр Орақ батыр болса керек. Ал өз әкесі Түкенің батырлығы болмағанымен атасы, яғни Түкенің әкесі Қангелді әйгілі батыр, ел басшыларының бірі болған. Осы тұрғыдан келгенде Райымбекке батырлық өз атасынан да, нағашы жағынан да дарыған.

Райымбектің жас кезінен-ақ көріне бастаған болашақ батырға тән ерекше іс-әрекеті мен әулиелік қасиетін сипаттайтын аңызбен аттасқан әңгімелердің бір парасы мынадай: Райымбек үш жасында ат басын алып жүреді, бес жасқа келгенде өзі ат ұстап мініп, жылқы айдайды. Жеті жасында жігіт ретінде жылқы бағуға жарайды. Болашақ батыр жеті жасқа келгенде нағашы атасы бір көк тай, садақ, айбалта, қылыш, найза, қалқан, сауыт, болат семсер даярлап алып келіп, Қангелді батырға тапсырады. «Менің жиенім Райымбек өсіп жігіт болады, ел қорғау үшін жорыққа аттанады. «Іле өзені қақ жарылып жол беріпті» деген аңызбен астасқан әулиелік қасиеті дәріптеледі. Райымбектің әулиелігі жайында айтылатын мына бір аңыз соның дәлелі: «Менің өлігімнің өзі бір қазан, ошақ», - дейді екен тірісінде батыр баба: «Мен өлгенде денемді түйеге артып жүріңдер. Түйе шөккен жерді қазып жерлеңдер. Сол жерден бір қазан, ошақ шығады» дейді. Шындығында батырдың айтқанын орындап, түйе шөккен жер қазылғанда қазан мен ошақ шығыпты дейді аңыз желісі. Ол жер қазір Алматы қаласындағы Райымбек батырдың есімімен аталатын даңғылдың бойы. Батыр жерленген жерде шөккен түйе мүсіні қоса салынған үлкен ескерткіш тұрғызылған. Халықтың құран оқып, тәу ететін қасиетті орынның бірі саналады.

АБЫЛАЙ ХАН

(1711 – 1781)



Абылай хан – аса көрнекті мемлекет қайраткері, әйгілі қолбасшы, ірі тұлға. 1711 жылы Шыңғыс хан әулеті Уәлидің шаңырағында дүниеге келген. Оның шын аты – Әбілмансұр. Қалмақтармен соғыстарда көрсеткен ерлігі үшін халық оны Абылай деп атаған. 1771 жылы Әбілмәмбет хан қайтыс болғаннан кейін Абылай хан болды.

Зерделі саясаткер, білімді дипломат, дарынды қолбасшы болды. Оның көздеген мақсаты – мемлекетті нығайту, қазақ халқын аман сақтап қалу. Ол дұшпандардан қорғану үшін үш жүздің басын

біріктірді.

1743 жылы Түркістан қаласында үш жүздің хандары, сұлтандары, батырлары бір тудың астына бірігіп, Абылайды ресми түрде Қазақ ханы етіп сайлайды. Абылай Қазақ хандығын нығайту мен оның тәуелсіздігін сақтау жолында көп еңбек сіңірді. Ол билік құрған жылдары алғаш рет қазақтар мен қалмақтар арасында бейбіт келісім жасалды, Ресеймен, Қытаймен тату қарым-қатынас орнатылды. 1752 жылы жоңғар басшысы Лама Доржы қазақ жеріне шабуыл жасағанда, Абылай хан бастаған қазақ әскері оларға ойсырата тойтарыс береді. Кезекті шабуылдан соң соғыстың айла-тәсілдерін жетік білетін Абылай өзінің бес жүз таңдаулы жауынгерлерін жібереді. Лама Доржыны тұтқындап, дарға асады.

Абылай хан жоңғарларды жеңіп, Қытай және Ресеймен терезесі тең мемлекет орнатуды көздеді. Осы мақсатта ол Қабанбай, Бөгенбай, Өтеген сынды батырлармен қалмақтарға шабуылды күшейте түсті. 200 жылға созылған ойраттар мен қазақтар арасындағы сұрапыл соғыста қазақ халқы жеңіске жетті.

Бұл жеңіс көршілес Қытай мен Ресей үшін қолайсыз болып, 1756 жылы Қазақ хандығы мен Қытай мемлекеті арасында соғыс өрті тұтанды, ол 1757 жылға дейін созылды. Бұл қақтығыс та Абылай ханның арқасында бейбіт жолмен шешілді. 1763-1770 жылдары Абылай хан қырғыз ұлысына қарсы жорыққа шығып, жеңіске жетеді. 1771 жылы Еділ қалмақтарын басып алады.

СЫРЫМ ДАТҰЛЫ



Сырым Датұлы 1723 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Сарыой ауылында туған. Кіші жүздегі 1783-1797 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі, батыр, би, шешен болған. Ел аузында сақталған әңгіме-аңыздарда Сырым Датұлы тана руының Малайсары, беріш руының Алдар, есентемір руының Есет секілді билерінен бата алған көрінеді. Мұның өзі Сырым Датұлының Кіші жүз қазақтары арасында өзіндік беделге ие болғанын аңғартады.



Патша әкімшілігінің озбырлығына, хан сұлтандардың дәрменсіз халіне ашынған Сырым Датұлы рубасыларының қалауымен қару алып, қалыптасқан саяси жүйеге қарсы шықты. Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысты.

Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы 1783-1797 жылдары Кіші жүздегі патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған азаттық күрес болды. XVIII ғасырдың 80 жылдарының басына қарай Кіші жүздегі жағдай қиындай түсті. Ресей өкіметі тарапынан отаршылдық режим күшейтілді. Сырым Датұлы Кіші жүздегі қазақ руларының денін өзіне тарта білді. 1785 жылдың басында Сырымды қолдаған Барақ батырдың жасағында 2000, Тіленші батырдың жасағында 1500 адам болды. Осы жылдың көктемінен бастап Кіші жүздің барлық рулары тарапынан өкімет орындарына қарсы қимыл өріс алды, ал байбақты, табын және тама рулары қоныстанған жер қарсыласу орына айналды. 1792 жылдың қыркүйегіне қарай Сырым тікелей қарулы күрес жолына түсіп, Ресейге соғыс жариялады. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс ұлттық сана-сезімнің артуында өзіндік терең із қалдырды.



БЕКЕТ АТА

(1750-1813)

Бекет ата Мырзағұлұлы (1750 – 1813, Маңғыстау) – батыр, әулие, ағартушы, сәулетші. Жастайынан оқу – білімге құмар, ерекше дарынды, парасатты болған. Хорезмдегі Пақыржан қажы-дан оқыған. Маңғыстау, Атырау, Үстірт аймағында медресе-мешіттер салып, халқын сауаттандыруға көп күш жұмсаған. Бекет ата – жер асты ғимараттарын қашап жасаудың ежелгі дәстүрін дамытқан сәулетші әрі шебер. Елінің тәуелсіздігі үшін шайқасқан батыр, қолбасшы болған. Оның ақыл-кеңесімен жергілікті халық сыртқы шапқыншылықтардан аман қалып отырған. Білім-дарлығы, абыздығы мен көріпкелдік қасиеттері үшін елі оны көзі тірісінде қастерлеп, қадір тұтқан. Іс-әрекеті мен қадір-қасиеті аңызға айналған Бекет ата Маңғыстауда, Оғыландыдағы өз мешітіне жерленген. Көпшілік Бекет атаны әулие тұтып, қабіріне түнейді.



КЕНЕСАРЫ

(1802 – 1847)

Ата тегі жағынан Кенесары – Шыңғыс ханның 27-ші ұрпағы, әйгілі Абылай ханның немересі. Ең бастысы - Ресей патшалығы өзінің отаршылдық идеясын түбегейлі орнықтыру үшін қазақ елінің бұрыннан қалыптасқан хандық басқару жүйесін жойып, жалпыресейлік басқару жүйесін енгізуді көздеген іс-әрекеттерінен кейін үш жүздің өкілдерінің жиынында халық қолдауымен сайланған (1841ж.) қазақтың соңғы ханы. Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрестің ең жойқынүлгісінкөрсеткенқолбасшы,ұйымдастырушы, батыр, саясаткер ретінде Кенесары халық жүрегіне берік ұялады. Ол қазақ халқының дербес мемлекеттілігін қалпына келтіру, халқын бодандықтан құтқару, басын біріктіру жолында сұңғыла саясатшы бола білді, жанын пида етті. Оның ұлт-азаттық көтерілістің көсемі ретінде жасаған ерліктері, соғыс тактикасы, ұйымдастыру қабілеті жалпақ жұртқа аңыз болып тарады, тарихи құжаттарда да сақталды.

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс бүкіл қазақ даласын қамтыды. Туған халқының бостандығы үшін күрес жолында бар жігер-қайратын жұмсаған Кенесары патша әкімшілігімен ауыз жаласқан қырғыз манаптарының қанды қолынан қаза тапты. Тәуелсіз мемлекет болуымыздың нәтижесінде Кенесары рухы қайта жаңғырып, ұлағатты істері тағылым ретінде дәріптелу үстінде. Кезінде өзі басқарған көтеріліс барысында азат етілген Қараөткелде, бүгінгі елордамыз Астана қаласында ұлттық рухқа оранған ескерткіші орнатылды.





МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ

(1803 – 1845)



Он тоғызыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінде жыраулық поэзияны одан әрі дамытып, өзінің жарық жырлары арқылы жауынгерлік өлең үлгісін биік сатыға көтерген бірден-бір ақын – Махамбет Өтемісұлы. Ол 1830 жылдарда Қазақстанның батыс өлкесіндегі Исатай бастаған көтерілістің басшыларының бірі әрі басты насихатшысы болды. Исатай батырдың сенімді серігі, халықты оның төңірегіне топтастыра білген идеолог ретінде Махамбет ел билеушілеріне, олар арқылы отарлыққа қарсы батыл іс-әрекеттерге барды. Ақын өлеңдерінде көтерілістің мақсат-міндеттерінде, себеп-салдары да айқын көрініс табады.

Еділдің бойы ен тоғай,

Ел қондырсам деп едім

Жағалай жатқан сол елге

Мал толтырсам деп едім, - деп асқақ арманын білдірсе, оны орындау үшін бас кедергі хандар билігін жою сияқты тағы бір мақсат туындайтыны да Махамбет өлеңінің негізгі объектісіне айналады.

Мұның бәрін жүзеге асыру үшін ерлердің алдында қандай міндет тұрғаны да Махамбет бірқатар жырларында қағида түрінде қалыптастырып қадап айтады.

Махамбет өлеңдері – көтеріліс шежіресі, халық мұңының көрінісі. Махамбет тұлғасы азаттық жолындағы күрес басшыларының бірі ретінде азаматтық тарихымызда да, сөз өнерінің асқақ өкілі ретінде әдебиет тарихында да өзіне дейінгілерге де, кейінгілерге де ұқсамайтын қасиетімен ерекшеленеді.

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ

(1802 – 1874)

Қазақтың ұлы ақыны, жырауы Дулат Бабатайұлы 1802 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Сандықтас қонысында туған. Сол жерде 1874 жылы қайтыс болған. Жыраулар поэзиясының аса дарынды мұрагері Дулат Бабатайұлы поэзиясы дәстүрлі қазақ әдебиеті мен Абай шығармашылығы аралығындағы алтын көпір. Дулат өз заманындағы қазақ қоғамының әр алуан жақтарын шебер суреттеген ақын. Әсіресе, Дулат поэзиясында отаршылдық саясаттың озбыр көріністері, отаршылдардың еркіне көніп, тілін алып жүрген жергілікті адамдардың бейнесі аса шынайылықпен көрініс тапқан. Дулаттың өлеңдері ел ішіне ауызша және қолжазба түрінде таралған. Кейбір өлеңдері Қазан қаласынан 1880 жылы алғаш рет «Өсиетнама» деген атпен жеке кітап болып жарық көрген. Жинаққа ақынның сол кезеңдегі қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірін шыншылдықпен жырлаған ой-толғаныстарын енген. Ақын «Тегімді менің сұрасаң», «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жоқ» т.б. жырлары мен жеке кісілерге айтқан «Сүлейменге», «Бараққа», «Кеңесбайға», т.б. арнау өлеңдерінде қазақ жерінің отарлануын, ел билеушілердің отаршыл саясаттың шылауында кетуін «Сауыр жерден айрылып, Қазақ елі жұқарды..., Орыстың көрсе ұлығын, Қыздан дағы қылықты..., Майырдың алса бұйрығын, Борбайға қысып құйрығын, Ел пысығы жортады» – деп, кектіде отты жыр жолдарына айналдырған. Дулаттың образ жасау, өлең өрнегін жетілдіру, замана сазына қарай ақындық өнерде жанрлық, стильдік, сонылық таныту ерекшелігі кейін Абай шығармаларында дамытылып, жалғасын тапқан.





ТӘТТІМБЕТ ҚАЗАНҒАПҰЛЫ



Тәттімбет Қазанғапұлы – күйші-композитор, домбырашы, шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушыларының бірі, халық күй өнерінің классигі. Ол 1815 жылы қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы өңірінде туған. Домбырашылық өнер арғы ата-тегінен дарыған. Алғаш домбыра тартуды әкесі Қазанғаптың інісі Әлиден үйреніп, анасы Ақбөпеден тәрбие алған. Тәттімбеттің әртүрлі тақырыпты қамтитын 40-тан астам күйлері бар. Оның «Сары жайлау», «Сары өзен», «Теріс қақпай», «Бестөре», «Сылқылдақ», «Азамат», «Алшағыр», «Азына», «Көкей кесті», «Боз торғай», «Қорамжан», «Қара жорға», «Балбырауын», «Жетім қыз», «Сал қоңыр». Оның күйлері өмірді терең түсінген, ойшыл, қиялшыл жанның сыры мен сезімін аңғартады. Ол негізінен лирик-композитор. Шығармалары философиялық түйіндермен астасып жатады, ал музыкалық тілі көңілге қонымды, тез жатталғанымен орындауға қиын, күрделі болып келеді. Сондай-ақ күйлеріндегі лирикалық сарындар, әуен толқындары қазақтың кең даласы мен оның сұлу табиғатын суреттейді. Күйдің ішкі философиясы табиғатты суреттеу арқылы жаз думанын бастан кешкен адам өмірінің қайта оралмас бұралаң жолдарын табиғат мезгілімен салыстыруды мегзейді. Күй табиғаты сыршыл, қиялшыл, мөлдір лиризмге толы. Нәзік нюанстар мен әсем ырғақты иірімдер тыңдаушысын бірде желпіндіріп, енді бірде тәтті мұң толқынымен тербетеді. Оның күйлерінде негізінен өмір тартысы, тағдыр тауқыметі, сұлулыққа құштарлық, алыс арман, сарғайған үміт, өкініш сарыны баяндалады. Тәттімбет тек күйші ғана емес, сөзге ұста, шешен, шыншыл, әділетті көксеген ақын жанды сері адам болған. Күй сарыны Тәттімбетке тән композициялық ерекшелік қолтаңбасын даралап, оның шертпе күйдегі нақышын танытады.

ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЙҰЛЫ

(1818 – 1889)

Күй өнерінің классигі Құрманғазы Сағырбайұлы қазақ музыка тарихында ерекше орны бар аса ұлы тұлға. Ол – әрі күйші сазгер, әрі дүлдүл домбырашы. Күйшілік өнерді ерекше сатыға көтерген ол ұлттық аспаптық музыканы әлемдік классикалық туындылармен тайталаса алатын дәрежеге жеткізе білді. Оның шығармалары арқылы қазақтың күй өнері жаңа деңгейде дамып, шыңдала түссе, шәкірттері арқылы домбырашылық шеберлігі жалғастық тапты. Бұрын басқа домбырашыларда байқалмаған орындаушылық шеберлік Құрманғазы күйлерінің ерекшелігін айқындап, жаңа леп, соны тәсіл әкелді. Оның күйлерінде өз заманының болмысын сипаттайтын тарихи мазмұн да, терең ойға жетелейтін саздылық та толы.



Күйшінің «Аман бол, шешем, аман бол», «Кішкентай», «Ақбай», «Төремұрат», «Байжұма», «Назым», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Қайран шешен», «Перовский марш», «Қызыл қайың», «Көбік шашқан» т.б. күйлері нақты болған оқиғаларға байланысты шығарылған, әрқайсысының тарихи негізі бар туындылар. Мысалы, «Кішкентай», «Көбік шашқан» атты күйлері Исатай-Махамбет көтерілісіне арналса, «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Қайран шешем», «Перовский марш», «Қызыл қайың» т.б. күйлер сазгердің өз өміріне қатысты туған, патша үкіметі, билік иелері тарапынан көрген қуғын-сүргінге байланысты шыққан. Құрманғазы күйлері түрлі тақырыпты қамти отырып тыңдаушысын ерекше әсерге бөлейді. Бойға жігер, көңілге шаттық ұялатады. Оның «Бас Ақжелең», «Ұзақ Ақжелең», «Серпер», «Алатау» тәрізді күйлері өзге халықтың симфониялық шығармаларынан бірде кем емес ұлттық мұра болып қалды. Құрманғазы алғашқы кезде Ұзақ күйшіден, кейін Байжұма, Баламайсан, Есжан, Шиіркеш тәрізді күйшілерден білім алып, ұстаз тұтса, өзі де күйшілік өнерде өзіндік мектеп қалыптастырған ұлы ұстазға айналды.



ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

(1835 – 1865)



Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – қазақтың тұңғыш ғалымы, ағартушы, саяхатшы. Сауатын мұсылман мектебінде ашып, артынан орысша оқыған. Шоқан қазақ сахарасындағы ақсүйектер отбасынан шыққан. Ол атақты Абылай ханның тікелей ұрпағы. Кадет корпусында оқуға қол жеткізе алуының негізі осында. Жаратылысына қабілетті, тума талант Шоқан кадет корпусындағы негізгі мамандыққа қатысты әскери сабақтармен қатар жағрапия, тарих, батыс, орыс әдебиеттері мен философия, физика мен математика, шетел тілі тәрізді пәндерді де бар ынтасымен оқып, ерекше меңгереді.

Өзінің ізденгіштігінің, зеректігінің нәтижесінде азаматтық позициясы тез қалыптасып жетілген Шоқанды қараңғылыққа шырмалған, езгіде отырған туған халқының тағдыры ерекше толғандырады. Сондықтан қызметтік тапсырманы орындай жүріп ел тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты құнды мәліметтерге мән береді.

Шоқан қырғыз еліне, Ыстықкөл аймағына саяхатқа шыққанда, Омбыдан бастап жол-жөнекей Семей, Аягөз, Ақсу, Қапал, Шелек, Қарқар жерлерін мекендеген қазақ елінің бай тарихи-мәдени мұраларына, этнографиясына назар аударады, мүмкіндігінше жазып алады. Қырғыздың «Манас» эпосының «Көкетай ханның асы» атты тарауын тұңғыш рет қағазға түсіреді. Ыстықкөл сапарының нәтижесінде «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстықкөл сапарының күнделіктері», «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» атты еңбектерін жазады. Құлжа, Қашқарға сапары негізінде «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Жоңғария очерктері» атты еңбектері сол дәуір үшін Ресей ғылымында аса маңызды жаңалық, құнды зерттеу болып табылды.

Өзінің бар білімін туған халқын оятуға арнаған, ағартушылық жолмен өркениетке жеткізуді көздеген ұлы ғалым отыз-ақ жыл өмір сүріп, 1865 жылы Алтынемел асуының маңында дүниеден озды. Зираты сол жерде.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

(1841 – 1889)

Ыбырай Алтынсарин – қазақтың тұңғыш педагог ғалымы, ақын, аудармашы. Қазақ әдебиетінде «Өнер білім бар жұрттар» деп алғаш оқу-білімге шақырған ізашар тұлға. Ыбырайдың алдында өз тілінде оқыту тәжірибесі де, оқу-құралдары да, мұғалімдер де, тіпті мектептің өзі де жоқ еді. Оған сол жоқтың бәрін жасауға, ұйымдастыруға, табуға, жоқтан бар жасауға тура келді. Ыбырай – оқу-ағарту ісінің үлкен ұйымдастырушысы, қоғамдық қайраткер бола жүріп сол мақсатқа бар өнерін, бар қабілетін орайлы пайдалана да білген адам. Ол болайын деп емес, болатын ешкім болмаған соң, еріксіз өнер өресіне де қол созған. Ағартушы-ұстаз қолға алған абзал ісін мақсатқа жеткізу жолында жазушылық, аудармашылық, ақындық, журналшылық, этнографтық, тіпті мәмілегерлік қабілеттерін де барынша пайдалана білген.



«Егер пайдалы істі бастамасаң, ешқашан да ештеңе болмақ емес» деп қиын да болса тәуекелге бел буған ұстаз өзін ұлылық биігіне көтерген үлкен істің алғашқы қадамын Торғай қаласында аттады. Қазақ жерінің қақ ортасында тұрып, ғылым шырағын тұтатып, білімге шақырған дала қоңырауын қақты. Бұл 1864 жылдың 8 қаңтары еді. Бұл оның Торғай қаласында Орынбор бекінісі комендантында аудармашы бола жүріп, жергілікті тұрғындардан қаржы жинап, мектеп құрылысын да өзі басқарып, төрт жыл бойы дамыл таппай, тағатсыздана күткен арманды күні болатын. Содан Торғай облыстық мектептер инспекторы дәрежесіне дейін көтерілген ол ұлан-ғайыр өңірде жаңа оқу орындарын ашу жолындағы үлкен ұйымдастыру жұмыстарына қызу кірісіп кетті.

Ыбырай Алтынсариннің елі үшін жасаған еңбегі ұлт есінде мәңгі қалмақ. Ыбырай шығармалары әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Көптеген шығармалары қазақ әдебиетінің тозбас қазынасына жатады. Әсіресе, «Қазақ хрестоматиясы» – ұлттық мектеп оқулықтарының бастауы, сыныпты үлгісі болып табылады. «Бір Аллаға сиынып, Кел, балалар, оқылық» атты өлеңі күні бүгінге дейін мектеп оқушыларының әнұранындай болып келе жатыр.



АҚАН СЕРІ ҚОРАМСАҰЛЫ

(1843 – 1913)



Бұрынғы қазақ өнерпаз жігітке жеті өнерді де азсынып, шын мәнісінде «Сегіз қырлы бір сырлы», яғни алуан өнердің басын қоса білген қабілетті жігітті нағыз жігіт деп санаған. Сондай тума талант, дарындардың бірі һәм бірегейі – халыққа Ақан сері атымен танылған Ақжігіт Қорамсаұлы. Ақын, әнші, сазгер, домбырашы, шешен, атсейіс, бүркітші, аңшы. Сол заман серісіне не өнер қажет болса, бәрін білген.

Серілік – ел кезген дүрмекті топтың құрдырду желікпе әрекеті емес, өз заманының өнер мектебі болған. Бір Ақанның өзінен қаншама ән қалды. Оның әрқайсысының бір-бір дастандық оқиғалы сыры бар. Ақтоқтыға арнап қаншама ән шығарды. Осы Ақан сері - Ақтоқты оқиғасының желісінде Ғабит Мүсірепов пьеса жазды. Бұл спектакль 1942 жылдан бері республикалық және облыстық театрларда, аудандық халық театрларында тұрақты қойылуда. Сыдық Мұхаметжанов пен Ғабит Мүсірепов жазған «Ақан сері - Ақтоқты» операсы 1982 жылдан Абай атындағы Қазақ академиялық опера және балет театрында қойылып келеді. «Құлагер» әні негізінде, әннің туу оқиғасына құрылған Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы толқытпай, толғантпай қоймайды. Осы негізде түрлі қайшылықты пікір туғызған кино да бар. «Балқадिश» әнінің оқиғасы бойынша Серік Тұрғынбекұлы «Ақан сері - Балқадिश» атты дастан жазды. Сәкен сері Жүнісов алғысөзін жазып, тұсауын кескен бұл дастанды оқырман қауым жылы қабылдады.

Ал Ақан сері өмірін тұтастай қамтыған Сәкен сері Жүнісовтің «Ақан сері» романы қазақ өмірінің бір дәуірлік шежіресіндей: салт-сана, әдет-ғұрып, ел тұрмысы, өнердің небір түрі, тебіреністі оқиғалар кестелі тілмен көркем баяндалған. Сөздің, ұғым-танымның естен шығып бара жатқан небірінің мән-мағынасын білесіз.

АБАЙ

(1845 – 1904)

Абай – қазақ халқының кемеңгер ақыны, ұлы ойшылы. Заманында Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» деп бағалаған Абай сол заманда да, бүгінгі тәуелсіз Қазақ елі тұсында да Абай біздің халқымыз үшін ең қымбат тұлға, оның шығармалары қай кезде болмасын қазақ ойының ең терең, ең биік, ең бейнелі үлгісі болып қала бермек.

Қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін, дәстүрін терең таныған, сөйтіп алдымен ұлттық қайнардан сусындаған болашақ кемеңгер ақын бала жасынан шығыс тілдерін үйреніп, Шығыс мәдениетін де меңгеруге бет қойған Абай өсе келе батыстық үлгідегі мәдениетпен де терең танысады. Шығыс пен Батыстың әдебиеті мен мәдениетін біліп қана қоймай, оны айрықша зерделілікпен қабылдап қорытқан. Сөйтіп жалпыадамзаттық ұлы идеяларды өз шығармаларына арқау етеді. Аса білімпаз тұлға өз дәуірінің қайшылықтарын, әлеуметтік қарым-қатынастарын жай бейнелеуші емес, оларға баға беруші, жөн сілтеуші деңгейіне көтеріледі. Оның лирикалық шығармалары мен поэмалары сондай дәуір шындығын адамзаттық құндылықтар негізінде бейнелеген аса көркем туындылар. «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым», «Білімдіден шыққан сөз», «Ғылым таппай мақтанба», «Сегіз аяқ», «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңдерінің мазмұны сол кезеңнің шындығын бейнелей келе, қай кезде де өзекті болатын адам болмысының ішкі сырларын, алуан әрекеттерін бейнелейді. Ал «Әуелде бір суық мұз - ақыл зерек», «Жастықтың оты жалындап», «Күлімсіреп аспан тұр», «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңдерінде және кара сөздерінде терең философиялық ойлар түйеді.

Абайдың бүкіл шығармашылығы адамсүйгіштік ойларға құрылған. Өнердің, оның ішінде, әдебиеттің де басты нысаны – адам, идеясы гуманизм дейтін болсақ, ондай адамсүйгіштіктің үлкен өнегесі Абайда. Абайдың гуманизмі, ойшылдығы, қайраткерлігі айналып соққанда, бір арнада тоғысып, ортақ қайнардан бастау алады. Ол – жаратушы Алла тағалам кеудесіне құйған адамшылық ниет, ғаделет сезім. Қазақ сөз өнері, жалпы қазақ ойы – Абай поэзиясы болып адамға бет бұрды. Адам болғанда жекеле-



ген адам, болмаса белгілі бір әлеуметтік топ емес, тұтас халыққа бұрылды. Абай «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...», адамсүйгіштіктің орасан зор ұранын айтып, ұлттың есейе бастағандығын айғақтады. Сондықтан оны қазақ Ренессансының басы дейміз. Қазақ Ренессансының атасы Абай болса, оның қайнар көзі – мұсылман діні, исламдық дүниетаным мен мәдениет. Олай деуіміздің басты әрі бұлжымас куәсі – ақынның шығармаларындағы иманға суарылған өрісті ойлар. Осыдан шығып адамды ардақтауда Абайды иманшыл мұсылман перзенті дейміз. Кемеңгер ақынның поэзиясы мен қара сөздеріндегі адамгершілік мұраттары әрқашан халқымыздың рухани өсуіне бағдар болмақ. Сан ғасырлар бойы ұлтымыздың бойына жиналған қуатты ойды бейнелеген Абай өзінің шығармашылығы арқылы кеше де, бүгін де әдебиетімізге, барша қазақ баласына мәңгілік өнеге, ұлы дәстүр болып қала бермек. Өйткені данышпан ойларын оқу арқылы біз ұлы адамгершілік тағылымымен табысамыз, ойымызға ой, білімімізге білік қосамыз. Сондықтан да Алаш ұрпағы үшін Абай тек қана ақын емес, ақылдың асқары, білімнің биігі, ең кемеңгер қазақ. Біз Абайды ең дарынды ақын дейтін болсақ, онда басқа кез келген ақынға қона кетер бұл атақ – оған аздық етер еді. Өйткені, Абай – қазақ үшін ақындықтан да жоғары, ол дана ақылдың, кесек ер тұлғаның өзі. Қазақтың әрі кемеңгер, әрі қайраткер Ер данасы.



ЖАМБЫЛ



Жамбыл Жабаев – ұлы ақын, жырау, жыршы. Ол 1846 жылдың 28 ақпанында Жамбыл облысы Жамбыл таудың етегінде туған. Жамбылдың ақын болып қалыптасуы тек Жетісу ақындық мектебінің ауқымында қалған жоқ. Ол өзіне дейін өмір сүрген атақты жыраулардың, өзімен қатарлас ақындар мен жыршылардың бай мұрасын, күллі халық поэзиясын толық меңгеріп, өз шығармашылығына тұғыр еткен. Жамбыл өсе келе тек қазақ еліне ғана емес, барша әлемге әйгілі жырау, ақын, жыршы болып танылған.



Жамбылдың ұзақ шығармашылық ғұмырында көптеген шығармалар тудырды. Оның Жаныспен, Айкүміспен, Сарбаспен, Құлмамбетпен, Шашубаймен, сондай-ақ қырғыз ақындарымен айтыстары осы айтыс жанрының үздік үлгілері. Сонымен бірге, ол жыршы ретінде «Мың бір түннің», «Манастың», «Шаһнаманың» және тағы да басқа белгілі жырларды айтқан. Жамбыл мұрасындағы «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр» жырлары қазақ әдебиетіндегі ерекше үздік үлгілердің қатарынан орын алады.

Шын жүректен жыр төгіп,

Сөйлеп бір кетті жырауым.

Нені естісек, соны айту –

Ежелден ісі жыршының.

Жамбыл ақын сөйлеген,

сөзді бекер демендер - деп жырлағанындай ұлы жырау өз заманының, өзіне дейінгі дәуірлердің шындығын айтты. Жүз жыл өмірінің сексен бесін өлең-жырмен өткізген. Жамбыл – өткен екі ғасырдың куәсі, ең бастысы ол ғасырлар бойы ауызша шығарылып, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасқан қазақ поэзиясының XX ғасырдағы ұлы тұлғасы болды.



МӘШҺҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ

(1858 – 1931)



Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – халқымыздың ұлы тұлғасы, өмірі өнеге болған, қазақ жеріндегі ислам қайраткерлерінің көрнекті өкілі, әулие тұлға, ақын, тарихшы. Ол 1858 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туған. Ауыл молдасынан бес жасынан оқып, хат таныған ол 1870 жылы Хамаретдин хазіреттің медресесінде одан кейін Бұхарадағы діни жоғары оқу орнында оқып білім алады. Жасынан өнер білімге, әдебиетке құмар болған жас ақын ауыз әдебиеті үлгілерімен жас кезінен танысып халықтың жыр-дастандарды жаттап өскен.

1875 жылдан бастап ол оқытушы бола жүріп, шығармашылық жұмыспен айналысады. 1907 жылы Қазандағы Құсайыновтар баспасында «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтаң көрген бір тамашамыз» атты кітаптарын бастырып шығарады. Ақын «Дала уәлаяты» газеті мен «Айқап» журналында заман ағымына байланысты публицистикалық мақалалар да жариялап тұрды. Ол «Ер Сайын», «Ер Көкше», «Көрұғлы», «Шара батыр» жырларын, ақын-жыраулар мұраларын жинап жариялаушы. «Қазақ шежіресі» кітабында қазақ ру-тайпаларының құрылымы көрініс тапқан.

Ақын өзінің қай шығармасында болсын халық көкейіндегі толғағы жеткен мәселелерді сөз етеді. Мысалы, «Сарыарқаның кімдікі екендігі» дейтін еңбегінде халықтың өз жер-суынан айырылып, патшаның отаршылдық бұғауына түскенін ашына жазады. Ол өз заманының барлық болмыс-бітімі бүкіл қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, рухани-мәдени өсу деңгейін, кем-кетік тұстарын кеңінен толғайды. Ақынның Шығыс қисса-дастандарының мысал өлеңдерінің озық үлгілерін үйрене отырып, еліктеп жазған «Гүлшар – Шеризат», «Шайтанның саудасы», «Ғибратнама», «Баяннама» тағы басқа дастандары мен мысал өлеңдері кең тараған.

Жасынан діни білім алған, Құран-Кәрімді жаттап өскен, діни тәлім-тәрбие көрген Мәшһүр өз шығармаларын жазғанда шарифат ережелерін басшылыққа алып отырған

ШӘКЕРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

(1858-1931)

Шәкерім Құдайбердіұлы — қазақтың ұлы ақыны, ойшыл, композитор, аудармашы. Әкесінен жастайынан жетім қалып, немере ағасы Абайдың қолындатәрбиеленді. Бұл жағдай Шәкерімнің дүниеге көзқарасының қалыптасуына, ақындық шеберлігінің шыңдалуына зор әсер етті. Жастайынан көптеген тілдерді меңгерген ол әлемдік әдебиет пен философияны терең оқып, жалпы адамзаттық гуманистік құндылықтарды өз шығармаларында насихаттады. Оның өлеңдерінде гуманистік, ағартушылық идеялар кеңінен көрініс тапты. Шәкерімнің ислам діні қағидаларын терең білуі, аса діндар тұлға болуы Алла Тағала ілімін насихаттауына, ислам діні құндылықтарын көпшілікке таныстыруына негіз болып, оның «Мұсылмандық шарты» еңбегін жазуына әкелді. Ақынның жаратылыс, тіршілік, өмірдің мәні туралы жазылған «Үш анық», «Өмір» т.б. сияқты өз шығармалары, сондай-ақ аудармалары Шәкерімнің үлкен ойшыл екендігін аңғартады. Ақынның «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Нартайлақ-Айсұлу» поэмаларында жастар арасындағы шынайы сүйіспеншілік, махаббатқа жасалған қиянат шынайы бейнеленеді.



Қазақ әдебиетінде, жалпы ұлт руханиятында ойшыл суреткер ретінде қалған Шәкерім ХХ ғасыр басындағы Алаш қозғалысын қолдаған, одан үміт күткен. Шәкерімнің тұлғасы мен шығармашылығы адами қасиеттерді жоғары қоюмен, гуманистік идеалдарды насихаттауымен, ұлтына шексіз беріле қызмет етуімен аса құнды.



ДИНА НҰРПЕЙІСОВА

(1861-1955)



Дина Нұрпейісова (1861 жылы Жаңақала ауданы, Бекетай құмы – 1955 жылы Алматы) – күйші-композитор, қазақ музыка мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, Қазақ ҚСР Халық артисі (1944). Дина домбыраны 9 жасында әкесі Кенжеден үйренген. 1870 жылы ол Құрманғазымен тұңғыш рет кездеседі. Жас Динаның өнеріне риза болған Құрманғазы бата береді. Дина шығармаларының негізгі арқауы – халық музыкасы, күй өнері. Динаның тырнақалды «Бұлбұл», «Байжұма», «Көгентүп» атты күйлерінен халық шығарманың дәстүрі айқын аңғарылады. Динаның майда үнді, нәзік сазды «Әсем қоңыры», тасқын атқан «Тойбастары» – терең мазмұнымен, өзгеше түр ерекшелігімен танымал туындылар. Құрманғазы, Дәулеткерей сияқты ұлы күйшілердің дәстүрлерін шығармашылықпен, шеберлікпен дамыта отырып, кеңес дәуірінде күйшілік өнерді жаңа бір белеске көтерді. Күй өнерінің асқан шебері Дина Нұрпейісованың күйшілік дәстүрі өзінен соңғы қаншама буын қазақ күйшілеріне үлкен өнер мектебі болды.

Дина Нұрпейісова - сонау көнеден келе жатқан қазақ музыка өнерінің, соның ішінде күй өнерінің жаңа, XX ғасырдағы аса көрнекті өкілі.



ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

(1870 – 1937)



Әлихан Бөкейхан – аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының көсемі әрі жетекшісі. Қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында туған Әлиханның барша ғұмыры ұлтының азаттығы мен теңдігі жолына арналды.

Отаршылдық жүйеге қарсы саяси күресін XX ғасырдың алғашқы жылдарынан-ақ бастаған Әлихан Бөкейхан бұл күресін Алаш партиясын, Алашорда үкіметін, Алаш автономиясын құруға дейін жалғастырып келді. Оның саяси күресі, тұлғалық, қайраткерлік қасиеттері өзінен кейінгі буынға айрықша әсер етті. Халықтық мүдде жолындағы серіктері Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов және тағы да басқа ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлерімен бірге қазақ тарихының жаңа кезеңін қалыптастырды.



Сан-салалы мамандықты игерген, ұшан теңіз білім иесі Әлиханның көкейкесті арманы ұлтының тәуелсіздік алып, өз алдына ел болуы, өркениет биігіне көтерілуі болды. Қоғам қайраткері, экономист, әдебиетші, публицист, аудармашы ретінде ол бар күш жігерін сол мақсат жолына бағыттады. Ұлт мұратына бағытталған саяси көзқарасы мен іс-әрекеті жыл өткен сайын шындала түскен Алаш саяси партиясын құрушы Әлиханды бір мақсат жолында ой біріктірген зиялы қауым ақыры 1917 жылдың желтоқсанында бүкіл қазақ құрылтайында қазақ автономиясы жарияланып, тұңғыш Қазақ автономиялық республикасының төрағасы етіп сайлайды.

Әлихан Бөкейханның барша өмірі ұлтына қызмет етудің асқан үлгісі, тамаша дәстүрі.



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

(1873 – 1937)



Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш қозғалысының рухани көсемі, қазақ ғылымының негізін салушы, ақын, ұлы қайраткер. Қазақ баласы «Ахаң» деп аса құрмет көрсететін ұлы тұлға 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысының Торғай өңірінде туған. Алдымен ауыл молдасынан білім алған Ахаң Торғай қаласындағы мектепте, содан соң Орынбордағы мұғалімдер дайындайтын оқу ордасында білім алды. 1896-1909 жылдары сол кездегі Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде оқытушылық еткен.

Ахаңның туған елінің тағдыры үшін отаршыл үкіметке қарсы саяси күресі 1905 жылғы «Қарқаралы құзырхатынан» басталады. Содан бастап Алашорда үкіметі таратылған 1919 жылға дейін Ахаңның өмірі күреспен өтті. 1917 жылы сәуір айында қазақтың шын мәніндегі тұңғыш сиезі – Торғай қазақтарының сиезін ұйымдастырып, оған төрағалық етті. Бірінші және Екінші жалпықазақ сиездерін ұйымдастырушылардың бірі болды. 1920 жылы кеңес көсемдері Ленинмен кездесіп Қазақ автономиясын құруға, Қазақстан шекарасын белгілеуге келіссөздер жүргізді. Бүгінгі Қазақстанның жерін сақтап қалуда Ахаңның ұлы еңбегі бар. Біздің тәуелсіздігіміздің негізінде Ахаң сияқты Алаш қайраткерлерінің айрықша еңбегі бар екендігін ұмытпауымыз қажет.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтының абыройы мен сана-сезімін көтеруге арналған «Қырық мысал», «Маса» жинақтарын шығарды, «Қазақ» атты ұлттық газетімізді ұйымдастырып, оның бас редакторы болды. Өз дәуірінде бұл еңбектер ұлттық ояну дәуірін қалыптастырған құбылыстар болды.

Ахаң – қазақ әліпбиінің атасы, қазақ тіл ғылымының, түркі тілтану ғылымының, әдебиеттанудың атасы. Қазіргі кездегі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде қолданылатын терминдердің барлығы дерлік Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдер. Оның «Оқу құралы», «Тіл – құрал» т.б. көптеген еңбектері арқылы миллиондаған қазақтар сауатын ашты. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық, қайраткерлік еңбегі - өз ұлтына қызмет көрсетудің ұлы өнегесі, ғажайып үлгісі.

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ

(1883 – 1937)

Досмұхамедұлы Халел – Алаш қозғалысының ірі қайраткері, Батыс Алашорда үкіметінің төрағасы. Мамандығы дәрігер бола тұрса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын: саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер аудармашы.

Туған жері – қазіргі Атырау облысының Қызылқоға ауданы. Халел орыс-қазақ мектебін жақсы бітіреді де, Теке қаласындағы реалдық училищеге түсіп, оны үздік аяқтайды. Санкт-Петербургтегі Әскери-медициналық академияны алтын медальмен бітіріп шығады.

Халқының жан саулығы мен тән саулығының шипагері, ұлт қайраткері бола білген Халел Жалпықазақ-қырғыз сиездеріне қатысады. Осында қазақ-қырғыз өлкелік автономиясы жарияланып, Алашорда үкіметі құрылады. Ол осы үкіметке мүше болып сайланып, қазақ мемлекеттілігін қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Алашорда таратылғаннан кейін басқа қазақ зиялылары секілді Халел де жаңа үкіметтің жұмысына тартылады. Ташкенттегі халық ағарту институтында оқытушы, оған қосымша Орта Азия университеті медицина факультетінің ауруханасында ординатор қызметтерін атқарады. 1924 жылы Ресей академиясының Орталық өлкетану бюросының мүше-корреспонденті болып сайланады. Өзі проректор болып істейтін халқымыздың алғашқы жоғары оқу орны – Қазақ педагогика институтының негізінде Қазақ мемлекеттік университетін ашуға, соның ұйымдастыру жұмыстарын атқаруға белсене араласады.

Бірнеше қызметтер атқара жүріп, ұлттық мектептердің жүйесін құруға, қазақ тілінде ғылыми терминология жасау ісіне, оқулықтар жазуға ірі үлес қосады.





ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСҰЛЫ

(1883 – 1948)



Қазақта «Күш атасы – Қажымұқан» деген сөз кең тарап кеткен. Оның себебі де жоқ емес. 1883 жылы Ақмола облысы Қараөткел ауылында Мұқан (Қажымұқан) атты сәби дүниеге келеді. Ол жасынан-ақ ерен күшімен әр мезет ауылдастарын таңғалдырып жүреді. Мұқан 18 жасында алғаш рет Омбы қаласында ашылған циркте орыс палуаны И.Злобинмен белдеседі. И.Злобин оған Петербургтегі күрес мектебінде оқуға кеңес береді. Бұл ақылды құп алған Мұқан осы мектепте екі жыл оқып, үлкен күрес өнеріне жолдама алады. Сөйтіп Мұқан Германияның Кельн қаласында неміс палуаны Генрих Веберді жеңеді, Рига қаласында

да бас бәйгеге ие болады. 1910 жылы Варшава қаласында өткен халықаралық жарыста кіші алтын медальды, Америкада, Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында еркін күрестен үлкен медальды жеңіп алады. 1911 жылы Мұқан Стамбулда түріктің атақты палуаны Нұрлыны жығады, сол үшін «қажы» атағына ие болып, Қажымұқан атанады. Саратов қаласында ашылған ағайынды Никитиндер циркінде қазақ батыры бірінші рет осы «Қажымұқан» деген атпен күреске шықты. Бұдан әрі палуан Тегеран мен Кабулда, Мекке мен Мединеде өткен жарыстарда жеңістерге жетті. 1913 және 1914 жылдары Троицкі мен Парижде өткен жарыстарда әлем чемпионы болды. Қажымұқан қазақтың ұлттық күрес өнерін ғана емес, жапон халқының ұлттық күресі джиу-джиуденді де меңгерді.

1927 жылы ҚазАКСР Орталық Комитетінің Президиумы Қ.Мұңайтпасовқа «Қазақ даласының батыры» деген атақ берді. Ұлы Отан соғысы жылдарында жасы қартан тартып қалған палуан күш өнерін көрсетіп жүріп жинаған 100 мың сом ақшасына ұшақ жасатты да, оған Амангелді Имановтың атын беріп, майданға жіберді. Осы ұшақпен қазақ ұшқышы Қажытай Шалабаев 120 рет жауынгерлік тапсырма орындады.

Спорт өнері жолында Қажымұқан 148 алтын, күміс, қола медаль алған екен. Алып күш иесі Қажымұқан 1948 жылы 12 тамызда қаза болды. Темірланда Қажымұқанға ескерткіш орнатылған. Астана, Шымкент қалаларындағы стадиондарға палуанның аты берілген және бірнеше қалаларда Қажымұқан атындағы көшелер бар.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

(1885 – 1935)

Міржақып Дулатов – ағартушы, ұлт мүддесі, тәуелсіздік жолындағы жалынды күрескер, Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі. Осы ұлт-азаттық күрес жолында ақындық, жазушылық, аудармашылық, журналшылық қабілеттерін барынша пайдаланған. Алғашқы қазақ романы – «Бақытсыз Жамалдың», жалынды үнге, жігерлі шақыруға толы, дәуірдің ұранына айналған «Оян, қазақ!» кітабының авторы.

Азаттық мүддесі жолындағы күреске халықты шақыру, ояту, еңсе көтерту ісіне Міржақып өз уақытының мүмкіндігіне қарай баспасөзді жақсы пайдалана білген. Ол «Қазақ» газетінде бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы болды. «Айқап», «Серке», «Ақжол» және татар, орыс тіліндегі басылымдарға да жиі шығып тұрды. Әлбетте, бұл әйтеуір бірдеңе жазу емес, мақсатты түрдегі ой-пікір, елді ояту, саясатқа тарту мүддесіндегі саяси жұмыс болатын. Ол Алаштың табанды күрескері болды. Бірінші және екінші жалпықазақ сиезінің ұйымдастыру жұмыстарына белсене араласып, Алаш партиясының бағдарламасын жазды. 1917 жылы Алашорда үкіметі құрылған Екінші жалпықазақ сиезінде үкімет мүшесі болды, сөйтіп қазақ елінің саяси жолмен азаттық алуына қайраткер ретінде аса үлкен үлес қосты. Өзінің ұлт тағдырына арналған сан алуан тақырыптағы мақалалары арқылы Міржақып Дулатов қазақ журналистикасының, оның жанрларының, тілінің, стилінің де жетіліп, қалыптасуына үлес қосты. «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!» деп еліне серт берген жасампаз ақын, жалынды күрескер өмірінің соңына дейін осы ұлы сертінен айныған емес. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік тұлғалар шоғырында Міржақып Дулатұлы шығармашылығы, қоғамдық қызметі ерекше маңызға ие, оның өмірі туған халқына аянбай қызмет етудің жарқын үлгісі.





ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

(1889-1931)



Жүсіпбек Аймауытов – жан-жақты өнер иесі, сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесі, романшы, жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист.

Жастайынан арабша хат тану, оқу үстіне, ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерін қатар үйренген Жүсіпбек 1914 жылы Павлодардағы орысша-қазақша екі сыныптық мектепті, 1918 жылы Семейдегі оқытушылар семинариясында тәлім алады.

Жүсіпбек Аймауытов В.Шекспир, В.Гюго, Г.Мопассан, А.Дюма, А.С.Пушкин, Р.Тагор, Н.В.Гоголь, Л.Н.Толстой, Дж.Лондон шығармаларын

«Интернационалды», бірқатар ғылыми еңбектерді қазақ тіліне аударды. Ол педагогика, психология, методика, эстетика, тәрбие туралы зерттеулер жазды; әдебиет, эстетика, сын саласына араласты; сан алуан публицистикалық мақалалар жазды. «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі, «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесалары, «Комплексті оқу жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау», «Мағжанның ақындығы туралы» ғылыми еңбектері – күрделі дарынның қазақ әдебиеті тарихындағы өлмейтін орны бар шығармалары.

Жүсіпбектен қалған мұра аса бай. Ол ең алғашқы реалистік проза талаптарына, жанрдың Еуропалық шарттарына жауап беретін толыққанды көркем, күрделі, шебер, ықшам, сондай-ақ көркем жазылған шығармалардың авторы, реалистік роман принциптерін алғаш меңгерген қаламгерлердің бірі. Жүсіпбек шығармаларында өзімен қатарлас зиялылар туындыларындағы бірде қара сөз, бірде өлең сөз аралас жүретін дүбара стиль жоқ, бастан-ая салиқалы, сабырлы, ұстамды проза үлгісінде жазылған.

Қазақ әдебиетінде айрықша орны бар поэзия, проза, публицистикасын, зерттеу салаларында тең-қатар қалам тартқан, астан-кестен ауыр, бірақ ерекше қуатты да қызық, әлеуметтік төңкерістер, ұлы революциялар заманында өмір сүрген Жүсіпбек Аймауытов ерте киылған, қысқа ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырып үлгерді.

ОСПАН БАТЫР

(1889 – 1951)

Оспан батыр Сіләмұлы бүгінгі ҚХР Шыңжаң өлкесінің Алтай аймағына қарасты Көктоғай ауданында туған. Оспанның батыр атағының шығуы – 1940-1951 жылдар арасы. Бұрын қарапайым шаруаның бірі болған Оспан соғыс барысында көрсеткен ерліктері арқылы батыр атанып, қос басқарып, көзге түсе бастайды. 1941 жылы Құбының құмын жалаңаш қоспен қыстап шыққан Оспан тобы небәрі жеті-ақ адам еді. 1942 жылы жаз маусымына ілінген соң-ақ әр тараптан, Қытай үкіметінен қорлық-зорлық көріп, қашып шыққандардың қосылуымен адам саны көбейе берді. 1944 жылы 12 қарашада Шыңжаңда Шығыс Түркістан республикасы өз тәуелсіздігін жариялайды. Бұл жаңа үкіметті Оспан батыр алғашында жан-тәнімен қорғауға бел байлады. Осы рухпен 1945 жылы 6 қыркүйекке дейін ол бүкіл Алтай аймағын Гоминдаң басқыншыларынан толық азат етеді.

Оспан батыр 1945 жылы қыста Сарсүмбе қаласына көшіп барып, сол жерде губернаторлық міндетін өтейді. 1946 жылдың жазғы тұрымында Көктоғай ауданының Қуүй деген жеріндегі өзінің байырғы мекеніне қайта көшеді. Сарсүмбеде тұрған осы бір жыл ішінде ол өзі басқарып тұрған үкіметтің қандай үкімет екенін толық танып біледі. Сондықтан ол бұл үкіметтен бас тартып, өзінің бұрынғы ұлт-азаттығына қол жеткізу мақсатын жүзеге асыру үшін жаңа майдан ұйымдастыруға көшеді.

Алғашында Қытай қолымен, кейін КСРО, Моңғолия, Қытай қатарлы үш мемлекеттегі коммунистік қызыл армиямен он жыл соғысқан, олардың жиырма мыңнан астам адамын қырып, дүниені дүр сілкіндірген Оспан батыр ақыры 1951 жылы атылады.





МҰСТАФА ШОҚАЙ

(1889 – 1941)



Мұстафа Шоқай – ұлт-азаттық көтеріліс көсемдерінің бірі, Түркістан автономиясының төрағасы, Алаш қайраткері. Ол 1917 жылы уақытша өкімет құлап, барлық билік большевиктердің қолына өткенінен кейін коммунистік жүйеге қарсы топтар жағына шығып, ақыры шетел асып барып, өмірінің соңына дейін түрік әлемінің бірлігі, «Тұтас Түркістан» идеясын жүзеге асыру үшін күресті.

Ол Сыр алқабы қазақтарының арасында зор беделі бар Шоқайдың отбасында 1889 жылдың 25 желтоқсанында дүниеге келген. Мұстафа жас кезінен-ақ отаршылдықтың өктемдік пиғылын жақсы сезініп өседі. Мұстафаның нағашылары да орыстардан Хиуа хандығын қорғауда ерекше көзге түскен атақты әскербасылар болады. Анасы Бақтының оқытуымен бес жасқа толмай-ақ жазу-сызуды үйренген. Бастауыш білімді Сұлтүбедегі орыс мектебінде алады да 1902 жылы Ташкенттегі гимназияға түсіп, оны 1910 жылы үздік бітіріп шығады. Ә.Бөкейханның ұсынысымен 1916 жылы Мұстафа Шоқай Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясы жанындағы бюроға мүше болады. 1917 жылы Түркістан өлкесіне оралып, 16-21 сәуірде Ташкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының І сиезіне қатысады. «Бірлік туы» газетінің негізін қалайды. «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі» ұйымына төрағалық етеді. 1917 жылғы желтоқсанда Екінші жалпықазақ сиезіне қатысып, Алашорда құрамына сайланды. Бұдан кейін де осындай ұлт мүддесін қорғап, тәуелсіз ел болуға қатысты ірі-ірі шараларға басшы, мемлекеттік деңгейдегі лауазым иесі болуына қарамастан тоталитарлық жүйенің түптілікті жеңуіне орай өз бағытынан қайтпаған, ұлтжанды тұлға Мұстафа Шоқай туған жер, атамекенді қаншалықты қимағанмен, өз мақсат, идеясын жалғастыру үшін 1921 жылы шетелге кетеді. 1927 жылдан Парижде «Иени Түркістан» журналында белсенді қызмет атқарды. «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымына жетекшілік етті. 1929 жылдан «Жас Түркістан» журналын шығаруды қолға алады. Мұстафа Шоқай шетелде жүріп қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен және соған сенген ең ұлы тұлға.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893 – 1938)

Ұлы ақын, қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы Жұмабаев ұлтымыздың мақтанышы. «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы 1912 жылы он тоғыз жасында жарық көрген жас ақын осы шақтан бастап-ақ өзінің айрықша дарынын байқатты.

«Шолпан» жинағында ағартушылық, сыншылдық бағытта көрінген Мағжан Алаш қозғалысының өрістеген тұсында нағыз ұлттық ақынға айнала бастады. 1915-1916 жылдардан бастап ұлт-азаттық қозғалыс идеяларын көркем кестелеген Мағжан шығармашылығында ел мен жердің азаттығы, отаршылдыққа қарсылық идеялары алдыңғы қатарға шықты. Оның «Есімде...тек таң атсын!», «Жер жүзіне», «Тез барам» өлеңдеріндегі азаттық, «Пайғамбар», «От», «Күншығыс», «Алыстағы бауырыма» өлеңдеріндегі жалпытүркілік идеялар Мағжанның ірі ақын екендігін байқатты. Оның өлеңдеріндегі ұлттық ойлар «Оқжетпестің киясында», «Ертегі», «Батыр Баян» сияқты поэмаларында тереңдей түсті. Мағжан шығармаларының басты ерекшелігі – идея мен көркем бейненің тұтастығында. Сондықтан да Мағжан қазақ поэзиясының жаңа дәуірінің көшбасшысы. Ақын поэзиясындағы азаматтық әуендер оның қайраткер болып қалыптасуына да ықпал етті. Кеңес үкіметі орнаған соң Мағжан «Алқа» ұйымының бағдарламасын дайындап, қазақ әдебиеті мен өнерін солақай саясаттың ықпалынан қорғауға күш салды.

Мағжан Жұмабаев сынды ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы өз халқын шексіз сүйудің, оған аянбай қызмет етудің кемел үлгісі.





БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН

(1894-1938)



Бейімбет Майлин (Бимұхамед) Жармағамбетұлы 1894 жылы 15 қарашада қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданы дүниеге келген. Жазушы. 1911-1912 жылдары Арғынбай қажының медресесінде, Қостанайдағы орыс-қазақ мектебінде, 1914-1915 жылдары Уфадағы Ғалия медресесінде, Троицк қаласындағы Уәзифа медресесінде оқыған.

Уақыт шындығын поэтикада тереңдікпен бейнелейді. Майлин қарапайым ауыл қазағының типтік бейнесін жасады: «Мырқымбай» (1922), «Кедейдің кейістігі» (1925), «Әй, Мырқымбай» (1928);

т.б. Ол оннан астам поэма жазды.

Майлин – әңгіме жанрының шебері. Реалистік суреткерлікпен, сатирик-юморист шыншылдықпен жазған әңгімелерінде («Қанды кек», 1916; «Сексен том», 1918; «Күлпаш», 1922; «Талақ», 1923; «Қара шелек», 1930, т.б.) ауыл адамдары басынан кешкен тарихи-әлеуметтік, тұрмыстық өмір шындығы суреттеледі.

Алғашқы «Шұғаның белгісі» (1914) повесі қазақ прозасының классикалық шығармаларының бірі болып табылады. Майлин қазақ әйелдері тағдырына бірнеше повесть арнады. Солардың ішіндегі көлемдісі – «Раушан – коммунист» (1923, өңделген нұсқасы 1929) повесі. «Берен» повесінде жазушы бұрын сауатсыз ғұмыр кешкен қазақ қызын оқып, білім алып, мұғалім, халық ағартушысы болғанын суреттейді. Қазақтың жаңа ұлттық интеллигенциясының қалыптасуы «Азамат Азаматыч» (1934) романы арқау болған. Майлин «Қызыл жалау» (1931-36); «Қоңсылар», «Тартыс» (толық аяқталмаған) романдарында 20 ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ ауылының тарихи өзгерістері, адамдар танымының түрлі құбылыстары суреттелген. Майлин драма саласында 25-тей пьеса, либретто, сценарий жазған.

Майлин қазақ сөз өнерінің публицистика саласына да мол үлес қосқан қаламгер.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

(1897 – 1961)

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің бүкіл өмірі, барлық қарым-қабілеті туған елімен жері Қазақстанның мәдени-рухани өркендеуіне арналды. Бала кезінде Абайды көрген, сол кемеңгер ақын дүниеге келген қасиетті мекенде туған болашақ жазушы жас шағынан бастап-ақ өзінің айрықша дарынын байқатты. 1917 жылы оның «Еңлік-Кебек» драмасы қойылды. Сол жылдан бастап өз заманының өзекті мәселелері жөнінде мақалалар жазды. Ең алғашқы «Адамдық негізі - әйел» деп аталатын мақаласында қазақ әйелінің, қазақ анасының тағдыры жөнінде адамгершілік ойлар айтты. Сол 1917 жылы Семей облыстық Алаш комитетіне мүше болып, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің идеяларына елітті, Алаш қозғалысына белсене қатысты. «Қорғансыздың күні» сияқты ең алғашқы әңгімесінен-ақ оның аса дарынды жазушы екендігі байқалды. «Қилы заман», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Әдебиет тарихы» жас Әуезовтің қаламынан туған қымбат дүниелер.



Әрине, ұлы қаламгердің ең басты туындысы – «Абай жолы» роман-эпопеясы. Оқиғасы Абайдың бала кезінен басталатын бұл роман жалпы қазақ әдебиеті тарихындағы, мәдениетіміздің тарихындағы ең ұлы шығарма. Романның бас қаһарманы ұлы Абайдың өмірі, өскен ортасы арқылы халқымыздың салты мен дәстүрі, дүниетанымы мен философиясы, өнері мен өресі, тарихы көрініс тапқан. Романның осындай әлеуметтік, мәдени, тарихи мазмұны қазақ халқын әлемге танытты. Сөйтіп, «Абай жолы» роман-эпопеясы дүние жүзіндегі таңдаулы шығармалардың қатарынан лайықты орнын алды.

Мұхтар Әуезовтің жазушылығымен бірге ғалымдығы да оның ұлы білімпаз тұлға екендігін айқын аңғартады. Оның Абай шығармашылығына, ауыз әдебиетіне, қазақ сөз өнерінің тарихына арналған ғылыми еңбектері қазақ ғылымын байытқан зерттеулер.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ

(1899 – 1964)



Сәтбаев Қаныш – ұлттың ұлы тұлғалары қатарынан орын алған, ғылымда Кеңес одағының өзін мойындатып, есімі дүние жүзіне танылған, ерен еңбегімен 100 жылдығы (1999 ж.) ЮНЕСКО көлемінде аталып өткен, талантты ұйымдастырушы, кемел кісі. Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясын құрып, ұзақ жылдар оның Президенті болды. Ғалымдығын дүниеге мәшһүрлеп, жаңадан табылған бір минерал мен кіші планетаға есімі берілген. Сондай-ақ Алатауды Сәтбаев мұздығы, Сәтбаев шыңы бар. Сәтбаев атында

Геологиялық ғылымдар институты, Қазақ ұлттық техникалық университеті аталады. Астана, Алматы және басқа да қалаларда көшелер мен мектептерге мекендерге ғалымның есімі берілген, ескерткіштер орнатылған. Қ.Сәтбаев еліміздің кен байлықтарын ашуда, ел экономикасын дамытуда, мәдениетті өркендетуде орасан еңбек сіңірген, жан-жақты қабілет иесі болған. Мемлекет және қоғам қайраткері, геология-минерология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан және КСРО ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңесінің бірнеше мәрте депутаты және Одақ көлеміндегі көптеген ғылыми комиссиялардың мүшесі болған.

Қаныш Имантайұлының екінші дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне қосқан еңбегі айрықша. Бұл тұста ол Одақ көлемінде аса беделді болған. Алайда Қаныш Имантайұлы да саяси қуғындаудан шет қалмаған. Қызметтен, елден ығыстырылып Мәскеуде бой тасалаған кезі де болған. Алайда, кейін жағдай сабасына түсіп елге оралып, Қазақстан ғылым академиясын екінші мәрте басқарған.

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

(1902-1985)

Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов (1902 жылы 22 наурызда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы Ғабит Мүсірепов атындағы ауылда дүниеге келген, 31.12.1985 Алматы) – жазушы, Қазақстан Ғылымдар Академиясының академигі (1958), Социалистік Еңбек Ері (1974), Қазақстанның халық жазушысы (1984).

Мүсірепов әңгіме жанрының өркендеуіне үлкен үлес қосты. Алғашқы шығармаларынан – ақ жазушылық шеберлігімен танылды.

Көптеген әңгіме, новеллаларда Әйел – Ананың бейнесін асқақтатып, әлем әдебиетіндегі Әйел-ана тұлғаларының галереясын байыта түсті. Ол «ананың анасы» (1933), «Өлімді жеңген ана» (1933), «Ашынған ана», «Ананың арашасы» (1934), «Ер ана» (1942), «Ақлима» (1944), «Әмина», «Ана жыры», «Ана» шығармалары арқылы сөз өнеріне жаңа көркемдік өрнек әкелді.

«Оянған өлке» (1953) тарихи романында қазақ халқының 19 ғасырдағы өмірі үлкен суреткерлікпен өрнектелген, қазақ жеріне өндіріс орындарының орнай бастауы шынайы сипатталған.

Көркем философияның толғауы басым роман қазақ прозасының шоқтығы биік туындысы ретінде танылды. «Оянған өлкенің» заңды жалғасы болып табылатын «Жат қолында» (1984) романы 30 жылдан соң жарық көрді.

Қаламгердіп көп ізденіс, үлкен дайындықпен келген образы – Ұлпан бейнесі («Ұлпан» романы, 1974), ол – қазақ әдебиетіндегі қайталанбас, оқшау тұрған образ.

Мүсіреповтің драматургия саласында сіңірген еңбегі де орасан зор. Оның «Қыз Жібек» (1934), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (1939), «Ақан сері - Ақтоты» (1941) пьесалары лиро-эпостық жырлар негізінде туындаған. Фольклорлық шығармалардың идеялық, тақырыптық желісін сақтай отырып, ол тың көрнекті дүниелер жасады.





ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ

(1904 – 1973)



Қазақтың алғашқы кәсіби суретшісі Әбілхан Қастеев Алматы облысы, Жаркент ауданында дүниеге келген. Ол – қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаған ұлттық сурет өнерінің алғашқы шеберлерінің бірегей тұлғасы. Кескіндемеші-график ретінде де белгілі. Қазақстанның халық суретшісі, еңбек сіңірген өнер қайраткері Ә.Қастеев сурет өнері бойынша алғашқы білімді Алматыда Н.Хлудовтан алады. Кейін Мәскеуде И.И. Бродскийдың көркемсурет студиясында тәлім алған талантты қылқалам шебері өзінің тума қабілетін өзіндік ізденіспен жетілдіріп,

өнердегі айтулы тұлғалардың біріне айналды. 1954-1956 жылдары Қазақстан Суретшілер Одағын басқарады. Екі рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Депутаты болып сайланды. КСРО-ның жоғарғы Мемлекеттік Орден, медальдарымен марапатталды. Оның алғашқы «Тігін үстінде», «Мектепке», «Көгілдір көйлекті қыз» еңбектерінен бастап, «Түрксіб», «Амангелді сарбаздары», «Колхоз тойы», «Қалыңдық» т.б. туындылары халықтың сүйіспеншілігіне бөленді. Ол «Киіз үйдің ішкі көрінісі», «Қыз Жібек», «Қыз ұзату», «Қос құрбы», «Келін түсіру» тәрізді ұлттық салт-дәстүрге арналған көптеген шығармалар салды. «Афтопортрет», «Қарындасымның портреті» деп портрет салуға ұмтылған атақты суретші кейіннен «А.Құнанбаев», «Ж.Жабаев», «Ш.Уәлиханов», «А.Иманов», «Ғ.Мұратбаев», «К.Әзірбаев» портреттерінің бейнелеу арқылы әйгілі адамдарымыздың өшпес тұлғасын кескіндеді. Бір ғана Абай тұлғасын бейнелеуге «Абай киіз алдында», «Жас Абай», «Абай жаз жайлауда» еңбектерімен қатар классик ақын шығармаларын оқып, әсерлену негізінде салған суреттері де жетерлік. Ол Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты. Шымкенттегі өнер училищесі мен ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы атақты суретшінің атында.

ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАН

(1904 – 1985)

Әлкей Хақанұлы Марғұлан – қазақтың ғұлама ғалымы, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, шығыстанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, қазақстандық ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, профессор. Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1925-1931 жылдары Ленинград қаласында Шығыс институтында, сонымен қатар Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде оқиды, бұларға қоса Өнер тарихы институтында дәріс тыңдайды. Осында оқып жүргенде КСРО Ғылым академиясы ұйымдастырған Қазақстан мен Алтай халықтарының тарихын зерттеу экспедициясына қатысып, адайлар мен наймандардың әдет-ғұрпы, тұрмысы мен өнерін зерттейді. Сырдария, Талас, Шу өзендері бойындағы ежелгі қалалардың орнына алғаш рет археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, содан жинаған материалдар негізінде «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихына» атты монографиялық еңбек жазады.

Қазақ КСР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институты археология секторының меңгерушісі болып тағайындалған Әлкей Марғұлан К.А. Ақышев, М.Қ. Қадырбаев, А.М. Оразбаевтармен бірігіп, «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты кітап жазуға қатысып, оның редакциясын басқарады. Шоқан Уәлихановтың әдеби мұраларын жинастырып, оны бес том етіп шығаруға басшылық еткен. Қазақтың ежелгі жыр-аңыздарын жинастырып, зерттеген. Қазақ халқының тарихы мен әдебиетін зерттеуге зор еңбек сіңірген.



АХМЕТ ЖҰБАНОВ

(1906-1968)



Жұбанов Ахмет Қуанұлы (29.04.1906, Ақтөбе облысы Темір ауданы – 30.05.1968, Алматы) – ғалым, композитор, дирижер. 1934 жылы Жұбанов алғаш 11 адамнан құралған домбырашылар ансамблі негізінде Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрін ұйымдастырды. Осы ұжымның тұңғыш дирижері ретінде көптеген халық композиторларының музыкалық туындыларын оркестрге лайықтап нотаға түсірген.

Жұбановтың қазақ халқының ән-күй шығармаларының табиғаты мен ерекшелігі, ұлы күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек, Тәттімбет, Дәулеткерей Қазанғап туралы монографиялық ғылыми-зерттеу еңбектері – қазақ музыкасының ғылыми тарихын жасауға қосылған қомақты үлес болды.

Жұбанов – қазақ халқының қазіргі заманғы кәсіби музыканың негізін қалаған аға буын композиторлардың бірі. Ол халық күйлерін оркестрге лайықтап, нотаға түсірді.

Жұбанов ұлттық өнер мамандарын тәрбиелеу ісіне де үлес қосты.



ШӘКЕН АЙМАНОВ

(1914-1970)

Айманов Шәкен (Шаһкерім) (15.02.1914, қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Айманбұлақ ауылында – 24.12.1970, Мәскеу) – актер, режиссер. КСРО Мемлекет сыйлығы (1952), Қазақстан Мемлекет сыйлығы (1968) лауреаты. Аймановтың актерлік болмысы тұлғалы, іргелі көшелі кейіпкерлерді кескіндеуге бейім. Ол қазақ сахнасында романтик. Театр мектебін қалыптастырды. Ақан сері, Қобыланды, Сатин, Петруччо, Отелло бейнелерін аса зор актерлық машықпен зерледі.

Қазақ драма театрының бас режиссері болды. Аймановтың режиссері стилінде ұлттық бояу, сахналық айшықты түр іздеуі басым еді. Айманов ғұмырының соңына дейін тынымсыз шығармалық ізденісте жүрді. Өнер сапарымен әлемнің әр қиырында болып, өзі болған ортаның бәрінде қазақ халқының әнімен, өнерімен, дәстүрімен таныстырудан танбаған.

Көп ізденістің нәтижесінде Айманов қазақ кино өнерінде де романтикалық–патриоттық мектептің негізін қалады.





БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

(1910 – 1982)



1941-1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғыста жеңімпаз батыр командир ретінде даңқы шыққан қазақтың біртуар ұлдарының бірі – Бауыржан Момышұлы. Соғыс басталған жылы күзгі, қысқы алапат шайқастарда өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шыққан, 5 рет жау қоршауын бұзып, жауынгерлер құрамын аман-есен дивизиясына қайта қоса білген Бауыржанның атағы аз уақыттың ішінде ақ шартарапқа жайылып үлгерді. Ұлтжандылығы, ержүректігі, ақыл-парасаты, әскери білімділігі мен тактиканы терең білуі отансүйгіштікпен ұштасқан ол

майдан даласында жасаған ерліктері арқылы шын мәнінде көзі тірісінде аты аңызға айналған тұлға болды. Қандай жағдайда жүрсе де ұлтжандылығын көрсете білді, ұлттық намысты қорғай білді. Тез арада-ақ аты аңызға айналған Бауыржанның соғыс жүріп жатқан кездің өзінде өмірін, ерлік істерін арқау еткен А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабы жарық көрді. Бұл кітап Бауыржан есімін миллиондарға әйгілі етті. Ол ерліктің, айбындылықтың символына айнала бастады. Кейінгі дәуірде де ол туралы Ә.Нұршайқовтың «Ақиқат пен аңыз» атты роман-диалог жазды. Алайда батырлық даңқы соншалықты кең жайылғанымен Бауыржанға дер кезінде «Кеңес Одағының Батыры» деген атақ берілмеді. Өйткені ерлігі адал болғанымен, өз ұлтын ерекше сүйетіні, кіршіксіз таза ұлтжандылығы кеңестік саясатқа ұнамады. Қазақстанның дербестігі туралы декларация жарияланған соң ғана (12.12.1990) «Кеңес Одағының Батыры» деген атақ берілді.

Бауыржан Момышұлы әскери қызметкер, ержүрек қолбасшы ғана емес, сонымен қатар қазақ әскери прозасының негізін қалаған жазушы. Оған «Офицер жазбалары», «Артымызда Москва», «Генерал Панфилов», «Куба әсерлері», «Ұшқан ұя» т.б. кітаптары дәлел. Ең бастысы – Бауыржан Момышұлы өз ұлтына шексіз сүйген отаншыл тұлға. Оның ұлт мұратына, ана тілімізге байланысты сөздері – қанатты сөздерге айналған. Сонау соғыс кезінің өзінде қазақ тілінің болашағы мен мәртебесі үшін күрескен ұлы батырдың ұлтжандылығы мен отаншыл сезімі бүгінгі баршамызға үлкен өнеге.

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ

(1911 – 1955)



Қасым Аманжолов – кеңестік саяси зобалаңнан поэтикалық қуаты ойсыраған қазақ поэзиясын Абай, Мағжан дәстүріндегі классикалық стилінде жаңғыртып, жаңа көркемдік биікке шығарған отаншыл ақын. «Ей, тәккәпар дүние! Маған да бір қарашы, Танимысың сен мені? Мен қазақтың баласы!» деп жар салған ақынның жер жаханға қазағын таныту оңайға соққаны жоқ.. Тоталитарлық жүйе қысымынан жәбір-жапа шеккен Қасым шығармашылық еркіндікті тұсаулаған идеологияны батыл әшкерледі. «Біз кім?», «Ақынның мінезі», «Ойпырмай! Батыл сөзді көп айтамын», «Мен не жаздым, сонша соңға түскендей», «Бір бастыққа», «Алматыда жүр жортып», «Бір сыншыға» өлеңдерінде саясат қысымындағы өнер адамының психологиясын, өз дәуірінің келеңсіз болмысын беруге күш салды. «Жатыр көп жыр жырланбай, Шырқар кім бар шындықты?! Керек боп тұр, шіркін-ай, Өзіңіздей бір мықты» («Абайға айтарым») деп Абайдай әділдік пен ақиқатты именбей жырлайтын ақындардың тілі кісендеулі екеніне жаны күйзелді.



Отаншылдық рухтағы «Сарыарқа», «Ертіс», «Қазақстан» өлеңдеріне ақындық үні асқақ Қасым ұлттық поэзияда табиғат, көңіл-күй, махаббат лирикаларына ұлттық рух дарытты. «...Неткен байтақ, неткен ұлы жер едің! Нендей күйге жүрегімді бөледің? Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем - Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім» («Туған жер»), «...Кең далалы, кең пейілді қазақпыз, Құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз..» («Қазақстан») деп жырлаған ақын ел мен жер алдындағы өтелер ақындық борыш, адамдық парыз ұғымдарын басты орынға қойды. Иә, «Қазақ деген атымды, Өшіре алмас ешбір жау! Төбесінен тиіссе, Төңкерілер Алатау» деп ел мен жерін шексіз сүйіп өткен өр намысты Қасым ақын қайсарлығы Алаш ұлының да мәңгілік асқақтығы болып қала бермек.



ДІНМҰХАММЕД ҚОНАЕВ

(1912 – 1992)



Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы ата-анасының болашағынан үлкен үміт күттірген ұлы еді. 1912 жылдың 12 қаңтарында Алматы қаласында қызметкерлер отбасында дүниеге келген ол жасынан оқу-білімге аса зерек болады да, 1930 жылы Мәскеу қаласындағы түсті металдар мен алтын институтына оқуға түседі. Болашақ ғалым еңбек жолын Балқаш мыс комбинатының Қоңырат кенішінде бұрғылау станогінің машинисі болып бастайды, одан цех бастығы, сол кеніштің бас инженері, кейін директоры болып қызмет атқарады. Қиын да қызығы мол еңбек

жолында жас жігіт оңды-солын таниды, өз ісіне мығым, табанды, байсалды азамат болып қалыптасады. «Алтайполиметалл» комбинатында, Риддер кенішінде, Лениногор кен басқармасында басшы қызметтер атқара жүріп, ғылым саласында да еңбектенеді. 1968 жылдан техника ғылымдарының докторы.

Д.А.Қонаев өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, 25 жылдан аса Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Осы жылдарда республикамызда жаңа өнеркәсіпті аудандар қалыптасты.

Табиғатында сабырлы, ешкімге қатты сөйлемейтін Димекеннің адалдығы, адамгершілік қасиетінің жоғарылығы бір бөлек әңгіме. Асыл азаматтың көп жылдар бойы өз жалақысын балабақшаға аударып тұрғаны кейіннен мәлім болған.

Д.Қонаев үш рет Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Өмірінің соңғы жылдарында ел ішін аралап, көптеген қызықты кездесулер жасады, осылайша өзін халық ақсақалы ретінде танытты.

КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА

(1912 – 1957)

Байсейітова Күләш та қазаққа есімімен танылған өнер саңлағы. Ұлтымыздың кенже туған жаңа өнер саласы – операда «Шығыстың бұлбұлы» атанып, ұлт атын дүниеге әйгіледі, тамылжыған әндерімен халқымыздың аяулысына айналды. Ән өнерін, сахна өнерін жаңа сатыға шығарды. Күләш – ел есінде, әлбетте бүгінгі аға ұрпақ өкілдері арасында әлі де сол қалпында сақтаулы дара тұлға. Қазақ қыздары арасынан өнер жұлдызы болып туып, ерте ағып түскен талант. Қыз Жібек, Ақжүніс, Сара, Ажар, Еңлік, Айман, Шұға сынды әдеби кейіпкерлерге айналып, есімдері көпке танымал болған. Қазақ қыздарының бейнелерін халқымыз Күләш келбеті, Күләш өнері арқылы танып, білді.



Өнер биігіне ерте көтеріліп, көпке кеңінен танымал болған Күләш 1934 жылы, яғни 22 жасында Қазақстанның еңбегі сіңген әртісі, 1936 жылы КСРО халық әртісі атағын алды. 1948-1949 жылдары КСРО мемлекеттік сыйлығының иегері болды. Ел өміріне, қоғамдық іске белсене араласқан Күләш бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшесі, Қазақстан Жоғарғы кеңесінің алғашқы үш дүркін депутаты болып, қоғам қайраткері биігіне көтерілді.

Сахнада ол бейнелеген қазақ және басқа ұлт операларындағы қыздар сахна өнеріндегі үлгі, кейінгі толқын өнеге тұтқан мектепке айналды. Күләш опера әншісі ғана емес, концерттік те бағдарламалармен ән салып, көрермендерін талай сүйсінткен. Спектакльдерде де басты рөлдерде ойнап, опера өнеріне әншілігі мен әртістік таланты танылып барып келген.

Күләштің толық есімі – Гүлбаһрам, Гүлбаһрам Жасынқызы Бейісова. Әншілік өнер оған белгілі әнші болған әкесінен дарыған деседі. Күләштің кинода, киножурналда, таспа жазбаларда сақталған үні тыңдаушысын әлі де сүйіндіреді. Күләш өнерде тыңнан жол салғандар қатарында, ал қазақ қыздары арасында кезінде дара шыққан жұлдыз болған.



ИЛИАС ЕСЕНБЕРЛИН

(1915-1983)



XX ғасырдың алпысыншы жылдарының соңына қарай қалың көпшілікті дүр сілкіндірген шығарма дүниеге келді. Әдеби ортаға ұйқыдан оятқандай әсер еткен бұл шығарма «Қаһар» романы болатын.

Шындығында да «Қаһар» романы қазақ әдебиетіне сілкініс әкелді. Өйткені роман қаншама аңыздарға, жырларға, әңгімелерге арқау болған қаншама ғылыми-зерттеулер, көркем-әдеби туындылар жазылғанымен, кейінгі ұзақ жылдар бойы ауызға алуға тыйым салынған Кенесары көтеріліс

жайлы болатын. Халық тарихына барлау жасаған алғашқы сапар сәтті болды. Оқырманның ықыласына бөленіп, қалың жұртшылықтан қолдау тапқан «Қаһардан» кейін ұлтжанды қаламгер ел рухын көтеріп, ұлт санасын оятуға деген ынта-жігері бұрынғыдан да күшейіп, осы тақырыпты жалғастырып «Алмас қылыш», «Жанталас» романдарын дүниеге әкелді. Үш роман «Көшпенділер» деген атаумен трилогияға бірікті. Сөйтіп І.Есенберлин бұрыннан бар «Көшпенді» сөзін қазақ әдебиетінде бірінші болып айналымға енгізді.

Тарихи дәуірлер бедерін реалистік тұрғыдан көркем бейнелеуде Ілияс Есенберлин концепциясының дұрыстығын бүгін уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Тарихқа жаңа ғылыми көзқарасты Ілияс Есенберлин сонау алпысыншы-сексенінші жылдар арасында-ақ өзінің тарихи романдары арқылы халық зердесіне ұсынып кеткен. Қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған қаламгер де – осы І.Есенберлин.

ТАЛҒАТ БИГЕЛДИНОВ

(1922 ж.т.)

Сәби кезінде ұшқыш болсам деп армандамайтын бала сирек болар. Екі рет Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған Талғат Бигелдинов те осындай ізгі арманның иесі болды. Батыр кәдімгі ауыл баласы еді, ол 1922 жылы Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Майлыбалақ ауылында дүниеге келді. Оның жастық шағы Фрунзе (қазіргі Бишкек) қаласында өтеді. Талғат осы қаладағы аэроклубқа үзбей барып жүргендіктен, оның ұшқыш болуға құмарлығы бірте-бірте арта түседі. Сөйтіп ол он алты жасында парашюттың жібек жібін ұстап, зеңгір көктен жерге қарай талай секірді. Аэроклубтағы осындай жаттығуларды толық меңгерген Талғат өзі талаптанып, Орынбор және Саратов қалаларындағы әскери авиация училищелеріне түсіп оқиды.



Сұрапыл соғыс біреудің арман қанатын қиып түссе, Талғат секілді ұшқыш болып Отанымның керегіне жарасам деп армандаған жандардың өзін-өзі сынайтын уақытын жақындатып-ақ жіберген жоқ па?! Ел басына күн туған 1943 жылдың қаңтар айында Т.Бигелдинов 144-гвардиялық авиация полкіне қабылданады. Қанды соғыс кезінде Талғат Бигелдиновтің жүрек жұтқан батыр болғандығын айғақтайтын әрекеттері көп болды. Осылайша ұшқыштық шеберлігі күн сайын ұштала түскен Талғат аспанға көтерілген сәтте, жау әскері командирлерін талай-талай есі кетіп, құдайына сыйынатындай жағдайларға душар етті, батыр жау ұшақтарын баудай түсіріп, танктерін, автомашинасын, зеңбірегін бірден-ақ жойып жіберіп отырды.

Жас ұрпаққа батырлықтың керемет үлгілерін көрсеткен қос Алтын Жұлдыз иегері Талғат Бигелдинов бейбіт өмірге аман-есен оралғаннан соң да Әскери-әуе академиясын бітіріп, әртүрлі қызметтер атқарды. Оның өмір жолы мен кереметтей ерлік істері ел есінде мәңгіге сақталардай болды.



РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ

(1924 – 1988)



Мәңгілікке жер құшқан фашистердің соңғы ұясы – Рейхстагтың үстіне жеңіс туын желбіреткен Қошқарбаев Рақымжан 1924 жылдың 19 қазанында Ақмола облысы, Тельман ауылында (кезінде «Қырық құдық» деп аталған екен) өмірге келген. Анасынан төрт жасында айырылып, 13 жасында аяулы әкесі НКВД түрмесіне жабылған Рақымжан жетімдіктің азабын бір кісідей-ақ тартты. Отан-ананың тәрбиесі бойына сіңген бала-жігіт Ұлы Отан соғысы басталған соң-ақ елін жау қолынан азат етуге бел буады. Ол осы ізгі мақсатпен 1942 жылы Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласындағы жаяу әскер училищесіне оқуға түседі. Осы жерде Рақымжан алыстағы арманы болған күтпеген жағдайға тап болады: жігерлі жас жігітті баяғыда НКВД құрсауына түскен әкесі іздеп тауып, әке мен бала Фрунзеде сағынысып жолығысады. Ардақты әке осылайша сүйікті ұлының сапар жолына ақ батасын береді.

Ә дегеннен-ақ атқыштар дивизиясына түскен Р.Қошқарбаев 1944 жылдың қазан айынан бастап 1-Беларусь майданында взвод басқарады. Польша, Германия жерлеріндегі ұрыстарға қатысып, жаумен аянбай шайқасады. Ержүрек жас жауынгер сүйікті елін жау қолынан босатуға жан аямай соғысады.

Ал Берлин операциясы кезінде лейтенант Р.Қошқарбаевтың жасаған ерлігі әлем көрмеген ерлік болып, тарихта қалды. 1945 жылғы 30 сәуірде ол жауынгер Григорий Булатовпен бірге Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті.

Р.Қошқарбаев Қызыл Ту, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен көптеген медальдармен марапатталған. Берлиндегі Рейхстагқа ту тігіп, қазақтың нағыз батыр ұлт екендігін дәлелдеген қайсар азамат Рақымжан Қошқарбаевқа 1999 жылы тәуелсіз еліміздің «Халық қаһарманы» атағы берілді.

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ

(1925 – 1998)

Қазақстанның (1975) және Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (1984) халық артисі, Қазақстанның халық қаһарманы (1998) сазгерлікті орындаушылық өнермен ұштастыра отырып, тыңдаушысын тамсандырған, аты аңызға айналған Нұрғиса Тілендиев – қазақ музыка тарихында қайталанбас тұлға.

Кеңестік дәуірде туып, бүгінгі кәсіптік өнердің аясында тәрбиеленсе де халықтық фольклордан мол сусындап өскен, өз творчествосына да фольклорлық сипатты көп сіңіре білген ол – сирек кездесетін талант. Нұрғисаның ерекше қасиетінің өзі – өткен дәуірдегі халық өнерпазының бойында кездесетін бірнеше өнердің жиынтығы бір өзінен табылатындығы. Ол – композитор, ол – виртуоз домбырашы, ол – дирижер, ол – ұйымдастырушы, ол – фольклоршы, зерттеуші, халық мұрасын ынтамен жинап, ел игілігіне асырушы.

Нұрғиса бойындағы табиғат сыйлаған дарынның негізгі тамыры әріде жатыр. Ол дүниеге келген Жетісу өңірі – суырып салма ақындық мектеп қалыптасқан, әншілікті, күйшілікті, сал-серілікті мирас етіп, дәріптеген күйқалы топырақ әсіресе айтыс өнерінің айрықша дамып, жетіліп бергі заманға дейін қаймағы бұзылмай жеткен аймақ та – осы жер.

Талантты жастың үлкен өнер жолына түсіп, музыкалық білім алуына жол ашқан, мүмкіндік туғызған өнер саласы бойынша тұңғыш әрі жалғыз академик, композитор, музыка зерттеушісі Ахмет Жұбанов болған. Болашағынан үміт күтіп, қаршадай баланы үлкен оркестрге мүше етіп алуы – Ахмет Жұбановтың Нұрғиса талантын жазбай танып, оған сенім артқаны болса керек. Ұшқан ұяда көрген тәрбие, өскен ортадан алған тағылым, өнер ордасы берген білім ұштасып келіп Нұрғиса талантын шыңдап, бойына біткен дарын тармақтарын бір арнада тоғыстырады.





ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВ

(1930 – 1992)



Қазақ халқында «Шәмші, Шәмшінің әні» десе, ішкен асын жерге қоймайтын жан жоқ. Адам жүрегін тебіrentетін сезімдердің қайсысы болмасын – асыл ана, ардақты әке, мөлдір сезім, шынайы махаббат – осының бәрі Шәмші әндерінің тақырыбы десек – артық айтқандық болмас...

1930 жылдың 15 тамызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылында дүниеге келген Шәмші Қалдаяқов – қазақтың ұлттық музыка өнерінің ән жанрына аса айқын да соны леп ала келген сазгер. Ш.Қалдаяқов – композитор және Қазақстанның халық әртісі. Оның шығармаларының тақырыптық, мазмұндық ауқымы кең. Шәмші шығармаларының қайсысын алмайық, олардың басты тақырыбы – елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілік. Оның әндері құлаққа жағымды, жүрекке жылы қабылданады. «Ақ ерке – Ақ жайық», «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы» т.б. өлеңдерінен кең байтақ жерімізге, елімізге деген ыстық ықылас, мейірім, сүйіспеншілік сезімдері байқалады. Ал «Бақыт құшағында», «Бәрінен де сен сұлу» сияқты әндері жастық жігер мен шаттыққа толы. Сазгердің «Ана туралы жыры» әрбір аналар мерекесінің, аналар тойының сәні болса, марш екпінді, мағына-мазмұны терең «Менің Қазақстаным» әні бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің әнұраны болып отыр.



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

(1931 – 1976)



«Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атанған жиырмамыншы жүз жылдықтағы ұлттық поэзиямыздың ірі тұлғаларының бірі, әр жүрекке жол тапқан әсерлі өлеңдері оқырман сүйіспеншілігіне бөленіп келе жатқан Мұқағали ақын 1931 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында дүниеге келген.

Аспан тіреген Ақбас шыңдар, айнала-сын қарағайлы таулар, аршалы белдер қоршалай көмкерген Шалкөденің жазығы, жалбызды жағасына күміс шашқан тұма суының сыңғыры, мөлдіреп аққан қасиетті Қарасаздың сылдыры бала Мұқағалидың ойын әлдилеп, қиялына қанат бітірген алтын бесігі еді.

Мұқағали Мақатаев – қазақ поэзиясының көгінде кешегі майдангер, ғажайып дарын иесі Қ.Аманжоловтан кейін жарық жұлдыздай жарқ етіп, оқырманды өзіндік сыр-сипаты қайталанбас дарынмен баурап алған ерекше тұлға.

М.Мақатаев асқар тау мен дархан даланың жаны-жарқын асыл адамдары мен таңғажайып табиғатының асқақ жыршысы болды. Бұл егіз тақырып ақын шығармашылығында ажырамастан біте қайнасып, кереметтей сіңісіп кеткен.

Мұқағали нені жырласа да поэзиясында өзіндік үні естіліп, өзіндік қолтаңбасы көрініп тұрады. Ақынның туған жері, ауылы, оның адамдары, өз өмірі – поэзиясы. Ол әр уақытта өз халқымен бірге қуанып, халқымен бірге күйініп отырады. Сондықтан ақын жасаған әр образ – сол бір кезең тарихының, өмірінің шынайы бейнесі.

Қырық бес жыл ғана өмір сүрген ақынның тірі кезінде шығармалары өз дәрежесінде кітап болып жарық көре алмады. Шағын-шағын екі-үш кітапшасы ғана басылды. 1976 жылы қайтыс болғаннан бері ақынның мол мұрасы жеке том болып та, екі томдық, төрт томдық болып та жинағы шықты. 2000 жылы Абай атындағы мемлекеттік сыйлық берілді.



ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ

(1939 ж.т.)



XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің, жалпы қазақ руханиятының көрнекті өкілі Әбіш Кекілбаев қаламгер ретінде де, қайраткер ретінде де халқына қалтқысыз қызмет еткен үлкен тұлға.

Қалам тартысын журналистік бағдардан бастап ақын болып танылып, сыншы болып көрініп, қара сөзге туын тіккен Әбіш Кекілбаев қарымды қаламгер болып, он екі том шығарма берді. Мұхтар Әуезовте дәріс алып, Мұхаң алдында, студент шағында әдебиеті сынынан баяндама жасап, ғұлама жазушыны риза етіп, алғысын алған Әбіш – ұстаз үмітін толық ақтаған қаламгер. Қаламгер ғана емес, қоғам һәм мемлекет қайраткері. Кеңес заманында болсын, тәуелсіздіктен бергі кезең болсын, Әбіш Кекілбаев билікті мекемелерде, биік орындарда болып, елдің бүгіні мен болашағына қатысты келелі істердің шешілуіне атсалысып келеді. Қандай қызметте болсын шулап пай, жеміс ағашындай үнсіз тұрып жұмыс тындыратын Әбіштің қолтаңбасы тәуелсіздік жылдарындағы көптеген істерден аңғарылып жатады.

Қазақстанның халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері ұзақ жылдар Парламентте халық қалаулысы болған Әбіш Кекілбаевтың қай ортада болсын сөйлеген сөзі тыңдалмаған, жазғаны оқылмаған, ой-пікірі ескерілмеген емес, әрі оның бәрі де ықыласпен қарсы алынып, қуатталған. Ұстазы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» арқылы ұлтымыздың тұтастай бір ғасырын – XIX ғасырды бейнелесе, Әбіш Кекілбаев «Үркер», «Елең-алаң» романы арқылы ұлт өмірінің XVIII ғасырын суреттеген. Оның тәуелсіздік жылдарындағы мақалалары мен кітаптары қазақ елінің рухани көшіндегі үлкен бір белес. Ол мәдениет, өнер қайраткерлерінің ішінен тұңғыш рет Қазақстан Республикасының «Еңбек Ері» деген жоғары атаққа ие болды.

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

(1940 жылы туған)

Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жайлы әңгімелеудің өзі – құрмет. Олай деудің себебі – басынан бейнеті арылмаған, қазақ халқының тәуелсіздіктің қыл бұғауынан мәңгілік азат болуы – осы есіммен тікелей байланысты. Ата-бабаларымыз жылдар бойы қан төгіп, күрессе де ала алмаған тәуелсіздікке біз тек XX ғасырдың соңын ала ғана қол жеткізгеніміз баршамызға белгілі. Осыған орай қазақ елінің тұңғыш Елбасы 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңға қол қойды.



1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы, Қарасай ауданының Шамалған ауылындағы қарапайым қазақтың отбасында дүниеге келген Нұрсұлтан Назарбаев жасынан отбасына мейірімді, іні-қарындастарына қамқор, ата-анасының нағыз сүйеніші болып өсті. Шаруаға икемді, тіл алғыш, үлкен-кішіге ілтипатты бала үй ішіне азық-түлік, малына жем-шөп тасумен өзі де айналысатын болған. Мектепте озат оқып, ылғи алдыңғы қатарда көрінетін, сыныптас достарынан да көмегін аямайтын. Ол алғаш, барлық алғыр балалар сияқты, ұшқыш болуды армандаған, кейін ол ойынан бас тартты. Сөйтіп ол Днепродзержинск техникалық училищесін, Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғары техникалық оқу орнын, жоғары партия мектебін бітірді.

Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіз қазақ елінің егемендігін қалыптастырушы, жаңа тұрпаттағы мемлекетті құрушы тұлға. Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен жасалған игілікті істерге тоқталатын болсақ, ең бастысы – Қазақстанды әлемге танытты, Семей ядролық сынақ полигонын тоқтатты, Алаш жұртының астанасын Арқа төсіне әкеліп, ұлттық тұтастығымызды нығайтты.

Жас мемлекеттің саяси құрылымын қалыптастыру, оны жаһанға таныту, халық санасына тәуелсіздік идеяларын сіңіруде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тарихымызбен мәңгілік жасайтын іргелі шаруалар атқарып, халықтың әл-ауқатының өсуіне, дербес мемлекет, жеке ұлт ретінде қазақ баласының абыройлы болуына шексіз үлес қосты.

МҰХТАР МАҒАУИН

(1940 жылы туған)



Аса көрнекті жазушы, белгілі әдебиет зерттеушісі, ғалым, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың, «Түркі дүниесіне қызмет» халықаралық сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, бүгінгі қазақ әдебиетінің көшбасшыларының бірі Мұхтар Мағауин Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданында дүниеге келген. Тумысынан қабілетті, талапты бала жасынан кітапқұмар, білімге құштар болып өседі. Барлық пәнді өте жақсы оқумен қатар әдебиетке деген ынтасы ерте оянған Мұхтар мектеп қабырғасында жүргенде-ақ қазақ

әдебиетінің мол қырынан сусындап, әлем әдебиетінің үздік үлгілерімен танысып үлгереді. Кіндік қаны тамып, ержеткен жері Ұлы Абай туып, өмір кешкен өлке болғандықтан, қалыптасқан дәстүр бойынша Абай өлеңдерін ерте бастан жаттап өскені өз алдына, күні кешеге дейін атын айтуға шығармаларын шығаруға, оқуға тыйым салынған Шәкәрім туралы ескі көз қариялар айтқан әңгімелерден біліп, оның өлеңдеріне қанық болады.

Мұхтар Мағауин – сирек кездесетін білімдар ғалым, қаламгер. Оның әдебиет зерттеушілігі, тарихшылдығы, көсемсөзшілігі бірімен бірі кірігіп жатқан бірлікте, ажыратуға келмейтін тұтастықта көрініс табады. Шығармашылығын әдебиет зерттеушілігінен бастаған М.Мағауин кейінде де бірыңғай жазушылықпен айналысып, көркем шығарма жазуға ден қойды. Тұңғыш әңгімесі «Кешқұрым» 1964 жылы «Жұлдыз» журналына басылған. Қаламгердің «Ақша қар», «Бір атаның балалары», «Қияндағы қыстау», «Көк кептер» әңгіме повесті жинақтары мен «Көк мұнар», «Шақан шері» романдары, «Аласапыран» атты тарихи дилогиясы басылып шықты. Әртүрлі тақырыпқа жазылған бұл шығармалардың қай-қайсысы да кезінде әдеби ортаның назарын өзіне ерекше аударып, оқырмандарын қатты сүйсіндірген туындылар болды. Оның «Ұлтсыздану ұраны» кітабы бүгінгі мемлекеттің мәселені көтерсе, «Қобыз сарыны», «Ғасырлар бедері» атты зерттеулері қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелерін қамтиды. Ал «Қазақ тарихының әліппесі» еңбегі ұлт тарихының ұзын-ырғасын әсерлі баяндайды.

МҰХТАР ШАХАНОВ

(1942 жылы туған)

Қазақтың тілі мен ділі, ұлттық қалып-қасиеті жайлы, адамгершілік ізгіліктер жайлы танбай жазып келе жатқан ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов үлкеннің де, кішінің де сүйіктісіне айналғаны белгілі. Болашақ ақынның алғашқы өлеңі «Сырдария» (1959) деп аталады. 1966 жылы М.Шахановтың тұңғыш өлеңдер жинағы «Бақыт» деген атпен жарық көрді. 1968 жылы махаббат, достық тақырыбындағы, адамгершілік абзал қасиеттерді жырлаған «Балладалар», «Ай туып келеді» атты өлең жинақтары жарық көрді. «Қырандар төбеге, қонбайды», «Ғашықтық», «Махаббатты қорғау» «Ғасырларды безбендеу» және т.б. кітаптары бар.



М.Шаханов поэмаларының тақырыптары сан алуан. «Танакөз» шынайы достық, адал махаббат, қайырымдылықты дәріптесе, «Сейхундария» Сырдария туралы көне аңыздардың желісіне құрылған, «Күретамырды іздеу» жастық шақты жырласа, «Сенім патшалығы» көне дәуір мен бүгінгі өмір адамдарын шендестіре суреттеп, философиялық ой түйеді. Мұхтар Шаханов XX ғасырдың екінші жартысындағы және XXI ғасырдағы шығармалары ең көп оқылатын, өлеңдері мен поэмалары көптеген шетел тілдеріне аударылған аса танымал ақындарымыздың бірі.

М.Шаханов – қазақ руханиятының, тіліміздің үлкен жанашыры, ұлт қайраткері.





ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ

(1946 жылы туған)




Жас кезінен алдына қалайда ұшқыш болуды мақсат етіп қойған арманшыл жандардың бірі Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысының Бірінші Май ауылында туған. Балаң жігіт, ең алдымен, бос уақытында аэроклуб үйірмесіне қатысып, парашюттен секіруге әуестенді. Осылай асыл арман аясында жүріп ол орта мектепті бітірген соң, Армавирдегі ұшқыштар училищесіне оқуға түсті.

Инженер-ұшқыш атағымен училищені бітірген Тоқтар Қиыр Шығыста жұмыс істеп жүріп, 1-класты

әскери ұшқыш атағын иеленді. Өз ісін жетік меңгерген маман ретінде ол аса жауапты да қиын жұмыстар атқарды. Түрлі маркадағы бірнеше әскери ұшақты сынақтан өткізді. Албырт жастың әлі де алдына қойған мақсаттары көп еді, ақыры ол өз арманына жетті. 1986 жылы «Тбилиси» авиакрейсеріне «МИГ-29К» дыбыстан жылдам ұшатын ұшағын қондырып алып, сол кемемен әлемде тұңғыш рет трамплиннен ұшып шықты. Осы батырлығы үшін Т.Әубәкіровтің есімі Гинестің рекордтар кітабына жазылды.

Тоқтар 50-ден астам жаңа ұшақтарды сынақтан өткізді. Осында өміріне аса қауіпті сынақтарды жүзеге асырғаны үшін ер жүрек жігітке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Өз өміріндегі ең бір шуақты сәт жайлы Тоқтар былай деп әңгімелейді: «Ол кезде ғарышқа тек Тоқтар Әубәкіров емес, бүкіл қазақ баласы ұшып бара жатты. Сонда мен рапортты басқа тілде беруім керек пе? Рас, ол уақытта мен қазақ тілін жете білмейтін едім. Себебі 30 жыл ғұмырым орыстар арасында өтті. Сонда да тілімді бұрап: «Мен қазақпын! Мен ұшуға дайынмын! Қазақ халқы үшін!» - дедім. «Кемеңіз от алып, жерден көтеріліп бара жатқанда қандай сезімде болдыңыз?» - дейсің. Жалпы, ғарышкерлердің арасында жазылмаған мынадай заң бар. Ғарыш кемесі көтерілер сәтте «поехали» деп айту керек. Ол сөз Ю.Гагариннен қалған. Бірақ мен осы дәстүрді бұзып: «Халқым, сен үшін отқа да, суға да түсуге дайынмын!» - дедім. Қазақша айттым, ол сөздерім таспада бар».



ATATEK

АТАТЕК

Әрқайсысымыз тұтас бір ұлттың өкілі болғанымыз сияқты, бір әулеттің, атаның да ұрпағымыз. Қазақ халқының өзіндік ерекшеліктерінің бірі — оның рулық жүйесінің болуында. Дегенмен, қазақ біртұтас, ажырамас, бөлінбес ұлт. Ол жөнінде көрнекті қаламгер, қазақ тарихының білгірі Мұхтар Мағауин: «Бүгінгі қазақ — мың жылдан бері біртұтас халық. Беріден сызғанда жеті-сегіз ғасыр. Жошы ұлысы — Алтын Орданың рулық құрамына қараңыз. Түгел өзіміз. Қазақ Ордасы тұсында Алаш ұранымен біржола ұйысыппыз. Үш Жүз немесе Үш Алаш — этникалық емес, әкімшілік, аймақтық бөлініс болатын. Жүздер, ішінара алғанның өзінде де, басқадан етене, жақынырақ, туыстық жөнімен емес, жер ыңғайы бойынша жіктеледі» дейді.





ШЕЖІРЕ

Шежіре арқылы біз халықтың этникалық құрылымы, шығу тегі, таралуы, тұтастығы жөнінде мол мағлұмат аламыз. «Шежіре» сөзі «сақтау», «ағаштың бұтағы» деген ұғымдарды білдіреді. Шежірешілдік көшпелі қоғам туғызған қажеттілік және көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-санасының негізінде туған. Ел арасында өмір тарихын өте жақсы білген «шежіре адамдар» болған. Олар қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын, әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, небір аңыз-эпсана, жырларды жадында сақтаған. Қазақ тарихын зерттеуші ғалымдар негізгі дерек көзін шежіреден алады. Шежіренің ішінде аңыз бен шындық та, ертегі мен эпсана да, өнер мен ғылым да бар. Осы жағынан алғанда дәстүрлі қазақ мәдениеті мен шежірені біртұтас қарастырамыз. Қазақтар өз бастауын Алаша ханнан алады. Алаша ханға байланысты айтылатын шежірелердің орны бөлек. Өз мемлекеттілігін танығысы келген халықтың осы Алаша ханға байланысты аңыздарға жүгінгені жөн. Кейінгі орта ғасырлардағы тарихи оқиғаларды, халықтың басынан өткен айшықты кезеңдерді Рашид ад-Дин, Әбілғазы Баһадүр, Өтеміс қажы, Мұхамед Хайдар еңбектерінен көруге болады. Қазақ елінің тарихын толықтыра түсетін бір дерек Махмуд Абдоллах пен Уәлидің «Зубдат ал-асрары» деген еңбегі. Мұнда қазақтардың орта ғасырлардағы көрші елдермен саяси қарым-қатынасы баяндалады. Бертін келе XIX ғасырдың соңында Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген кітабы, Ә.Бөкейхан сөзімен айтсақ, «қазақ шежіресінің тұңғышы» болды. Мұнда Шәкәрім халықтың өткен тарихын баяндаған. Халық ауыз әдебиетін жинауда М.Ж.Көпеевтің де еңбегі зор. С.Мұқанов «М.Ж. Көпеев шежіресінің өзге шежірелерден ерекшелігі, ол әрбір аталарды баяндағанда, сол аталардың тұсында болған оқиғалар туралы ел аузында қалған ертегі-аңыздарды қоса айтады» деп жазады. Жарық көрген құнды шежірелердің бірі – Құрбанғали Халидтің «Тауарих Хамсасы». Шағатай тілінде жазылған бұл туындыда қазақ елінің тарихы, әдет-ғұрпы, «қазақ» этнонимінің шығу тарихы, рулар жөнінде тың деректер кездеседі.

Қазақ шежіресінің өскелең ұрпақты ұлтын ұлықтауға тәрбиелеуді үлкен мәні бар.

ЖҮЗ



Қазақ елі үш жүз бола отырып, елдің тәуелсіздігін, қазақ жерінің тұтастығын сақтап отырған. Ал осы «жүз» деген ұғым, осы сөз қайдан пайда болған деген сұраққа келсек, оның жауабын, әрине тарихи деректерден іздейміз.

1456 жылы Қазақ хандығы құрылып, көрші елдерге таныла бастайды. Алтын Орда, Ақ Орда, Дешті қыпшақ, Керей хандығы т.б. мемлекеттердің ұйытқысы болған туысқан тайпалардың көпшілігі Қазақ хандығының туы астына топтасты және оның аумағы кеңейді. Қазақ хандығына сол қазіргі Қазақстан аумағы түгел қарап, қазақ тайпалары мен қырғыз, қарақалпақтар т.б. топтасып, 1560-1580 жылдарда Ақназар ханның қол астына кірді. «Жүз» ұғымы осы кезде пайда болды деушілер бар. Ал кейбір зерттеушілер «жүз» ұғымы бұған дейін пайда болып, Қазақ хандығы сол бөліністі сақтап қалды дейді. Қалай болғанда да, «Жүз» деп аталатын әкімшілік-аймақтық құрылым кең байтақ аймақты басқарудың және жаудан қорғаныс ұйымдастырудың тиімді жолы болып қалыптасқан.

Ата қонысы, шаруашылығы, туыстық қарым-қатынастары бір-біріне жақын тайпалар мен рулар Жүздік бөліністі құрады. Тәуке хан билік құрған кезеңде (1680-1715) хандықтың Жүздік құрылымы күшейіп, жергілікті билік пен орталық биліктің арақатынасы нақты айқындалды.

Қазақ халқы, негізінен, үш жүзден және рулар мен ұлыстардан тұрады. Үш жүздің ұраны – «Алаш». Ұлы жүзге қаңлы, сары үйсін, жалайыр, албан, суан, дулат, шапырашты, сіргелі, ысты, ошақты, шанышқылы тайпалары енеді. Олар Жетісу жерінде, Талас, Шу, Сырдария, Іле өзендерінің алқаптарында қоныстанған және б.з.д. Үйсін ордасынан бері бір-бірінен ажырамаған. Сондықтан да «Ұлы жүз – Үйсіндер» деген ұғым халықтың жадында берік орныққан.

Ал Орта жүзге арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, қыпшақ тайпалары енеді. Олар, негізінен, Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстан, тіпті Оңтүстік Қазақстанның Сырдария өзенінің тұсын мекендеген. Жүздердің ішіндегі жері кең және арғын тайпасы көп болғандықтан, бұл жүз «Орта жүз – арғындар» деп аталып кеткен.

Кіші жүзге байұлы (12 ата), әлімұлы (6 ата), жетіру (7 ата бірлестігі) кіреді. Олар Батыс Қазақстан өңірін, Еділ, Жайық, Торғай, Тобыл, өзендерінің

атырабын, Маңғыстауды, Каспий, Арал теңізі жағалауларын, Сырдария өзенінің төменгі ағысын мекендеген. Ел аузында оларды Алшыннан тараған деп айтатындықтан, «Кіші жүз – Алшын» деген ұғым қалыптасқан.

Қазақ хандығының аймақтық тұрғыдан үш жүзге бөлінуі халықтың ынтымақтастығы мен біртұтастығын, қауіпсіздігін сақтаған.

ІРГЕЛІ ҮШ ЖҮЗ ҚҰРАМЫ

Қазақ халқы негізінен іргелі үш жүз, оның сыртында рулар мен ұлыстардан тұрады. Бұларды шежіре бойынша ата жолымен, ұран, таңбаларымен көрсеткенде былайша таратылады:

Ұлы жүз – Ақарыс, таңбасы - Ω (нәл), ұраны – «Бақтияр».

Орта жүз – Жанарыс, таңбасы – П (босаға), ұраны – «Ақжол».

Кіші жүз – Бекарыс, таңбасы - $\uparrow$ (жебе), ұраны – «Алдияр».

Үш жүздің ұраны – «Алаш».

ҰЛЫ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫ:

Қаңлы – ұраны – «Бәйтерек», таңбасы – шылбыр, көсеу.

Қатаған (Шанышқылы) – ұраны – «Айрылмас», таңбасы – қолтаңба.

Жалайыр – ұраны – «Қабылан», «Бақтияр», таңбасы – тарақ.

Сіргелі – ұраны – «Тоғанас», таңбасы – сірге.

Шақшам – ұраны – «Қабылан», таңбасы – жебе.

Сарыүйсін – ұраны – «Байтоқ», таңбасы – абақ, ашамай.

Шапырашты – ұраны – (Қарасай), таңбасы – ай, тұмар.

Ысты – ұраны – «Жауатар», таңбасы – көсеу, шылбыр.

Ошақты – ұраны – «Бақтияр», таңбасы – тұмар.

Албан – ұраны – «Райымбек», таңбасы – абақ.

Суан – ұраны – «Байсуан», таңбасы – дөңгелек.

Дулат – ұраны – «Бақтияр», таңбасы – дөңгелек.

ОРТА ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫ:

Арғын – ұраны – «Ақжол», таңбасы – көз.

Қыпшақ – ұраны – «Ойбас», таңбасы – қос әліп.

Найман – ұраны – «Қаптағай», таңбасы – бақан, босаға, шөміш.

Қоңырат – ұраны – «Алатау», «Мүлкаман», таңбасы – босаға.

Керей – ұраны – «Ошыбай», таңбасы – ашамай.
 Уақ – ұраны – «Жаубасар», таңбасы – бақан, ашамай.

КІШІ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫ:

Бұлар үш атадан тұрады:

1. Әлімұлы.

2. Байұлы.

3. Жетіру

Әлімұлының таралуы:

Кете – ұраны – «Майлыбай».

Қаракесек – ұраны – «Бақтыбай», «Айыртау».

Шөмекей – ұраны – «Дөйт».

Қарасақал – ұраны – «Бақтыбай».

Төртқара – ұраны – «Майлыбай».

Шекті – ұраны – «Дөйт».

Байұлының таралуы:

Шеркеш – ұраны – «Шағырай», таңбасы – бақан.

Ысық – ұраны – «Бәйтерек».

Масқар – ұраны – «Каратай».

Алтыбас – ұраны – «Байбарақ», таңбасы – бақан.

Тана – ұраны – «Тана», таңбасы - әліп, көсеу.

Байбақты – ұраны – «Дәуқара».

Қызылқұрт – ұраны – «Жиенбай».

Таз – ұраны – «Төремұрат», «Бақай», таңбасы – қамшы.

Беріш – ұраны – «Ағатай».

Адай – ұраны – «Бекет», таңбасы – садақ.

Есентемір – ұраны – «Алдоңғар», таңбасы – бақан.

Алтын-Жаппас – ұраны – «Баймұрат», таңбасы – түйемойын (ою).

Жетірудың таралуы:

Төлеу – ұраны – «Арғымақ», таңбасы – балға, шылбыр.

Рамадан – ұраны – «Дулат», «Қайғұлым», таңбасы – шөміш.

Тама – ұраны – «Қарабура», таңбасы – көсеу, әліп, тарақ.

Кердері – ұраны – «Қожахмет», таңбасы – тостаған.

Керейіт – ұраны – «Ақсақал», таңбасы – шылбыр, қылыш.

Табын – ұраны – «Тостаған», таңбасы – тарақ, көсеу, шөміш.

Жағалбайлы – ұраны – «Малатау», таңбасы – балта.

Жүзге кірмейтін қазақ рулары:

Төре – ұраны – «Абылай», «Шайбақ», таңбасы – арқар.

Қожа – ұраны – «Қожа Ахмет», таңбасы – әліп.

Сунақ – ұраны – «Әбілғазы» (Сунақ ата), таңбасы – қалам.

Төлеңгіт – ұраны – «Орақ», таңбасы – көсеу.

ҚАРҒА ТАМЫРЛЫ ҚАЗАҚ

АДАМНЫҢ ЖАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АТАУЛАР

- 1 жасқа дейін – шақалақ, нәресте
- 1 жастан 2 жасқа дейін қыз бала – бөпе, ұл бала – бөбек
- 2 жастан 3 жасқа дейін – бүлдіршін
- 3 жастан 5 жасқа дейін – балдырған
- 6 жастан 7 жасқа дейін – сәби
- 8 жастан 12 жасқа дейін – ойын баласы
- 13 жастан 15 жасқа дейін – ересек бала
- 16 жастан 19 жасқа дейін – бозбала
- 20 мен 30 жас аралығы – жас жігіт
- 30 бен 40 жас аралығы – дүр жігіт
- 40 пен 50 жас аралығы – ер түлегі
- 50 мен 60 жас аралығы – жігіт ағасы
- 70 пен 80 жас аралығы – ақсақал
- 80 жастан жоғары – шал, қарт, қария

МҮШЕЛ ЖАС

- 1-мүшел – 13 жас (ер жете бастау)
- 2-мүшел – 25 жас (жігіттік жас)
- 3-мүшел – 37 жас (ақыл тоқтау)
- 4-мүшел – 49 жас (орта жас)
- 5-мүшел – 61 жас (орта жас)
- 6-мүшел – 73 жас (қарттық)
- 7-мүшел – 85 жас (кәрілік)
- 8-мүшел – 97 жас (қалжырау)
- 9-мүшел – 109 жас (шөпшек сүю)
- 10-мүшел – 121 жас (немене сүю)

ЕР АДАМНЫҢ ӨЗ ЖҰРТЫНЫҢ АТАУЛАРЫ

Ата – әкенің әкесі, бергі ата
 Арғы ата – атаның әкесі
 Әже – әкенің шешесі, үлкен әже
 Әке – өзінің туған әкесі
 Апа – өзінің туған шешесі (анасы)
 Әпке – өзінен жасы үлкен қыз (әйел)
 Қарындас – өзінен жолы кіші қыз (әйел)
 Аға – өзінен үлкен ұл бала
 Іні – өзінен кейінгі ұл бала
 Ағайын – бауырлас, аталас адамдар
 Баба – арғы ата, үлкен ата
 Жеңге – ағаның әйелі
 Келін – інінің әйелі
 Жиен – күйеуге шыққан әпкеден не қарындастан туған бала
 Жиеншар – жиеннен туған бала
 Жезде – әкесінің күйеуі
 Күйеу – қарындасының күйеуі
 Немере – ата-ананың ұлынан туған баласы
 Шөбере – немереден туған бала
 Шөпшек – шөбереден туған бала
 Немене – шөпшектен туған бала
 Туажат – неменеден туған бала
 Жүрежат – туажаттан туған бала
 Жегжат – жүрежаттан туған бала

ЕР АДАМНЫҢ НАҒАШЫ ЖҰРТЫНЫҢ АТАУЛАРЫ

Нағашы ата – шешенің әкесі
 Нағашы әже – шешенің шешесі
 Нағашы аға – шешенің аға-інілері
 Нағашы апа – шешенің апа-сіңлілері
 Нағашы іні – шешенің бауырларынан туған жасы кіші бала
 Нағашы қарындас – шешенің бауырларынан туған жасы кіші қыз
 Нағашы жеңге – шешенің әпке-сіңлілері күйеуі
 Бөле – шешенің әпкесі не сіңлісінің ұл-қыздары

ЕР АДАМНЫҢ ҚАЙЫН ЖҰРТЫНЫҢ АТАУЛАРЫ

Қайын ата – әйелінің әкесі

Қайын ене – әйелінің шешесі

Қайын аға – әйелінің ағасы

Қайын бике – әйелінің әпкесі

Қайын іні – әйелінің інісі

Балдыз – әйелінің сіңлісі

Бажа – әйелінің әпкесінің не сіңлісінің күйеуі

ӘЙЕЛ АДАМНЫҢ ҚАЙЫН ЖҰРТЫНЫҢ АТАУЛАРЫ

Қайын ата – күйеуінің атасы

Қайын ене – күйеуінің шешесі

Қайын аға – күйеуінің ағасы (жақын ағалары)

Қайын бике – күйеуінің әпкесі (жақын әпкелері)

Қайын іні – күйеуінің інісі (жақын інілері)

Қайын сіңлі – күйеуінің қарындасы (жақын қарындастары)

Абысын – қайын ағасының әйелі

Ажын – қайын інісінің әйелі

Жезде – қайын бикесінің күйеуі

Күйеу – күйеуінің қарындасының жұбайы



ҰЛТ ЖАРШЫСЫ



ҰЛТ ЖАРШЫСЫ

Ұлтты ұйыстыратын, халықты бірлестіретін себептер көп. Олар: туысқандық, бауырластық, тіл бірлігі, дін бірлігі, атанекен, тарих, салт-дәстүрлер, мәдениет, әдебиет т.с.с. Халықты тұтастыратын осындай құбылыстар мен мұраттар барша ұлт баласына жетуі үшін оған, бүгінгі тілмен айтқанда, ақпарат құралдары қажет. Осыны түсінген Алаш зиялылары XX ғасыр басында ұлттық мұқдедегі газет-журналдарды дүниеге келтірді. «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті осындай ұлттық мұқдеден туған басылымдар. Тәуелсіздік алған уақыттан бері қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдарының саны едәуір артқандығы, олардағы елшілік мазмұн ұлтымыздың өзекті мәселелерін халыққа жеткізуге мүмкіндіктің артқандығын аңғартады. Әсіресе, қазақ жастары осы басылымдарды көбірек оқыса, тарихын, мәдениетін, жалпы алғанда, туған халқын тереңірек түсінері, біле түсері ақиқат.





«АЙҚАП» ЖУРНАЛЫ

«Айқап» журналы XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ұлты үшін атқарған ұлы еңбектерінің куәсі. Журнал 1911 жылдың қаңтары мен 1915 жылдың қыркүйегі аралығында Троицк қаласынан кейде айына бір рет, кейде екі рет шығып тұрған қазақтың алғашқы қоғамдық саяси және әдеби-мәдени журналы. Редакторы – көрнекті көсемсөзші, ақын, зерттеуші Мұхамеджан Сералин. Журналды шығару ісіне татар ұлтының зиялылары біршама қаржылай-рухани көмек көрсеткен. Басылымның 88 саны жарық көрген. Журналда А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғырұлы, Б.Өтетілеуұлы, С.Дөнентайұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ә.Ғалимұлы т.б. қалам қайраткерлерінің еңбектері жарияланған. «Айқап» ұлт тарихы мен мәдениеті тақырыбын да біршама зерделеген. Қалайда журнал XX ғасыр басында қазақтың саяси, мәдени деңгейінің өсуіне айрықша ықпал еткен. Басылым атына келсек, қазақтың «әй, қап!» деген өкінішкі толы сөзінен туған. Яғни, мақсаты – өкініштің орнын толтыру болған. Ал «Айқапқа» айдын әрі пана Троицкі Қостанай-Торғайға жақын, әрі сол кезде бұл өңір тұтасымен Орынборға қараған еді. Соңғысының кейін астана болып кетуінің де сыры осында. Қазіргі кезде «Айқап» бетінде жарық көрген материалдар сол кезеңнің даму ерекшелігін, ұлт мәселелерін тануда үлкен деректік мәнге ие болып отыр.



«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ



«Қазақ» газеті – 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым. XX ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының үні болған бұл тарихи газет сол тұстағы қазақ баласының ойын, ұлттық өресін тәрбиеледі. Ұлт-азаттық қозғалыстың басты басылымы болған «Қазақ» газеті Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бастаған ұлы шоғырдың ұлт алдындағы орасан еңбектерін халыққа таныта отырып, әлеуметтік- саяси жағынан сауаттануына, ұлттық намысының оянуына, тұтас ел болып ұйысуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Бұл газет көтерген идеялар халқымызды біріктіріп, тәуелсіздікке ұмтылуына қуат берді. «Алаш» партиясының, автономиясының үні болған газет халқымыздың күрес жолындағы айғақтарына толы басылым. Бірінші саны 1913 жылғы 2 ақпанда шыққан. 1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін екі рет шығып тұрған. Бастырушысы – «Азамат» серіктестігі. Газетке қаржылай көмектескендердің көшбасында Мұстафа Оразайұлы бар. Жалпы 265 нөмірі жарық көрген. Газет рәміздік-бейне ретінде киіз үйді ұсынды. Бұл – «қазақ ұлты» деген ұғымды берді. Оның түндігі батыстан ашылып, есігіне «Қазақ» деп жазылды. Мұны түсіндірген ұлт зиялылары «қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын» деп жазды. «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы – А.Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болды. 1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды. Басылымда А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Тынышбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, Р.Мәрсеков, Ж.Тілеулин, Ғ.Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х.Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров, А.Мәметов, Х.Досмұхамедұлы, С.Дөнентайұлы т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды. XX ғасыр басында аталған газет оқығандардың, діндарлардың, шәкірттердің, қарапайым сауаты бар адамдардың, тұтастай жалпы ұлттың ықыласпен оқитын басылымына айналды. Бұдан кейін пайда болған барша елшіл газет-журналдар осы «Қазақтың» шекпенінен шықты. «Қазақ» газеті бетінде жарық көрген материалдар ұлт-азаттық қозғалысын зерттеуге, оның тұлғаларының өмірбаянын толықтыруға, «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің тарихын тануға мол дерек береді.



«САРЫАРҚА» ГАЗЕТІ

XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысы бірқатар қазақ басылымдарын дүниеге келтіргенін белгілі. Ұлттың бостандығы мен теңдік жолындағы күрестен туған басылымның бірі - «Сарыарқа» газеті. Бұл газет Семей қаласында 1917 жылдың маусым айынан бастап 1919 жылдың ортасына дейін шыққан азатшыл, елшіл бағыттағы басылым. Жауапты таратушылары – Халел Ғаббасов пен Райымжан Мәрсековтер болған. Бастырушысы – «Теңдік» серіктігі. Смағұл Сәдуақасұлы бұл газетті «Алаш» партиясы Орталық комитетінің органы» деп жазады. Газетте Халел Ғаббасов, Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсеков, Биахмет Сәрсенұлы, Имам Әлімбекұлы, Мәннән Тұрғанбайұлы, Мұстақып Малдыбаев, Ғұмар Қараш, Сәбит Дөнентайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Тұрағұл Құнанбаев, Бейімбет Майлин және тағы да басқа авторлардың мақалалары жарияланып тұрған. Бұл басылымда Алаш қозғалысының аса серпінді тұстарының жай-жапсары, Алашорда, «Алаш» партиясының маңызды құжаттары, іргелі елшілдік идеялар көрініс тапқан.



«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІ




Бұл республикалық қоғамдық-саяси газет бір ғасырға жуық уақыт бойы Қазақстанда болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтардың жаршысы болып келеді. Газет әуелде 1917 жылы желтоқсан айында «Ұшқын» деген атпен жарық көрген, бұдан соң «Еңбек туы» (1920), «Еңбекшіл қазақ» (1921-1925), «Еңбекші қазақ» (1925-1932), «Социалды Қазақстан» (1932-1937), «Социалистік Қазақстан» (1937-1991), «Егеменді Қазақстан» (1991-1993) деген атаулармен шығып тұрды. Ол алғаш Орынборда, кейінірек Алматыда, қазір Астанада жарық көреді. Газетке редакторлық еткендердің ішінде Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Б.Майлин, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев сияқты көрнекті тұлғалар бар. Егемендік алғалы бері газет еліміздің тәуелсіздігін баянды етуге, тарихи кезеңдер мен тұлғаларды тануға елеулі үлес қосып келеді.





«ЖАС АЛАШ» ГАЗЕТІ

Еліміздегі жастарға арналған ең байырғы, беделді республикалық басылым. Алғашқы саны 1921 жылы наурыз айында Ташкентте жарық көрді. Тұңғыш редакторы – Ғани Мұратбаев. Газет 1927 жылдан «Лениншіл жас» деген атпен шыға бастады. Бұл басылым қазақ жастары дүниетанымының қалыптасуына, ұйымдасуына көп еңбек сіңірді. Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болған соң еліміздегі саяси-әлеуметтік мәселелер жөнінде көптеген бастамалар көтерді. «Жас алаш» қашанда өзінің өткірлігімен батылдығымен елімізде демократиялық үрдістердің қалыптасуына ықпал етіп келеді. Ол жастарымыздың ұлттық дүниетанымын, ұлттық намысын, ұлттық рухын қалыптастыру мен шыңдауға мазмұнды материалдарымен іргелі үлес қосуда. Газеттің «Студент», «Руханият», «Алдаспан», «Мыңназ бір мезет», «Ақ отау» сияқты қосымшаларында қазақ жастарының өмірінде өзекті мәселелер жөнінде толғамды мақалалар, сұхбаттар ұсынылып жүр.



«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ГАЗЕТІ



Қазақ әдебиетінің дамуына, жалпы қазақ мәдениетінің насихатталуына үлес қосқан бұл апталық басылым 1934 жылдың қаңтар айынан бастап шығады. Алғашқы редакторы – Б.Майлин. Газетте І.Жансүгіровтің, Б.Майлинның, С.Сейфуллинның, М.Әуезовтің, С.Мұқановтың классикалық туындылары жарық көрген. Газет арқылы қазақ оқырманы әдеби, мәдени, тарихи танымдық материалдармен кеңінен таныса алды. Атап айтқанда, газет беттерінде қазақ ақын-жазушыларының өлең, жыр, дастандары, әңгіме, очерктері, роман, повестерінен үзінділер, байырғы мәдени қазынамыздың ел аузында жүрген асыл үлгілері, көне тарихымызға қатысты деректер мен археологиялық-этнографиялық мұралар, қазақ әдебиетінің өткені мен бүгіні және келешегі жайлы байыпты әдеби-сын мақалалар, елдік елеулі мәселелер – қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени оқиғалар жөнінде публицистік өткір ой-толғаулар, дүние жүзі классиктерінің үздік туындыларынан аудармалар жарияланады. Сонымен бірге оқу-ағарту, білім, ғылым саласындағы әр алуан көкейкесті мәселелерді сөз етеді. Кино, театр, сымбат, қол өнерінің келелі тақырыптарын кеңінен толғап, белгілі әдебиет, өнер қайраткерлерімен сұхбат жүргізіп, олардың жаңа шығармашылық туындыларын оқырмандарға таныстырып отырады.

Еліміз егемендік алған уақыттан бері қарай бұл басылым ұлтымызды ұйыстырар басты баспасөз құралдарының біріне айналып отыр.






«АНА ТІЛІ» ГАЗЕТІ

1990 жылдың 22 наурызынан жарық көріп келе жатқан апталық газет. Алғаш редакторы – Ж.Бейсенбайұлы. Газеттің негізгі мақсаты – қазақ тілінің жай-күйі мәселелерін көтеру, тіліміздің мемлекеттік мәртебесін орнықтыруға атсалысу және елтану, тілтану тақырыптарына арналған материалдар жариялау. Алғашқы шыққан сандарынан бастап «Ана тілі» газеті нағыз ұлттық бағытты ұстанды. Онда тіл мәселесінің қоғамдағы орны мен рөлі жөнінде, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту туралы өткір бастамалар көтерілді. Сондай-ақ Алаш зиялыларының өмірі мен еңбектері жайында, әдебиет, мәдениет, тіл саласындағы тұлғалардың шығармашылығы хақында өзекті материалдар ұсынып келеді.



АТАМЕКЕН



АТАМЕКЕН

Атамекен - әркімге қымбат жер, қасиетті қоныс. «Ата» сөзімен қосылып, әуелде «ата қоныс» ұғымында қолданылған. Кейін келе мәні кеңейіп, «ата-бабалар ғұмыр кешкен, олардың өз ұрпақтарына мәңгілікке қалдырған иелігі, ең қымбат мұрасы» деген ұғымды білдіретін атау ретінде орныққан. «Ата» сөзі тіркескен «мекен» сөзі қасиетті ұғымға айналған. Атамекен жерді, мекенді осындай киелі рухқа теңеуден шыққан. Демек, ол – ұран тектес сөз. Атамекен көне замандарда ру, тайпа иелігіндегі белгілі-бір аймақ, өңір болса, бертін келе туған жер, Отан ұғымдарының баламасына айналған. Ол еліміздің, мемлекеттілігіміздің негізі. Аумалы-төкпелі заманда империялық отаршыл және кеңестік қызыл саясат салдарынан шетке ауып кеткен қандас бауырларымыз дүниенің әр түкпірінен Қазақстанның азаттық алуына орай өз атамекеніне қайтып оралуда.





АЛМАТЫ

«Үлкен Алматы» аймағын адамдар ерте кезден-ақ игерген. IX-ғасырларда мұнда отырықшы мекендер болған, олардың тұрғындары егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысқан. Қаланың сол жақ шетінде шағын мекенжайдан табылған қыш ыдыстардың Ферғанадан табылған ыдыстарға ұқсас болуы осы екі аймақ арасында қола дәуірінің өзінде мәдени байланыс болғанын дәлелдейді. Бұл байланыс кейініректе сақтар дәуірінде де жалғаса түсті. Ол кездерден «сақ патшалары» әулетінің аумақты оба-қорғандары бар. Қазіргі Алматының шығыс жағында үш қорғаннан тұратын бір топ ескерткіш сақталған. Есік қорғанынан табылған материалдар сақтардың белгілі адамдарын алтын киімдерімен, қару-жарақтарымен, асыл тастарымен қоса жерлегенін дәлелдейді. Сақтардың қасиетті орындарының бөлшектері көпке белгілі «Қарғалы диадемасы» Алматы маңындағы көшпелілердің идеологиясы жөнінде білуге көп мүмкіндік туғызады. Көне дәуірлерден жеткен осындай археологиялық олжалар Алматының тарихын едәуір ұзартып, оны Шығыстың көне қалаларының қатарына қояды.



XX ғасырда Алматы қазақ елінің басты саяси және мәдени, ғылыми орталығына айналды. 1929 жылдан 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болған Алматы төңірегіндегі табиғатпен, асқаралы Алатауымен үйлесім тауып, жарасым мен келісімге бөленіп, барша әлемдегі бау-бақшалы әсем де көрікті қалалардың қатарына қосылды.

Еліміздегі саны миллион тұрғыннан асқан бірден-бір қала, қазақ елінің тәуелсіздігі жарияланған, азаттығымыздың алтын бесігі Алматыда бірнеше ұлттық университеттер, қазақ ғылымының қара шаңырағы Ұлттық ғылым академиясы, ғылыми-зерттеу институттары, классикалық театрлар, әлемге әйгілі «Медеу» мұз айдыны, ұлттық кітапхана, Тәуелсіздік монументі, Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы, елшіліктер, халықаралық ұйымдар бар.

АЛТАЙ



Алтай - қазіргі Қазақстан, Моңғолия, Қытай және Ресей мемлекеттерінің шекаралық түйіскен өңіріндегі тау жүйесі және таулы аймақ атауы. Тау мен өңірдің біздің елімізге қарасты бөлігінде Шығыс Қазақстан облысы орналасқан. Ресейдің Алтай өлкесінде де, моңғол жерінде де, Қытайға



қарасты Алтай аймағында да басқа жұрттармен бірге қазақтар тұрады. Сондықтан Алтай төрт елде тұратын қазақтардың ортасындағы әлемдегі бірден-бір ерекше геозтникалық аймақ, Алтай – ертеде тұтастай түркі жұртының мекені болған өңір. Соның ішінде қазақтың да баба қонысы, атамекені. Сол себепті

де Алтайды қасиет тұтып, анамызға, алтын бесігімізге теңейміз.

Алтайды ертеде найман, керей, қаңлы, үйсін, жалайыр т.б. тайпалар мекендесе, одан беріде де қазіргі қазақ халқының құрамына енген көптеген ру-тайпалар қоныс еткен. Халқымыздың фольклорында, ауыз әдебиетінде, музыкасында, сондай-ақ көне тарихи жазбаларда Алтайдың ежелгі мекеніміз екендігі көп айтылады. Қазіргі кезде Алтайды мекендейтін Моңғолия, Қытай, Ресей қазақтарымен тығыз мәдени-рухани, ғылыми қоғамдық байланыстар орнатылған.

Алтай өңірі жалпы адамзат баласының ең көне қоныстарының бірі. Сондықтан да әлемдік ғылымда «Алтаистика» ілімі қалыптасқан. Сақ дәуірінің ескерткіші – «Алтайдың алтын адамының» табылуы соның куәсі. Ал оның Есіктен табылған бұрыннан белгілі әйгілі «Алтын адамға» ұқсауы ежелгі бабаларымыздың қоныстану ареалын байқатады.

Тілтану ғылымында Алтай сөзінің тегі көнеден келе жатқан түркілік алтан – алтын сөзінен сабақталады. Бұл оның ежелден кенге бай, жеріміздің, еліміздің алтын алқасы екендігін айғақтайды. «Алтай тілдері» деген ұғым бар. Бұл осы өңірді, жалпы шығыс халықтарының біразын тілдік тұрғыда біріктіретін жиынтық атау. Алтай тілдерінің үлкен бір тобы – түркі тілі болып табылады. Қазір бұған әзірбайжан, түрік, түркімен, гагауыз, қарайым, қарашай, балқар, құмық, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар, ноғай, тува, хакас, өзбек, ұйғыр, шор, шұбаш, жақұт, алтай, естек (башқұрт) тілдері жатады.



АРҚА

Арқа – Қазақстанның бүкіл орталық бөлігін алып жатқан аймақ, Солтүстікте Солтүстік Қазақстан жазығынан оңтүстікте Бетпақдала мен Балқаш көліне дейінгі аралықта орналасқан. Батыста Торғай үстіртінің тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік – шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, онан әрі Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді.

«Арқа» сөзі байырғы поэзияда, қазақтың ой-санасында «Атамекен» ұғымымен орайлас мағына береді. Осынау алып дала төсінде өмір сүрген ата-бабаларымыз Арқада небір тарихи оқиғалардың куәсі болған.



Арқа Алаш сөзі мен өнерінің құт мекені іспетті. Мұнда Ақтамберді, Бұқар сияқты ұлы жыраулар, Қаз дауысты Қазыбек, Ақтайлақ сияқты кемеңгер билер, дала төсін ән мен күйге бөлеген Біржан, Ақан, Тәттімбет сияқты өнерпаздар, Абай сияқты дала данышпаны, Әлихан, Ахмет, Міржақып секілді Алаш қайраткерлері, Жүсіпбек, Мағжан, Бейімбет секілді сөз зергерлері туып, шығармашылық етті.

Бұл құтты өңір, қасиетті мекеннің Шыңғыстау, Ерейментау, Баянауыл, Бурабай, Қарқаралы, Торғай, Ұлытау, Сырымбет сияқты өңірлер қазақ өркениетінің небір шежірелі тарихын жасады.

Арқа – жер шарындағы ең үлкен құрлық Еуразияның Азия бөлігіндегі ұлы Қазақ даласы. Сарыарқа, алтын жол талай аңыз – жыр, эпосқа арқау болған қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан құтты қонысы. Қазақстан Республикасының Елордасы Астана қаласы осы Сарыарқа төсіне орналасқан. Сарыарқа даласындағы ең ірі өзен – Есіл болса, ең ірі көл Қорғалжын ойысындағы – Теңіз көлі. Әлем таныған Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы және Қорғалжындағы қорықтар мен ұлттық табиғи саябақтар қазақ халқының мақтанышы.

БАЯНАУЫЛ



Еліміздің аса көркем, сонымен бірге ерекше тарихи өңірлерінің бірі – Баянауыл өңірі. Баянауыл атауы – Баянауыл тауынан бастау алады. Бұл – Сарыарқаның солтүстік-шығысында жатқан тау. Батыстан шығысқа 40-50 шақырымға, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай 20-25 шақырымға созы-



лып жатқан, биіктігі 600-1026 метр аралығындағы Жасыбай, Жанбақы, Торыайғыр, Жақсы Аула, Жаман Аула сілемдерінен тұрады. Тау шатқалдарындағы қазаншұңқырларда пайда болған Жасыбай, Сабындыкөл, Торыайғыр көлдері, табиғи үңгірлер, небір бейнелі жартастар, бұлақтар, бозтал, балқарағай, аққайыңды орман-

тоғайы керім көріністі, таза ауа, мөлдір сулы – жанға дауа табиғи орта құрайды.

Осындай көркем жерде Павлодар облысының Баянауыл ауданы, оның орталығы Баянауыл кенті орналасқан. Павлодар қаласынан 210 км Сабындыкөл жағасында тұр. Баянауыл өңірінен қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, ғылымына ірі үлес қосқан Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан және т.б. тұлғалар дүниеге келген.

Мұнда жиырмадан астам жадығаттық ескерткіштер, қола дәуірінен қалған оба-қорғандар, тастағы жазулар, таңбалар, үңгірлер бар. Өсімдіктері мен жануарлар әлемі де бай. Өсімдіктердің төрт жүзден астам түрі, аңқұстардың екі жүздей түрі мекендейді. Жасыбай көлінің жағасында демалыс орындары, Баянауыл саяхатшылар тұрағы жұмыс істейді. Өңірде табиғат байлығымен қатар кен байлығы да бар.



БУРАБАЙ

Жер шоқтығы атанған көрікті Көкшетаудың ең бір әсем, жанға шипалы өңірі. Осы төңіректегі атаулар Бурабай көлінің даңқымен көпке танымал болған. Бурабай көлі – емдік қасиетімен әрі әсем табиғатымен ерекшеленеді. Көл – теңіз деңгейінен 320,6 м биіктікте. Қыратта, тектоникалық ойыста табиғи тұрғыда пайда болған бұл көлдің ұзындығы 4,5 км, ені 3,9 км. Едәуір терең – орташа алғанда 4,5 метрден, ең тереңі – 7 метрге дейін барады. Суы таза, тұщы, жұмсақ, тұнықтығы сондай – түбі және ондағы жәндіктер анық көрінеді. Ешқайда қосылмайтын тұйық көл болғанымен, ақторта, алабұға, сазан, табан, шортан балықтар өседі.

Қарағайлы, қайыңды орман, Көкшенің шоқылары, аңыз болған Жұмбақтас, біріне-бірі жақын жатқан Көкшетаудың сексен көлінің бір үзікті тізбегі – Шортанды, Үлкен шабақты, Кіші шабақты, Қотыркөл, Жөкей, Бурабай болып, тұтастай осы өңірге ерекше сипат береді. Мұнда дүниенің көп еліне аты мәлім Бурабай, Оқжетпес демалыс және сауықтыру орындары бар.

Бурабай демалыс орны тұрғысында 1810 жылдан мәлім бола бастаған. 1910 жылы қымызбен емдеу – сауықтыру орны ашылған. 1920 жылдан мемлекеттік маңызы бар демалыс орнына айналған. Тәуелсіз ел болғалы іргесіне Астана келгелі Бурабай көлінің, мұндағы демалыс орындарының маңызы бұрынғыдан да арта түскен. Жақсы жол салынып, демалыс үйлері жақсартылып, қызмет көрсету жағдайы жақсартылған.

Бурабай көлі – географиялық атау болса, мұндағы сауықтыру орны Бурабай курорты деп аталады. Мекеннің тұрған жері – Ақмола облысына қарасты Шортанды қаласынан 20 шақырымдай қашықтықтағы Бурабай көлінің жағасында. Абылай алаңы, Оқжетпес, Бурабай кенті, Бурабай қорымы деп аталатын тарихи-мәдени орындар бар.



ЖЕТІСУ



Жетісу – тарихи географиялық аймақ. Солтүстікте Балқаш, солтүстік – шығысында Сасықкөл мен Алакөл, шығыста Жетісу (Жоңғар) Алатауы, оңтүстік және оңтүстік-батысында солтүстік Тянь-Шань жоталарымен шектеседі. Жетісу деп Іледен солтүстікке қарай созылған аймақты атаған,



оған Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу, өзендері енген. Біздің заманымыздан бұрын XVII-IV ғасырларда Жетісуды сақ тайпалармен мекендеген. Біздің заманымыздан бұрын III ғасырда Жетісудағы сақ тайпаларының одағын үйсін тайпаларының одағы алмастырды. Жетісу Түрік қағандығының құрамына енді. Жетісудың солтүстік-шығысындағы негізгі қалалар мен елді мекендер (Шелек, Қапал, Арасан, Лепсі т.б.) пайда болған. Сәулет өнерінің жоғары дәрежеде дамуының куәгерлері – Бабажы қатын кесенесі (X-XI ғасырлар)

мен Айша бибі кесенесі (X-XII ғасырлар), т.б. Жетісуда Дешті Қыпшақтан келген тайпалардың, сондай-ақ жергілікті қазақ тайпаларын саяси-этникалық жағынан біріктірудің орталығына айналды. Ал XV ғасырдың 60-жылдарының орта шені мен 70-жылдардың басында Жетісудың батыс бөлігінде Қазақ хандығы құрылды. Жетісу қазақ халқының байырғы атамекені ретінде біртұтас мемлекеттің мәдениеті дамыған, экономикасы қуатты аймағына айналды.

ҚАЗЫҒҰРТ

Қазығұрт - еліміздің аумағындағы аңыз-эпсаналарға толы, аты көпке мәлім тарихи орындардың бірі болып саналады. Алатаудың Талас жотасының оңтүстік-батыс сілемі. Халық әдебиетінде, тарихи-мәдени зерттеулерде «Қазығұрт тауы» деген атаумен белгілі. Шымкент қаласынан 35 шақырымдай жерде.

Ұзындығы – 20, ені – 10 шақырымдай аласа тау. Биіктігі 600 метрден 1768 метрге дейін көтеріледі. Оңтүстік беткейінде Келес өзені бар.

Жергілікті жұрт тау атын – Қазығұрт әулие деп кісі есімімен байланыстырады. Халқымыздың аңызында дүниені



топан су басқанда қазіргі тіршілік иелерінің тұқымын сақтап қалған Нұх пайғамбардың кемесі осы Қазығұртқа тоқтаған екен дейді. Тауда кеменің нышаны бар. Аңыз өлеңдегі:

Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол әулие болмаса неге қалған?!

Жетім қозы басында жатып қалып,

Шопан ата жануар сонан қалған -деген сөз исі қазаққа тараған. Аңыз төрт түліктің, жалпы жер бетіндегі тіршіліктің топан судан кейінгі қайта жандануын Қазығұртпен байланыстырады. Бұл туралы басқа жұрттарда да аңыздары бар. Ал бұл біздің қазақы төл аңызымыз. Әркімнің өз аңызы өзіне нанымды. Ал ғылым болса, әлі ізденісте.

Қазығұрт жері адамзат баласы үшін ертеден белгілі болған. Сондықтан да аңыздар өте ерте заманнан бері айтылып келеді. Қазіргі кезде Қазығұрт тауына кеменің алып сұлбасы қойылған.

ҚАРАТАУ



Қаратау – еліміздің ежелгі қоныстарының бірі. Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарының аумағында орналасқан бұл өңірде қазіргі қазақ халқының құрамына енген көптеген ру-тайпалар мекендеген. Сондықтан да «Қаратау» ұғымы - қазақ баласы үшін қасиетті де, киелі



атаулардың қатарынан орын алады. Қаратау жерінде ежелден бері көптеген тарихи оқиғалар болғаны белгілі. «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын әйгілі «Елім-ай» әнінің шыққан жері осы - Қаратау. Батырлар жыры, аңыз-әңгімелерде айтылатын «Қараспан тауы», «Қараспанды жауға алдырып», «Қараспанды жаудырып» дегендей сөздер тегі де осы өңірден.

Қаратау күй мектебі, Сүгірдің шертпе күйлері дамыған өңір. Моңғол және жоңғар, қалмақ шапқыншылықтарынан қорғану мақсатында салынған ерте заманғы «Қаратау қамалдары» деп аталатын бекініс орындарының қырық шақты ескерткіші бар. Бұған Қарақ, Қатынқамал, Қызтөккен, Әбзел, Бабай, Қарасуан, Суындық тәрізді орындар жатады. Бұлардың кейбіреулерін «Мықтың үйі» деседі. Мық – қалмақ қолбасыларының атауы деген мағлұматтар кездеседі. Өте көне дәуірлерден қалған «Қаратау таңбалы тастары» бұл өлкеде ерте мәдениеттің қонысы болғандығын аңғартады.

Географиялық жағынан алғанда, Қаратау Тянь-Шанның сілемі болып саналатын таулы жота. Ол Талас Алатауының батысымен ұштасып, солтүстік батысқа қарай 420 километрге созылады. Бірте-бірте аласара түсіп, Сарысу мен Шу өзендерінің атырабына барып аяқталады. Таудың ені кей тұстарда 60-80 км-ге барады. Негізінен аласа, кәрі таудың ең биігі – Бессаз (2175 м). Оңтүстік-батысында Сырдария, солтүстік-шығысында Талас өзендері жанай ағады. Жаз айларында қар болмайды. Сондықтан да Қаратау атанған деседі. Қаратау – Кіші Қаратау, Үлкен Қаратау деп бөлінеді.

ҚАРҚАРАЛЫ

Қарқаралы – қазақ жеріндегі көне қоныстардың бірі, тарихи өңір. Ғылыми-жадығаттық зерттеу жұмыстары бұларда біздің заманымыздан бұрынғы 1 мың жылдықтың бас кезінде өмір сүрген адамдардың мал бағумен, егін шаруашылығымен, кен ісімен айналысқанын айғақтайды. Қарқаралыдан 2010 жылдың жазында табылған «Алтын адам» бұл өңірді мекендеген адамдардың мәдениеті жоғары болғандығын білдіреді. Ал Қарқаралы тас мүсіндері - VI-VIII ғасырлардағы Түрік қағанаты тұсынан қалған тас мүсіндер.

Қарқаралы қаласының бергі тарихына келсек, онда қаланың 1824 жылы бекініс ретінде салынғаны белгілі. Сол заманда Қарқаралы Орта Азия мен Қытайды Сібірге, яғни Ресейге баратын керуен жолының үстінде болғандықтан сауда орнына айналды. Өйткені Қарқаралыға жақын жерде атақты Қоянды жәрмеңкесі болатын.

Қарқаралы 1934 жылы Қарағанды облысына қарасты Қарқарал ауданының орталығы болды. Қалада бірқатар тарихи-мәдени ескерткіштер бар. Солардың бірі – Қарқаралы мешіт-медресесі. Мешіт 1850-1851 жылдары, Абайдың әкесі Құнанбай Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып тұрған кезінде (1849-1852 ж.) салынған. Соған орай «Құнанбай мешіті» деп аталып кеткен. Мешіттің жергілікті жұрттың сауатын ашып, хат танытуды ислам дініне бойсұндыруда елеулі еңбегі болған. Қарқаралыға Абай бірнеше рет келген. Бұл тарихи қалада Алаш көсемдері, ұлтымыздың ардақ тұлғалары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жақып Ақбайұлы, Нарманбет Орманбетұлы, Әлімхан Ермековтер оқыған әрі жұмыс істеген. Абай, Алаш қайраткерлері болған «Көк үй» әлі күнге дейін сақталған. Алаш қозғалысының бастауы болған аса тарихи «Қарқаралы құзырхаты» осында жазылған. Сондай-ақ Қарқаралы - тау атауы. Сарыарқадағы ұзындығы 1000 м, ені жиырма бес шақырымдай жатаған тау. Биігі – Жиренсақ деп аталатын 1338 метрлік шоқы. Атаудың шығу тегін тау шоқыларын қарқара деп аталатын әйел бас киімінің бітіміне ұқсастығынан деп те санайды. Алайда осы тауды мекендейтін қарқара атты құстың да жерге атау болуы мүмкін екендігін де атап өтеміз.



ҚОЗЫБАСЫ



Қозыбасы – тарихи жер атауына жатады. Бұл ерте заманнан бар сөз. Бүгінгі Қазақ елі, Қазақстан мемлекетінің бастауындағы XV ғасырда құрылған Қазақ хандығы осы Қозыбасыда шаңырақ көтерген.

Тарихи дерек көзі Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-Рашиди»



атты еңбегінде: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілқайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Жәнібек хан мен Керей хан одан Моғолстанға қашып барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбасы аймақтарын

берді» деп жазылған. Бұл шамамен 1456 жыл делінеді.

Міне, осы аса тарихи, атаулы кезеңнен қазақ халқының, қазақ ұлтының дербес ұлы тарихы басталады. Қазақ хандығының ең алғашқы билеушілері Керей мен Жәнібек хандар болды. Қозыбасыда алғаш туы тігілген Қазақ хандығы XIX ғасырдың II жартысына дейін өмір сүріп келді. Осы ғасырлар ішінде Қазақ хандығының аумағы үлкейіп, еліміз іргеленді. XVI ғасырдан бұл өңір Қазақстан, яғни қазақ мекені деп атала бастағаны белгілі.

Қазақ хандығы құрылған Қозыбасы қазіргі Жамбыл облысының Мойынқұм, Шу ауданындарында орналасқан таулы-шоқылы өңір. Осы аймақтағы Хантау сілемі хандардың ордасы болғандықтан осылайша аталған. «Қозыбасы» деген атауға негіз болған шоқының бітімі қозының басына ұқсас болғандықтан осындай атау берілген. Қазақ атауымен алғашқы мемлекеттілігіміз құрылған Қозыбасы өңірі ұлтымыз үшін аса қымбат орын, киелі мекен ретінде ардақталуы және оны жас ұрпақтың білгені, құрмет тұтқаны жөн.

ОРАЛ

Еліміздегі тарихы бай қалалардың бірі – Орал қаласы. Оның бергі тарихы 1775 жылдан басталғанымен, қазіргі Орал қаласы тұрған орында Алтын Орда заманында-ақ белгілі қоныс болған. Кезінде Жайық, Теке аталынған бұл қоныстың тарихы - Алтын Орда сияқты ірі мемлекеттің, Ноғайлы



сияқты хандықтың тарихымен тығыз байланысты. Одан бергідегі тарихта Сырым Датұлы бастаған, Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілістердің осы қаланың сол кездегі тарихымен сабақтасады. 1869 жылы Орал облысы құрылғанда бұл қала облыс орталығына айналды.

Бұл облысқа Гурьев, Ілбішін, Темір уездері және Маңғыстау өңірі қарады.

XX ғасыр басында Орал еліміздегі ұлт-азаттық қозғалыс орталықтарының біріне айналды. 1905 жылы Оралда «Қазақ конституциялық демократиялық партиясының» сиезі өтті. Оны кейінірек танымал тұлғаларға айналған Алаш қайраткерлері ұйымдастырды. Алаш қозғалысы тұсында Орал қаласы Батыс Алашорданың орталығына айналды. 1917 жылдың сәуір айында өткен Орал облыстық қазақ сиезі Алаш қозғалысының шешуші кезеңіндегі айтулы оқиғалардың бірі сиезде қазақ елінің тәуелсіздігі байланысты мәселелер көтеріліп, Қазақ комитеті құрылды. Сиезде ұйымдастырушылардың қатарында Халел Досмұхамедұлы, Жанша Досмұхамедұлы, Ғұбайдолла Әлібеков, Кәрім Жәленов, Ғұмар Есенғұла сияқты Алаш қайраткерлері болды.

Орал қаласында көптеген ұлт зиялылары оқыды, қызмет істеді. Еліміздің ең батысында орналасқан тарихи қаланың ұлтымыздың рухани мәдениетіндегі орны айрықша.

ОРДАБАСЫ



Ордабасы – Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданындағы тау-лы өңір. Ордабасы тауының қойнауында 1726 жылы Орда тігіліп, қазақтың үш жүзінің игі жақсыларының басы қосылып, жоңғар басқыншылығына қарсы күреске халықты жұмылдыру жайы ақылдасылады. «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген сөз сол заманнан қалған. Сол жолы біртұтас қазақ әскері құрылып, Бас қолбасшы сайланды. Батырлығы, әдіс-айласы, соғыс тәсіліне жетіктігімен танылған Кіші жүз ханы Әбілқайыр үш жүздің біріккен қазақ жасағына Бас қолбасшы болды.



Ордабасыдағы сол баталасу бәтуәлі болды. Қазақ жеңіске жетті. Жоңғардан ел азат етілді. Одан кейін де ұлт басына талай нәубет төнді. Қазақ талай мәрте қару ұстап, атқа қонды. Ұзақ жүріп, тайталаспен, жанталаспен жүріп, Тәуелсіздікке де ие болды. Осы жеңісті, түпкілікті жеңісті, қазақтың заманалардан бергі арманы болып келген тәуелсіздікке қол жеткен 1993 жылы осы Ордабасыда тағы бір үлкен жиын болды. Ол – шын жеңістің шынайы тойы еді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев аса бір тебіреніспен еркін сөйлеп, елдікке үндеп, болашаққа барар жолды меңзеп еді. Әруақ қонып, нар шөккен жеріміздің биігіне ұлт туын тігіп, ел-жұртын бірлікке, бүтіндікке шақырған еді. Ордабасына XVIII ғасыр басында жиналған қазақ ашулы кек, ар-намыс туы, ел тағдыры шешілер майданға шыбын жандарын шүберекке түйіп, «Уа, тәңірім жар бол!» – деп атқа қонса, бұл жолы, «Ұзағынан сүйіндір!» – деп қуанысып тарасқан-ды. Қазақты үш ғасырда бауырына екі рет жиған Ордабасының екі ұлы жиыны да қайырлы болып, ел тірлігіне, жеңісті істерге бастауда.



ОТЫРАР

Аты алты әлемге мәшһүр болған ғұлама, ғалым Әбу Нәсір әл-Фараби бабамыздың кіндік қаны тамған өлке Фарабтың астанасы болған Отырар шаһарының аты мен атағы алысқа жеткен. Бабаларымыздың басынан өткен қилы-қилы заманның куәсі болған Отырар жазба деректерде Фараб, Тарзбанд, Тұрарбан, Тұрар Отырар деген аттармен кездеседі.



Отырар – моңғолдың жер қайысқан қолына бағынбай, алты ай бойы алысқан қала тұрғындары мен батыр бабаларымыздың жазықсыз төгілген қаны сіңген қала. Моңғолдар талқандаған қала көп ұзамай қайта бой көтеріп, бұрынғысынша маңызды саяси орталыққа айналды. 1405 жылы Қытайға қарсы жорыққа

аттанып бара жатқан Әмір Темір жолшыбай ат басын Отырарға тірегенде кенеттен суыққа шалдығып, сол жерде қаза болған. Қазіргі кезде 20 м биік төбе болып қалған қаланың орнынан XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында Отырарды билеген Бердібек ханның салтанатты сарай-мешітінің қалдығы ашылды. Оның топографиясы мен күрделі құрылыс жүйесі кезінде бұл жерде хандарға ғана тән зәулім сарайдың болғанын аңғартады.

Отырардағы тіршілік XVIII ғасырдың жартысына дейін жалғасқан. Оның саяси-әкімшілік орталық ретіндегі рөлі XVI ғасырдан бастап бәсеңдеп, керісінше орталық Түркістан қаласына қарай ауысқан. Отырарда теңге соғу кәсібі XVI ғасырға дейін жалғасса, Түркістанда XVI ғасырдан басталады. Отырарда алтын, күміс теңгелер де соғылғаны туралы деректер бар.

Отырарда 2001-2004 жылдары ЮНЕСКО - Қазақстан - Жапония мемлекеттері шеңберінде «Ежелгі қала Отырарды қорғау және сақтау» деген халықаралық жоба іске асырылды. Отырардың қасында Арыстан баб кесенесі бар. Ол – қазақтың діни ғұламаларының бірі Ахмет Иассауидің ұстазы. Түркістандағы Әзірет сұлтан кесенесіне тәу етіп келген мыңдаған мұсылман қауым алдымен сол Арыстан баб кесенесіне, сосын Отырартөбесіне соғып, зиярат етіп шығады. Содан кейін барып Түркістанға, сондағы Ахмет Иассауи кесенесіне бет алады.

САРАЙШЫҚ



Еуропа мен Азияны қақ бөліп жатқан Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан Сарайшық (Сарайжук, Сарайчук) шаһарының іргесі Алтынорда тұсында қаланған болатын. Оны Шыңғыс ханның немересі, Жошының баласы Бату хан салдырғаны туралы Әбілғазы хан шежіресінде жазылған.

Еуропадан шығып, Еділдегі Алтынорданың астанасы Бату Сарайы арқылы Хорезмге, одан әрі Қытай, Үндістанға баратын трансконтинентальды керуен жолы Сарайшықты басып өтетін. Сол жолдың бағыты жайлы бізге көптеген көпестер мен саяхатшылар қалдырған деректер жетті.



Сарайшықта Алтынорданың бірнеше хандары және басқа да тарихи тұлғалар жерленген. Солардың арасында Мөңке-Темір, Тоқтай, Жәнібек, Бердібек хандар бар. Шаһар бірсыпыра уақыт арасында Қазақ хандығының батыстағы астанасы міндетін де атқарған. Өмірінің соңында Сарайшықта тұрған қазақтың әйгілі ханы Қасым да осы шаһарда жерленген деп айтылады. Кейіннен Ноғай ордасының орталығы болған шаһар Еділ бойындағы орыс казактарының 1580 жылғы ойранынан қирады. Сарайшықтың қираған орны Атырау қаласынан солтүстікке қарай 50 шақырым жерде, Жайық өзенінің оң жағалауында. Ол жерде Сарайшық аталатын кішкене ауыл осы күнге дейін бар. 1999 жылы мешіт пен музей салдырған. Музейдің алдына Сарайшықта жерленген хандарға арнап тамаша ескерткіш тұрғызылды. Музейге қаланың орнында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған археологиялық жәдігерлер қойылған. 1996 жылдан бері Сарайшық қаласының орнында жүргізіліп келе жатқан археологиялық қорғау қазбалары нәтижесінде Қазақстан тарихының Алтынорда дәуіріндегі келбетін көрсететін бай материалдар жинақталды.



САУРАН

Ортағасырлар кезінде Сырдария өзенінің ортаңғы ағысындағы аймақты Түркістан өлкесі деп атаған. Сол өлкенің аса гүлденген қалаларының бірі Сауран еді. Ертеректегі деректерде Сауранның жеті қатар қорғаныс қабырғасы бар деп айтады. Дешті-Қыпшақ даласы мен егіншілікпен айналысқан өлкенің



қақ ортасында орналасқан шаһар дала халқы мен қала тұрғындарын байланыстырған сауда-саттық орталығы болған. Арабтың географы әл-Магдиси: «Сауран (Савран) – үлкен шаһар, ол бірінен соң бірі салынған жеті қабырғамен қоршалған. Рабаты бар, мешіті ішкі шаһарда орналасқан. Ол оғыздар мен қыпшақтардан қорғауға арналған шекаралық шаһар» деп жазған. Ұзақ уақыт

аралығында шаһар Қазақстанның оңтүстігіндегі сауда мен қолөнерінің ірі орталығы болып, мәдени дамудың бесігіне айналды.

Шыңғысханның шапқыншылығы жайлы жазылған деректерде Сауранның аты аталмайды. Бірақ XIII ғасырда Сырдария арқылы өткен армян патшасы Гетум қаланы Савран деп, Сығанақ (Сгнах), Қарашық (Харачук), Иасы (Асон) қалаларымен бірге атап жазған. Ғалымдардың пайымдауынша, моңғол шапқыншылығынан кейін қала орнын ауыстырып, басқа жерден салынған. Онда жүргізілген зерттеу жұмыстары қалашық бірнеше қорғаныс қабырғасымен қоршалғанын анықтаған. Қазба материалдар қаланың тіршілігі моңғол шапқыншылығынан кейін тоқтағанын көрсетеді. Оның есесіне жаңа қаланың орны Қаратөбеден солтүстікке қарай үш шақырым жердегі кең жазықтан бой көтерген. Сауран қаласы XIV ғасырда Ақ Орданың құрамына кіріп, бір кездері оның астанасы да болған. 1320 жылы қайтыс болған Ақ Орданың билеушісі Сасы Бұқа осы қалада жерленді. Оның ұлы Ерзен Сауран, Отырар, Жент және Баршынкент қалаларының медресе, мешіт, ханака секілді қайырымдылық мекемелерін салдырды. Шаһар саяси және экономикалық орталық ретінде өзінің маңызын кейінгі жүзжылдықта да жоғалтқан жоқ. Сауран үшін өзбектер мен Қазақ хандары арасында қаншама қанды шайқастар өткен. Қазақ хандығының құрамына шаһар толығымен XVI ғасырдың соңында өтіп, оның басты қалаларының біріне айналды.

СЕМЕЙ



Семейдің тұрған жері ерте замандардан ежелгі тайпаларға тұрақ болған. Бұл жерде сонау қола дәуірінен бастап, ғұндар, Түрік қағандығы, Қыпшақ, Керей, Найман ұлыстары мекен еткен. XVI-XVII ғасырларда қазіргі Семей қаласы тұрған жерде Доржынкит қаласы болған. Құба қалмақтардың аңыздарына қарағанда 1600 жылы Асма тархан Доржи деген кісі Жеті шатыр сарайларын тұрғызған. Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесінде осы Жеті шатыр қаласы айтылады. Семей 1782 жылдан уездік қала болды. Сол кезден-ақ Орта Азия халықтары мен көршілес елдердің Шәуешек, Құлжа, Қашғар қалаларымен сауда-саттық жүргізіле бастады. Мұның өзі қаланың жандануына өз септігін тигізбей қоймады. XIX ғасырда қалада бірнеше зауыт жұмыс істеді. Оқу-ағарту жұмыстары жүргізіле бастады. Оның нақты көрінісі осында ашылған уездік училище, әйелдер училищесі, бес мұсылман медресесі.



1917 жылы Семей қаласы саяси өмірге араласа бастады. Осында жергілікті Алаш қозғалысы қайраткерлерінің бастауымен Семей облыстық қазақ сиезі өтті. Қаланың атын Алаш қаласы деп өзгертуге көп күш салды. Алаш партиясының Семей облыстық комитеті 1917 жылы күзде Семей қаласында ашылды.

Семей өңірі қазақтың ұлы ақыны Абайдың, философ-ойшыл Шәкәрімнің, әдебиет майталманы М.Әуезовтің және дүниежүзіне танылған атақты әнші Әміре Қашаубаевтың туып-өскен жері.



СЫР

Қазақтың байырғы, тарихи, қазыналы өңірлерінің бірі – Сыр өңірі. Сонау ерте заманнан адам баласына қоныс болған бұл шежірелі өлке талай тарихи кезеңдерге куә болды. Ерте заманда ғұндар мен сақтар сәйгүліктерінің тұяғы тиген өңір кейінгі заманда, орта ғасырларда түркі баласының қасиетті



мекеніне айналды. Бұл адамтұрмысынаыңғайлы қолайлы өлкеде, сулы нулы мекенде байырғы оғыздар, көне қыпшақтар мекен етті. Сондықтан да түркі бұтағынан тарайтын оғыздардың да, қыпшақтардың да мәдениеті бұл өлкеде кеңінен сақталған. Сондықтан да сәуле

өнерінде, саз өнерінде осы стильдердің мол қабатты, нақыш–әуездері көрініп беріп жатады. Арал теңізі түбінен табылған көне қала орыны бұл өңірдің ежелгі мекен, көне өркениет ошағы екендігінен мол мағлұматтар береді. Ислам діні өмір салтының берік ұстанымына айналған халықтармен көрші болуы да Сыр өңіріне өзге өңірлерге қарағанда мұсылман дінінің ертерек тарауына жол ашты.

Сыр өңірі тарихи ескерткіштерге өте бай. Мұнда Айқожа ишам, Айтбай мешіті, Бегім ана, Бұқарбай батыр, Жанқожа батыр, Қорасан ата, Қорқыт ата, Оқшы ата әулие кесенелері, ежелгі қала орындары бар.

Қарт Қаратау, көне Отырар, шежірелі Ордабасы орналасқан аймақтармен іргелес жатқан Сыр өңірі Алаш ұрпағының сан қилы тарихын куә. Алаш тарихындағы осы өңірдің айрықша орнын, алабөтен маңызын дараалап, «Сыр – Алаштың анасы» деп айтады. Қазақтың саяси тарихында да, рухани-мәдени дамуында да өзіндік орны ерекше Сыр аяулы ұғым, қасиеті сөз.

ТАРАЗ



Тараз – Қазақстан қалаларының ішіндегі ең ежелгілерінің бірі. Халықтың талап-тілегін ескере отырып, Елбасы Н.Назарбаев 1997 жылғы 8 қаңтардағы Жарлығымен қалаға тарихи аты – Тараз атауы қайтарылып берілді. 2002 жылы Тараздың 2000 жылдығы тойланды. Тараз бүгінде өркендеген, жергілікті халық «жер жәннаты» деп атайтын көрікті, берекелі, ырысты қалаға айналды.

Тараздың VII ғасырда осы Ұлы Жібек жолында маңызды рөл атқарғаны жайлы мағлұматтар ежелгі шежірелер мен географиялық шығармаларда кездеседі. Қала 751 жылы



арабтардың, 766 жылдан бастап қарлұқ қожалығының, IX ғасырдың аяқ шенінде саманидтердің қол астында болады.

893 жылы Исмаил ибн Ахмад Таразға соғыс ашып, ақыры Тараз әмірі жауға бас иеді, Исламды мойындайды. IX-X ғасырларда Тараз қаласының егіншілік алқаптың, Талас Алатауындағы күміс руднигінің жанында орналасқандығы оның экономикалық және мәдени өрлеуіне мүмкіндік жасады. X ғасырдың географы Максидидің жазуы бойынша «Тараз – бау-бақшалы, қалың елді, оры, төрт қақпасы және қонысталған рабаты бар үлкен бекітілген қала».

X-XI ғасырларда Жетісуды, Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияны қараханидтер династиясы жаулап алғаннан соң, Тараз жаңа мемлекеттің бір қожалығының астанасына айналады. Ислам діні үстемдігінің нәтижесінде XI ғасырда жаңа үлгідегі Айшабибі, Қарахан, Бабажы-хатун мазарлары салынды. Жалпы Тараз қала ретінде XV ғасырға дейін өмір сүрген, бірақ оның орнындағы отырықшы қоныс XVIII ғасырға дейін болған. Осы тұста пайда болған жаңа қала, Қарахан әулетінен шыққан Ша Махмұдтың мазары төңірегіне салынғандықтан, Әулиеата деп аталды.



ТОРҒАЙ

Торғай даласы деген кең ұғым. Мұнда Торғай қолаты деген таным бар. Торғай аңғары – Батыс Сібір жазығы мен Тұран ойпатын жалғастыратын өңір. Жеріміздің солтүстік-батысында солтүстіктен оңтүстікке қарай 800 шақырымға созылады. Ені 20-70 км аралығында. Ғалымдар зерттеуінше,



Торғай қолаты кезінде Батыс Сібір мен Тұран теңіздерін қосатын бұғаз болған сыңайлы.

Ғылымда Торғай қақпасы деп Торғай үстірті мен Сарыарқа Торғай қолаты және Обаған-Құсмұрын, Торғай-Сарықол аралығындағы табиғи өткелді айтады. Торғай үстірті деп жеріміздің солтүстік батыс бөлігіндегі көтеріңкі үстіртті айтады. Орал – Мұғалжар – Сарыарқа – Батыс Сібірді жалғастырады. Бұл ұзындығы 630 км ені 300 км шамасындағы алқапты қамтиды. Торғай үстіртін қақ жарып Торғай қолаты өтеді. Орталық Торғайға үстіртті-қыратты Қарғалытау, Қызбелтау, Торғай атыраптарын жатқызады.

Торғай облысының құрылуына байланысты 1868 жылы Торғай уезі құрылып, ол уездік қала атанды. Бұл Торғай облысында болған 4 уездің бірі болды. Тұңғыш ағартушы Ыбырай Алтынсариннің әйгілі мектебі осы Торғайда ашылды. Алаш көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтар сауаттарын осында ашты. 1916 жылғы ұлт-азаттық Торғай көтерілісі осында болды. Торғай қаласы кеңес тұсында Торғай ауданының орталығына айналды, кейін Жангелдин атанды.

Торғай деген атпен 1868 жылы Орынбор генерал-губернаторлығының құрамында облыс құрылды. Орталығы Орынборда болды. Алаш қозғалысы тұсында 1917 жылы Торғай облысы қазақтарының сиезі өткізіліп, оның ұйымдастырушысы әрі төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы болды. Бұл сиез қазақ халқының жаңа тарихындағы ең алғашқы сиез ретінде бағаланды. Торғай сиезі ұлт-азаттық қозғалыстың қарқынды дамуына айрықша ықпал етті.

ТҮРКІСТАН



Есте жоқ ерте заманда «тура» тайпасы мекендеген аймақты Тұран деп атаған. Солаймақты қазіргі түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақтың арғы бабалары түркі тайпалар одағы мекендеген. Сондықтан да Түркістан қаласы мен оның маңындағы үлкен аймақты ортақ атаумен Түркістан, яғни «түрік елі» деп атаған. Әрине бұл атаумен алғашқыда анағұрлым үлкен аймақ аталған. Ортағасырлар кезінде Сырдария өзенінің ортаңғы ағысынан Қаратау тауының баурайын қамти отырып, Арал теңізіне дейін созылған аймақты Түркістан жері, Түркістан уәлаяты, Түркістан өлкесі деп әртүрлі атаған.



Иассауи мекендеген шаһарда қылуат мешіт ашылғаннан бастап мұсылман дінінің сопылық ағымының орталығына айналды. Қожа Ахмет өзінің ересек өмірін сол шаһарда өткізіп, бүкіл мұсылман халқын ынтымақ пен бірлікке шақырған тамаша діни шығармаларын сонда жазды. Шайхы қайтыс болғаннан кейін оның денесі қойылған қабірдің басына кішігірім кесене салынып, шаһарға Иассы аты берілді.

Өмір Темір Алтын Орданың астанасы Қожа Ахметтің басына зәулім кесене тұрғызады. XV ғасырда Қожа Ахметтің кесенесін қоршай бекініс салынды. Иассы қаласы біртіндеп осы аймақтағы бүкіл мұсылмандардың киелі орны болды. Түркістан өңірінің әкімшілік орталығы Иассыға ауыса бастады. Иассы осыдан бастап Қазақ хандары мен ақсүйектерінің пантеонына айналды. Саяси орталық ретінде әлсіреген Отырар мен Сауранның көпшілік тұрғындары Иассыға келіп, қоныс тепті.

XVI ғасырдың соңында Қазақ хандығының иелігіне толығымен өткен Түркістан өлкесі хандықтың саяси тірегі, мәдени-экономикалық және рухани орталығына, Түркістан қаласы оның астанасына айналды. Ғалымдардың айтуынша, бұл оқиға Есім ханның тұсында болған. Қаланың атының Түркістан болып өзгерілуі де осы тұсқа сәйкес келеді.

«Түркістан» ұғымы түркі халықтарының бірлігін, ежелгі айбынды тарихымызды білдіреді. Қазіргі кезде Қожа Ахмет Иассауи кесенесі барша түркі халықтары құрмет тұтатын киелі орынға айналды.



ҰЛЫТАУ

Ұлытау – қазақ жеріндегі көне де киелі мекендердің бірі. Қазақстанның географиялық жағынан алғанда орта бөлігіне орналасқан Ұлытау өңірі Сарыарқаның оңтүстік-батыс шетіндегі 240 шақырымға созылып жатқан ұса шоқылы, аласа таулы алқап. Биіктігі 400 метрден 1134 метрге дейін жетеді.



Едіге тауы, Кішітау дегенде тауларға бөлінеді. Ұлытау төңірегінде түркі қағандығы заманының белгілері – тас мүсіндер көп сақталған. Бұл осы жерде ежелгі өркениет орындарының болғандығын көрсетеді.

Ұлытаудан Қараторғай, Сары-торғай, Ұлы жыланшық, Терісаққан, Қаракеңгір, Жезді өзендері бастау алады. Бұл өзендердің бойында ежелгі

ру-тайпалар өмір сүрген. Осы жерлер Қазақ хандығы тұсында да біздің ата-бабаларымызға да құтты мекен болған. Қазақ мемлекеті үшін Ұлытаудың орны мен маңызы айрықша. Өйткені Ұлытауда ертеде хан ордасы болған. Орда тігілген үй орындары әлі күнге дейін сақталған. Алаша хан, Жошы, Домбауыл кесенелері, басқа да тарихи орындар, көрікті жерлер бар. Қазақ хандығының ресми салты бойынша билікке келген қазақ хандары осы Ұлытауда ақ киізге отырғызылып, хан сайланған. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астана салуға ыңғайлы жер таңдағанда, қазақ жерінің географиялық ортасы болып саналатын Ұлытаудың басты сәйкессіздігі су тапшылығы болыпты.

Қазіргі кезде мұнда Қарағанды облысына қарасты Ұлытау ауданы орналасқан. Аудан орталығы – Ұлытау кенті Жезқазған қаласынан солтүстікке қарай 150 шақырымдай жерде. Арқалық қаласынан да сондай қашықтықта. Хан ордасы болған Ұлытау өңіріне отандастарымызбен бірге шетелдік туристер де көп келеді.

ҮСТІРТ



Еліміздің батысында Маңғыстау түбегі мен Арал теңізі аймағы аралығындағы ірі өңір. Үстіртте бұрынғы дәуірлерден қалған ескерткіштер көптеп кездеседі. Олар салыну мезгілі жағынан ХҮІ ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі үлкен тарихи мерзімді қамтиды. Ұлттық тарихи ескерткіштер ішінде өзіндік стилі, өрнегі ерекшеленіп тұратын бұл сәулеттік туындылардың тарихымыз, мәдениетіміз үшін маңызы айтарлықтай.

Үстірт қыратындағы кесенелер шоғыры, негізінен алғанда, тұщы су көздері төңірегінде, құдықтар мен бұлақтар жанында, сонымен бірге сол кезде қалыптасқан керуен жолдарының бойында орналасқан. Үстірттің Оғланды деген жерінде әулие, халқына пір болған Бекет атаның мешіті, Сейсен ата, Уәли, Асау-Барақ, Үштам, Қырғын, Бармақ, Айтмансу, Мелет тағы да басқа кесенелер мен мешіттер бар. Бұл кесенелер мен мешіттер жөнінде халық арасында аңыз-әңгімелер көптеп кездеседі. Маңғыстауда үш жүз алпыс екі әулие бар десек, көптеген әулиелердің тұрағы осы Үстірт қыраты болған. Үстірттің ортасындағы ең үлкен қорым «Құсшы ата» деп аталады. Аңыз-әңгімелер бойынша ол «әулие» құстар мен бүркіттердің қорғаушысы болған. Бұл кешен ХҮІІ-ХХ ғасырлар аралығында салынған. Олардың ішінде тас қоршаулар, арқа, түрлі «қойтастар», сағана тамдар сияқты сәулетшілік өнерінің озық үлгілері де кездеседі.



ШЫҢҒЫСТАУ

Шыңғыстау – Сарыарқаның шығыс бөлігіндегі тау жотасы. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылған. Шығыс Қазақстан облысының Абай, Аягөз аудандары аумағында. Осы Шыңғыстау бауырында қазақтың данышпан ақыны Абай Құнанбаев ғұмыр кешкен.




Шыңғыстау солтүстік-шығыста Алтайдан Шар өзені аңғарымен бөлінеді, оңтүстік-шығыста Тарбағатайға ұласады. Шығысында тауаралық Зайсан қазаншұңқыры, оңтүстігінде Солтүстік Балқаш төбелері жатыр. Абсолюттік биіктігі 1000-1100 м, ең биік жері – Ақшатаудағы Қособа тауы (1300 м). Төмен және орта палеогеннің

жанартаутекті шөгінділерінен, құмтас, тақтатаас, конгломерат т.б. жыныстардан түзілген. Жылына 200-250 мм шамасында жауын-шашын түседі. Шыңғыстаудың солтүстік беткейінен Шаған және Ащысу, оңтүстігінен Бақанас, Дағанделі, Құрбақанас, Көксала т.б. өзендер басталады. Беткейінде бұта тобылғы, қараған, аңғарларында тал, терек, қайың, шалғын шөп өседі. Арқар, киік, қасқыр, түлкі, борсық, суыр т.б. мекендейді.



АНАУЫЗ



АНАУЫЗ

Дүниедегі мейірім-шапағат, махаббат-сүйіспеншілік, мейірбандық-сыйластық – бәрі-баршасы анадан тарайды. Ең шынайы мейірім ананың аяулы жүрегінде, ең таза махаббат ананың тілегінде, ең мейірбан адам – ана. Ана өз баласының ғана емес, ұлттың тәрбиешісі, халықтың ақылшысы. Өйткені анадан тәрбие алған адам ел басқарады, жерін қорғайды, халқын игілікке кенелтеді. Ананың сүтімен, ананың махаббатымен, ананың шапағатымен болған нәрсенің бәрі елдің жарқын болашағын жасайды. «Анауыз» деген сөз тосын, сондығымен жаңа естілуі мүмкін, бірақ біз мақсатты түрде анадан тарайтын рухани әлемді уызға теңеп, осы сөзді тақырып еткенді жөн көрдік.





БАТА

*Ақ тілек аянды болсын,
Ақ бата баянды болсын.*

Қазақтың дастархан басында, түрлі жиын-тойларда, адам өмірінде кездесетін қуаныш кезінде той иесіне, қуаныш иесіне және т.б. арнап, сондай-ақ алыс жолға аттанғалы тұрған азаматтарына ақ жол тілеп, қол жайып айтатын тілегі бата деп аталады. Қазақтың ақ батасы ұрпақтарына адамгершілікке, имандылыққа, ақыл мен парасаттылыққа, шешендікке баулыған.

БАТАНЫҢ ТҮРЛЕРІ:

1. Нәрестеге бата
2. Асқа бата
3. Ұлға бата
4. Қызға бата
5. Келінге бата
6. Сапар бата
7. Жастарға бата
8. Сүндет той батасы
9. Наурыз батасы
10. Ораза айт батасы
11. Жарапазан батасы
12. Ас қайыру батасы т.б.

ҰЙ ИЕСІНЕ БЕРІЛЕТІН БАТАЛАР

*Жас баланың күлкісін бер,
Жас ананың ұйқысын бер.
Жомарттың қолын бер,
Жорытқанның жолын бер.
Қыздың қылығын бер,
Судың тұнығын бер,
Асаудың арынын бер,
Түнгі оттың жарығын бер.*

Асқар таудың паңдығын бер,
 Бұлбұл құстың таңғы үнін бер.
 Даланың жазықтығын бер,
 Гүлдің нәзіктігін бер.
 Теңіздің тереңдігін бер,
 Қыранның көрегендігін бер.
 Ердің көңілін бер,
 Бүркіттің жігерін бер.
 Лашынның жүрегін бер,
 Нағыз достың тілегін бер.
 Мәңгі-бақи ажырамас,
 Шын ғашықтың тілегін бер!
 Әумин!

Сұрасаң бата берейін,
 Үстем болсын мерейің.
 Ықыласпен қол жайсаң,
 Ақ тілекті төгейін.
 Денсаулығың мықты болсын,
 Абыройың зор болсын.
 Қайда барсаң алдыңнан,
 Жарқыраған жол болсын.
 Бастарыңа бақ берсін,
 Не берсе де, нақ берсін.
 Қырда жүрген Қыдырды
 Үйлеріңе ап келсін.
 Қарындарың тоқ болсын,
 Қайғыларың жоқ болсын.
 Шүтірлеген үйіңде,
 Балаларың көп болсын.
 Әумин!

ЖАС БӨБЕККЕ БЕРЕТІН БАТА

Көтерейік білекті,
 Нұрға бөлеп жүректі.
 Бөбекке бата берейік,
 Ағынан айтып тілекті.
 Сәбиіміз сүйкімді болсын,
 Өнер-білімге икемді болсын,
 Бәйтеректей бойшаңданып,
 Өнер, өршіл, өркенді болсын,
 Жақсы жолды таңдасын,
 Жамандық тәлім алмасын,
 Даналардың дәстүрін,
 Жаңаласын, жалғасын.
 Шұғылалы шуақ күн кешсін,
 Басын сұр бұлт шалмасын,
 Қос топшысы талмасын,
 Қырандай биік самғасын.
 Ары адал, жаны жаз,
 Құрбысынан қалмасын!
 Абай, Жамбыл, Міржақып,
 Шоқан, Ахмет, Мағжандай
 Тасқа басқан таңбасын,
 Мәңгілік артына із қалдырсын!
 Әумин!

ШІЛДЕХАНА ТОЙЫНДА БЕРІЛЕТІН БАТА

Анасының аяулы
 Жарып шыққан кемерін,
 Қадам басып өмірге,
 Жас шыбықтай бүр жарып,
 Жаңа жайған желігін,
 Торсық шеке, ақ маңдай,
 Өсе берсін бөбегің.

Өмірі ұзақ болсын деп,
 Көңілі нұрға толсын деп,
 Ақ батамды беремін.
 Азамат боп ер жетсін,
 Қиын кезде жолдастан
 Аямайтын көмегін.
 Тойың тойға ұлассын,
 Бола берсін дегенің!
 Аллаһу ақпар!

АСҚА БАТА

Дастарханыңа береке берсін,
 Бастарыңа мереке берсін,
 Астарыңа адалдық берсін,
 Бастарыңа амандық берсін,
 Дендеріңе саулық берсін!
 Әумин!

* * *

Ашып тастап пейілді
 Дастарханың жайылды.
 Қасиетті нан ұлық
 Берекең тұр нақ ұйып.
 Асыл сөздер шашылды,
 Бар абырой бақ орнап
 Ел сыйласын басыңды.
 Аңыз болып отауың
 Айта жүрсін асыңды.
 Сүйген жарың,
 Бала-шағаң аман боп,
 Бүтіндесін асылды.
 Ниетіңе біз тойдық.
 Рахмет, шайыңа,
 Риза еткен бір қойлық!
 Әумин!

ҰЛ БАЛАҒА БАТА

*Жорытқанда, балам, жолың болсын,
Қалтаң байлыққа толсын,
Бір толмасын, жылда толсын,
Өмір жасың ұзақ болсын!
Қатарыңнан озған өрен бол,
Қыз көзіндей терең бол,
Сынай қалса – құлақ сал,
Мақтай қалса – керең бол!
Әумин!*

* * *

*Азамат болып ер жетсін,
Ақсақал болып төрлетсін,
Азамат болып көрікті,
Ғұмыры болсын берікті.
Азамат болсын ардақты,
Мінезі болсын салмақты,
Өнері болсын жан-жақты,
Осы айтқанның бәрі
Қабыл болып,
Алла берсін зор бақты!
Әумин!*

ҚЫЗ БАЛАҒА БАТА

*Талдай бой берсін,
Сұңғыла ой берсін,
Жаздай жамал берсін,
Қардай жанар берсін!
Анаға шуақ болсын,
Ағаға қуат болсын,
Нәзік жаны болсын,
Елінің ары болсын,*

*Басына өнердің бағзы қонсын,
Ақ орданың шамы болсын!*

ЖАСТАРҒА БАТА

*Қуаныш қайырлы болсын,
Жастар абыройлы болсын.
Уайымдары жоқ болсын,
Көңілдері тоқ болсын,
Адал еңбек арқасында
Табыстары мол болсын.
Алақандары ашық болсын,
Өмірге машық болсын!
Күйбең қалып кейін қалмай,
Жаңалыққа ғашық болсын.
Ұрпақтары ер болсын,
Кемеңгерлермен тең болсын.
Оларды көре алмағандардың,
Бедел-берекеті кем болсын.
Әумин!*

ТОЙ ЖАСАҒАН ҮЙ ИЕСІНЕ БЕРІЛЕТІН БАТА

*Құрметті той иесі,
Ісіңді тағдыр оңдасын,
Қайда жүрсең қолтықтап,
Қыдыр бабаң қолдасын!
Жамбылға ұқсап көп жаса,
Денеңде дерт болмасын,
Тойың тойға ұласып,
Жан-жүрегің толғансын,
Күннен-күнге көбейсін,
Дос-жараның, жолдасың.
Бақытың тассын аманда,
Бергенін тәңірі алмасын!*

Өміріңді ұзартып,
Балаң менен немерең,
Шөберең мен шөпшегің,
Туажаттар жалғассын!

КЕЛІНГЕ БАТА

Отша лаула, сөнбегін,
Еш жамандық көрмегін.
Қосағыңмен қоса ағар,
Құтты болсын қадамың,
Келін болдың, қарағым.
Салтын ұста, ардақта,
Үлкен ата-бабаңның.
Ошақтан от кетпесін,
Үйіңнен көп кетпесін,
Адал болғын жарыңа,
Лаула, оттай, жалында!
Әумин!

САПАР БАТА

Жолыңды алла қолдасын,
Жаманшылық болмасын.
Сенімді болсын жолдасың,
Жолыңды кескен оңбасын.
Сәтті болсын істерің,
Жақсы болсын түстерің,
Жұмсақ болсын ішкенің.
Көрмеген жерді көріп қайт,
Ырзығыңды теріп қайт.
Айдарыңнан жел есіп,
Желіп барып, желіп қайт.
Әумин!

НАУРЫЗ БАТАСЫ

*Наурыз келіп қар кетті,
 Ақ қар, көк мұз жұтатқан
 Шаруа елінен зар кетті.
 Наурыз келіп жаз кірді,
 Жаз періште «Әз» кірді
 Күнеске тосып арқасын,
 Жан біткенге наз кірді.
 Арық-тұрақ төрт түлік,
 Көк жеп жапа-тармағай
 Қабырға жаппай қалмағай.
 Көтеремнің төрт бұты,
 Ербегей де сербегей
 Енді шығын бермегей.
 Бізге келген бәлекет –
 Қармен бірге қаңғырып,
 Таудан ары өрлегей,
 Мұсылман бетін көрмегей.*

ЖАРАПАЗАН БАТАСЫ

*Қонақтасын берекет,
 Қаша берсін пәлекет.
 Қиын дейді қиямет,
 Жақын дейді ақырет.
 Ақыретке барғанда,
 Қыл көпірден аман өт!*

*Міне, бата, ақ ниет,
 Бола берсін берекет.
 Қиын дейді қиямет,
 Жақын дейді ақырет,
 Құлшылық қыл Аллаға,
 Қыл көпірден таймай өт.*

*Кірсін дәулет,
Шықсын бейнет.
Алла атымен бейнет ет.
Жоқ-жітімке рақым ет.
Тәңір сені қолдасын,
Уайым-қайғы болмасын.
Қабыл болсын оразаң,
Әулетіңді оңдасын!*

БАТА – ӨЛЕҢДЕР

*Кемеңгердің алғыр ойын берсін,
Екі дүниенің абыройын берсін!*

* * *

*Талаптымен тау астырсын,
Талантымен таластырсын.
Жамандықтан адастырсын,
Жақсылықпен жанастырсын!*

* * *

*Білімнің молая берсін,
Еңбегің зорая берсін.*

* * *

*Мақсаттарың айқын болсын,
Өмірлерің жарқын болсын.
Еңбектерің көшелі болсын!*

* * *

*Білімнің тереңдесін, бауырым!
Өнерің кемелденсін, бауырым!
Жұлдызың жайнасынышы, бауырым!
Табаның таймасынышы, бауырым!
Дос-жарың безінбесін, бауырым!
Қысылса сені іздесін, бауырым!*

АЛҒЫСТАР, АҚ ТІЛЕКТЕР

- *Бастай бақ, шаштай дәулет берсін!*
- *Тарыдай тасып, бидайдай бөк!*
- *Қаздай қалқы, құдай жүз!*
- *Қаймағы бұзылмасын!*
- *Қабыл болсын!*
- *Тілегіңді берсін!*
- *Шаңырағың биік болсын!*
- *Өзегің талмасын!*
- *Өмірің ұзақ болсын!*
- *Несібелі бол!*
- *Той тойға ұлассын!*
- *Жаныңа жамандық бермесін!*
- *Қоныс жайлы болсын!*
- *Көңіліңді кір шалмасын!*
- *Күлкіден айырмасын!*
- *Адалынан берсін!*
- *Көш-көлікті болсын!*
- *Ауызбіршілік болсын!*
- *Торқалы той болсын!*
- *Алла абырой берсін!*
- *Талабың өссін!*
- *Сапарың сәтті болсын!*
- *Ел-жұрт аман болсын!*
- *Құдай сәтін салсын!*
- *Ақ мол болсын!*
- *Мұратыңа жет!*
- *Ғұмырлы-бақытты бол!*
- *Қыдыр ата жолдасың болсын!*
- *Аспаның ашық болсын!*
- *Ниетің қабыл болсын!*
- *Көсегең көгерсін!*
- *Нұр жаусын!*
- *Бақытты бол!*
- *Иманды бол!*

- *Мың болғыр*
- *Құтты болсын!*
- *Қайырлы қадам болсын!*
- *Жұлдызың жансын!*
- *Талабыңа нұр жаусын!*
- *Бауы берік болсын!*
- *Мың жаса!*
- *Ұзағынан сүйіндірсін!*
- *Бармақтай бақ, шаш-етектен дәулет берсін!*
- *Айың оңыңнан, күнің солыңнан тусын!*
- *От басы, ошақ қасы аман болсын!*
- *Дастарханыңа береке берсін!*
- *Алладан рақым болсын!*
- *Көйлегің көк, көңілің тоқ болсын!*
- *Қоныс құтты болсын!*
- *Мерейің үстем болсын!*
- *Құдай күлкіден айырмасын!*
- *Үбірлі-шүбірлі бол!*
- *Қыдыр ата жолдасың болсын!*



МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

*Отан қадіріне жетпеген
Өз қадіріне жетпейді.*

Отанын сатқан оңбас.

Отан үшін күрес – ерге тиген үлес.

*Елдің елдігі ерінен танылар,
Елдің байлығы жерінен танылар.*

*Ел-елдің бәрі жақсы,
Өз елің бәрінен де жақсы.*

*Еліңді тастап шетке кетпе,
Шетке кетсең де көпке кетпе.*

Ерден аспақ бар, елден аспақ жоқ.

*Өзге елде сұлтан болғаниша,
Өз еліңде ұлтан бол!*

*Жемісті ағаш жер бауырлап өседі,
Жетелі жігіт ел бауырлап өседі.*

Жер – қазына, су – алтын.

*Аққу көлін аңсайды,
Адам туған жерін аңсайды.*

Үйіңде қартың болса – асыл қазынаң.

Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.

*Ағашты жемісінен таниды,
Адамды ісінен таниды.*

Көпке топырақ шашпа.

Жолдасты жол айырады.

*Жөн сұраған кісі адаспайды,
Жол сұраған кісі жаңылыспайды.*

*Бір жеңнен қол шығар,
Бір жағадан бас шығар.*

Жаман туыстан жақсы жолдас артық.

Бас болмақ оңай, бастамақ қиын.

*Ел иесіз болмайды,
Сөз жүйесіз болмайды.*

*Көп ішінде сөйлеген
Көсемдіктің белгісі.
Көпке сөзі ұнаған
Шешендіктің белгісі.*

*Бірлік еткен озар,
Бірлеспеген тозар.*

Ата өнері балаға мұра.

*Ата тұрып бала сөйлесе – шіркіндігі,
Аға тұрып іні сөйлесе – еркіндігі.*

*Баланың ұяты әкеге,
Қыздың ұяты шешеге.*

*Ана алдында құрмет,
Ата алдында қызмет.*

*Анаңа ауыр сөз айтпа,
Атыңа ауыр жүк артпа.*

*Ана сүті бой өсіреді,
Ана тілі ой өсіреді.*

Әке балаға сынишы.

*Әкесі бардың арысы бар,
Ағасы бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.*

*Мінсіз дос болмайды,
Мүлтіксіз қос болмайды.*

Адамның әдемілігі шынышылдығында.

*Шындық бар жерде өтірік байқап жүреді,
Шындық жоқ жерде шіреніп, шайқап жүреді.*

Адал дос алтыннан қымбат.

*Үлкенді сен сыйласаң
Кіші сені сыйлайды.
Кіші сені сыйласа
Кісі сені сыйлайды.*

ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАРЫМ ЫРЫС

Кездескен адамдар бір-біріне «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем береді. Бұл «сізге Алланың нұры жаусын» деген сөз. Сәлем алушы «Уағалейкум ассалам» дейді. Бұл «Сізге де Алланың нұры жаусын» деген сөз.

■ Таңертеңгілік немесе таң атып келе жатқанда кездескен адамдар «қайырлы таң болсын» деп тілектестік білдіреді.

■ Наурыз күні «Ұлыс құтты болсын!», «төрт түлік ақты болсын» деуді ұмытпаған жөн.

■ Жаңа жылға «жыл құтты болсын», «бақыт, табыс жылы болсын» деп құттықтайды.

■ Халық әдетінде әрбір істі, тамақты «біссімілла» деп бастайды.

■ Үйге келген кісі шаңыраққа сәлем беріп кіреді. Үй иесі сәлемін алып жасы кіші болса қайта сәлем беріп, «қош келдіңіз», «төрге шығыңыз» деп ілтипат көрсетеді.

■ Кешкілік үйге келгендер «кеш жарық» деп кіреді.

■ Қазақ әрбір сәтті күнге, қуанышқа, мәжіліске, тойға келгенде «құтты болсын» деп игі сөзді қосып айтады.

■ Тойға жиналғандар «той-тойға ұлассын» деп құттықтайды. Мұны қабыл алғандар «айтсын», «айтқаның келсін», «бірге болсын» деген жылы сөздермен қарсы алады.

■ Мәжіліске немесе бірнеше адам бас қосқан жерге келген адам «орт толсын» дейді. Үйдегілер «кемісі сізбен толсын» деп орын ұсынады.

■ Жұмыс немесе іс басына келген адам «іске сәт» десе, оған «айтсың ақ» деп жауап береді.

■ Жаңа үйленген жастарға «құсын құтты болсын», «отау берік болсын» деп құттықтайды.

■ Ас үстіне келгендер «ас тәтті (дәмді) болсын» дейді.

■ Жаңа қоныстанып жатқандарға «қоныс құтты болсын» деп жөн сұрасады.

■ Көшіп бара жатқандарға «көш оң болсын», «көш көлікті болсын» деп тілек білдіреді.

■ Жолаушыға «қайда барасыз» деген дұрыс емес, «жол болсын» «жолдасың Қыдыр болсын, «сапар сәтті болсын» деу керек. Ол «әлей болсын» деп жөнін айтады.

■ Зат, бұйым сатып алғандарға «игілігіңе тұтын» деген жөн.

■ Киім сатып алғанға «киімің күйрек, жаның берік болсын» деп айтды.

■ Соғым сойған үйге «бұйыртып жегізсін» дейді.

■ Жаңа туған айды көргенде «ай көрдім, аман көрдім, ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа» деп бата жасайды.

■ Ағып түскен жұлдызды көргендер «менің жұлдызым жоғары» деп тәубаға келеді.

■ Алғаш күн күркірегенде «жер көк болсын, ақ көп болсын» деп тілек тілейді.

■ Мал төлдетіп жатқандарға «төл көбейсін» дейді.

■ Мал айдағандарға «айдар көбейсін» дейді.

■ Бәйгеге ат қосқандарға «шабар көбейсін» дейді.

■ Егін егіп жатқандарға «бір дәннің мың дән болсын» дейді.

■ Ораза ұстаған кісілерге «оразан қабыл болсын» деу керек.

■ Ораза кезінде біреулер ауыр сөз айтатын болса оған «менің аузым берік еді» деген жөн.

■ Адам түшкірсе «жәрекімалла» дейді.

■ Мал түшкірсе «тұш, жануар» деу керек.

■ Шашалған адамға «май қап» дейді.

■ Жел шығарып қойған адамды «шөремді бер» деп құлағынан тартып, ұялтады.

■ Ауырған адамның көңілін сұрап, «тез сауығыңыз», «дертіңе шипа берсін» деп тілектестік білдіреді. Кешкілік аурудың көңілін сұрамайды.



АТАДАН ЖЕТКЕН АСЫЛ СӨЗ

Халқыңа қызмет ет,
Ізгілерге ізет ет,
Жаны жақсы жайсандарға құрмет ет.

Жақсыдан ғибрат ала бергеннің ісі оңға басады.

Ұстазыңа бар ықылас-ниетіңмен қызмет қыл.

Қожа Ахмет Нассауи

Естіге айтқан ақыл сөз – шынға тіккен тумен тең,
Ессізге айтқан ақыл сөз – құмға сіңген сумен тең.

Хан әділ болса – халық ынтымақты болады.

Майқы би

Надандықтың белгісі – тілін алмау білгеннің.

Асанқайғы

Сәлем – сөздің анасы.

Бұқар Қалқаманұлы

Сырт тазасы не керек, тазарт әуел ішінді.

Үмбетей Тілеуұлы

Мен ағайынды екеумін: біреуі – өзім, екіншісі – халқым.

Сырым Датұлы

Ата-ананы, мейманды құрметтесең –
Меккедей нұрға толар үйдің іші.

Шал Құлекеұлы

Қазақ халқы – ең бір бейбіт халықтардың бірі.

Тіл – қай халықтың болсын басты белгісі.

Шоқан Уәлиханов

Жақсы жолдас сыр шашпас.

Ақан сері Қорамсаұлы

Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады.

Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақшылық.

Құдайшылық – жүректе. Қалпыңды таза сақта!

Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады.

Жаман дос – көлеңке: басынды күн шалса – қашып құтыла алмайсың, басынды бұлт алса – іздеп таба алмайсың.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі содан шығады.

Адамды сүй, алланың хикметін сүй.

Алланың өзі де – рас, сөзі де – рас.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Қаракет қыл, пайдасы көпке тисін.

Кекшіл болма – көпшіл бол.

Біріңді, қазақ, бірің дос,
Көрмесен – істің бәрі бос.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын

Пайда ойлама – ар ойла.

Хақ сөзді бала айтса да тоқтамақ керек.

Абай

Орынсыз ұмтылудан сақтайтын алты түрлі нөқта бар: олар – ынсап, рақым, ар, ұят, сабыр, сақтық. Ең әділі – ынсап, өзгелердің тізгіні сонда болуға тиіс.

Адамдық – борышың.

Адамның ең асылы – қиянатсыз, ақ пейіл адам.

Мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, таза жүрек, тату дос – өмірінде өкіндірмес қасиеттер осылар.

Анық бақ: кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек.

Жүрегінді нұрмен жу.

Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң – шын бақыт осы.

Бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл. Шын бақ – ата-ананың махаббаты мен балалардың таза жүрегінде.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Бостандыққа апатарын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана.

Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден.

Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсат сонда орындалады.

Анық түрік затты халық тілі – біздің қазақ тілі.

Ғұмыр бәйгесінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар.

Тірі болсақ – алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса,
жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар!

Әлихан Бөкейхан

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.
Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.

Білімнің бас құралы – кітап.
Ғылым мен өнер көбейген сайын – бейнет кемиді.

Өркім өз білгенін, өзінің қолынан келетінін істеу керек.

Ахмет Байтұрсынұлы

Ел түзелсін десең – әуелі өзіңді түзе.

Ер еңбегі – елге ортақ.

Арманың болсын – арманға қоса дәрменің болсын.

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Жігіт қадірі – өнерімен өлшенер болар.

Жалған намыс – қасиет емес,
ар сақтаған – қасиет.

Берекені көктен тілеме – еткен еңбектен тіле.

Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі – ниет керек, одан соң –
күш керек, одан соң – тәртіп керек.

Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – әр
кісінің ісі.

Адам көркі – ақыл.

Жауға – жалынба, досқа тарылма.

Мұхтар Әуезов

Қазақ деген ел – бостандық-азаттық сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық.

Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі.

Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

Еліңе опасыздық – туған анаңа опасыздық.

Еліміздің ұйытқысы – әдет-ғұрпымыз.

Бақыт деген – еркіндік.

Ғабит Мүсірепов

Әділдікті мойындау – адал кісінің ісі.

Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық.

Ата-ана қадірін біле алмаған – халық қадірін біле алмас,
Халық қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас.

Тіл – ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі.

Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтатын тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузын құм құятын ғажайып кемел тіл.

Мәдениеттің мәйегі – кітап.

Рухани әлемі кең, рухы биік ел – қайсар ел. Ондай елді ешкім жеңе алмайды. Рухы сынған, рухани жүдеген елді жеңу де – жеңіл.

Шерхан Мұртаза

Елдің туы жығылмас – тілдің туы жығылмай.

Тілім менің байрағым

Қадыр Мырзалиев

Мәдениет дегеніміз – кісілер арасында адам болу өнері.

Олжас Сүлейменов

Достық, ең алдымен, – еркіндік.

Асқар Сүлейменов

Ең берік Ат, ең биік Ат, ең баянды Ат – Азамат!

Елің теңелмей тұрып – өзің теңелмейсің.

Әбіш Кекілбайұлы

Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген.

Тарих пен тіл – тамырлас.

Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп атар едім. Оның біріншісі, әрине, – ата-бабаларымыздың өздерінің қанын төгіп, жанын беріп жүріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз – сол ата-бабаларымыздың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі.

Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл.

Дүниеде қазақ деген ұлт – біреу, демек оның ұлттық болмысы, салт-санасы мен әдет-ғұрпы да – жалпы қазаққа бірдей тән, оның ғажайып мол рухани қазынасы да – бөліп-жаруға келмейтін ортақ қазына.

Қазақ елі – ежелден еркіндік аңсаған ел. Өз алдына дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойғы арманы еді. Құдайға шүкір, өз білігіміз өз қолымызға тиді. Қазақстан Республикасы бұдан былай тәуелсіз, демократиялық мемлекеттердің қатарына жатады. Өз территориямызда өкімет билігін толық өз қолымызға алдық. Ішкі, сыртқы саясатымызды дербес жүргіземіз, әрі қарай қалай өмір сүру керек екенін ешкімнің нұсқауын күтпей-ақ өзіміз шешетін боламыз.

Менің сенетінім – жақсылық, менің сенетінім – болашақ!


Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін – бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз.

Шүкір, ел есін жиды: тілден артық қазына, тілден артық қасиет жоқ екенін кештеу де болса түсіндік.

Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы. Қазақ – тек бірігу, бірлесу жолында келе жатқан халық.

Нұрсұлтан Назарбаев





АСЫЛ СӨЗ

АСЫЛ СӨЗ

Қазақ халқының рухани мәдениетінің сан ғасырлық тарихына қарағанда біз осы зор мұраның ішінен әдеби мұраның айрықта екендігін аңғарар едік. Біздің бай халық ауыз әдебиетіміз, одан беріде сонау қазақ хандығынан бері халқымыздың жан қалауы мен жүрек соғысын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан кемел, көркем, бейнелі сөз өнеріміз нағыз ұлттық мақтанышымыз. Осы сөз өнерімізде біздің тарихымыз бен танымымыз, айбынымыз бен ардағымыз, ойымыз бен арманымыз көрініс тауып жатты. Жас ұрпақ тәл әдебиетін неғұрлым көп оқыса, жақсы білсе — онда халқының рухани әлемін де жақсы танымақ, жіті көрмек. Ұлттық өркениетіміздің мөлдір қайнары, алтын арқауы — сөз өнерімізбен жиі қиғарласып, Алаш рухын сезінейік.





«АЛАҢ ДА АЛАҢ, АЛАҢ ЖҰРТ»

«Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауының авторы Қазтуған жырау шамамен XV ғасырдың орта шенінде Еділ бойында дүниеге келген. Әкесінің аты – Сүйініш. Қазтуған Еділдің салалары Ақтұба, Бозан бойын жайлаған елдің көсемі, әскербасы, батыры болған.

Қазақтың жыраулық поэзиясы өзінің өршіл рухымен, асқақ азаматтық пафосымен, алмастай өткірлігімен ерекшеленеді. Сондай рухты поэзияның көрнекті өкілінің бірі – Қазтуған жырау. Жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» деп басталатын жырының орны ерекше. Жырдың өзі екі бөлімнен тұрады. «Алаң да алаң, алаң жұрт, Ақала ордам қонған жұрт» деп басталатын алғашқы бөлімінде жырау Еділдің ежелден ата қонысы екенін, өзінің де кіндік кескен – туған жері екенін аңдатса, «Салп-салпыншақ анау үш өзен, Салуалы менің ордам қонған жер» деп басталатын екінші бөлімде Қазтуған Еділ бойының жерінің құнарлығы мен шұрайлығын бейнелейді. Бейнелейді деу аз, сөзбен сурет салады. Әсірелесе де әсерлі, жанды сурет. Жыр соңында ақын: «Қайран да менің Еділім, Мен салмадым, сен салдың!», - деп аһ ұрады. Енді ше?! Жырды оқып отырып жырауға ілесіп қалай күрсінгенінді сіз де сезбей қалған болар едіңіз. Себебі:

*Жабағылы жас тайлақ,
Жардай атан болған жер,
Жатып қалған бір тоқты,
Жайылып мың қой болған жер!
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Ботташығы бұзаудай,*

Боз сазаны тоқтыдай, – деп жер жаннатын, жерұйық мекенді қайтіп жатқа қиясың?! Қимайсың! Қимағандықтан жыраумен бірге аһ ұра отырып, толғауды қайта бір оқып, қазаққа құтты қоныс болған Еділдің жат жұрттықтардың иелігіне өтіп бара жатқандығына назаланасың. Дегенмен ел мен жерді қорғаған даңқты бабалардың айбары мен айбынын сезінесің.

«БІРІНШІ ТІЛЕК ТІЛЕҢІЗ»



Бұқар жырау (1684-1782) – XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Ол – жасынан өз ортасына кең танылған, батыл да парасатты жырау ретінде атақ-даңқы алты Алашқа жайылған, Қазақ еліне кеңінен танымал тарихи тұлға. Атақты Абылай ханның тұстасы. Әкесі – аты аңызға айналған Қалқаман батыр. Бұқар жыраудың хан сарайы маңында да беделді ақын, ақылшы би саналуы тегін емес. Бұқар жырау Қалқаманұлының өлеңдері, өзі тұстас өнерпаздармен салыстырғанда, кейінгіге молырақ жеткен.

Бұқар – қазақ халқының арман-тілегін, елдік ынтымақ-бірлігін көксеген жырау, кемел кемеңгер, терең ойшыл. Жырау шығармашылығының осы бір ерекшелігі оның «Бірінші тілек тілеңіз» деп аталатын ұзақ толғау жырынан да айқын аңғарылады.

Жаратушыға жалбарынып, Алладан тілек тілеу десе, көп адам бақыт-байлық, атақ-абырой, шен-шекпен тілейді. Елден озуды, жұрттан еңселі болуды, сөйтіп байлықпен төңірегін «көзіне ұруды» көксейді. Өз айналасындағы осындай пендешілікті ерте сезген Бұқар жырау былайғы жұртқа жаратушыдан не сұрап, Алладан не тілеу керектігін аталған жырына арқау ете отырып, өзінің өмірлік пәлсапасын ортаға тастайды:

Бірінші тілек тілеңіз:

Бір Аллаға жазбасқа.

Екінші тілек тілеңіз:

Әзәзіл, пасық, залымның

Тіліне еріп азбасқа...

Осылайша сөз бастаған кемеңгер жырау, ойшыл ақын Алладан тілейтін тілектің 11 түрін келтіреді. Оның бастылары мыналар: төсек тартып жатпауды, бес уақ намаздың қаза болмауын, жеріңнен айырылып қалмауды, тоқсандағы қарт бабаңның топқа жаяу бармауын, анаңның аңырап қалмауын, әйеліңнің жесір қалмауын т.б. Осы арқылы абыз жырау елдік, ерлік намысты қайрап, туған халқының ынтымақ-бірлігін бекемдеуді, сөйтіп «желкілдеген ту, жер қайысқан қол келгенде» «содан сасып тұрмауды» өсиет етеді. Соны көксейді. Тыңдармандарына да Алладан осыны тілеуді аманат етеді.

«ЗАР ЗАМАН»

Бұл толғаудың авторы Шортанбай Қанайұлы 1818 жылы Жамбыл облысының Қаратау өңірінде туылып, 1881 жылы Қарағанды облысының Шет ауданында өмірден озған. XIX ғасырда өмір сүрген қазақ халқының тарихындағы ірі тұлғалардың бірі, ақын. Ол өз дәуірінің бүге-шүгесіне дейін білген. Шортанбай белгілі бір ортаның немесе бір аймақтың ғана тұрмыс-тіршілігін жырлаған жоқ, барша халықтың мұң-мұқтажын толғады, көптің жоқтаушысы болды. Зобалаң заманның зорлығын көзімен көріп, жанымен, тәнімен сезінген ол өзінің «Зар заман», «Бала зары», «Тар заман», «Опасы жалған» т.б. тәрізді толғаулары арқылы ақиқаттың астарын айқара ашып берді.

Шортанбай толғауларының ішінде көпшілікке кеңінен тараған туындысы – «Зар заман». Аталған толғауында бүгінгі заманның кейіп-кеспірі бағамдап, халқының болашағын болжай білген ақын, елі үшін қабырғасы қайысып, тығырықтан жол іздейді. Кер заманның кескін-келбетін батыл да ашына толғаған ол, өз тарапынан байлам, тұжырым жасайды, баға береді.

*Мынау ақыр заманда,
Алуан-алуан жан шықты.
Арам, араз хан шықты.
Қайыры жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ
Ақша деген мал шықты.
Кедей қайтіп күн көрер? –
Сол себептен қорқамын!*

Зар заман ақындары халқының жай-күйін ойлаған ұлт қайраткерлері ретінде танылды. Олардың шығармалары халықтық салт-дәстүрлері қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық болмыс-бітіміне ажырамауға үндейді. Ресей империясы отарлаушыларының озбырлығы мен саясаты «Зар заман» ақындарының өлең-жырларында жан-жақты суреттеледі. Сары уайымға салыну, қайғы-мұңға берілу – ақын шығармаларының басты сарыны. Бір ғана Шортанбай емес, бұл кезең ақындары келер күннен үміт жоқтығына налиды, тығырықтан шығатын жол таппай қиналады. Шортанбай халықты қан қақсатқан зобалаңның себебін біріншіден, отаршылар қолымен жасалған зұлымдықтан, екіншіден, заманның азып, діннің бұзылғандығынан деп топшылайды.

«ҮШ ҚИЯН»



XIX ғасырда өмір сүрген қазақ жырауларының аса көрнекті өкілдерінің бірі – Мұрат Мөңкеұлы. 1843 жылы қазіргі Атырау облысына қарасты Қарабау өңірінде дүниеге келіп, 1906 жылы Маңғыстау өңірінде қайтыс болған деген болжам айтылады.

Мұрат – бір жағынан, өткен замандар өмір-тарихынан молынан сыр топтайтын дастаншыл ақын болса, екінші жағынан, өзі өмір сүрген ортадағы халықтың мұңын айтып, зарын топтаған әлеуметшіл ақын. Ақын шығармашылығынан молынан орын алатын орыс отаршылдығының озбырлығын әшкерелеген шығармалары кеңес үкіметі кезінде шет қақпай көріп келді. Сондай шығарманың бірі «Үш қиян» деп аталады. Өлеңнің аты – Еділ, Жайық, Маңғыстау өңірлеріне байланысты қойылған.

Еділдің бойы – қанды қиян,

Жайықтың бойы – майлы қиян,

Маңғыстау бойы – шаңды қиян,

Адыра қалғыр үш қиян! – деп басталатын ұзақ толғау жырда ақын осы үш қиянның арғы-бергісін, өткен-кеткенін өткір де өрнекті тілмен тебірене толғайды.

Толғауында бір кездері қазақ халқының өз билігі өзінде, жерінің шетін жауға басқызбай тұрған заманын емірене, елжірей еске алған ақын, отаршылдардың тұрғын елді ата қонысынан айырып, ерлерді қанатынан қайырып жатқанына аһ ұрады:

Еділді тартып алғаны –

Етекке қолды салғаны.

Жайықты тартып алғаны –

Жағаға қолды салғаны.

Ойылды тартып алғаны –

Ойындағысы болғаны.

Маңғыстаудың үш түбек

Оны дағы алғаны.

Ақын елді елдігінен, жерінен, бас еркінен айыратын отаршылдықтан құр әшейін үрейленбейді. Отаршылдықтың ертеңін қолмен қойғандай айтады. Қарап отырсақ, алдыңғы патшалы Ресей, одан кейінгі оның заңды мұрагері Кеңес одағы тұсында «Адыра қалғыр, үш қиянды» қойып, тұтас қазақ халқы «қоңсысына құл боп» кеткен жоқ па?! Мұрат ақынның ұлылығы осының бәрін күн ілгері сезіп, күн ілгері айта білгендігінде.



«ЕРЕУІЛ АТҚА ЕР САЛМАЙ»

Махамбет Өтемісұлы – күрескер ақын, жаужүрек батыр, балкөмей жырау, дәулескер күйші. Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің көсемі әрі жалынды жыршысы, өз қоғамының идеялық күрескері.

Махамбет! Бұл есім – өмірдегі қайсарлықтың синониміне, өнердегі қасиеттің символына айналған аса аяулы әрі ардақты ат. Көзі ашық, көкірегі ояу қазақтың бір де бірі бұл есімге бейтарап қарай алмайды:

*«Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай... –*

дей бастасаңыз-ақ болғаны, алдымен мейірімін төгеді, содан соң мерейленіп кетеді.

Махамбет өлеңі – қазақ сөзінің қайталанбас күдіреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ.

Қазақ әдебиетінің ұлы материгіндегі өзгеше бір сырлы арал болып тұрған Махамбет поэзиясының тақырыбы біреу – майдан. Не үшін болып жатқан майдан? Қазақ елінің елдігі, еркіндігі мен егемендігі үшін болып жатқан ерлік майдан. Махамбет тек осы тақырыпты ғана толғады. Оның барлық өлеңін бір жерге топтағанда «Жорық жыры» болып шығатыны сондықтан.

«Ереуіл атқа ер салмай» өлеңінің идеясында – қазақ халқының азаттығы мен бостандығы жолында туған, қалыптасқан, дамыған Махамбет шығармашылығы, тұтастай алғанда, автордың «сегіз қырлы, бір сырлы» автопортреті көрінеді. Бұл өлең көптің қамын ойлаған, халықтың жарқын болашағы үшін күрескен ерлердің де бейнесі іспетті.

«СЕГІЗ АЯҚ»



Бұл қазақ өлеңіне Абай қосқан өлең үлгісінің бірі. Өлеңнің құрылысы – ақынның өзінен бұрынғы төл дәстүрде кездеспеген, тіпті өзі көп үндестік тапқан өзге халықтардың поэзиясында да ұшыраспаған, тек Абайдың өзіне ғана тән, тек Абай ғана дүниеге әкеле алған тың үрдіс. Өлеңнің ырғақтық құрылысы өзгеше өрнектелген:

*Алыстан сермен,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған,
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағына жетіп қайырған.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең, өзің біл.*

Шумақ 5 буынды тармақтар мен 7-8 буынды тармақтардың жүйелі түрге үйлесіп араласуынан түзілген. Төрт түрлі дыбыс үндестігіне негізделген үйлесім бар (аабввбгг). Мұнда 3 және 6 тармақтар алыстан байланысады да, қалған көршілес тармақтар өзара үйлеседі. Келте тармақтарда бунақ үш буынды және екі буынды болып келеді. Сегіз аяқта алдыңғы екі тармақта ақындық ой қорытылады. Шебер мүсіндеген бұл өлең түрі – қазақ поэзиясында оқшау тұрған туынды. «Сегіз аяқ» өлшемін, шумақтық өрнегін Шәкәрім, Ахмет Байтұрсынұлы, т.б. ақындар өз өлеңдерінде қолданды.

Абай шығармашылығындағы осындай кемелдік пен кемеңгерліктің тұтас бір жүйелі үлгісін танытқан кесек туынды, осы өлең үлгісінің атымен жазылған – «Сегіз аяқ». Бұл – өзінің ішкі мазмұны жағынан да, өлеңдік көркемдік қасиеттері жағынан да өзгеше тұрған бір төбе туынды. Абайдың ақындығы сөз болған жерде «Сегіз аяқ» ауызға алынбаса, төрт құбыласы түгел сәулетті сарайдың ең бір сәнді де мәнді қабырғасын көрмей кеткенмен бірдей болар еді.

Қысқасы өзіне лайықтап жазылған әуенді әнімен қоса алғандағы «Сегіз аяқты» бүкіл Абай ақындығының барлық қырлары мен сырларын танытарлық туынды деуге болады.



«ОЯН, ҚАЗАҚ!»

Міржақып Дулатов тұлғасындағы отаншылдық қасиет 1909 жылы Уфада жарық көрген «Оян, қазақ!» өлең жинағында найзағайдай жарқылдады. «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты! Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп, Қазағым, енді жату жарамасты!» деген өлең жолдары ақынның қайраткерлік болмысына сүйсіндіреді. Жинақтағы саяси-әлеуметтік лирика Ресей империясы қысымындағы ұлт тағдырын жан-жақты ашуымен маңызды. Жер қайғысы, дін бостандығы, оқу-ағарту, әлеуметтік теңдік сынды көкейкесті мәселелер «Сөз басы», «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі», «Таршылық халіміз хақында аз мінәжат», «Қазақ жерлері», «Насихат ғұмамия» өлеңдерінің басты арқауын құрайды. «Жас орнына көзімізден қан кетіп, Қолымыздан ата мирас заң кетіп Аяқ асты болып қазақ қалды ғой, Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп...Кім жазалы өзімізден көрмесек, Төбемізге шығардық қой дәндетіп» деп отаршылдыққа қарсы күрес мұратын ұстанған ақын еркіндік аңсаған ұлтының қайғылы күйін суреттеп, ар-намысын оятуға ұмтылады. Мысалы, «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» өлеңінде «Жігіттің несі жігіт босқа жүрген, Қызметпен пайда беріп халыққа жақпай» деген ойымен елге қызмет ету идеясын көтереді. Алашты ұлттық бірлікке үндеп, азаттық жолын нұсқайды. Ақын ұлттың рухани дамуына қажет оқу-ағарту тақырыбын «Мешіт, медресе хақында», «Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта», «Қазақ халқына діни бір уағыз» өлеңдерінде назардан тыс қалдармайды. Алаш арысы ұлттық ояну ұранын көтеріп, патша саясатын өткір сынға алып айыптады.

«Оян, қазақ!» - XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың ұранына айналған кітап, отаршылдыққа қарсылықтан туған Алаш қозғалысының басты идеялары бейнеленген туынды.



«ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ»



Б.Майлин – қазақ әдебиетінің проза саласын, әсіресе көркем әңгіме жанрын өркендетуге көп еңбек сіңірген қаламгер. XX ғасырдың оныншы жылдарының орта тұсында (1914-1915) Б.Майлин «Шұғаның белгісін» жазып, жариялаған кезде қазақ прозасы жанр ретінде жаңа туып-қалыптаса бастаған, демек, қазіргі жан-жақты жетілген профессионалдық дәрежесінен әлдеқайда алыс жатыр еді. Десек те дәл осы шығарма суреткерлік шеберлік тұрғысынан пайымдағанда, күні бүгінге дейін қазақ повесінің үлгісі боп қалып отыр.

Повестің фабуласы дәстүрлі: Кедейден шыққан Әбдірахман деген мұғалім жігіт Есімбек деген байдың Шұға атты сұлу қызына ғашық болады. Жігітті қыз да сүйеді. Бұл, әрине, байларға ұнамайды. Олар жала жауып, Әбдірахманды айдатып жібереді. Бұған күйзелген Шұға айықпас дертке ұшырайды. Қызының халіне қиналған Есімбек болысқа айтып, Әбдірахманды амалсыз босатады. Әбдірахман алып-ұшып, сүйікті Шұғасын көруге асығып келсе, қайран ару жарық дүниемен біржола қош айтысқан екен; оның өзіне жазып қалдырған хатын оқып, көз жасы көл болады...

Мұның бәрі бүгінгі көзге белгілі оқиғадай, жаттанды тақырыптай болып көрінгенімен, көркем прозасы әлі қалыптасып үлгермеген заманда, тіпті алғашқылардың бірі болып, жаңа, еуропалық үлгідегі проза жанрымен салған жерден мұндай көлемді көркем дүние жазу – тек Б.Майлин секілді хас таланттың ғана қолынан келетін шаруа еді.





«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН»

Мағжан жүрегіндегі халқына деген махаббат оның поэзиясынан ерекше орын алады. Соның жарқын бір мысалы осы «Мен жастарға сенемін» деп аталатын өлеңі. Олай дейтініміз ақын езілген, қорғансыз, күйзеліс үстіндегі халықты қанша аяса да, жаралы жанның ыңыранған ауыр күйін жеріне жеткізе суреттегенмен, жалпы халықты, ұлтты ертеңнен үміт үзбеуге шақырады. Себебі ақынның ұғымында оның туған халқы тағдырына қол қусырған, аяғының басына қараған, мұрнының ұшынан әріні көрмейтін күні біткен, үміті үзілген мүсәпір халық емес. Керісінше, ақын поэзиясында үнемі ой үстінде жүретін, қимыл үстінде көрінетін, «үмітсіз – шайтан» деген түсінікпен күн кешетін халық бар. Олай болса ондай халықтан «Тау суындай гүрілдер, Айбынды Алаш елім дер, Алтын Арқа жерім дер» жастардың туатындығына неге сенбеске?!

«Неге сенбеске?!» деп бүгін айта салу оңай. Ал Мағжан ақын осы өлеңді жазған кезде (1922) көпшілік ұлттың ертеңінен күдер үзе бастаған. Ал одан кейінгі заманда бұндай үмітпен күн кешу мүмкін емес сияқты болып көрінетін. 1986 жылы қазақ жастары ақынның:

*Алаш – айбынды ұраны.
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!
Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!* – деген асқақ сенімін ақтап, сәуегей-әулиелігі

дәлелдеп берген жоқ па?!





XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ прозасының ең көрнекті үлгілерінің бірі – аса көрнекті қаламгер, ірі дарын иесі Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы. Жазылу уақыты жағынан алғашқы романдардың біріне жататын «Ақбілек» романында күрделі кезеңнің оқиғалары, тарихи тартыстар, дәуір шындығы көркем бейнеленеді.

Романның алғашқы беттерінде табиғат көркі суреттеліп, әрі қарай оқырман бірден шытырман әрекеттер үстінен түседі: алыстағы Алтай таулары, ақ қашып, қызыл қуып, аласапыран күрестер жүріп жатқан Азамат соғысының сұрапылы қазақ ауылдарына да жеткен, өрт шалмаған шаңырақ жоқ. Марқакөл жағасында, Терең шатты мекендеген момын шаруа Мамырбай ауылын банда шауып, әйелін өлтіріп, бойжетіп, оң жақта отырған қызы Ақбілекті солдаттар алып қашып кетеді. Сұмдық осыдан кейін басталады. Бірауыз орысша тіл білмейтін соры қайнаған жас қыздың азап-қорлыққа толы, өлім мен өмір, өң мен түс арасында былғанышты, жиіркенішті күндері басталады. Бұрын етегін жел көтермеген, еркек бетіне тіктеп қарамаған ақ періште, енді табиғаттан алған асыл қазынасын рәсуа етіп, еріксізден еріксіз, ұяттан күйіп, ар-иманы өртеніп, қайдағы бір қашқын, банда, тіпті атын да білмейтін ақ әскерінің офицері – кара мұртқа ермек болады.

Романның алғашқы үш бөлімі тиянақты, шебер көмкерілген, үзіліп қалатын, аяғына жетпеген ситуация сирек, негізінен, Ақбілек басындағы психологиялық күйлер реалистік қуатпен сенімді, дәлді беріледі де, төртінші, соңғы бөлімде публицистикалық, очерктік сипат бел алған. Ақбілек – Кәмила арасындағы ұзақ сыр, оқудағы жайттар, зиялылар хикаясы, балташ – Ақбілек арнасы – бәрі де жалпылама көрсетіледі. Стильдегі көтеріңкі леп, оқырманға тікелей тіл қату романның көркемдік қуатына салқынын тигізген. Жас ғұмырында ақ жүрегіне балта тиген Ақбілек сынды әйелдің Балташ қатарлас азамат, өмірлік жар тауып, азаптан туған перзенті – Ескендірін қайта сүйіп жазушы басқа өмірдің бір белгісі, мезгіл мінезінің сипаты деген көркем ой тастайды.

«Ақбілек» романы - шығармада суреттелген Ақбілектің, өзге де кейіпкерлердің ғана тағдыры емес, ол жалпы қазақ халқының күрделі кезеңдегі тарихы мен тағдырының көркем бейнесі.

«АЛАШ ҰРАНЫ»

1917 жылғы ақпан төңкерісін ақындарымыз шын мәніндегі азаттық таңының атауы деп қарсы алды. Бұның үстіне ел азаматтары да қамданып, жер-жерде уақытша үкіметтің пәрменіне орай қазақ комитеттерін құра бастады. Бұрынғы патша әкімшілігінің орнына қазақтардың өзін-өзі басқару жүйесі жобаланды. Ақыры «Алаш» партиясының ұйымдасуына барып тірелді. Осының бәрі аз уақыт ішінде халықтың көңіл-күйінде едәуір толқулар туғызды.

«Алаш» партиясының дүниеге келуін сол тұстағы қазақ жұрты, әсіресе халықтың оқыған саналы-сауатты бөлігі ерекше қуанышпен қарсы алды. Ақындар жырдан шашу шашты. Осы тақырыпта жазылған өлеңдердің ішіндегі ең рухы биік тұрғаны да, ең екпінді, жігерлісі де С.Торайғыровтың «Алаш ұраны» атты өлеңі болатын.

*«Алаш» туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз,
Енді Алашты ешкімнің
Қорлығына бермейміз.
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз.
Жасайды Алаш, өлмейміз,*

Жасасын, «Алаш», жасасын!—деп жырлаған Сұлтанмахмұт Торайғыров тек жеке басының пікірін ғана емес, сол кездегі қазақ қоғамының көңіл-күйін білдірді. Отар халықтарды құрсаудай қысқан орыс империясының сәл әлсіреген тұсында өзінің бір кезде жоғалтып алған тәуелсіздігіне қайта қол созған халықтың жайы еді бұл.



«ҚҰЛАГЕР»



Ақын Илияс Жансүгіровтің өнер тақырыбына жазылған көрнекті поэмаларының бірі – «Құлагер» қазақ халқының әйгілі өнерпазы, ардагер ұлы Ақан серінің өміріне арнады. Ақан сері – XIX ғасырдағы қазақ елінің рухани мәдениетінің тарихынан елеулі орын алатын белгілі өнер қайраткері. Ол дарынды композитор, ақын, әнші. Өзі өмір сүрген заманның әрқилы мәселелерін айқын өнер тілімен көрсете білген оның әдеби, музыкалық, әншілік еңбектері жайлы көптеген ғылыми-зерттеулер бар. Сол еңбектердің бәрінде де Ақан серінің асқан өнерпаздығы, халықтың рухани азығы болған тамаша поэтикалық, музыкалық шығармалар бергені айрықша атап көрсетіледі.

Поэмадағы әр көрініс, әр оқиға өз орнында, ақынның құдіретті шеберлігімен олардың бәрі табиғи бірігіп, үлкен бір жарқыраған тұтас мүсінге айналып кеткен. Бұл поэманың сюжетін, композициясын құрудағы ақынның үлкен ұсталығын байқатса керек.

Ақын бас кейіпкер өмірін бейнелегенде поэма жанрының шеңберінен аспай, осы жанрдың адам образын мүсіндеудегі көркемдік мүмкіншілігін белгілі дәрежеде ұтымды пайдаланғанын көреміз. Ол, ең алдымен, оқушы қауымды Ақан серімен біраз таныстырып өтеді. Бұл ретте ақын Ақан серіге кең көлемде мінездеме берген. Сол мінездеме арқылы Ақан серінің ұнамды тұлғасы анықтала бастайды.

Ақаң мен Батыраш айқасының нәтижесі поэманың соңында аян болады. Зұлым Батыраш өзінің жендетін жұмсап, бәйгеден озып келе жатқан Ақаңның Құлагерін қанға бояп өлтіреді де, өз дегеніне жетеді. Ақаңның жанын жаралап, өшпес қайғы-қасіретке көміп тастайды.

Өзінің жар астынан бұғып тұрып істеген қастандығын мойындамай жалтарған, көлгірсіген, оның үстіне ат бәйгесін алмақ болып тырысқан Батырашқа сол жердегі халық дүрсе қоя беріп, қарсы шығады.

Поэманың тіл байлығы төтенше. Өзге поэмаларындағыдай, мұнда да ақын еркін төгілген, образды бейнеге бай құнарлы тілімен оқушыны бірден баурап алып, бастан-аяқ ғажайып эстетикалық ләззатқа бөлеп тастайды. Мұндағы ұмытылмас сұлу картиналар, айқын әдемі образдар, шындықтан туған романтикалық леп, бұлақша сылдырлаған нәзік лирикалық сезім, серпінді, кең, эпикалық құлаш, балы сорғалаған құнарлы бай тіл, ұйқасы сынғырлаған кәдімгі он бір буынды қара өлеңнің мінсіз-мүлткісіз үлгілері «Құлагер» поэмасының шын мағынасында поэзияның «сұлу сарайы», Жансүгіров шығармашылығының биік шыңы екеніне толық дәлел бола алады.

«АБАЙ ЖОЛЫ»

«Абай жолы» — қазақтың көркем прозасын жоғары деңгейге көтеріңкі әлем әдебиетіне биік эстетикалық талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқының, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан жан-жақты ашып көрсеткен. Алайда жұмыс барысында оның шеңбері кеңейе түсті. Әуезов алғашқыда екі кітаптан тұратын «Абай», онан кейін мұның жалғасы болып табылатын «Абай жолы» (бұл да екі кітаптан тұратын) романын жазды. 1-кітабы 1942 жылы, 2-сі 1947 жылы, 3-сі 1952 жылы, 4-томы 1956 жылы жарыққа шықты. Алғашқы екі кітаптан тұратын «Абай» романы үшін жазушыға КСРО мемлекеттік сыйлығы (1949) беріліп, төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы жарық көргеннен кейін, ол Лениндік сыйлықтың лауреаты (1959) атанды. Жазушы ойшыл, ақын Абайды басты кейіпкер етіп ала отырып, оның бейнесін айналасына топтасқан көптеген қаһармандармен тығыз қарым-қатынас үстінде жан-жақты ашады. «Абай жолы» роман-эпопеясында қазақ халқының этнография, діни, жалпы мәдени-танымдық дәстүрлері: жаз жайлауға көшу, құдалыққа бару мен той жасау, кісі өлімі мен аза тұту, ас беру, жұрт, болыс сайлауы, дауға билік айту т.б. бәрі бар. Оқиғалар мен деректерді баяндау үстінде жазушы өмірлік тартысты барынша ашып көрсетуге, оның әлеуметтік мәнін күшейтуге тырысады. Романдағы түгелдей немесе жарым-жартылай ойдан шығарылған көптеген кейіпкерлердің тағдыры өмірде болғандай кескін-кейіпке ие болып, жалпы тарихи даму бағытымен байланысты, біртұтас көркемдік ойдың өзегімен тығыз ұстасып жатады. Тарихи оқиғалар мен фактілердің бәрі роман-эпопеяның бүкіл мазмұнымен тығыз ұштасып, шығарманың көркемдік өміріне орайлас мән-мағынасы басқаша ашыла түседі. Жазушы көркем шығарманың өз заңдылықтары мен мүмкіндіктерін толық пайдалануға күш салады. «Абай жолы» эпопеясының ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді, ана тілімізді өркендетудегі рөлі орасан зор.

«КӨШПЕНДІЛЕР»



I.Есенберлиннің алты кітаптан тұратын тарихи эпопеясы – қазақ сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі.

I.Есенберлиннің ұлт тағдырына қатысты шетін сырлары мен идеялары кемел бұл эпопеяның алғашқы бөлігі «Көшпенділер» трилогиясы еді. «Көшпенділер» трилогиясында бес ғасырлық оқиға, яғни, XV-XIX ғасыр аралығындағы қазақ хандығы өмір сүрген кезең суреттеледі. Оқиға бүгінгі шекаралық аймақ тұрғысынан қарағанда, Алтайдан Атырауға дейінгі шығыс пен батыс аралығы, Батыс Сібір ойпаты және Самарқан мен Сырдарияға дейінгі солтүстік пен оңтүстік аралығын қамтитын географиялық аймақта өтіп жатады.

Шығарма кейіпкерлері – негізінен, тарихи тұлғалар, Шыңғысхан дәуірінен басталып Кенесарымен аяқталатын қазақ мемлекетінің бастау көзі мен қиын-қыстаулы тағдыр-талайының басында тұрған хандар тізбегі, ел мұңы мен арман-тілегінің хабаршысы – ақын-жыраулар, ел мен жер үшін, ұрпақ болашағы үшін жан аямай шайқасып, Отанын қорғай білген арыстан жүрек, атан жілік батырлар. Бұлар – ел есінде аттары жатталып, тарихта қалған, өмірде болған тұлғалар.

«Көшпенділер» трилогиясы – партиялық идеологияның қылышынан қан тамып тұрған уақытта дүниеге келген шығарма. Ол кезде мұндай шығарманы жазбақ тұрмақ, қазақ халқының ертеректе өмір сүрген, артында мол мұра қалдырған, елім деп еңіреген, ел үшін, жер үшін мерт болған батырлардың, хандардың, шешендердің атын атаудың өзі, олар жөнінде әңгіме қозғаудың өзі қиын еді, қауіпті еді. Ал Ілияс Есенберлин осының бәрін біле тұрып, қазақ халқының өткен тарихын бейнелейтін, тарихтан мол мағлұмат беретін бір кітап емес, бірнеше роман жазып, оқырманға ұсынуы жай ерлік қана емес, талантты жазушының жеңісі еді.

«Көшпенділер» қазақ халқының ұлттық тарихының бастау көзі беріде емес, әріде жатқандығына жөн сілтеді. Бүкіл бір халықтың өмір-тарихы ұмытылып бара жатқандығын еске сала отырып, оған кінәлі – коммунистік саясат екендігін ашып айтпаса да, өмір ағысы басқа арнамен ағып бара жатқандығын, тарих беттері бұрмаланғандығын көркем тілмен бейнелеп берді.



«МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА»

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі әртүрлі жастағы оқырманын көркемдік қуатымен баурап алар сиқырлы да ғажап құдіретіне. Автордың: «Мінез-құлық жағынан Қожа өзге емес, менің өзіме ұқсайды» деген жан сыры шығарма шырайындағы табиғи болмысты даралайды. «Менің атым Қожа» баланың ішкі әлемін, оның әрекеттерінің барысын тамаша шынайылықпен бейнелеген үздік шығарма. Бала психологиясын отбасы тәлім-тәрбиесі және өскен орта ықпалымен тығыз байланыста берген суреткер Қожа бейнесін тартымды етіп суреттейді. Жетімдік қасіретін сезінбей, әзіз әже мен аяулы ана шапағатында ерке де еркін өскен Қожа тентектігі бас жарып көз шығаратын сотқарлық емес. Тәртіпті де тәрбиелі Жантаспен салыстырғанда ақылды да алғыр Қожа сөзіне берік, достыққа адал жан. Ол - намысшыл бала. Анасының басқа ер адаммен көңіл қосқанын тіпте де қаламайды. Оның кейбір тентектік пен сотқарлыққа баруының да түпкі себептері сонда. Әжесінің «Шыбыным, әйтеуір ешкімге тимей, ұрынба!» жайына жүр. Сенің тентектігіңді менен басқа ешкім де көтермейді. Біреуді ала жібін аттаушы болма» деген өнегелі тәлім-тәрбиесі ақылды Қожа тентектігін тұсаулап отырады. Десек те зейінді де зерек баланың балалы шағы өмір арнасымен өтіп жатқанымен, оны дұрыс жолға түпкілікті салатын әке тәлімінің ойсырап тұрған орнын ешкім де айырбастай алмайды. Ер баланың мінез-құлқын жөнге салып, жанын шындайтын әкенің мейірімді де қатал тәрбиесін әрі жұдырығын сағынып өткен сан ұрпақтың өмір ағысында адасып қалғандары қаншама...

«Мандайдан буым бұрқырап, есік алдына шықтым. Сәйбек көрінбейді. Омырауымды ағытып, желпініп, ойланып тұрмын. Не деп шешер екен? Мектептен шынымен-ақ шығара ма?» Осындай күйді басымыздан өткергенім шындық. Егер де әр мектепте алғыр да зерек, бірақ есті тентек Қожа болмаса қызықсыз болар еді ғой. Солай емес пе, достар! Келіспейтіндер де бар болар. Десек те...

АТАШАҢЫРАК



АТАШАҢЫРАҚ


«Шаңырақ — киіз үйдің қасиеті, киелі мүлкі. Қазақтың көптеген жақсы сөздері осыған байланысты айтылады. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. «Шаңырағың биік болсын» деген тілек бар» дейді белгілі этнограф Сейіт Кенжеахметұлы. Әркімнің өз шаңырағы бар. Атаның, әкенің үйін «қарашаңырақ» дейді. Сондай-ақ, қазіргі кезде іргелі оқу, мәдениет орындарын да қарашаңырақ деп атап жүрміз. Шаңырақ киелі ұзым болған соң бізге ең жақын адамдар, ең құрметті кісілер осы ұзымның төңірегіне топтасады. Өйткені бақ та, береке де, тіршілік те шаңырағымыздың астында.



ШАҢЫРАҚ

Ата-бабамызда «қасиетті қара шаңырақ» деген сөздің бар екенін білетін боларсыздар? Мұндағы «шаңырақтың» киіз үйдің төбесіндегі ең қасиетті, киелі бөлігі екені де сіздерге белгілі. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. Жаңадан отбасын құрып, өмірге қол ұстасып бірге аттанған жастарға «Шаңырағың биік болсын!» деп бата береді. Бұл – құрған отбасыңның тұғыры берік, мәртебесі жоғары болсын деген сөз.

Киіз үй мен көк әлемнің арасын қосып тұратын осынау қасиетті ұғым туралы нақтырақ біліп алғандарыңыз жөн болар. Қазақтың салт-дәстүрі



терең зерттеген жазушы-қаламгер С.Кенжеахметұлы шаңырақ жайлы да біршама терең тоқталған. Шаңырақ тоғын, күлдіреуіш және кепілдік деген бөліктерден тұрады. Тоғын дегеніміз – кәдімгі шаңыраққа дөңгелек түр беретін шеңбер. Тоғынның сүйегі қайыңнан жасалады. Оны оюлап өрнектейді және айналдыра жиілетіп уық кіргізетін ойықтар жасайды, уық қалам тәрізді үшкірленетін болғандықтан, оны «қаламдық» дейді. Ал, күлдіреуіш шаңырақтың күмбезін жасайды, кепілдік күлдіреуіш орнына қозғалып кетпес үшін қойылады.

Үйдің сүйегі (қаңқасы) дайын болған соң, оны (шаңырақты да) қызыл жосамен немесе қызыл, көк бояулармен бояйды да, оны өсімдік майымен майлайды. Бұл ағашқа су сіңбес үшін жасалады. Бай адамдардың шаңырағы, тіпті, күміспен, сүйекпен, мүйізбен әшекейленеді.

Шаңыраққа да киізден түндік жасалады. Ол да қойдың ақ күзем (күзде қырқылған) жүнінен басылады. Шаңыраққа желбау деп аталатын ою-өрнекті 4 шашақты бау жасалады. Ол шаңырақты бастыру үшін және көшкенде байлау үшін қажет. Қалыпты жағдайда желбау үйге әсемдік түр беріп тұрады. Түндікті де, үйдің басқа киіздері сияқты, дайын болған соң, ақ бормен немесе күйген сүйекпен борлайды, бұл оған әдемі ақ түс береді, әрі киіздің берік болуына, суға, ыстық-суыққа шыдамды болуына ықпал етеді.

Қазақта «шаңырақ» сөзінің «отбасы» деген мағынаны білдіретіні жайлы жоғарыда айтқанбыз. Адамзат өмірінің бастауы – осы отбасыға тоқтала кетейік. Отбасы – адам өмірінің негізгі кезеңдерін бастан кешіретін ең кіші әлеуметтік топ. Ондағы адамдардың әрқайсысы әр отбасы мүшесінің дамуына ықпал етеді.

Қазақ отбасында ағайын-туыстың татулығы келінге де байланысты. Өз отбасында жақсы, көреген тәрбие алған қыз бала келін боп түскен жерінде келген отбасының шаңырағын шайқалтпай, қайта олардың татулығын сақтап қалады. Ақ жарқын мінезді, қонақжай, қолы ашық жас келін отбасы мүшелерін ә дегеннен-ақ өзіне баурап алады





КИІЗ ҮЙ АТАУЛАРЫ

АБЫЛАЙША – керегесіз, уықтан тігілген шағын киіз үй.

АҚ ШАҢҚАН ҮЙ – сүттей ақ, аппақ киіз үй.

АҚТАҒЫР – екі қанатты, екі үзікпен жабылатын шағын киіз үй.

ЖАППА – керегесіз, киізбен жабылған баспана.

ЖОЛЫМ ҮЙ – уыққа киіз жауып, уақытша тігілген шошақ үй.

ҚАРА ҚҰРЫМ ҮЙ – киізінің тозығы жеткен, ескі үй.

ҚАРА ҮЙ – киіз үйді кейбір жерде қара үй деп атайды.

ҚАРАША ҮЙ – қоңыр түсті, жыртық, тесік, ескі үй.

ОРДА – еңселі, салтанатты киіз үй.

ОТАУ – ұлға енші беріп, бөлек шығарған киіз үй.

ТӨҢҚАЙМА – бірнеше уықпен ғана көтерген киіз үй.

ҰРАҢҚАЙ – уық тәрізді сидам ағаштардан басын түйістіріп тігілген киіз үй.

Киіз үй, негізінен, кереге, уық, шаңырақ, есіктен тұрады.





КЕРЕГЕ – киіз үйдің негізгі қаңқасын құрайды. Кереге қанаттардан тұрады. Қанат сағанақтан тұрады. Керегенің екі түрі болады: желкөз, торкөз. Желкөз қатты желге төзімді, торкөз жаңбырлы күндері су жібермейді. Желкөздің торы үлкен, ағаштары жеңіл, ал торкөздің торы кішкене, ағаштарының сүйектері ауырлау болады. Керегенің сағанақтары қиғаш орналасады. Бір қанатта 20 сағанақ болады. Сағанақтарды бір-біріне қиғаштап қайыспен байлайды. Қайыс түйе, жылқы терісінен жасалады.

УЫҚ – кереге басы мен шаңырақты ұастастыратын ағаш. Ол сәмбі талдан жасалады. Уықтың кереге басына байланатын жағы жалпақтау, имектеу болып келеді, мұны уықтың діні дейді. Уықтың кереге басына байланатын жағын тесіп, бау өткізеді, оны уық бау деп атайды.

ШАҢЫРАҚ – киіз үйдің еңсесін құрап, тұтастырып тұратын күмбез. Шаңырақтың шеңбері 3-5 метр шамасында болады. Оны көбіне тораңғыдан, сом қайыңнан иіп қиюластырады, қоспаларын жылтырауық металдан құрсаулайды. Шаңырақтың дөңгелек шеңберін тоғын дейді, оған уық



сұғатын төрт қырлы көз теседі. Тоғынның үстінен түндікті көтеріп тұру үшін айқастыра бекітілген ағаштарды қояды, оны күлдіреуіш деп атайды. Күлдіреуіш арқылы үйге жарық түседі.

ЕСІК (сықырлауық) – кереге шеңберін тұйықтап, киіз үйге кіріп-шығатын есік сықырлауық деп аталады. Ол табалдырық пен маңдайшадан, қос босағадан және жарма беттен тұрады. Есіктің жарма беті нәзік өрнекпен безендірілген.

Керегенің іргесінен уықтың ортасына дейінгі жер туырлық деп аталады. Шаңырақты жауып тұратын киізді түндік дейді.

КИІЗ ЕСІК – есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ теріден жасалады. Есікті киіз жауып тұрады. Шиыршықтап түріп қоюға ыңғайлы.

Киіз үйдің сүйегін бір-бірімен ұстарту, сыртқы әбзелдерін бастырып тұру мақсатында бау-құралдары қолданады.

ТАҢҒЫШ – екі керегенің сағанағын (жігін) кіріктіріп таңатын өрнекті жіңішке құр деп атайды.

БЕЛДЕУ – туырлықтың керегеге тығыз жатуы және оны жел көтеріп кетпеуі үшін сыртынан бастырып буатын қыл арқан.

ШАЛМА – уықтарды ығып кетпеуі үшін шалмалап байлайтын құр.

БАСҚҰР – киіз үйдің ішін безендіру үшін әрі туырлықтың кереге басына үйкелмеуі үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып таңатын өрнекті жалпақ құр.

ТУЫРЛЫҚ БАУ – туырлықты ұстап тұратын әрі әсемдік үшін түр салынған жалпақ құр.

ҮЗІК БАУ – үзіктің екі жиегінен екі немесе үш жерден тағылған, уықтың үстінен айқастыра тартып керегеге байлайтын жалпақ терме бау.

БАҚАН – бір ұшын (жоғары) екі аша етіп жасаған ұзын сырық. Бақанды майыспайтын, мықты, түзу ағаштан жасайды. Ол киіз үйді тіккен кезде шаңырақты көтеріп тұруға арналған.

ШИ – кереге мен туырлық арасынан айналдыра тұтылады. Шилер туырлықты кереге көгінің жыртуынан қорғап, киіз үйдің сырт пішінін жұмырлай түседі.

Шиді алуан түске боялған қой жүнін шиге орау арқылы жасайды.



Алла Тағала адамды, ұлтты жаратқанда оның жүрегіне сенім берген. Ол ұлы Жаратушының бар екендігіне илану күші, діни сенімі. Қазақтың діні ислам діні. Әлемдегі ең ірі діндердің бірі исламның қатарында миллиардтаған адам бар. Ислам діні Құдай тарапынан ең алғашқы адамнан ең соңғы адамға дейінгі барлық адамзат баласына және барлық заманға жіберілген ең соңғы өсиет болып саналады. Бүкіл әлемнің Жаратушысы бір Алла (Аллаһ) ғана. Алла Тағала өсиеттері әртүрлі пайғамбарлар арқылы әртүрлі ғасырларда әртүрлі қауымдарға баян етілген. Ең соңғы өсиеттер Мұхаммед пайғамбарға (ғ.с.) жіберілген. Құран Кәрім бойынша, Алла Тағаланың жіберген бірегей хак діні ислам ғана және бұл дінге сенушілерге мұсылман есімін Жаратушының өзі берген. Ислам дінінің негізгі қағидасы – Жаратушының жалғыздығына қалтқысыз сену. Құран Кәрімде бұл қағида көптеген аяттарда «лә илаһа илла Алла», яғни «Алладан басқа Құдай жоқ, құлшылық етуге тек Алла ғана» деп түсіндірілген. Ислам дініндегі ең маңызды ғибадаттар: Алладан басқа Құдайдың жоқтығына, Мұхаммедтің оның елшісі екендігіне сену, Құран Кәрімді оқу және түсіну, намаз оқу, дұға ету, Рамазан айында ораза ұстау, зекет беру, Меккеге қажылыққа бару, ізгілік амалдар істеу, ғылыммен шұғылдану, адал жолмен ризық табу.

Ислам философиясының түсіндіруінше, дін дегеніміз - әлемді байланыстыратын күш Алланың барлығына сенім. Бүкіл әлемді және адамды жаратушы ие – Жалғыз Алла адам баласының жүрегін өзіне ұштастыра жаратады, яғни Жаратушының барына сеніп, оның ажырамас бөлшегі екенін адам өз жүрегі арқылы сезетін болады. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдаймен байланысын орнату болса, ислам тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құндылығы, қорқынышы Аллаға арналады.сөйтіп, шынайы діндар болып, жас кезінен Алланың ғана бұйрығын орындаушы болып өседі. Барлық тіршілік құбылыстары Алла Тағаланың қолында екеніне және күнәлі істері үшін оның қарғысына ұшырайтынына мұсылман кәміл сенеді. Осы сенім – оны жаман істерден тежеуші және дұрыстықтан, имандылықтан шықпауына себепші. Иманын жоғалту адамның дінін жоғалтуына алып келеді.

БЕСІК



Бесік – өмірге жаңа келген періште-сәбидің ақ отауы, оның ер жеткенде алаңсыз балалық шағын есіне түсіретін ардақ тұтар асылы. Қазақтар бесікті қарағайдан, қайыңнан, көбіне талдан жасайды. Бесікті «тал бесік» деп атаудың сыры осында. Бесік көшіп-қонатын қазақ тіршілігіне өте ыңғайлы. Оны түіе үстіне, өзге жүктермен қоса артып жүре береді. Кейде бала бөленген бесікті де осылай алып жүретін болған. Бұл қазақтың «баланың ұйқысын бұзған періштенің үйін бұзғанмен барабар» деген ұғымына толығымен сай келеді.

Бесік туралы сөз еткенде, қазақтың бесікке салу ырымы жайлы айтып кету, әрине, парыз. Өйткені ата-бабамызда кез келген салт-дәстүр өзінше мағыналы да сәнді болған ғой. Бесікке салу рәсіміне ауыл-үйдің әйелдері шақырылады, олар өздерінің шашуға деген кәделерін ала келеді. Ал бесікке салу жолы ауылдағы ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, өнегелі әжелерге, әйелдерге тапсырылады. Бір-екі келіншек бесікті жақсылап жабдықтаған соң, алдымен, бесікті отпен аластап алады, сосын «тыштырма» жасайды (бесіктің түбек салынатын тесігінен балаларға тәтті үлестіріп беру осылай аталады). Бұдан соң нәрестені айналып-үйіріліп отырып бесікке бөлеп, оның үстіне, баланы әруақтар қорғап жүрсін деп, ата-бабадан қалған сырт киім, ел тізгінін ұстар азамат болсын деп, аттың тізгінін, ел арасында айбынды болсын деп, қамшы қояды. Қайсыбір жерлерде бесіктің үстіне жеті түрлі қадірлі, таза заттар жабады. Сонан соң бесікке салған әже оның үстіне мініп алып, қолына қамшы ұстап, атпен шапқандай болады. Отырғандар: «Әже, қайда барасыз?» деп сұрайды да, әже оларға: «Меккеге барамыз», «Байдың аулына барамыз», «Жеті қат аспанға, Күн астындағы Күнікей қыздың аулына қыз айттырып барамыз!» т.с.с. қызықты жауаптар қайтарады. Осылайша бесікке салу рәсімі ойын-күлкі, тамашамен аяқталады. Бесікке жабылған таза маталарды үй иесі отырғандарға, өздерінің орнына қарай үлестіріп, сыйға тартады. Бұдан соң жас аналар қосылып «Бесік жырын» айтады.

«Бесік» ұғымы ауыспалы, поэтикалық мағыналарда да кездеседі. «Туған жер–алтын бесік», «Тәуелсіздік бесігі», «Махаббаттың бесігі» т.с.с. яғни бұл ұғым үнемі аялы мәнде қолданылады.

ДАСТАРХАН

Қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімінің бір өзгешелігі – дастархан жайып, кімді болса да адал көңілмен қарсы алатын кең пейілдігінде, меймандостығында. Қазақ үйіне келген адамға дастархан жайып, қонақжайлылық ниет білдірмеген адамды «қазанын қара суға малып отырғандай» деп кемсітетін болған. Сондықтан да қазақ халқы танысын, танымасын үйіне бас сұққан адамға «Қырықтың бірі – Қыдыр» деп қарап, дастархан жайып, барын оның алдына қойған.

Қазақ дастарханының сәні – әрине, асылған ет. Еттің екі түрлі атауы бар: ұстаған ет және тураған ет. Алдыңғысы – қамырдың үстіне жақсылап жасалып, қонаққа тартылатын ет, ал екіншісі – қамыр мен етті майдалап турап, сорпа қосып араластырылған ет. Қонақ кез келген үйге түспей, қонақжай, дастарханы мол, таза, көргенді ұл-қызы бар үйге түсетін болған. Қазақтың әр үйі өзімде «қонақтың ырыздығы» бар деп ұққан. Ел арасындағы мынадай аңызды айта кетейік. Ертеде ел ішінде бір отағасы жайлы «үйіне барған адамның артынан теуіп шығарады екен» деген қауесет тарайды. Осының анық-қанығын білгісі келген бір ер кісі әлгі адамның үйіне «құдайы қонақ» болып келеді. Үй иесі оның алдына дастархан жайып, барын қояды. Қонақ әбден тамақтанып, үй иесіне алғысын айтып, кетуге бет алады. Үй иесі де онымен жылы қоштасып, есік алдына шығарып салады. Сонда қонақ одан әлгі естіген әңгімесінің себебін сұрайды. Үй иесі оған күліп отырып: «Үйге келген қонақпен Аллаһ тағала оның нәсібін де бірге жібереді. Сондықтан қонаққа мен сол Аллаһ тағаланың соған арнап жіберген нәсібінің бәрін беруім керек. Ал кейде келген қонақ: «Болды, болды, әуре болмаңыз, қажет емес, жетеді», - деп қолымнан қағумен болады. Сондықтан мен Аллаһ тағала жіберіп отырған нәсібіме тосқауыл болған адамның артынан бір теуіп, нәсібімді алып қалуға тырысамын», - деген екен.

Дастарханға қойған тамаққа мін тағып, «Мен мынаны жемеймін», «Мына тамақ менің денсаулығымға жақпайды» - деп отыру – үлкен әдепсіздік. Сонымен қатар, дастарханнан сарқыт орап алу – дәстүрімізде бар әдет. Алайда, сарқыт алады екем деп дастарханды сыпыра-жайпап әкету ұят нәрсе. Қазақта «Біреудің жаясын жесең, ұшанды даярлай бер» деген сөз де бар. Ол – өзінді біреу дастарханға шақырып, ас-ауқатын берсе, сен де оған осындай құрмет көрсетуің керек деген сөз. Бұл – ел арасындағы туыстық пен ынтымақтықты нығайта түсудің бірден-бір нанымды жолы.

ОТАН – АЛТЫН БЕСІК



Отбасына, дос-жаранға, қоршаған әлем, жан-жануарға деген ыстық ықыластан басталған махаббат сезімі Отанына, туған жеріне деген сыйластықпен ұласса, ол – адамның рухани деңгейінің биіктігі. Бауыржан Момышұлы «Опасызда Отан жоқ» десе, қарт Жамбыл:

*Отаным десем, ойыма,
Шалқыған байтақ жер келер.
Отаным десем, ойыма,
Көгілдір тартқан көл келер.
Баурайы байлық, қойны құт,
Отаныма ешқашан*

Мекен де болмас тең келер! –деп, ел, туған жер құдіретін шалқи жырлаған. Тылсым дүние төсінде еркін тыныстап жатқан ерікті елге деген сый, махаббат сезімі әрдайым осылай тасқындаса керек. «Алтын ұяң – отан қымбат... Туып өскен елің қымбат, кіндік кескен жерің қымбат» (Қазыбек би). Осы кір жуып, кіндік кескен жерді адамзат баласы әрдайым құрметтеп өтпек...

«О, айналайын, кең далам! Қазақ бауырым жайлаған алып далам! Мінеки, біздің тауларды екі жаққа ысырып тастап, ши менен көдеге ырғалып, ұшы-қиыры жоқ шексіз теңіздей көсіліп жатырсың. Кім біледі сенің қойныңда жатқан күшті! Жарықтық, сыртыңнан қарасан, ешбір өмір белгісі жоқтай томсарып жатқаның жатқан. Бірақ, кешегі естен кетпес жазда соғыс басталып, жаулар жерімізге қол салғанда ...жел қанатты сәйгүліктер ыстық шаң көтеріп, дүбірінен әлем жаңғырықты.

Сонда кең далам күңіреніп, өзенім бұлқынып, тауларым сілкініп, өз елін атқа қондырды.

О, айналайын кең далам, тауларым, еліме күш, қуатты берген қасиетіңнен сенің айналайын?!».

Туған жердің қадірін білмеген, оны құрметтемеген адамды ел азаматы деп айтуға болмайды. Батыр бабаларымыз туған жердің бір уыс топырағын жау қолына бермес үшін қасық қаны қалғанша күресті. Адамның тәні мен жанының тілегі, мақсаты бір болып, бір игілікке жұмылғанда ғана оның әрекеті өнегелі болады, олай болмағанда, рухани әлем мен әрекет арасында қайшылық туып, адам баласы қаскүнемдік іс істеп, сый-құрметтен айырылады.



АНА

Ананы сыйлау, қадірлеу баршамыздың қасиетті парызымыз. Бұл сезім балаға нәресте кезінен сіңіріледі. Ол ананың – балаға, баланың – анаға деген ықылас, құрметі. Бұл, расында, ғажайып сезім! Ана балаға өмір берсе, бала анаға түгесілмес бақыт, қуаныш сыйлаған! Сондықтан да олардың бірібіріне деген сый-құрметі шексіз.

Ананы мадақтау – адамгершілікті мадақтау. «Ерлер көктен түскен жоқ, әйел – оның анасы» дегендей, жаны жайсаң, көңілі дархан, дос дегенде ішкен асын жерге қоятын ақкөңіл, кеудесін елі үшін оққа тосатын батыр ерлер ананың тәрбиесінен шыққан, соның аялы алақанының жылуын, жанарының мейірімін көріп өскен. Ел қамын ойлап, дархан даланы дүбірлетіп өткен, тарих көшін батырлығымен, мәрттігімен әрлендірген Абылайлар мен Кенесарылар, Махамбеттер мен Әлихандар, Бауыржандар да анадан туды ғой. Домалақ ана, Мұрын ана, Қаз дауысты Қазыбектің анасы Қарқабат ана сияқты жұртты аузына қаратқан әулие-аналар да дөңгелек дүниенің баға жетпес қазынасын жасаған жоқ па?! Осыдан кейін сен де: «Қадірлейік те, құрметтейік ғазиз Ананы, өйткені ол дүниедегі асылдардың асылы – өмірді, адамгершілікті сыйлады!» - дейсің ішіңнен.

Әйел болмаса, өмір де жоқ. Сондықтан әйел-ананы сыйлау, құрметтеу – ұрпақтардан ұласып келе жатқан ұлағатты қасиет. Шығыс әйелдерінің бойына иба-ізет қанымен, ана сүтімен сіңген. Ол ибалы бола жүріп, балалары үшін, отбасының бүтіндігі, елінің амандығы үшін өз басын қандай қиындыққа болса да салып жіберуге бар.

Ғұлама жазушы М.Әуезовтің алғаш қалам алғанда аузына ілінгені Ана аты болғаны да сондықтан. Оның «Адамдық негізі – әйел» деген туындысынан кейін жазушы Ғ.Мүсірепов қазақ әдебиетіне ананың киелі қасиеттерін ашатын бірнеше көркем туындыларды әкелді. Ақындар мен сазгерлер ана бейнесін жан-жақты сомдап, келер ұрпаққа үлкен өнеге қалдырды.

Өз анаңмен бірге өзгенің анасын құрметтеу – тәрбиелілік пен өнегеліліктің белгісі. Сондықтан өмірдің бастауы, адами махаббаттың қайнары аналарды сыйлайық, аналарға бас иейік!



«Әке – асқар тау» дейді дана халқымыз. Отбасында әкенің орны бөлек. Әке – сол шаңырақтың бар ауыртпалығын көтеретін, асырап-бағуға да, жақсы тәлім-тәрбие беруге де міндетті адам. Әке – бала үшін өнеге мектебі. Әке қамқорлығы дегеніміз – отбасы мүшелерін әртүрлі пәле-жаладан қорғап отыратын қасиетті ұғым. Сондықтан әкені сыйлау, оған үлкен құрметпен, ілтипатпен қарау баланың парызы болмақ. Анаң мен әкеңді сыйласаң, ертеңгі ұрпағың да саған солай қарайды.

Әке – ұрпақтың панасы, үйдің басшысы, әрі тәрбиешісі. Ол тек бір отбасының ғана емес, ауылдың, рудың қамқоршысы, ел ағасы. Өмірге келген баланың әрбір сәтті қадамы әке үшін үлкен мәртебе, зор мақтаныш болмақ. Сондықтан да әке ақылымен жүру, ешкімнің ала жібін аттамай, адал ғұмыр кешу баланы тек жақсы болашаққа ғана әкеледі. «Әкеге бағыну – Аллаға бағыну» депті Мұхаммед пайғамбарымыз. Демек, әкені ренжітпей оның айтқанының үдесінен шығып отыру әрбір перзенттің басты парызы екен.

Ақылы мен пайымы терең аналар балаларын үнемі әкесін сыйлап, құрметтеуге бейімдеп отырады. «Әкең ренжіп қалар», «Әкең жіберсе, бара ғой», «Әкеңе барып сәлем бер», «Әкеңнің керегін дайында» деп әкеге құрмет, қызмет етуге баланы жасынан дайындап отырса, мұндай отбасында әрдайым тәртіп, ынтымақ пен бірлік болуы сөзсіз. Әке ұл-қызын намысшылдыққа, елі, руы, қала берді өз бауырлары үшін еңбек етіп, өмір сүруге баулиды. Ұлтымыздың осындай алып аймақты қоныс етіп, оның бізге, болашаққа мұра болып қалуы – ержүрек, айбынды ата-бабаларымыздың, әкелеріміздің арқасы екенін ұмытпағанымыз абзал.





ДОС

Жақсы дос – жан азығы. Досқа деген сыйластық сезімі – әр адамның бойында бар қасиет. Сыйластық сезім достар арасында берік орын алса, адам ешқашан жалғыздық көрмейді. Достардың бір-біріне деген құрметі зор болса, ол қиындықтан шығуда да, өмірдегі мақсатына жетуде де үлкен демеу болмақ. Ел арасында айтылатын мына бір аңыз есімізге түседі:

Ерте заманның шешені әрі ойшылы Цицерон: «Достық өз бойына қаншама сан алуан пайдалы нәрселерді біріктірген десеңізші! Қайда барсаңыз да, ол сізге қызмет етеді, ол барлық жерде бар, ол ешқашан мезі қылмайды, ешқашан да орынсыз килігетін жері болмайды, ол сәттілікке жаңа сәулет береді, ол ортақтасқан сәтсіздіктер де көп мөлшерде өзінің уытын жоғалтады», - деген.

Достар сыйластығы бір-біріне қалтқысыз сенген, риясыз сенім сезіміне ие болған адамдардың арасында болады. Ол үлкен өмір жолынан өткен, тәжірибеде жинақталған, қиындықта сыналған сыйластық болса, анағұрлым берік болмақ. Қазақта «Киімнің жаңасы, достың ескісі жақсы» деп бекер айтпаған. Бала шағынан бір-бірінің мінезін, әдетін, ой-өрісін біліп өскен достар арасындағы сыйластықтың орны бөлек, ол анағұрлым берік әрі түбегейлі.

Достық адам бойындағы ең асыл, ең таза қасиеттердің бірі. Дос болудың бірінші шарты - өзің дос болу. Достық достықты шақырады, дос көңіл дос көңілге жол ашады.



ҰСТАЗ



Ұстаз – құрметті де аяулы сөз. Ол – адамдардың өмірге көзқарасын, бір-біріне деген сый, құрмет сезімін қалыптастыратын, білім мен тәрбиенің ұрығын шашатын, адамгершіліктің нұрын төгетін адам. Ұлағатты ұстаздан тәрбие алған адам жақсы қоғамдық қайраткер, ұлы тұлға болып өседі, өмірін дұрыс бағытқа бейімдеп, көркейтеді.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген сөз де орынды айтылған. Баланың бойындағы шынайы білім, біліктілік дағдылары, мінез-қалпы, шарапаттылығы жақсы ұстаздан қалған әдет болса керек.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, - деген Абай сөзін өзінің өмір қағидасы еткен ұстаз әрдайым құрметті. Ол өзінің бойындағы бар аталық мейірімін, білімін, тәжірибесін алдындағы шәкірттеріне беріп, олардың рухани дүниесін байытады, өмірде неғұрлым адаспай, дұрыс жолмен жүруге дайындайды. Халықтың «Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт» дейтіні де сондықтан.

Шәкірт – ұстаздан дәріс қана емес, өмірлік ұлағат, тәрбие алады. Мәселен Абылай хан өзін Төле бидің, Шәкәрім, осы замандағы көптеген дарын иелері өздерін Абайдың шәкірттері деп есептеген.

Шәкірттің өмір сүрудің мәнін ұғындырып, оның қыр-сырын ашқан, адамдардың дүниелік түсінігін тереңдеткен ұстазға деген сый-құрметі де айрықша болса керек.

Ұстаз бен шәкірт арасындағы осындай өзара қамқорлық, сыйластық сезімі олардың бірлесіп атқаратын білім мен біліктілікті шыңдау әрекетіне жағымды ықпал етері анық.





ҚОНАҚ

Қонақ келсе – құт. Қазақ халқы сырттан келген қонағын құдайдай сыйлаған, оған аса жайлы болған. Қазақ халқында сыйластықтың үлкен бір белгісі ретінде дәм-тұз беруге айрықша көңіл бөлінген. Мұндай салт бойынша жаңадан көшіп келгендерге ерулік, қыста соғым басын беру, келінге есік көрсету, үлкенге, алыстағы жекжатқа сыбаға беріп жіберу немесе оларды қонаққа шақыру рәсімдері жасалып отырады.

Қазақтар қонақты ақжарқын қарсы алып, астың дәмдісін берген, өзі соған керемет рахаттанып қалатын болған. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты бұрынғы заң-ережелерде де қонақ күту жайында айтылып өткені белгілі. Мұнда «құдайы қонақты» күтіп, сыйлап жіберу, әгерәки қондырылмаған жолаушы жол бойы әлдеқандай апатқа ұшыраса, оған құн төлеу мәселелері дәйекті қарастырылған.

Қонақты құрметпен күтіп қана қоймай, оған сый беру де қазақтың әдетінде бар. Заман өзгерген сайын әрі елдегі экономикалық жағдайларға, әр жанұяның әл-ауқатына орай, мұндай алыс-берістің мағынасы мен көлемі өзгертіле де береді. Бірақ, қалай болғанда да, қазақтар, «Үйге кірген жыланның басына да ақ құйып шығарады» деген салт бойынша, қонақты жылы пейілмен қарсы алып, сыймен шығарып салуды үлкен көрегендік деп бағалаған. Күтпеген жерден қонақтап келген жолаушыдан ә дегеннен жән де сұрамаған, дастархан жайып, ас-ауқатын берген де, тек қонақ аттануға жиналған кезде ғана: «Жол болсын, бұйымтайыңызды айтыңыз», - деген. Бұл – оның қонаққа жасаған үлкен әдебі. Жолаушы: «Әлей болсын!» - деп сөз бастап, өзінің не шаруамен келгенін айтқан. Қонақ тілегі әрдайым құрметпен қабылданып, үй иесі шамасы келгенше оның сұранысын орындауға, қажетін өтеуге тырысқан.

Пайғамбар хадистерінде үйіне қонақ келмейтін адамдарды «жаман адамдар» деп бағалау бар. Қонақжай, қонақты құрметпен сыйлайтын адам – Алланың сүйікті құлы деп есептеледі.

ТУҒАН ЖЕР



Адамзаттың қоршаған ортаға тәуелділігі сол табиғаттың ен байлықтардың қайнар көзі және өмір сүру ортасы болғандығынан. Ғұлама ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, адам бойында үш қабілет ерекше жаралған, олар – дене құрылысы, жан құмарлығы мен ой-парасаты. Осындай көзқарастың қалыптасу мен даму тарихына көз жүгіртсек, оның адам баласының табиғатты танып-білуімен тікелей байланыстылығын аңғарамыз. Адам мен табиғаттың, табиғат пен қоғамның арасындағы қарым-қатынас өмір сүрудегі аса қажетті алғышарттар болып саналады. «Табиғат біртұтас әлем, одан тысқары ештеме болуға мүмкін емес», - деген екен оқу-тәрбие мәселесіне көңіл бөлген философ, психолог-ғалым Ж.Аймауытов.

Табиғат пен адамның мінезі де ұқсас. Табиғат мейір төксе, бар әлем құлпырып жүре береді. Адамның мейірімі де осындай. «Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады», - дегендей, жағымды сөз, әдепті қылық, пайымды әрекет адам жанын жадыратып, уайымын, қайғысы мен қасіретін ұмыттырады, жағдайын жеңілдетеді, өмірге құлшынысын арттырады.

Адам – табиғат перзенті. Ол суға, жерге, айға т.б. оларды жаратқан тәңірге табынады, жалбарынады. Жазушы А.Байтанаевтың: «Жұлдызды қайдан ұстауға болады?» деген әңгімесіндегі кішкентай Беріктің атасының сөзіне назар айдарайық.

«Е, жаратқан, сен көктесің, құдіретсің, ешкім саған шек келтіре алмайды. Жердегі пенделеріңе шарапатшы бол! Шаршағанды демей гөр, ашыққанды жебей гөр, теріс жолдағының санасына сәуле түсір! Жақсы ойлының тілегін оңғар! Пенде атаулының бейәдеп қылығы болса, кеше гөр, тәңірі, сен мейірімдісің ғой! Шарапат-шапағатыңнан ешкімді тыс қалдырма, хақ тағала! Әумин!».

Тіршілікте төрт құдірет – Күн–ана, Жер–ана, ауа мен су болса, олардың біреуінсіз тіршілік тоқтайды. «Жері байдың – елі бай», «Туған жер – алтын бесік», «Жеміс – жерде, жеңіс – ерде», «Ауа – өмір тынысың», «Судың да сұрауы бар» деген мақалдар осы төрт құдіретті қадірлеуден туған.



АҒАЙЫН

Қазақ бауырдың, туысканның қадірін білетін ағайыншыл халық. Ағайын жұрт деп әр адамның өз жұртын, яғни бір туған, қаны бір, жеті атаға дейінгі рулас, аталас туыстарын айтамыз.

Ағайын немесе туыс деп бір рудан өрбіген ұрпақтар қауымы мен бірлігін айтады. Бұлар бір қауым, бір ауыл болып, бір-біріне қамқорлық жасап, қиын сәтте қол ұшын беруге міндетті. Туыстар тату, бірлікшіл, бір-біріне қорғаныш болуы керек. Ағайын, туыстан бөлініп кеткендерді жақындары жек көреді. «Бөлінгенді бөрі жейді» деген бар.

Алтын жығаң болса да,

Жаға менен жең керек.

Асқан батыр болсаң да,

Ағайын мен ел керек - деген халқымыз туыс пен бауырдың, ағайынның қадірін әрқашан ерекше көрген.

Туыстар жеті атаға дейін туыстықты үзбейді және қыз алыспайды. Қазақтың бұл заңының ғылыми-генетикалық жағынан да дәлдігі анықталып отыр. Жеті атаға толғаннан кейін ру ақсақалдары, дін басшылары жиылып, боз бие сойып, баталасып, қыз алысып, қыз беруге рұқсат етеді. Бұл дәстүр бүгінге дейін сақталып әрі жалғасып келеді.

Қазақ халқы тек руласын ғана емес, одан әрідегі қандас тайпаларда тарғаңдарды да жақын тартып туысқан болады. Мысалы, солтүстік облыстарда жүрген 2-3 жалайыр, 2-3 албан болса немесе оңтүстікте жүрген 2-3 үй арғын немесе керей болса, олар бірін-бірі туыспыз деп жақындаса, араласа жүреді. Бұл - өте жақсы қасиет. Ағайынға, туысқа жақын жүру - бірлік кепілі. «Қарға тамырлы қазақпыз», - деп халқымыздың өзі айтқандай, туыскандық - достық пен ынтымақ белгісі. Бірлік бар жерде - тірлік бар.



Бала тәрбиесі, ұрпақ болашағы қазақтың дәстүрінде ерекше орын алады. Сондықтан шілдехананың, тұсаукесердің, сүндет тойдың және тағы да басқа балаға арналған дәстүрлердің өзіндік ғасырлар бойы қалыптасқан реті мен тәртібі бар. Ол ата-бабаларымыздан бүгінгі күнге дейін жетіп, жаңа заманмен үйлесім тауып, толығып, жетілдіріліп келеді.

Бала деп ата-анадан тараған ұрпақтарды айтатыны белгілі. Ата-ана өз балаларын тәрбиелі, өнегелі, өнерлі, саналы, білімді етіп өсіруге міндетті. Халықта «Балаңды бес жасқа дейін хандай көтер, он бес жасқа дейін құлдай жұмса, он бестен әрі онымен досыңдай ақылдас» деген ғибратты қағида бар.

Қазақ халқы бірінші туған баланы тұңғышым, одан кейінгілерін ортаншы, ең соңғы туғанын кенже деп атайды. Олар ержетіп, өскен кезде ата-ана тұңғыштары мен ортаншыларын үйлендіріп, жеке отау тігіп, енші беріп, бөлек шығарады да, кенжесі өз қолында қалады. Ол әке-шешесін асырауға, бағып-күтуге міндетті. Әке мұрасы сол кенже ұлға қалады. Оның үйі қара шаңырақ, яғни үлкен үй деп аталады. Басқа балалар ол шаңырақты құрметтеп, қарайласып, әке-шешесінің сыбағасын беруді де ұмытпауы қажет. Балалар ата-аналарын төбесіне көтеріп, асырауға, сыйлауға, құрметтеуге тиіс. «Адамдарға біз ата-аналарға жақсылық жасауды бұйырдық», - деп жазылған Құран Кәрімде. Қазақта:

Ата – бәйтерек, бала – жапырақ;

Бала – адамның бауыр еті, - деген аталы сөз бар.

ОҚУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Майқы би. Шешендік сөздері
2. Бәйдібек би. Шешендік сөздері
3. Асанқайғы «Еділ бол да, Жайық бол» толғауы
4. Қазтуған «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауы
5. Шалкиіз жырау «Би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны»
6. Доспамбет жырау «Айнала бұлақ басы – Тең» толғауы
7. Дулати «Тарих-и Рашиди» еңбегі
8. Жалайыри «Жамиғ-ат тауарих» еңбегі
9. Әйтеке би. Шешендік сөздері
10. Төле би. Шешендік сөздері
11. Қазыбек би. Шешендік сөздері
12. Бұқар жырау «Тілек» толғауы
13. Ескелді би. Шешендік сөздері
14. Балпық би. Шешендік сөздері
15. Ақтайлақ би. Шешендік сөздері
16. Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауы
17. Үмбетей жырау «Бәкеге» толғауы
18. Сырым Датұлы. Шешендік сөздері
19. Шал ақын «Шежірелі қартың болса» толғауы
20. Бөлтірік шешен. Шешендік сөздері
21. Дулат Бабатайұлы «Құтысына көңіліңнің» толғауы
22. Махамбет «Әй, Махамбет жолдасым» толғауы
23. Жанқұтты шешен. Шешендік сөздері

24. Сүйінбай Аронұлы «Бөрілі менің байрағым» толғауы
25. Шортанбай «Зар заман» толғауы
26. Нысанбай жырау «Кенесары-Наурызбай» дастаны
27. Майлықожа Сұлтанқожаұлы «Түрлі дәуір беріпті» толғауы
28. Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян» толғауы
29. Қашаған Күржіманұлы «Бұл өмірдің мысалы» толғауы
30. Базар жырау «Халық үшін туған қайраткер» толғауы
31. Шоқан Уәлиханов. Мақалалар.
32. Абай. Өлеңдері мен қарасөздері
33. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық» еңбегі
34. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Қазақ шежіресі» еңбегі
35. Әлихан Бөкейхан. Мақалалары
36. Ахмет Байтұрсынұлы «Маса» жинағы
37. Ғұмар Қараш «Тұрымтай» жинағы
38. Мұстафа Шоқай. Мақалалары
39. Халел Досмұхамедұлы «Аламан» жинағы
40. Міржақып Дулатов «Азамат» жинағы
41. Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы
42. Мағжан Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасы, өлеңдері
43. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Алаш ұраны» өлеңі
44. Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасы
45. Бейімбет Майлин «Шұғаның белгісі» повесі
46. Мұхтар Әуезов «Қилы заман» повесі, «Абай жолы» романы
47. Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» романы, күнделіктері
48. Қасым Аманжолов. Өлеңдері
49. Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» кітабы

50. Әлкей Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» кітабы
51. Ілияс Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясы
52. Тәкен Әлімқұлов «Жұмбақ жан» кітабы
53. Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» трилогиясы
54. Мұқағали Мақатаев. Өлеңдері
55. Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» повесі
56. Сәкен Жүнісов «Ақан сері» романы
57. Қадыр Мырзалиев «Ой орманы» жинағы
58. Тұманбай Молдағалиев «Жиырма бесінші көктем» жинағы
59. Жұмекен Нәжімеденов. Өлеңдері
60. Төлеген Айбергенов «Бір тойым бар» жинағы
61. Әбіш Кекілбаев «Аңыздың ақыры» романы, «Заманмен сұхбат»

жинағы

62. Сейіт Кенжеахметұлы «Жеті қазына» жинағы
63. Софы Сматаев «Елім-ай» романы
64. Қабдеш Жұмаділов «Тағдыр» романы
65. Мұхтар Мағауин «Аласапыран» романы, «Қазақ тарихының әліппесі» зерттеуі, «Ұлтсыздану ұраны» кітабы
66. Мұхтар Шаханов «Ғасырларды безбендеу» жинағы
67. Ақселеу Сейдімбек «Қазақтың ауызша тарихы» кітабы
68. Смағұл Елубай «Ақ боз үй» романы
69. Ғарифолла Есім «Хакім Абай» зерттеуі
70. Тұрсынжан Шапай «Шын жүрек – бір жүрек» жинағы

МАЗМҰНЫ

Ұлтты тану – ұрпақ борышы.....	3
Бойтұмар.....	5
Баба дәстүр.....	19
Ата тарих.....	33
Атамұра.....	51
Тұлға.....	75
Ататек.....	149
Ұлт жаршысы.....	159
Атамекен.....	169
Анауыз.....	195
Асыл сөз.....	221
Аташаңырақ.....	239
Әдебиеттер.....	260